Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті КеАҚ

ӘӨЖ: 159.942-057.87(043) Қолжазба құқығында

Молбасынова Жумакул Маратовна

Оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсері

8D03107-Психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін орындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшілер
пс.ғ.д., профессор Токсанбаева Н.К.

Шетелдік ғылыми кеңесші
PhD, профессор Южел Гелишли

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 4

АНЫҚТАМАЛАР 5

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 6

КІРІСПЕ 7

1 ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫНЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ДАМУЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ 19

1.1 Сыны ойлаудың эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсерінің теориялық негіздері 19

1.2 Эмоциялық интеллектінің теориялық-ғылыми алғышарттары мен мазмұндық сипаттамасы 29

1.3 Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытуда сыни ойлаудың психологиялық әсері 44

2 ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫНЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ДАМУЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІН ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУ 60

2.1 Эмпирикалық эксперименттің нәтижелерін салыстырмалы талдау, әдістемелерге сипаттама және зерттеу моделі, зерттеу кезеңдері 60

2.2 Оқушылардың сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект компоненттерінің даму деңгейлерін зерттеуге арналған констатациялық эксперимент нәтижелері 82

2.3 Зерттеудің нәтижелерін математикалық-статисикалық салыстырмалы талдау, сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің арасындағы корреляциялық байланысты анықтау 99

3 ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІСІН ДАМЫТУДА СЫНИ ОЙЛАУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІ 126

3.1 «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» бағдарламасын жүзеге асыру 126

3.2 Мектеп оқушыларының эмоциялық интеллектісін дамыту жұмыстарының тәжірибелік бөлімі 144

3.3 Оқушылардың эмоциялық интеллектісін сыни ойлау арқылы дамытуға арналған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері және әдістемелік ұсыныстар 157
ҚОРЫТЫНДЫ 164
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 167
ҚОСЫМШАЛАР 182

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. Астана: Ақорда, 2007. №319(3)

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының бұйрығы. Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы: 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрықпен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 26 тамызда №29288 болып тіркелген).

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.

Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029288

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Сыни ойлау – ақпаратты саналы түрде талдау, бағалау және дәлелдерге сүйене отырып негізделген шешім қабылдауға бағытталған танымдық үдеріс.

Эмоциялық интеллект – тұлғаның өз эмоцияларын және өзге адамдардың эмоцияларын тану, түсіну, реттеу және ойлау мен мінез-құлықта тиімді қолдану қабілеттерінің жиынтығы.

Сыни ойлау – ақпаратты талдау, салыстыру және бағалау арқылы негізделген қорытынды жасауға бағытталған саналы ойлау үдерісі.

Эмоциялық интеллект – өз эмоцияларын және өзге адамдардың эмоцияларын тану, түсіну, реттеу және тиімді қолдану қабілеттерінің жиынтығы.

Эмоцияларды тану – эмоциялық күйді сыртқы белгілер мен ішкі сезімдер арқылы анықтау қабілеті.

Эмоцияларды түсіну – эмоциялардың пайда болу себептері мен салдарын саналы ұғыну үдерісі.

Эмоцияларды басқару – эмоциялық реакцияларды жағдайға сәйкес реттеу және бақылау қабілеті.

Эмпатия – басқа адамның эмоциялық жағдайын түсіну және оған сезімдік тұрғыда жауап беру қабілеті.

Рефлексия – өз ойлау әрекетін, эмоциялық күйін және мінез-құлқын саналы түрде талдау үдерісі.

Тұлғааралық қарым-қатынас – адамдар арасындағы өзара әрекеттесу мен эмоциялық байланыстар жүйесі.

Когнитивтік белсенділік – танымдық үдерістердің мақсатты және саналы іске қосылу деңгейі.

Өзін-өзі реттеу – тұлғаның өз мінез-құлқы мен эмоциялық күйлерін мақсатқа сай басқару қабілеті.

Психологиялық диагностика (грек. psyche – жан және diagnostikos – танып-білуге қабілетті) – тұлғаның жеке-психологиялық ерекшеліктерін анықтау және өлшеу әдістерін әзірлейтін психология ғылымының саласы.

Өлшеу – өлшенетін бір шаманың барлық қатысушылар өлшем бірлігі ретінде қабылдаған, онымен біртекті басқа шамаға қатынасын анықтауға арналған әрекеттер жиынтығы.

Психологиядағы өлшеу – психологияда зерттелетін құбылыстардың қасиеттеріне сандық сипаттамалар алу рәсімдері.

Диагностикалық әдістер – белгілі бір зерттеу міндеттерін шешу мақсатында нақты зерттеу жағдайларында тұлғаның немесе зерттелетін құбылыстың нақты бір қасиеті туралы ақпарат алуға бағытталған психология мен педагогикадағы зерттеу әдістерінің жүйесі.

Майндфулнесс - «саналы зейін», «саналы түрде назар аудару» немесе «осы сәтті саналы қабылдау» деген мағынаны білдіреді

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТАУЛАР

ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

ҚР ОАМ – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті

ББ – білім беру бағдарламалары

БТ – бақылау тобы

ЭТ – эксперименттік топ

ЖОБ-жалпы орта білім (https://www.gov.kz/article/128171?lang=kk)

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістер жас ұрпаққа танымдық және эмоциялық дамуына жаңа талаптар қоюда. Қазіргі жағдайда оқушының ақпаратты сыни тұрғыдан талдауы, эмоциялық күйлерін саналы реттеуі және негізделген шешім қабылдауы маңызды психологиялық сипаттамалар ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысын, олардың психологиялық ерекшеліктері мен даму заңдылықтарын зерттеу қазіргі психология ғылымында ерекше өзектілікке ие.

Білім беру жағдайында оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін өзара байланыста дамыту тұлғаның танымдық және эмоциялық дамуының маңызды психологиялық алғышарты болып табылады. Сыни ойлау ақпаратты талдау, бағалау, негізделген тұжырым жасау және дербес шешім қабылдау сияқты танымдық үдерістермен сипатталса, эмоциялық интеллект өз эмоцияларын тану, түсіну, реттеу және өзгелердің эмоциялық күйлерін түсіну ерекшеліктерімен анықталады. Аталған психологиялық үдерістердің өзара байланысы оқушының танымдық іс-әрекетін саналы реттеуге, эмоциялық тұрақтылығын сақтауға және тұлғааралық қарым-қатынастың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Психологиялық зерттеулер сыни ойлаудың эмоциялық интеллектінің құрылымдық компоненттеріне, атап айтқанда эмоцияларды тану мен реттеу, эмпатия және әлеуметтік өзара әрекеттестік дағдыларына елеулі ықпал ететінін дәлелдейді. Сыни ойлау оқушының баламалы шешімдер қабылдауына, өзгенің бастамаларын талдап, дамытуына, сондай-ақ рефлексиялық қабілетін жетілдіру арқылы эмоциялық күйін саналы түрде басқаруына мүмкіндік береді. Нәтижесінде білім беру үдерісінде сыни ойлаудың дамуы оқушының өз эмоцияларын саналы түсінуіне, эмоциялық күйлерін реттеуіне, эмоциялық тұрақтылығын сақтауға және өз әрекеттерін бағалауға ықпал етіп, эмоциялық интеллектінің психологиялық дамуына негіз болады.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқушының сыни ойлауын дамыту арқылы оның эмоциялық интеллект деңгейін арттыру, өмірлік және оқу-танымдық мәселелерді шешуде саналы, икемді және жауапты шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты сыни ойлаудың эмоциялық интеллектке психологиялық әсерін теориялық және эмпирикалық тұрғыда зерттеу ғылыми және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді.

Республика президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауында «Үйлесімді тұлға мен жауапты азаматты қалыптастыру негіздері бала кезінен қаланады. Елдегі баланың бақытты және қауіпсіз балалық шағы болуы керек. Өскелең ұрпақтың психикалық денсаулығы да маңызды. Білім беру мекемелерінде психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажет», - деп атап айтады [1]. Бұл білім беру мекемелерінде дамып келе жатқан оқушылардың қабілеттерін

дамыта отырып, психологиялық зерттеу мен диагностикалау мәселесінің өзектілігін айқындай түседі.

Қазақстан Республикасы негізгі орта Білім Берудің Мемлекеттік Жалпыға міндетті Стандартының 2-тарауында «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» дегенде былай көрсетілген:

- заманауи қоғамның серпінді сұраныстарына сәйкес болу;
- сын тұрғысынан, шығармашылық және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- өздігінен білім алу және тұлғалық өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыру;
- қауымда өзін-өзі іске асыру және өзара әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту және т.б. [2]. Мемлекеттік білім стандартына қойылған талаптар оқушының эмоциялық интеллектісін дамытуға бағытталып, оның эмоцияларын саналы басқару, сыни ойлау және әлеуметтік ортада тиімді өзара әрекеттесу арқылы тұлғалық өзін-өзі іске асыруын қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – оқушыны XXI ғасыр талаптарына сай жан-жақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл тұрғыда халықаралық білім беру қауымдастығы оқушылардың тек пәндік білімдерін ғана емес, сонымен қатар олардың сыни ойлау, проблемаларды шешу, тиімді қарым-қатынас, ынтымақтастық, көшбасшылық, шығармашылық және бейімделу сияқты кешенді дағдыларын дамыту қажеттігін ерекше атап көрсетеді. Аталған үрдіс әлемдік деңгейде білім беру мазмұны мен мақсаттарын қайта қарауды талап етуде.

ЮНЕСКО-ның Education 2030 тұжырымдамасында білім алушылардың танымдық, эмоциялық және тұлғалық дамуы білім беру үдерісінің маңызды бағыттары ретінде қарастырылады. Сыни ойлаудың эмоциялық интеллектінің қалыптасуына ықпал ету механизмдерін анықтау және тәжірибелік-эксперименттік тұрғыдан негіздеу ғылыми маңызға ие [3]. Сондықтан, сыни ойлау тұлғаға қажетті еңбек нарығындағы «Сұранысқа ие 10-дағдының» бірі болып табылады. Адамның бойынан ғана кездесетін – «4 құзырет: сыни ойлау, шығармашылық, ынтымақтастық және коммуникация» білім беру жүйесінде жеке қабілеттерді дамыту мәселесінің өзектілігін айқындай түсуде [4].

Қазақстан Республикасының 2022 жылы 15-желтоқсанда қабылданған «Педагог» стандартында жеке құзыреттерге қойылатын талаптарға: білім алушылардың жеке даму траекториясын құра отырып, тұлғалық өсуіне қолдау көрсету; коммуникация, өзін-өзі дамытуға дайындық, эмоциялық тепе-теңдік, стресске төзімділік және бастамаларды қалыптастыра отырып іргерілету қабілетін дамытуды кіргізген [5].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім алушылардың тұлғалық дамуына жағдай жасау міндеттері оқушылардың эмоциялық интеллектісі мен сыни ойлауын дамытудың психологиялық негізі ретінде қарастырылады [6]. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында оқушылардың эмоциялық интеллектісі мен сыни ойлауын

дамыту, психологиялық әл-ауқатын нығайту және тұлғалық әлеуетін ашу бағыттары білім беру үдерісін жетілдірудің маңызды міндеттері ретінде айқындалады [7]. Оқушылардың танымдық белсенділігі мен ойлау дербестігінің дамуы, сондай-ақ эмоциялық интеллект компоненттерін оқу қызметінде нәтижеге бағдарлай қолдана білуі қазіргі білім беру жүйесінің өзекті бағыттарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында оқушылардың танымдық қабілеттерін, эмоциялық тұрақтылығын және әлеуметтік бейімделуін жетілдіру қажеттілігі олардың психологиялық дамуын қамтамасыз етудің маңызды алғышарты ретінде сипатталады [8]. Ал «Қазақстан балалары» 2026–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында балалардың психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету, эмоциялық тұрақтылығын нығайту және психологиялық қолдау жүйесін жетілдіру мәселелері басым бағыттар ретінде айқындалып, оқушылардың эмоциялық интеллектісі мен сыни ойлау қабілетінің даму ерекшеліктерін психологиялық тұрғыдан зерттеудің өзектілігін негіздейді [9].

Батыс ғылыми әдебиеттерінде сыни ойлау ұғымының анықтамаларының алуан түрлілігі оның күрделі әрі көпқырлы феномен ретінде ғылыми бағыттар аясында зерттелуімен түсіндіріледі. Сыни ойлау когнитивтік психология, педагогика, философия және әлеуметтік ғылымдар тұрғысынан қарастырылып, әрбір ғылыми тәсіл оның мазмұнын өзіндік қырынан айқындайды.

Қазіргі психология ғылымында сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні байланыстыру, оны психологиялық феномен ретінде көрсету мәселесі алыс және жақын шетелдік, Қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінде жан-жақты әр түрлі бағыттарда қарастырылуда. Ғылыми зерттеулер бойынша сыни ойлау мәселесін шетелдік ғалымдар Paul R [10], D. Halpern [11], R.H. Ennis [12], P. C. Abrami [13], Э.С. Заир-Бек [14], S. M.Wechsler [15]және т.б.интеллектуалдық дағдылар мен қабілеттердің белгілі бір жиынтығына ғана емес, сонымен қатар адамның ойлау процесін, көзқарастарының болуын және бұл дағдыларды іс-әрекетте де, күнделікті өмірде де пайдалануға дайындығын қалыптастыратын процесс ретінде көрсетті. Л.С. Выготский [16], С.Л. Рубинштейн [17], А.А. Смирнов [18], А.В. Бутенко [19] және т.б. ғалымдар жеке тұлғаны қалыптастыру үшін сыни ойлауды дамыту мәселесіне теориялық шешім қажет екенін атап өтті.

Эмоциялық интеллект Қазақстандық және шетелдік психологиядағы салыстырмалы түрде жаңа ұғым. Осы уақытқа дейін психология ғылымында H.Gardner [20], А.Н. Комарова [21], А.И. Кочетова, М.В Климакова [22] еңбектерінде «эмоциялық интеллект» түсінігінің жалпы қабылданған анықтамасы жоқ деп тоқталған. Ал керісінше, эмоциялық интеллектіні зерттеудің отандық және шетелдік әдістернің ішінде Н. Андреева [23], H. Weisinger [24], Д. В. Люсин [25], Е. А. Сергиенко [26], R.Bar-On [27], D.Goleman [28], J. D. Mayer [29], P. Salovey [30], C Philip [31], R. J. Sternberg [32], П.Н.Лопес [33], J. Ciarrochi [34], С.М.Жакыпов [35], А.М.Ким [36], А.А. Төлегенова [37], Ж.И.Намазбаева [38], О.Х.Аймагамбетова [39], Н.Қ.Тоқсанбаева [40], З.Б.Мадалиева [41] нақты түсіндірме бар деп атап өткен.

Шетелдік психологияда эмоциялық интеллект мәселесіне көп көңіл бөлінді. J. D.Mayer, P.Salovey, D. R. Caruso [42] эмоциялық-интеллектуалдық қабілеттер теориясы, Д.Големанның эмоциялық құзыреттілік теориясы, R.Bar-On [43] эмоциялық интеллектінің когнитивті емес теориясы эмоциялық интеллектінің көптеген теориялық және практикалық мәселелерінің қызықты шешімдерін ұсынады. Д.В. Люсин [44], Г.Г. Гарскова [45], И.Н. Андреева [46], Е.Л. Носенко [47], Н.В.Коврига [48], О.И. Власова [49], Г.В. Юсупова [50], М.А.Манойлова [51], Т.П. Березовская [52], А.П.Лобанов [53], А.С. Петровская [54] және басқа да ғалымдар осы мәселемен айналысуда.

Қазіргі кезде білім беру үдерісінде жеткіншектердің сыни ойлау арқылы эмоциялық интеллектісін дамыту мәселесі психологиялық-педагогикалық бағыттағы зерттеушілердің назарын аударуда. Эмоциялық интеллектіні қалыптастыру мәселесіне қызығушылық оқушының психологиялық сипаттамасының даму дәрежесін көрсететін ерекшеліктердің біріне айналып отыр. Түркияның Анкара қаласындағы Гази университетінде ғылыми тағылымдама барысында шетелдік ғылыми жетекшімен бірлесіп, оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллектіге психологиялық әсері бойынша ғылыми зерттеулерге теориялық шолу жүргізілді.

Түрік елінің профессоры B.B. Akan оқушылардың эмоциялық интеллект деңгейінің қалыптасуы коммуникативті дағдылардың дәрежесіне байланысты сипатайды. Яғни, эмоциялық интеллект деңгейінің өзін-өзі көрсетудің ішкі өлшеміне әсерін және сол арқылы басқалардың эмоцияларын түсіну, білу қабілеті мен өз ойларын жеткізе білу олардың өмірінде мағызды рөл атқаратынын зерттеді [55, 455 б.].

Balkan Akan B. зертеулерінде әлеуметтік фобия, жастардың ойлары мен эмоцияларын анық білдіруіне кедергі болатын факторлардың бірі және жастарды оқшаулайтын психологиялық бұзылыс ретінде белгіледі. Сондықтан әлеуметтік фобияны тұлғаның бойында эмоциялық интеллектісін қалыптастыру арқылы жеңуге мүмкін болатындығын көрсетті [56, 203 б.].

Қазақстандық зерттеушілер эмоциялық интеллектіні шешім қабылдау процесіндегі маңызды фактор ретінде түсіндіріп, оқушының өз эмоцияларын түсіну мен басқара алуы жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдауына ықпал ететіндігін айтады. Эмоциялық интеллектіні психофизиологиялық ерекшеліктермен байланысты қабілет ретінде қарастырып, адамдардың эмоцияларын реттеу кезіндегі даралық ерекшеліктерінің негізі деп қарастырып, стресс жағдайында тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін процесс ретінде қарастырған.

Сыни ойлаудың дамуы оқушының психикалық даму деңгейінің жоғарылағанын, логикалық тұрғыдан тәуелсіз ойлауға бейімділігін, өз пікірін дәлелдеп қорғау қабілетін, ойлау әрекеттерін талдау, салыстыру, қолдану және бағалау дағдыларының қалыптасуын айқындайды. Бұл қабілеттер эмоциялық тәжірибені саналы түрде түсіну және реттеу үдерістерімен тығыз байланысты. Себебі сыни ойлау тұлғаның өз эмоцияларын тануына, оларды бағалауына және эмоциялық реакцияларын жағдайға сәйкес басқаруына ықпал етеді.

Жүргізілген теориялық талдау негізінде «сыни ойлаудың эмоциялық интеллектіге психологиялық әсері» ұғымын оқушының ақпаратты саналы талдауы, бағалауы, негізделген шешім қабылдауы және рефлексиялық үдерістері арқылы эмоцияларын тану, түсіну және реттеу ерекшеліктеріне ықпал ететін психологиялық үдеріс ретінде анықтаймыз. Ұсынылған анықтама сыни ойлаудың эмоциялық интеллектіге әсер ету механизмдерін айқындауға, олардың когнитивтік және эмоциялық құрамдастары арасындағы байланысты теориялық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау сыни ойлаудың оқушылардың эмоциялық интеллектісіне әсерін жан-жақты зерттеу қажеттілігін көрсетті. Осы бағытта бірқатар қарама-қайшылықтар анықталды: біріншіден, эмоциялық интеллектіні дамытуға қойылатын талаптардың артуы мен оның психологиялық механизмдерін ғылыми негіздеу қажеттілігі; екіншіден, сыни ойлаудың танымдық маңыздылығы мен эмоциялық үдерістерге ықпал ету ерекшеліктерін айқындау қажеттілігі; үшіншіден, эмоциялық интеллект жөніндегі зерттеулердің кеңеюі мен жеткіншек жастағы оқушыларда оның сыни ойлаумен байланысын тәжірибелік-эксперименттік тұрғыдан зерделеу қажеттілігі.

Зерттеу мәселесі сыни ойлаудың оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытуға психологиялық әсерін дамыту жолдарын табу болды. Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл эмоциялық интеллектінің компоненттік құрамын анықтау, зерттеу және нақтылау мәселесі; практикалық тұрғыда оқушылардың сыни ойлау арқылы эмоциялық интеллектісін дамытуға арналған бағдарлама әзірлеу және ғылыми негіздеу мәселесі.

Зерттеудің өзектілігі және сыни ойлаудың эмоциялық интеллектіге психологиялық әсерін теориялық әрі эмпирикалық тұрғыдан негіздеу қажеттілігі «Оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсері» деп таңдауға негіз болды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз зерттеу нысанын, пәнін, мақсатын, міндеттері мен зерттеу болжамы анықтадық.

Зерттеудің мақсаты – сыни ойлаудың мәнін және оның оқушылардың эмоциялық интеллектінің дамуына әсерін анықтау, оның тиімділігін эксперимент арқылы тексеру

Зерттеудің міндеттері:

1. Сыни ойлау және эмоциялық интеллект бойынша Қазақстандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау жүргізу.

2. Оқушылардағы сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасындағы негізгі психологиялық компоненттер мен байланыстарды анықтау.

3. Мектеп оқушыларында сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні диагностикалау әдістерін сипаттау және негіздеу.

4. Білім беру мекемесінде сыни ойлау мен эмоциялық интеллекті моделі мен дамыту бағдарламасын әзірлеу және сынақтан өткізу.

5. Әзірленген модель мен дамыту бағдарламасының тиімділігін бағалау және оны білім беру тәжірибесінде қолдану перспективаларын анықтау.

Зерттеу нысаны: оқушыларда сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің ерекшеліктері

Зерттеу пәні: оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллект компоненттерінің дамуына психологиялық ықпалы.

Зерттеудің болжамы: егер, егер мектеп оқушыларының сыни ойлауын дамытуға бағытталған ғылыми негізделген модель мен психологиялық дамыту бағдарламасы білім беру үдерісіне жүйелі түрде енгізіліп, оны жүзеге асыруға қажетті психологиялық-педагогикалық жағдайлар қамтамасыз етілсе, онда оқушылардың сыни ойлау деңгейінің жоғарылауы олардың эмоциялық интеллектісінің дамуына оң психологиялық ықпал етеді деп болжанады. Нәтижесінде оқушылардың өз эмоцияларын түсінуі, реттеуі, басқа адамдардың эмоциялық күйін қабылдауы және әлеуметтік өзара әрекеттесудегі эмоциялық икемділігі артады.

Зерттеу әдістері: зерттеудің мақсатына жету үшін, қойылған міндеттерді жүзеге асыруда және бастапқы теориялық ережелерді тексеруге:

1. Н. Холлдың «Эмоциялық интеллект тесті»; 2. В.В. Бойконың «Эмпатия деңгейін диагностикалау» сауалнамасы; 3. Tom Chatfield **«**Сыни ойлау қабілетін бағалау» әдістемесі; 4. М. А. Манойлованың «Эмоциялық интеллектіні диагностикалау (МЭИ)» әдістемесі; 5. Дж.Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісіз»; 6. «Сыни ойлауды анықтауға арналған тест-сауалнама» (А.С.Байрамов), 7.ЭмИн сауалнамасы (Д. В. Люсин); 8.А. Меграбян мен Н. Эпштейннің «Эмоциялық жауап шкаласы» әдістемесі қолданылды.

Деректерді өңдеудің математикалық-статистикалық әдістері: R-Пирсон корреляция коэффициенті, r-Спирмен рангілік корреляция коэффициенті, Стьюденттің t-критериі арқылы жүргізілді. Статистикалық деректерді өңдеу Microsoft Excel компьютерлік бағдарламасы және SPSS 26 статистикалық жүйесінің көмегімен жүргізілді.

Зерттеудің жетекші идеясы: оқушылардың сыни ойлауын ақпаратты талдау, түсіндіру, бағалау және негізделген шешім қабылдауды қамтамасыз ететін когнитивтік үдеріс ретінде қарастыра отырып, оның эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсерін теориялық және эмпирикалық тұрғыдан негіздеу. Сыни ойлау өлшемдері мен эмоциялық интеллект компоненттерінің өзара байланысын ескере отырып, оқушылардың эмоцияларын түсіну, саналы түрде реттеу, өзгенің эмоциялық жай-күйін тану және тиімді тұлғааралық қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамытуға бағытталған кешенді психологиялық тәсілді жүзеге асыру.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы:

– Қазақстанның жалпы білім беретін мектептері жағдайында оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллект компоненттерінің дамуына психологиялық әсер етуінің ерекшеліктері нақтыланды;

– ғылыми-теориялық деңгейде оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысының психологиялық мазмұны айқындалды;

– теориялық деңгейде сыни ойлаудың эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсер етуінің құрылымы, компоненттері және өзара байланыс механизмі анықталды;

– сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара әрекеттесуіне негізделген теориялық модель ұсынылып, олардың оқушы тұлғасының дамуындағы психологиялық маңызы жүйеленді, сондай-ақ өзара байланысы мен өзара тәуелділігі теориялық тұрғыдан негізделді;

– тәжірибелік-эксперименттік зерттеу арқылы оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектінің дамуы арасындағы өзара байланыс анықталып, аталған көрсеткіштер арасындағы статистикалық заңдылықтар математикалық-статистикалық талдау әдістері негізінде дәлелденді. Сыни ойлау деңгейінің жоғарылауы эмоциялық интеллект компоненттерінің даму көрсеткіштеріне оң әсер ететіні эксперименттік тұрғыдан расталды;

– оқушылардың сыни ойлауы арқылы эмоциялық интеллектіні дамытудың құрылымдық моделі әзірленіп, зерттеу мақсатына сәйкес сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні кешенді дамытуға бағытталған психологиялық бағдарлама ұсынылды, оның мазмұны, жүзеге асыру кезеңдері, әдістері мен тиімділік шарттары жүйеленді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: эмпирикалық зерттеуде қолданылған психодиагностикалық әдістемелерді апробациялау, алынған деректерді талдау және мектеп оқушыларының сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісінің даму ерекшеліктерін анықтау нәтижелерін психологиялық-педагогикалық тәжірибеде пайдалану мүмкіндіктерімен сипатталады. Зерттеу қорытындылары білім беру жағдайында аталған психологиялық құбылыстарды диагностикалау, олардың даму деңгейлерін бағалау және мақсатты түрде жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыруға негіз болады.

Әзірленген модель мен дамыту бағдарламасын мектеп психологтары, мұғалімдер және әдіскерлер оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін мақсатты түрде дамыту үшін пайдалана алады.

Зерттеу негізінде әзірленген модель мен дамыту бағдарламасы мектеп психологтарының, сынып жетекшілерінің және педагогтердің практикалық қызметінде қолданылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу тәжірибесі тиісті енгізу актілерімен расталады (Қосымша А). Мектеп психологы және мұғалімдермен авторлық бірлестікте әзірленген «Оқушылардың сыни ойлау және эмоциялық интеллектісін қалыптастыру жолдары» атты оқу-әдістемелік құралы оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін дамытуда тиімді құралдар ретінде кеңінен пайдалануға мүмкіндік бар (Қосымша Б). Диссертация материалдарын психология білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриат және магистратура білім алушыларын даярлау барысында, сондай-ақ мектеп психологтарының кәсіби біліктілігін арттыру жүйесінде пайдалануға болады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: Зерттеу жұмысында эмоциялық интеллект категориясын кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік беретін ғылыми бағыттар қолданылды. Аталған зерттеуде эмоциялық интеллектіні сыни

ойлаумен өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік берген ғылыми қағидалар қолданылды. Зерттеудің теориялық негізін шетелдік психологиядағы эмоциялық интеллект тұжырымдамалары: J. D. Mayer, D. R. Caruso және P. Salovey ұсынған эмоциялық-интеллектуалдық қабілеттер теориясы; D. Goleman эмоциялық құзыреттілік теориясы; R. Bar-On бейкогнитивтік теориясы, сондай-ақ сыни ойлаудың теориялық тұжырымдамалары мен оны дамытуға бағытталған ғылыми көзқарастар (D. Halpern, D. Shamis, D. Klooster) құрайды. Сонымен қатар жақын шетелдік ғалымдардың эмоциялық интеллектке қатысты еңбектері (Г.Г. Гарскова, И.Н. Андреева, Д.В. Люсин мен М.И. Манойлованың екі компонентті теориясы) зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін құрай отырып, сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара ықпалдасу жүйесін түсіндіруге бағытталды.

Қазақстандық ғалымдар С.М. Жақыпов, С.К. Бердібаева және Н.Қ. Тоқсанбаеваның танымдық іс-әрекет жөніндегі зерттеулері сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысын оқушының саналылығы, рефлексиясы және эмоциялық өзін-өзі реттеуі тұрғысынан қарастыруға теориялық негіз қалайды.

Ғылыми даму бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі: «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 3 мамырда, №118-VII (01.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен); Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: бекіту. 2019 жылғы 27 желтоқсан, №988; Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылғы 12 қазан, №726; Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы; Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы; Қазақстан Республикасы «Педагог» кәсіптік стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.

Зерттеу базасы: «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің «Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі» КММ».

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Қазақстандық жалпы білім беретін мектеп жағдайында оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсерін түсіндіретін теориялық тұжырымдар жүйеленіп, ерекшеліктері нақтыланды. Сыни пайымдау, рефлексия және эмоциялық мәні бар жағдаяттарды саналы бағалау үдерістерінің эмоциялық интеллект компоненттерінің дамуындағы психологиялық рөлі теориялық тұрғыдан негізделді.

2. Зерттеу барысында сыни ойлауды диагностикалауға арналған «Сыни ойлау қабілетін бағалау» (Tom Chatfield) және «Сыни ойлауды бағалауға арналған тест-сауалнама» (А.С. Байрамов) әдістемелері қазақ тіліне аударылып, бейімделді. Әдістемелерді бейімдеу барысында олардың психометриялық сипаттамалары арнайы тексеріліп, сенімділігі мен валидтілігі бағаланды. Атап айтқанда, тест тапсырмаларының ішкі келісімділігі мен әдістемелердің сенімділік деңгейі Кронбахтың α коэффициенті арқылы анықталды.

3. Оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектінің көрсеткіштері арасындағы статистикалық мәнді байланыстар эмпирикалық тұрғыдан анықталып, сыни ойлауды мақсатты дамыту нәтижесінде эмоциялық интеллект компоненттерінің өзгеру ерекшеліктері эксперименттік негізде айқындалды. Қалыптастырушы эксперимент нәтижелері сыни ойлауды дамытудың оқушылардың эмоциялық интеллектісіне оң психологиялық ықпалын негіздеуге мүмкіндік берді.

4. Сыни ойлаудың эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсерін сипаттайтын құрылымдық-мазмұндық модель әзірленді. Модельде сыни ойлау тәуелсіз айнымалы, эмоциялық интеллект тәуелді айнымалы ретінде қарастырылып, олардың арасындағы психологиялық ықпалдың негізгі мен даму шарттары біртұтас жүйеге келтірілді.

5. Сыни ойлауды мақсатты дамыту арқылы оқушылардың эмоциялық интеллектісін жетілдіруге бағытталған психологиялық-педагогикалық бағдарлама әзірленіп, оның тиімділігі қалыптастырушы эксперимент барысында бағаланды. Бағдарламаның мазмұндық бағыттары, іске асыру кезеңдері және психологиялық әдістері негізделіп, жалпы білім беретін мектептердің психологиялық-педагогикалық тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктері айқындалды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. Сыни ойлау оқушылардың эмоциялық интеллектісінің дамуына ықпал ететін маңызды психологиялық фактор болып табылады. Оның ақпаратты талдау, дәлелдерді бағалау, негізделген қорытынды жасау және рефлексиялық пайымдау сияқты үдерістері оқушылардың өз эмоцияларын және өзгелердің эмоциялық күйлерін саналы түсінуіне, эмоциялық жағдаяттарды объективті бағалауына және эмоциялық реакцияларын реттеуіне психологиялық алғышарттар қалыптастырады.

2. Зерттеу барысында әзірленген «Мектеп оқушыларында сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні дамыту моделі» сыни ойлаудың эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық ықпалын сипаттайтын өзара әрекеттесуіне негізделеді. Модельде сыни ойлау тәуелсіз айнымалы, ал эмоциялық интеллект тәуелді айнымалы ретінде қарастырылып, олардың арасындағы психологиялық байланыстың құрылымдық компоненттері, ықпал ету мен дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары жүйеленген.

3. Зерттеу нәтижелері оқушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған оқу әрекетінің эмоциялық интеллектінің когнитивтік, эмоциялық, мінез-құлықтық, аналитикалық және шығармашылық компоненттерінің қалыптасуына

айқын психологиялық әсер ететінін көрсетті. Сыни ойлауға тән талдау, пайымдау, дәлелдеу және рефлексия үдерістері оқушылардың өз эмоцияларын саналы түрде тануына және түсінуіне (эмоциялық компонент), эмоцияға негізделген әрекеттерін басқаруына (мінез-құлықтық компонент), жағдайды логикалық талдап, эмоциялық ақпаратты өңдеуіне (аналитикалық компонент), сондай-ақ стандартты емес шешімдер қабылдап, эмоциялық тәжірибені шығармашылық тұрғыда қайта құруына (шығармашылық компонент) мүмкіндік береді. Осылайша, сыни ойлау оқушылардың эмоциялық интеллектінің құрылымдық компоненттерін кешенді дамытуға ықпал ететін психологиялық құрылым ретінде анықталды (Қосымша В).

4. Сыни ойлауды мақсатты дамыту оқушылардың эмоциялық интеллектісінің құрылымдық компоненттерінде оң өзгерістердің қалыптасуына ықпал етеді. Бұл тұжырым «Оқушылардың сыни ойлауын және эмоциялық интеллектіні дамыту» атты психологиялық тренинг бағдарламасын іске асыру барысында жүргізілген қалыптастырушы эксперимент нәтижелерімен негізделеді.

5. Оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін диагностикалау және дамыту жүйелілік, кешенділік, объективтілік және әлеуметтік-мәдени сәйкестік қағидаттарына, сондай-ақ диагностикалық құралдардың ғылыми негізділігі мен психометриялық талаптарға сәйкестігіне сүйенеді. Осы негізде жүргізілген теориялық және эмпирикалық зерттеу нәтижесінде әзірленген ғылыми-әдістемелік материалдар мен авторлық «Оқушылардың эмоциялық интеллект деңгейін анықтау» сауалнамасы (Қосымша Г) оқушылардың эмоцияларды тану, түсіну, басқару, эмоционалдық өзін-өзі реттеу, эмпатия және тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын бағалауға, сондай-ақ мектеп психологтары мен мұғалімдердің сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық жұмысын ғылыми негізде жүйелі ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Ғылыми нәтижелер мен қорытындылардың негізділігі мен сенімділігі. Зерттеудің ғылыми негізділігі заманауи психологиялық теориялар мен әдіснамалық ұстанымдарға, 220-дан астам отандық және шетелдік ғылыми дереккөздерді жүйелі талдауға, психологиялық зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерін кешенді қолдауға негізделген. Зерттеу барысында оқушылардың психологиялық ерекшеліктері мен зерттелетін көрсеткіштер арасынлағы өзара байланыстарды анықтау, эксперименттік топтардағы өзгерістер мен айырмашылықтарды салыстыру мақсатында психодиагностикалық және статистикалық әдістер пайдаланылды. Алынған эмпирикалық деректерді өңдеуде Спирменнің рангтік корреляциялық талдауы, Стьюденттің t-критерийі, ANOVA дисперсиялық талдауы қолданылып, статистикалық есептеулер SPSS бағдарламалық пакеті арқылы жүргізілді. Сонымен қатар зерттеудің теориялық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындау барысында Қазақстан Республикасының білім беру және психологиялық қызмет саласындағы нормативтік-құқықтық актілері зерделенді.

Басылымдарды дайындау барысында ғылыми еңбектерге теориялық талдау жасалып, эксперименттік зерттеулер ұсынылды. Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша барлығы 16 еңбек баспадан шықты, соның ішінде Scopus базасына енген басылымда – 3 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 4 мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағында – 7 мақала және 1-авторлық куәлік, 1 оқу-әдістемелік құрал жарияланды.

Диссертацияның негізгі идеялары келесі басылымдарда көрсетілген:

1. Zhumakul Molbassynovaa, Nurgul Toxanbayevaa, Khapiza Naubayeva b, Zhanat Sarybekovac,Aigul Danikeyeva d, and Ulmeken Zhamirova d Exploring the impact of mindfulness training on enhancing critical thinking and emotional intelligence // Revista de Psicodidácticahttps. 2025. https://doi.org/10.1016/j.psicod.2025.500178

2. A Sapargaliyeva, A.Shynybekova, Zh.Molbassynova Innovative Educational Technologies and Competencies in Higher Education // Higher Education for the Future, Volume 10 Issue 1 January 2023. 110-120 pp. DOI: https://10.1177/23476311231155523

3. A. Mynbayeva, Z.Madaliyeva, N. Assilbek, B.Arinova, Dariya Sheveleva, Zh. Molbassynova Adapting the Psychological Capital Questionnaire (PCQ) for Kazakh-Speaking University Students in Kazakhstan: Translation, Validation, and a Three-Factor Model // The Open Psychology Journal, Volume: 19 (2026): e18743501435416 [Electronic Publication Date: August 25, 2026] https://doi.org/10.2174/0118743501435416260821054904

4. Zh.M. Molbassynova1, N.K. Toxanbayeva, A.T. Mamekova, S.S. Ongarbayeva. Means of measuring the level of emotional intelligence of adolescents through the psychological features of critical thinking // Вестник ЕНУ Psychology and Cognitive Sciences , 150(1), 34-48. https://doi.org/10.32523/3080-1893-2025-150-1-34-48

5. Токсанбаева Н.К., Байбекова М.М., Спатай А.О., Молбасынова Ж.М. Студенттердің тұлғааралық қарым-қатынасына эмоциялықинтеллектінің әсерін психологиялық зерттеу //Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Психология» сериясы №1(82), 2025 ж. 277-285б. DOI: https://doi.org/10.51889/2959-5967.2025.82.1.024

6. Молбасынова Ж.М., Токсанбаева Н.К. Взаимосвязь психологических механизмов критического мышления по развитию эмоционального интеллекта в деятельности учащихся //әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және социология сериясы. – Алматы, 2023 №3 (86). – 46-61б.https://doi.org/10.26577/JPsS.2023.v86.i3.05

7. Молбасынова Ж.М., Токсанбаева Н.К. Критическое мышление как психологическое явление //Конференция"Международной научно-практической конференции «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ПСИХОЛОГИИ И ПЕДАГОГИКИ», посвященной 95-летию профессора К.Б. Жарикбаева", уровень Международный, КАЗАХСТАН, Алматы КазНУ им. аль- Фараби, 17.11.2022.

8. Molbassynova Zh.M., Sailinova K., Murzagulova M. Psychological influence of students critical thinking on the development of their emotional intelligence // Integration of the Scientific Community To the Global Challenges of Our Time February 8-10. Kawasaki (Japan) pp. 56-60.

9. Молбасынова Ж.М. Психологиядағы эмоция мен денсаулық арасындағы байланыс: заманауи ғылыми парадигмалардың сыни талдауы // Конференция "Международная научная конференция студентов и молодых учёных «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» Алматы, 6-8 апреля 2023 г.", уровень Международный, КАЗАХСТАН, Алматы КазНУ им. аль- Фараби, 06.04.2023-08.08.2023.

10. Molbassynova Zh.M.,ToxanbayevaN.K. As a prevention factor of bullying at school problems of raising emotional intelligence of adolescents // IX Международная научно-практическая конференция «Менеджмент качества: поиск и решения» г. Даллас (Техас, США) 22-24 ноября 2023 г. 73-80 стр. https://drive.google.com/file/d/1LqOX4xsHg4LVIGg6vX9YaTQFu4ZqoyYF/view

11. Molbassynova Zh.M., Zhussanbayeva A. T., Aitkazina K. T.The relationship between emotional intelligence and students' thinking as a cognitive process of personality // IX Международная научно-практическая конференция "Интеграция научного сообщества перед глобальными проблемами современности" (г.Лион. Франция) 145-150 стр.

12. Молбасынова Ж.М., Токсанбаева Н.К. Жеткіншектердің іс-әрекеті мен психологиялық әл-ауқатындағы эмоциялы интеллектінің рөлі // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция «Әлемдік және отандық психологияның дамуы: тәжірибелер, ағымы және болашағы» Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған және профессор Жақыповтың С.М. туған күніне арналған Жақыповтың оқулары 29.04.2024ж.

13. Molbassynova Zh.M., Yuzhel Gelishli, Toxanbayeva N.K.,Tobugov M. Critical thinking as a means of developing students' emotional intelligence // Gazi University Institute of Educational Sciences International 4th congress of young researchersMay 24-26, 2024, 1002-1015p.

14. Молбасынова Ж.М., Токкулинова Г.К. Мектептегі буллингтің алдын алуда оқушыларда эмоционалды интеллектіні дамыту // Материалы Международной научно-практической конференции «Digital Qazaqstan: реальность и перспективы в эпоху искусственного интеллекта», проводимой в рамках научно-методических мероприятий Raimov-Forum 28-31 октября 2025 года, посвященного Памяти и 80-летию со дня рождения Раимова Сагатбека Раимовича, 429-433стр.

Диссертацияның құрылымы: кіріспеден, үш тараудан, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

1 ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫНЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ДАМУЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Сыни ойлаудың эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсерінің теориялық негіздері

Бүгінгі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті, рухы дамыған, өмірлік дағдыларды меңгерген, рефлекцияға қабілетті эмоциялық және әлеуметтік тұрғыдан тұрақты оқушы тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Соңғы жылдары оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін дамыту – психология, педагокика, әлеуметтану саласындағы заманауи зерттеулерде басты назарда тұрған бағыттардың бірі болып саналады.

Бүгінгі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – сыни ойлаудың психологиялық ерекшеліктері мен оның жеткіншіктердегі эмоциялық интеллектінің деңгейлерімен арақатынасының теориялық және эксперименттік негіздемесін ыңғайлы әдістерімен зерттеу жолдарын көрсету болып табылады. Білім беру стандарты және Жолдауда көрсетілгендей сыни ойлай отырып, эмоциялық интеллектісін басқара алатын 4Қ-ға ие болатын жеткіншекті қалыптастыру үшін шетелдік және қазақстандық ғалымдардың зерттеулерін зерделей келе жаңа диагностикалық мүмкіндіктерді көрсету.

«Сын тұрғысынан ойлау» термині Ж.Пиаже [57, 659 б.], Дж.Брунер [58, - 413 б.], P. A. Facione [59] сияқты атақты психологтардың еңбектерінен белгілі. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге сүйене отырып, біз «сыни ойлаудың» әртүрлі анықтамаларын қарастырамыз. Сыни ойлау категориясы өткен ғасырдың ортасындағы батыс ғалымдарының зерттеулерінде пайда болды. Батыс ғалымдарының зерттеулерінде «сыни ойлау» терминін анықтау мәселесі ондаған жылдар бойы өзекті болып келеді. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз ойлау тұрғысынан қалыптасқан көзқарастарды қайта қарап, жаңа білімдердің сабақтастығын қамту болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлау білім беру үдерісіндегі оқу пәні болып табылмайды, ол оқудың нәтижесі болып айқындалады. Себебі жеткіншек сыни ойлай отырып идеялардың маңыздылығын әртүрлілік тұрғыдан салыстыра, талдау жасап мәнді шешім мен ой қорытындысын шығарады. Бұл жеткіншектің психикалық дамудағы сыни ойлаудың жоғары деңгейін, логикалық тұрғыдан тәуелсіз ойлауға машықтана отырып, өз пікірін қорғау, талдауға, салыстыруға, қолдануға, инновацияға, мәселелерді шешуге, ойлау әрекеттерін бағалауға баса назар аударуының көрсеткіші екенін көреміз [60, 48 б.].Ондаған жылдар бойы ғалымдар сұрақтарға жауап беруге тырысты: «Сыни ойлау дегеніміз не?», «Оның негізін құрайтын интеллектуалды дағдылар қандай?», «Сыни ойлау не үшін қажет?», «Оқушылардың өзіндік сыни ойлауы мен өзіндік сыни ойлауын қалай дамытуға болады?». «Сыни ойлау» терминінің қалыптасуы, оның «жоғары ретті ойлау», «бейресми логика», «метатану» және т.б. сияқты ұғымдармен байланысы мен айырмашылығы туралы мәселе де өзекті болып табылады.

Батыс дәстүрінде сыни ойлаудың тұжырымдамалық мәнін ашудың үш негізгі тәсілі қалыптасты: философиялық, когнитивті және қолданбалы, олардың әрқайсысы сыни ойлаудың анықтамасын өзінің ғылыми аппараты мен әдіснамасына келтіруге тырысады. Философиялық көзқарас негізінен «сыни ойлау» терминін, оның міндеттерін, мақсаттарын, орындалатын функцияларын зерттеудің және сипаттаудың теориялық негіздерін негіздеуді білдіреді. Когнитивті бағыт сипаттамалық тұрпатта болады және сыни ойлаудың табиғаты мәселесіне, оның негізін құрайтын психологиялық механизмдерді, интеллектуалды дағдылар мен біліктерді анықтауға және сипаттауға бағытталған. Қолданбалы бағыт сыни ойлауды қалыптастыру мен дамытудың әдістері мен тренингтерін әзірлеуге бағытталған. Барлық үш тәсіл бір-бірімен тығыз байланысты және өзара тәуелді, сондықтан қазіргі заманғы зерттеулердің көпшілігі барлық компоненттерді ескере отырып, біртұтас тұжырымдаманы жасауға тырысады [61, 38б.]. Glaser, E. M. алғаш рет сыни ойлау дағдылары мен біліктілігі жиынтығын анықтайды және сипаттайды: мәселені тану және оны шешу жолдарын табу, қажетті ақпаратты жинау және ретке келтіру,расталмаған болжамдар мен бағалауларды тану;тілдік құралдарды қолдану мен қабылдаудағы дәлдік пен талғампаздық;фактілер мен ақпаратты түсіндіре білу,дәлелдерге баға беру, пайымдаулар арасындағы логикалық байланыстардың бар немесе жоқтығын анықтау,заңды қорытындылар мен толғамдар жасау және оларға күмән келтіру, өз наным-сенімдер жүйесін қайта құру және күнделікті өмір құбылыстары туралы дұрыс пайымдаулар қалыптастыру [62, 12б.].

Johnson, D. W. сыни ойлауды адамға ұсынылған көзқарас немесе мінез-құлық үлгісі туралы дұрыс пікір айтуға мүмкіндік беретін ақыл-ой әрекетінің ерекше түрі ретінде анықтады [63, 210 б.]. Braus, J. A., Wood, D. оны неге сену керектігін және не істеу керектігін шешуге бағытталған ақылға қонымды рефлексиялық ойлау ретінде анықтайды [64, 103 б.]. Осылайша, шетелдік авторлардың жұмысын талдау сыни тұрғыдан ойлау еркін ойлау екенін көрсетеді, оның басты шарты – тәуелсіздік болып табылады. Көптеген адамдар сыни тұрғыдан ойлау міндетті түрде дәлелдерді бағалауға және оларға қалай жауап беруге бағытталған ұтымды және рефлексивті ойлау екеін атап өтеді. Мысалы, Г.В.Соринаның ұстанымы «сыни ойлау өзінің ойлау процесіне қатысты рефлексия дағдыларының болуын, ұғымдармен, пайымдаулармен, тұжырымдармен, сұрақтармен жұмыс істеу дағдыларының болуын, аналитикалық іс-әрекетке қабілеттерін дамытуды, сондай-ақ басқа адамдардың балама мүмкіндіктерін бағалауды қамтиды. Сыни ойлау негізінен практикаға бағдарлаумен сипатталады, осыған байланысты қарастырылған практикалық логиканың бір түрі ретінде түсіндіруге болады» [65, 45 б.]. Сыни ойлау оқушыларға тек оқуда ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде және қарым-қатынаста қажет. Әр оқушы өз ойын білдіруге, басқалардан ерекшеленуге тырысады және әркім өзінің қабілеттері мен жеке қасиеттеріне байланысты мұны басқаша жасайды. Сонымен, сыни ойлау ұсынылған шешімдерді олардың мүмкін болатын қолданылу саласын анықтау үшін тексеру болып табылып, жаңа идеяларды кемшіліктері мен жеткіліксіз тұстарын анықтайды. Сыни ойлауда

бақылау, негіздеу және мақсатқа бағытталу бар және логикамен тығыз байланысты, өйткені ол логикалық тұжырымдар құруды, өзара келісілген логикалық модельдер құруды және негізделген шешімдер қабылдауды қамтиды.

И.Т. Фроловтың «Философиялық сөздігінде»: «сын... - бұл қателер мен кемшіліктерді анықтау және жеңу тәсілі» [66, 213 б.]. А. А. Гусейнов пен И. С. Конның редакциясындағы «Этика сөздігінде» - бұл «қоғам дамуындағы қайшылықтар мен қиындықтарды жеңуге көмектесетін қоғамдық пікір білдірудің бір тәсілі» [67, 447 б.]. Ал «В. И. Дальдың орыс сөзінің түсіндірме сөздігінде» «сын - бұл кез-келген еңбектің артықшылықтары мен кемшіліктерін іздеу және бағалау, композицияның ерекшелігі, талдау, бағалау» деп анықтама берілген [68, 230б.]. Осылайша, бір жағынан - көптеген адамдар үшін сыни ойлау дау, пікірталас, жанжалды қамтиды. Ал, екінші жағынан, кейбір авторлар «сыни ойлау», «аналитикалық ойлау», «логикалық ойлау» және «шығармашылық ойлау» және т.б. ұғымдарын іс жүзінде анықтайды. Біз сыни ойлауды дамытуда мәселелерді шешу қабілеті үлкен рөл атқаратынын түсінеміз, өйткені оның көмегімен ақпаратты игеруде белсенді ойлау процесі жүретіні белгілі.

D. F. Halpern өзінің «Сыни ойлау психологиясы» атты ғылыми еңбегінде: «сыни ойлау-өзінің логикалығымен,когнитивті дағдылар мен стратегияларды қолдануымен ерекшеленетін бағытталған ойлау әрекеті», - деп түсіндіреді. Оқушылар сыни ойлауды пайдалану үшін, D. Halpern көрсеткендей төмендегі қасиеттерді дамытуы керек:

1. Жоспарлауға дайындық. Аяқ асты ойлардың жиі пайда болуы. Оларды ретке келтіру арқылы баяндау ретін құру маңызды. Ойдың реттілігі-сенімділіктің белгісі болып табылады.

2. Икемділік. Егер оқушы басқалардың идеяларын қабылдауға дайын болмаса,ол ешқашан өз идеялары мен ойларының генераторы бола алмайды. Оқушы әртүрлі ақпаратты игермейінше,икемділік пайымдаулар шығаруды күтуге мүмкіндік береді.

3. Табандылық. Оқушы қиын тапсырмаға тап болған кезде шешімін кейінге қалдырады. Ақыл-ойдың шиеленісуінде табандылықты дамыта отырып, оқушы оқуда әлдеқайда жақсы нәтижелерге қол жеткізеді.

4. Қателіктерін түзетуге дайын болу. Сыни ойлайтын адам өзінің дұрыс емес шешімдері үшін ақталмайды, керісінше міндетті түрде оқуда жоғары нәтижелерге қол жеткізеді.

5. Саналы қабылдау. Ойлау іс-әрекеті кезінде өзін-өзі реттей отырып,пайымдауларын бақылай алу қабілеті.

6. Өзара тиімді шешімдерді іздеу. Қабылданған шешімдерді басқа адамдардың қабылдауы маңызды,әйтпесе олар мәлімдеме деңгейінде қала береді [69, 449 б.]. Осыған сүйене отырып, сыни ойлау - бұл оқу бөлмесіндегі қоршаған ортаның өзгеруі, оның мазасыздануына жол бермейді, сабақтарды мұғалім мен оқушының қуанышына айналдырады. Ең бастысы - жеке тұлғаның құндылығы идеясы оның дамуына, өзін-өзі тануына және өзін-өзі игере алуына қолайлы жағдай жасаудың сөзсіз басымдығы.

D.Klooster сыни ойлаудың бірнеше белгілерін атап өтті: сыни ойлау - өзіндік ойлау.

Сабақ сыни ойлау принциптеріне негізделсе, онда:

- әркім өз идеяларын, сенімдері мен бағалауларын басқаларға қарамастан тұжырымдайды;

- ойлау тек жеке болған жағдайда ғана сыни болып табылады;- сыни ойлау мүлдем түпнұсқа болмауы керек: біз басқа адамның идеясын немесе сенімін өзіміздікі ретінде қабылдауға құқығымыз бар.

- ақпарат - сыни ойлаудың соңғы нүктесі емес, бастапқы нүкте болып табылады. Білім мотивацияны тудырады, онсыз адамның сыни ойлауы мүмкін емес. Мұғалімдер, оқушылар, ғалымдар мен жазушылар танымдық іс-әрекетте барлық жаңа фактілерді сыни қарастырады. Дәстүрлі таным процесі мағыналы, өнімді, үздіксіз болады және сыни ойлау арқылы даралыққа ие болады;

- сыни ойлау сенімді дәлелдерге ұмтылады. Сыни ойлайтын адам мәселенің өзіндік шешімін табады және бұл шешімді ақылға қонымды, негізделген дәлелдермен қолдайды;

- сыни тұрғыдан ойлау-әлеуметтік ойлау. Барлық ойларын адам басқалармен бөліспес бұрын шыңдайды және тексереді. Сондықтан сыни ойлаумен жұмыс істейтін мұғалімдердің үлкен назары басқалармен ой мен пікір алмасуға қажетті қасиеттерді дамытуға, атап айтқанда: тыңдау, төзімділік, өз көзқарасы үшін жауапкершілік [70, 23 б.].

H. A. Butler сыни ойлауды күнделікті өмірдегі мәселелерді шешу, ақпаратты бағалау, шешім қабылдау және дәлелдерді талдау үшін қолданылатын когнитивтік қабілеттер мен оларды қолдануға бейімділіктің жиынтығы ретінде қарастырады. Сонымен бірге сыни ойлауды өлшейтін психологиялық тесттер мен әдістемелерді талдайды [71, 15 б.].

Т.Ф. Ноэль-Цигульскаяның «Сыни ойлау туралы» мақаласында сыни ойлауды қалыптастыру техникасын игерудің ең маңызды психологиялық әдістері көрсетілген, атап айтқанда: - өзіңізге сұрақтар қою, танымдық мотивация қалыптастыру; - фактілерді пікірлер мен бағалау пайымдауларынан ажырату; - фактілерді, дәлелдерді, дереккөздердің сенімділігін зерттеу; - идеяларды, дәстүрлерді, көзқарастарды талдау; - эмоция түсіндірулерден аулақ болу; - қораптан тыс ойлау [72, 34 б.]. Осыған байланысты мектеп оқушыларына бірқатар психологиялық кедергілер мен стереотиптерді жеңуге байланысты тапсырманы орындауға саналы көзқарастың практикалық орындылығын түсіндіріп, дәлелдей отырып, осы теориялық ақпаратты беру өзекті болып көрінеді. Кез-келген ой басқалармен бөліскен кезде тексеріледі және жетілдіріледі. Осылайша, оқушылар бір-бірімен дауласып, пікір алмасқанда, олар өз ұстанымдарын нақтылайды және тереңдетеді.

D. F.Halpern, D. S. Dunn сыни ойлауды мақсатты, негізделген және нәтижеге бағытталған ойлау деп түсіндіреді. Ол мәселені шешу, қорытынды жасау, ықтималдықты бағалау және шешім қабылдау кезінде қолданылатын когнитивтік дағдыларды қамтиды. Авторлар адамның бұл дағдыларды қажет

жағдайда өздігінен қолдануға бейімділігін де сыни ойлаудың маңызды психологиялық бөлігі ретінде көрсетеді. [73, 432 б.].

А.Н. Леонтьев теориясында сыни ойлау қызмет талдау пәні ретінде қарастырылады. Психиканы оны тудыратын және оған ықпал ететін әрекет сәттерінен бөлуге болмайды. Адамның практикалық іс-әрекеті мен оның санасының арақатынасы туралы мәселені шешкен кезде, олардың ішіндегі ең маңыздыларын сыни ажырата отырып, бастапқыда практикалық әрекеттерді қысқарту туралы ереже қабылданады. Психикалық даму оқушы мен ересек адамның бірлескен іс-әрекетінен басталуы керек, бұл баланың одан әрі тәуелсіз белсенділігін білдіреді [74, 85 б.].

Liang, W., Fung, D. зерттеулерінде оқушылардың сыни ойлау қабілетінің құрылымы анықталған. Оның негізгі компоненттері ретінде талдау, қорытынды жасау, бағалау, синтездеу және өзіндік рефлексия қарастырылған. [75, 30 б.]. Zhao & Liu мектеп оқушыларының сыни ойлауға бейімділігінің ішкі құрылымын зерттеп, ашық ойлау, талдау, дәлелді шешім қабылдау және ізденімпаздық сияқты компоненттердің өзара байланысын анықталған [76, 52 б.].

Сыни тұрғыдан ойлау рефлексивті және қарым-қатынасқа, тұлға психологиясына қатысты. Бұл тек танымдық (когнитивті) ғана емес, сонымен бірге мотивациялық саламен, өзін-өзі танумен байланысты.

О. С. Анисимов сыни ойлауды рефлексивті ойлау мен жеке тұлғаның өзін-өзі сынау жиынтығы ретінде қарастырады. Сонымен, ол өзінің «болашақ маманның сыни ойлауын дамыту» атты еңбегінде «рефлекция, оның психологиялық екпіндері (интеллектуалды, мотивациялық- сенсорлық және өзін-өзі түзету процестеріне) , рефлексиялық - сыни көзқарасты, мотивацияны, операциялар мен өзін-өзі түзету желілерін бөліп көрсету практикалық қабілеттердің қалыптасуына байланысты мақсатты бағдарлар ғана емес жоспарланған қабілеттерді қалыптастыру барысы бойынша тиімді оқу-педагогикалық өзара іс-қимылды жолға қою үщін ресурс болып табылады. Сыни тұрғадан ойлау қабілеті неғұрлым дамыған болса, оларды оқу өзін-өзі ұйымдастыруға және мұғалімдермен және басқа оқушылармен дұрыс қарым-қатынасқа тарту тезірек және оңай болады» [77, 78 б.]

Сыни ойлауды қалыптастыру – бұл күрделі және ұзақ процесс, сондықтан оның келесі заңдылы тұстарын ескеруіміз қажет:

1. Ойлау проблеманы шешуге байланысты туындайды; оның пайда болу шарты проблемалық жағдай болып табылады – адам қолда бар бідім тұрғысынан түсініксіз жаңа нәрсемен кездесетін жағдай. Бұл жағдай бастапқы ақпарттың жетіспеушілігімен, белгілі бір танымдық тосқауылдың пайда болуымен, субъекктінің интеллектуалды белсенділігінің көмегімен – қажетті танымдық стратегияларды іздеу арқылы жаңуге болатын қиындықтармен сипатталады.

2. Ойлаудың негізгі механизмі, оның жалпы заңдылығы – синтез арқылы талдау: обьектідегі жаңа қасиеттерді оқшаулау (талдау) онвң басқа объектілермен байланысы (синтезі) арқылы. Ойлау процесінде таным объектісі үнемі жаңа байланыстарға енеді және осыған байланысты жаңа ұғымдарда бекітілген жаңа қасиеттерде пайда болады: объектіден, осылайша, барлық жаңа

мазмұн алынып тасталатындықтан, ол әр уақытта басқа тараппен айналады, онда барлық жаңа қасиеттер ашылады.

Сыни ойлау механизмі ойлау мен дәлелдеу процесін анықтайтын ойлау операцияларын қамтиды: мақсат қою, мәселені анықтау, гипотеза жасау, дәлелдер келтіру, оларды қабылдау немесе қабылдамау. Оған күрделі және түсініксіз жағдайлар мен мәселелерді синтездеу, талдау және бағалау үшін негізгі интеллектуалды дағдыларды (білім мен түсінік) қолдау мүмкіндігі кіреді. Бұған мәселені анықтау, жағдайды нақтылау, дәлелді талдау, мәселені жан – жақты зерттеу, шешімдерді бағалау критерийлерін әзірлеу және ақпарат көздерінің сенімділігі, жалпылауды болдырмау жатады. Қалай болғанда да, зерттеушілер оны ойлау, ең алдымен, рефлексивті, бұрыннан бар немесе тікелей алынған ақпаратты талдауға, сенуге тұрарлық аспектілерді тану әдістеріне және алынған дәлелдерге сүйене отырып, қалай әрекет ету керектігін түсінеді.

А. Т. Оспанова жоғары сынып оқушыларының сыни ойлауын зерттей отырып, оны тұлғаның интеллектік дербестігін сипаттайтын жетекші психологиялық қасиет ретінде анықтайды. Ғалым сыни ойлауды оқушының ақпаратты талдау, дәлелдеу, салыстыру және балама шешімдерді негіздеу қабілеттерінің бірлігі ретінде қарастырады. Сыни ойлаудың дамуын ерікті реттеу механизмдерімен байланыстыра отырып, жоғары сынып оқушыларының мақсат қоя білу, өз ойлау әрекетін бақылау және нәтижесін бағалау қабілеттерін ерекше атап өтеді. Бұл үдерістер сыни ойлаудың саналы, басқарылатын және тұлғалық мәнге ие болуын қамтамасыз етеді. Ғалымның пікірінше, сыни ойлау – оқушының дайын білімді қабылдаушыдан оны қайта құрастырушы, бағалаушы және шығармашылықпен қолданушы субъектке айналуын қамтамасыз ететін психологиялық механизм [78].

Ж. И. Намазбаева өзінің «Жас ерекшелігі психологиясы» атты еңбегінде мектеп жасындағы балалардың ойлау жүйесінің қалыптасу кезеңдерін жас ерекшелік дамудың негізгі көрсеткіші ретінде қарастырады. Ғалым ойлау үдерісін тек логикалық операциялардың жиынтығы ретінде емес, тұлғаның эмоциялық және еріктік салаларымен тығыз байланыста дамитын көпқырлы психологиялық жүйе ретінде сипаттайды. Автордың пайымдауынша, ойлаудың дамуы баланың ішкі когнитивтік құрылымдарының, эмоциялық тәжірибесінің және оқу барысында жинақталған әлеуметтік ықпалдардың өзара әрекеттесуі арқылы жүзеге асады. Ойлау әрекетінің эмоциялық компонентін ерекше атап көрсете отырып, баланың оқу материалына деген қатынасы, танымдық қызығушылығы мен мотиві ойлау сапасына тікелей әсер ететінін дәлелдейді. Бұл тұрғыда сыни ойлау баланың тек ақпаратты түсіну қабілетімен ғана емес, оны бағалау, күмән келтіру, эмоциялық тұрғыда қабылдау және ерікті түрде талдау дағдыларымен байланысты дамитын психологиялық құрылым ретінде қарастырылады. Яғни, ойлау мен эмоцияның бірлігі оқушының дербес пайымдауына, ішкі рефлексиясының қалыптасуына негіз болады, ал бұл сыни ойлаудың маңызды алғышарты болып табылады [38, 119 б.]. Бірінші ғалым сыни ойлаудың эмоциялық-еріктік және жас ерекшелік негіздерін айқындаса, екінші ғалым оның тұлғалық-рефлексивтік және интеллекттік мазмұнын терең ашады.

Бұл еңбектер қазақстандық психология мен педагогика ғылымында оқушылардың сыни ойлауын дамытуға арналған берік теориялық және әдіснамалық негіз қалыптастырады.

О. Х. Аймагамбетова сыни ойлау әлеуметтік және дербес ойлау түрі ретінде қызмет атқарады. Қазіргі заманғы сыни ойлау тұжырымдамаларында көрініс табатын негізгі интеллектік дағдыларға мыналар жатады: ақпарат көздерінің сенімділігін бағалау; өзекті ақпаратты айқындай білу және оны одан әрі өңдеу қабілеті; пайымдауларды, болжамдарды, қорытындыларды, дәлелдер мен гипотезаларды, наным-сенімдерді талдау және бағалау; неғұрлым нақты ақпарат алу және оны тексеру мақсатында сұрақтар қоя білу; мәселені әртүрлі қырынан қарастыру және түрлі ұстанымдар мен тәсілдерді салыстыру; өз ұстанымының айқындығы мен тілдік құралдарды таңдаудағы дәлдігі; шешім қабылдау және өз таңдауын негіздей білу қабілеті [39, 24 б.]. Осылайша, сыни ойлау теріс ақпараттың және оның психологиялық ықпалының алдын алудың негізгі тетігі болып табылады.

Психологиядағы сыни ойлау – танымдық операциялар мен процестердің жиынтығы болып табылады. Сондай ақ, сыни ойлау когнитивті және интеллектуалды қызмет ретінде формальды логика, когнитивті психология, шығармашылық психология, шешім қабылдау теориясы тұрғысынан реттеледі [79, 53б.]. Сыни ойлауды дамыту ұтымды шешім, яғни дұрыс шешім қабылдау және бағалау қабілетімен тікелей байланысты жүзеге асатынынын зерттеулерден көре аламыз.

Кейінірек ғалымдар «эмоциялы интеллект» ұғымының тағы бір анықтамасын ұсынды, атап айтқанда эмоциялардағы ақпаратты өңдеу қабілеті: эмоциялардың мағынасын, оларлың бір-бірімен байланысын анықтау, эмоцияны ақпартты ойлау мен шешім қабылдаудың негізі ретінде пайдалану жолдары зерттеле бастады.

С. Л. Рубинштейн ойлау үдерісін адамның ішкі толғанысымен, эмоциялық күйімен бірлікте қарастырады. Ғалымның пайымдауынша, ойлау таза рационалды акт емес, ол әрдайым белгілі бір деңгейде эмоциялық реңкке ие болады. Толғаныс интеллектуалдық әрекеттің формасы ретінде көрініс беріп, эмоция арқылы мазмұндық тереңдікке ие болады. Осы тұрғыда С.Л.Рубинштейн эмоция мен интеллектінің бірлігін психикалық қызметтің ажырамас сипаты ретінде анықтайды. Бұл тұжырым сыни ойлаудың да тек логикалық операциялар жиынтығы емес, тұлғаның эмоциялық қатынасы мен ішкі бағалау механизмдеріне сүйенетін күрделі үдеріс екенін көрсетеді [17, 153 б.]. Ал, А. Н. Леонтьевтің іс-әрекет теориясы аясында ойлау эмоциялық-аффективтік реттеумен тығыз байланыста қарастырылады. Ғалым ойлауды субъектінің қажеттіліктері мен мотивтеріне тәуелді әрекет ретінде сипаттай отырып, эмоцияларды жеке мағыналардың көрсеткіші деп түсіндіреді [80, 210 б.]. Эмоциялар адамның өмірлік тәжірибесінде болып жатқан құбылыстардың субъективті мәнін айқындап, оның танымдық бағытын реттейді. Бұл тұрғыда эмоция сыни ойлаудың қозғаушы күші ретінде көрініс табады, себебі тұлға үшін мағыналы ақпарат қана терең талдауға, салыстыруға және бағалауға ұшырайды.

Сондай ақ, П. Я. Гальперин тіл, ойлау және әрекеттің қалыптасу заңдылықтарын тарихи-ғылыми контексте тұрғысынан тұжырымдап, әдістеме мен нақты ғылыми зерттеулердің ажырамас байланысы туралы мәлімдеді. Әдістеме тарихи тәжірбиені сыни талдау арқылы шығармашылық игеру негізінде және өзінің нақты зерттеу процесінде дамыған кезде ғана жемісті болатынын дәлеледеді [81, 272 б.].

J. A. Guiral Л. С. Выготский мен А. Р. Лурияның тарихи-мәдени және нейропсихологиялық тұжырымдарын қазіргі нейроғылым, динамикалық жүйелер теориясы және топологиялық модельдеу тәсілдерімен біріктіреді. Зерттеу тұрғысынан аталған теориялар сыни ойлаудың талдау, бағалау, когнитивтік икемділік, рефлексия және өзін-өзі реттеу сияқты компоненттерін бір ғана психикалық механизмнің нәтижесі емес, өзара байланысқан динамикалық когнитивтік жүйенің қызметі ретінде қарастыруға әдіснамалық негіз береді [82, 85б.]. Диссертациялық зерттеу тұрғысынан С.Л. Рубинштейннің психикалық процестердің бірлігі туралы тұжырымдамасы сыни ойлаудың когнитивтік, аналитикалық және шығармашылық компоненттерін түсіндірудің әдіснамалық негізін құрайды. Ғалым интеллектуалдық, эмоциялық және еріктік процестерді өзара байланысты біртұтас жүйе ретінде қарастырып, ойлау мен эмоцияның ажырамас бірлігін атап көрсетеді. Алайда бұл қағида оның ойлау психологиясына арналған нақты зерттеулерінде толық ашылмаған. [17, 256 б.].

M. T.Buelow, S.Moore, J. M.Kowalsky, B. M. Okdie жоғары деңгейлі ойлау мен шешім қабылдау тек когнитивтік процесс ретінде емес, когнитивтік, эмоциялық және тұлғалық компоненттердің бірлігі ретінде қарастырылады. Авторлар эмоция мен когницияны жасанды түрде бөліп зерттеу күрделі психикалық үдерістерді толық түсіндіруге мүмкіндік бермейтінін көрсетеді. Ми деңгейінде де когнитивтік және эмоциялық шешім қабылдау процестерінің префронталды және лимбиялық жүйелердің өзара әрекеттесуіне сүйенетіні талданады [83, 26б.] Ойлаудың мотивациялық, эмоциялық және тұлғалық факторлармен ажырамас байланыста жүзеге асатыны туралы бұл тұжырым ойлау үдерісін тек когнитивтік операциялар шеңберінде түсіндірудің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Диссертациялық зерттеу логикасында бұл ой сыни ойлауды тұлғаның ішкі мағыналық кеңістігімен, эмоциялық тәжірибесімен және мінез-құлықтық жауаптарымен бірлікте қарастыру қажеттігін негіздейді.


E. T. Rolls ауқымды шолуы эмоция, мотивация және шешім қабылдаудың орбитофронталды қыртыс, алдыңғы белдеулік қыртыс және амигдала жұмысы арқылы бір жүйеге бірігетінін көрсетеді. Автор эмоция мен мотивацияны ойлау мен шешім қабылдаудың сыртқы қосымша факторы емес, олардың нейропсихологиялық механизмдерінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Springer [84, 210 б.].

2020 жылы M. Garaigordobil бірнеше интеллект теориясын ұсынды, ол адамдардың салыстырмалы түрде автономды сегіз интеллектке ие екендігін негіздеді, оның ішінде тұлғаішілік және тұлғааралық [85,8б.]. Бірнеше интеллект теориясы аясында оқушылар қабілеттері біртұтас құрылым ретінде емес, салыстырмалы түрде автономды дамитын бірнеше интеллект түрлерінің

жиынтығы ретінде қарастырылады, олардың қатарында тұлғаішілік және тұлғааралық интеллект ерекше орын алады. Зерттеу тұрғысынан бұл көзқарас сыни ойлаудың дамуын тек танымдық қабілеттермен шектемей, тұлғаның өзін тану, эмоцияларын реттеу және әлеуметтік өзара әрекеттесу ерекшеліктерімен байланыстыра талдауға мүмкіндік береді.

Эмоциялық интеллектінің заманауи зерттеулері И.Н. Андреева, Д.В. Ушакова, Д.В Люсина, С.П. Деревянко, О.А Гулевич, В.В. Осваянникова, Е.А. Сергиенко, Т.А. Сысоева, О.В. Белоконь және басқалардың еңбектерінде ұсынылған [86, 82 б.].

Психология ғылымындағы теориялық және эксперименттік зерттеулер ойлау үдерісін эмоциялық, мотивациялық және тұлғалық факторлардан бөліп қарастыру мүмкін еместігін дәлелдейді. Ойлау әрдайым оқушының ішкі қажеттіліктерімен, мотивтерімен, субъективті тәжірибесімен және эмоциялық күйімен шартталып отырады. Осыған байланысты, сыни ойлау когнитивтік, эмоциялық және мінез-құлықтық компоненттердің өзара бірлігі ретінде көрсетуге болады. Аталған компоненттердің интеграциясы оқушының ақпаратты талдау, бағалау және саналы шешім қабылдау қабілеттерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді.



Сурет 1 – Сыни ойлаудың құрылымдық моделі

Ұсынылған құрылымдық модельге сәйкес, сыни ойлау когнитивтік, эмоциялық, мінез-құлықтық, аналитикалық және шығармашылық компоненттердің өзара әрекеттесуі арқылы жүзеге асатын күрделі психологиялық процесс болып табылады. Әрбір компонент сыни ойлаудың мазмұндық және функционалдық қырларын айқындап, олардың бірлігі оқушының саналы ойлау әрекетін қамтамасыз етеді.

Қазіргі шетелдік зерттеулерде сыни ойлау мен эмоциялық интеллект өзара байланысты когнитивтік-эмоциялық үдерістер ретінде қарастырылады. Олардың бірлігі ақпаратты объективті бағалауға, эмоцияларды реттеуге және негізделген шешім қабылдауға ықпал етеді. Z. Özal және әріптестері жүргізген жүйелі шолуда эмоциялық интеллектіні тұлғаның эмоцияларды қабылдау, түсіну, білдіру және реттеу ерекшеліктерімен байланысты тұрақты психологиялық сипат ретінде қарастырады. Зерттеу нәтижелері эмоциялық интеллекттің тұлғаішілік және тұлғааралық қатынастармен, өзіндік тиімділікпен, мектептегі бейімделумен, танымдық үдерістермен және шығармашылық қабілеттермен өзара байланысты екенін көрсетті. Эмоциялық интеллект деңгейі жоғары балалар өз эмоцияларын тиімдірек реттеуге, құрдастарымен жағымды қарым-қатынас орнатуға, әлеуметтік жағдайларға икемді бейімделуге және эмоциялық қиындықтарды конструктивті жолмен шешуге бейім келеді. Авторлар эмоциялық интеллектіні тек эмоциялық реакцияларды басқару қабілеті ретінде емес, баланың өзін және өзгелерді түсінуін, әлеуметтік өзара әрекеттесу сапасын және психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ететін интегративті тұлғалық ресурс ретінде сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда, эмоциялық интеллекттің дамуы жеткіншектің өзін-өзі тануы, эмоциялық реттелуі және әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінің қалыптасуымен тығыз байланыста жүзеге асады [86, 78 б.]. Зерттеулердің барлығы эмоциялық интеллект ұғымының ерекшеліктерін, оның тұлға құрылымындағы маңыздылығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Жүргізілген теориялық талдау нәтижесінде сыни ойлау оқушылардың алынған ақпаратты түсіну, талдау, бағалау және оны өмірлік тәжірибемен ұштастыруға бағытталған күрделі интеллектік іс-әрекет түрі екендігі айқындалды. Диссертациялық зерттеу логикасында сыни ойлау оқушының дайын білімді пассивті қабылдаушы емес, ақпаратты дербес өңдеп, оның шынайылығын дәлелдей алатын белсенді субъект ретінде қалыптасуын қамтамасыз ететін психологиялық механизм ретінде қарастырылады.

Зерттеу барысында сыни ойлаудың дамуы оқушының тәжірибелік әрекетімен тікелей байланысты екені анықталды. Ақпаратты талдау мен бағалау үрдісі жеке тәжірибеге сүйенген жағдайда ғана рефлексивті сипатқа ие болып, ойлаудың ашықтығы мен икемділігін қамтамасыз етеді. Сыни ойлау догмалық пайымдауларды қабылдамай, мәселені әртүрлі қырынан қарастыруға, ұсынылған деректер шеңберінен шығып, жаңа мағыналар мен сипаттамаларды айқындауға мүмкіндік береді. Сыни ойлау деңгейі жеткіліксіз білім алушыларда дәлелдердің сенімділігін бағалау, өз бетінше шешім қабылдау және интеллектік әлеуетті тиімді пайдалану қиындықтары байқалады.

Психологиялық тұрғыдан сыни ойлау когнитивтік, эмоциялық және мінез-құлықтық, анлитикалық, шығармашылық компоненттердің бірлігін қамтитын интегративті процесс болып табылады. Ол тұлғаның когнитивтік құрылымдарын белсендірумен қатар, өзін-өзі реттеу механизмдерін күшейтіп, танымдық әрекетке ішкі мотивацияның қалыптасуына жағдай жасайды. Бұл үдерісте эмоциялық жетілуге тән қасиеттер – эмпатия, өзін-өзі бақылау, стресске төзімділік және белгісіздік жағдайына бейімделу қабілеті қалыптасады.

Аталған қасиеттер эмоциялық интеллект ұғымымен тығыз байланысты. Эмоциялық интеллект адамның өз эмоцияларын және өзге адамдардың эмоцияларын тану, түсіну және реттеу қабілеті ретінде сыни ойлаудың тиімді жүзеге асуына психологиялық негіз болады. Бір жағынан, эмоциялық интеллект сыни ойлауға тән когнитивтік механизмдерді қолдаса, екінші жағынан, тұлғаның эмоциялық тұрақтылығы мен әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етеді.

Осылайша, білім беру ортасында сыни ойлауды дамыту білім алушылардың эмоциялық интеллектінің қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді. Бұл өз кезегінде ақпаратты саналы қабылдау, эмоциялық реакцияларды бақылау және жағдайды ұтымды әрі эмпатиялық тұрғыдан түсінуге негізделген шешім қабылдау қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Бірінші бөлімде қарастырылған теориялық тұжырымдар сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысын психологиялық тұрғыда негіздеп, зерттеудің келесі бөлімдерінде эмпирикалық тұрғыда дәлелдеуге әдіснамалық алғышарт қалыптастырады.

1.2 Эмоциялық интеллектінің теориялық-ғылыми алғышарттары мен мазмұндық сипаттамасы

Қазіргі психология ғылымында эмоциялық интеллект тұлғаның психологиялық дамуын, әлеуметтік бейімделуін және оқу іс-әрекетіндегі табыстылығын айқындайтын маңызды интегративті қасиет ретінде қарастырылады. Оқушылардың эмоциялық интеллектісінің қалыптасуы олардың өз эмоцияларын тану, түсіну және реттеу қабілеттерімен қатар, басқа адамдардың эмоциялық күйін қабылдау оған саналы түрде жауап беру мүмкіндіктерін қамтиды. Осы тұрғыда эмоциялық интеллект тұлғаның ішкі психологиялық тұрақтылығы мен мінез-құлықтық икемділігінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Эмоциялық интеллектінінің дамуы танымдық үдерістермен, соның ішінде сыни ойлаумен тығыз байланысты. Сыни ойлау үдерісінде оқушы өз эмоциялық реакцияларын рефлексиялау, оларды бағалау және саналы түрде басқару дағдыларын меңгереді. Бұл үдеріс эмоциялық импульсивтіліктің төмендеуіне, өзін-өзі бақылаудың күшеюіне және эмоциялық реакциялардың жағдайға сәйкестенуіне ықпал етеді.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, сыни ойлау эмоциялық интеллектінінің негізгі компоненттерін – эмоцияларды тану, түсіндіру және реттеу қабілеттерін белсендіреді. Ақпаратты саналы түрде талдау және бағалау барысында тұлға өз сезімдерін ұғынады, оларды когнитивтік тұрғыда қайта өңдейді және мінез-құлықтық әрекеттерін соған сәйкес реттейді. Сонымен қатар сыни ойлаудың

эмоциялық интеллектінінің дамуына тигізетін әсері талданып, білім беру үдерісінде эмоциялық интеллектіні мақсатты түрде қалыптастырудың психологиялық алғышарттары айқындалады. Бұл талдау зерттеудің келесі кезеңдерінде жүргізілетін эмпирикалық зерттеулерге теориялық негіз қалыптастырады.

Эмоциялық интеллект теориясы психология ғылымында тоқсаныншы жылдары қалыптасты. Бастапқыда эмоциялар мен интеллект бөлек қарастырылды, бірақ олардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігі туралы түсініктер болды. Эмоция мен ойлау өзара тәуелсіз жүйелер емес, керісінше біртұтас психологиялық үдерістің өзара байланысқан компоненттері ретінде қарастырылуы тиіс. Мұндай көзқарас эмоциялық интеллектіні тек эмоцияларды түсіну мен басқару қабілеті ретінде емес, тұлғаның сезіну, ұғыну және әрекет ету тәжірибесін біріктіретін интегративті психологиялық құрылым ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде эмоциялық интеллектінің оқушының тұлғалық дамудағы рөлін толық ашуға және оны білім беру үдерісінде мақсатты түрде қалыптастырудың психологиялық алғышарттарын айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен, осы аспектіні талқыланатын тұжырымдамаға тәуелсіз ретінде қосуды ескере отырып, эмоциялы интеллект – бұл өзінің және басқа адамдардың эмоцияларын сезіну, түсіну қабілеттерінің жиынтығы. Бұл күйлерді адамның сезімталдығы эмоциялар мен сезімдерді түсіну негізінде ғана мүмкін болатыны белгілі, сондықтан эмоциялы интеллект анықтамасына жасалған нақтылау, қолданыстағы анықтамалардың көпшілігіне қайшы келмейді, бірақ оның практикалық маңыздылығын көрсетеді.

Кең мағынада эмоциялы интеллект эмоцияларды тану, түсіну және басқару қабілетін білдіреді, бұл субъектінің өз эмоцияларына да, басқа адамдардың эмоцияларына да қатысты [87, 60 б.; 88, 560 б.].

Эмоциялы интеллект дегеніміз - жеке тұлғаның басқалардың және өзінің эмоцияларын тану, сондай-ақ өзінің де, басқалардың да тілектерін, ниеттерін түсіну қабілеті. Бұл психологиялық қасиеттің дамуы адамға өзінің эмоциялы жағдайын түсінуге, басқаруға және бағыттауға мүмкіндік береді, басқалармен қарым-қатынасты оңтайландыруға, өзін-өзі тануға және қоршаған ортаның стрессорларына төзімділікті арттыруға ықпал етеді [89, 408 б.].

Эмоциялық интеллект оқушының өмірінің әртүрлі салаларында, яғни өзін-өзі басқару, жанашырлық және табысқа жетуіне көмектесетін кейбір оң дағдыларды қамтитын күрделі айнымалы [90, 840 б.]. Сонымен қатар, эмоциялық интеллект – бұл «адамның өз эмоцияларын, мотивациясын және сезімдерін тану, реттеу қабілеті, күшті коммуникациялық дағдылар арқылы басқалардың эмоцияларын икемді түрде түсіну және басқару қабілеті» [91, 530 б.]. Ғылымдағы эмоциялық интеллектінің тұлғааралық және тұлғаішілік топтамасы H. Gardner ұсынған көптік интеллект теориясына сәйкес келеді. Кейбір авторлар эмоциялық интеллектіні ақпаратты өңдеу процестері тұрғысынан түсіндіріп, академиялық интеллектінің ғылыми модельдерін әзірлеуде қолданады.

Алғаш рет «эмоциялық интеллект» терминін Mayer J.D., Salovey P. ұсынған. Олар эмоциялық интеллектіні эмоцияларды дәл қабылдау, бағалау

және көрсету қабілеті, сезімдерге қол жеткізу және генерациялау қабілеті, эмоциялық білімді түсіну қабілеті және интеллектуалды өсу үшін эмоциялар тудыру қабілеті деп түсіндірді. Бұл «өзінің және басқалардың сезімдері мен эмоцияларын бақылау, оларды ажырату және осы ақпаратты ойлау мен әрекеттерді басқару үшін пайдалану мүмкіндігі» [92, 10б.]. Эмоциялық интеллект «эмоцияларда қамтылған ақпаратты өңдеу қабілеті, яғни эмоциялардың мәнін, олардың өзара байланысын айқындау және эмоциялық ақпаратты ойлау мен шешім қабылдау үдерісінің негізі ретінде пайдалану» ретінде түсіндіріле бастады.

Эмоциялы интеллект үш түрлі қабілеттен тұратын күрделі құрылым ретінде түсіндірілді:

1) эмоцияларды анықтау және білдіру;

2) эмоцияларды реттеу;

3) ойлау мен іс-әрекетте эмоциялы ақпаратты пайдалану.

Дж. Майер «эмоциялық интеллект» ұғымының қалыптасу тарихы туралы зерттеу жүргізіп, бес кезеңді анықтады:

- бірінші кезең-1900–1969 жылдар; эмоциялар мен интеллект туралы зерттеулер салыстырмалы түрде зерттелуі;

- екінші кезең – 1970-1989 жылдар; зерттеушілердің назарында когнитивті және эмоциялық процестердің өзара әсері бар;

- үшінші кезең - 1990-1993 жылдар; эмоциялық интеллект психологиялық зерттеудің тақырыбына айналады;

- төртінші кезең-1994-1997 жылдар; эмоциялық интеллект танымал болды.

- бесінші кезең-1998 жылдан қазіргі уақытқа дейін; эмоциялық интеллектінің мәні нақтыланады [93, 85 б].

Эмоциялық интеллектіні құрайтын компоненттер мен тұлғаның коммуникативтік бейімділіктері арасында өзара байланыс бар деп болжанады. Атап айтқанда, белгілі бір коммуникативтік бейімділіктер эмоциялық интеллектінің жекелеген компоненттерінің көрініс беру ерекшеліктеріне ықпал етеді. Осыған сәйкес, коммуникативтік бейімділіктері әртүрлі тұлғалардың эмоциялық интеллект элементтерін таныту және қолдану қабілеттері де әртүрлі деңгейде көрініс табуы мүмкін [94, 352 б.] Эмоциялық интеллект эмоциялы күйлерді түсіну және басқару қабілеті ретінде анықталады. Бұл интеллектуалдық дамуға, эмоцияларды терең түсінуге, бағалауға және білдіруге мүмкіндік береді.

MacCann және т.б. эмоциялық интеллект пен академиялық жетістіктер арасындағы байланысты зерттей отырып, эмоцияларды түсіну және басқару қабілеттерінің оқу нәтижелерімен байланысты екенін көрсетеді. Бұл эмоциялық интеллектіні оқушының оқу әрекетін қамтамасыз ететін маңызды психологиялық ресурстардың бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [95, 6 б.].

R. P.Corcoran және бірнеше ғалымдар эмоцияларды тану және реттеу, өзін-өзі басқару, әлеуметтік дағдылар мен жауапты шешім қабылдауды дамыту оқушылардың оқу үдерісіне бейімделуін және оқу нәтижелерін жақсартуға

ықпал ететінін анықтады. Зерттеу әлеуметтік-эмоциялық құзыреттерді мақсатты түрде дамыту мектеп жасындағы балалардың тұлғалық әрі танымдық дамуының маңызды шарты екенін негіздейді [96, 72 б.].

«Эмоциялық интеллектінің құрылымы» қабілеттер моделі мен аралас модельдердің негізінде әртүрлі анықталады. Біріншіден, эмоциялық интеллектіде эмоцияларды түсіну және басқарумен байланысты когнитивтік қабілеттер жиынтығы ретінде қарастырады, ал екіншіден, когнитивтік қабілеттер мен эмоцияларды басқаруға көмектесетін тұлғаның жеке қасиеттердің (оптимизм, өзін-өзі бағалау және т. б.) кешені ретінде қарастырады.


K. V. Petrides, A. Furnham эмоциялық интеллектіні қабілет және эмоциялық интеллект қасиет ретінде ажыратады. Ғалымдар модельдің табиғаты теориямен емес, құрылымды өлшеу үшін қолданылатын әдістермен анықталады деп тұжырымдайды [97, 78б.]. Эмоциялық интеллектіні қасиет ретінде қарастыра отырып, оны әртүрлі жағдайларда мінез-құлық тұрақтылығын бағалаумен байланыстырады, сондықтан оны өлшеу үшін сауалнамаларды қолданады.

S. Mavroveli интегративті моделінде эмоциялық интеллектінің теориялық сипаттамалары эмоциялық интеллект құрылымының бірыңғай тұжырымдамасы шеңберіндегі жеке қабілеттер кешені тұрғысынан сипатталды. Дегенмен, бұл модель саналы реттеудің жеке элементін ескере алмады [98, 263б.].

Эмоциялық интеллект кең ауқымды жағдайларда әрекет етуге көмектесетін бейімделу механизмі ретінде әрекет етеді деп есептеледі. Бұл құрылымды екі жолмен тұжырымдауға болады. Эмоциялық интеллект жеке тұлғаның эмоцияға қатысты ақпаратты дұрыс өңдеуге деген жалпы қабылданған қабілетін білдіруі мүмкін. Балама ретінде, эмоциялық интеллект жеке дағдыларды келесідей көрсетіледі: а) эмоцияларды дәл қабылдау; ә) эмоцияға негізделген ойлау; б) эмоцияларды түсіну; в) эмоцияларды басқару қабілеті [99, 185 б.].

Интеллектіні зерттеуді американдық психолог, психодиагност, ересектер мен балаларға арналған интеллект шкалаларының авторы Дэвид Векслер жалғастырды. Ғалым 1940 жылы интеллектінің эмоциялық компоненттері адамның өмірдегі табысына шешуші ықпал етуі мүмкін деген болжам ұсынды. Ал А. Маслоу өз кезегінде «эмоциялық күш» тұжырымдамасын дамыту идеясын алға тартты [100, 95 б.].

Эмоциялық ақпаратты өңдеуге байланысты қабілеттерді талдау П. Сэловей мен Дж. Майерге зерттелетін құбылыстың төрт компонентін бөлуге мүмкіндік берді: эмоцияларды анықтау, ойлау мен белсенділіктің тиімділігін арттыру үшін эмоцияларды пайдалану, эмоцияларды түсіну және эмоцияларды басқару. Бұл компоненттер иерархияға құрылады, олардың деңгейлері онтогенезде дәйекті түрде игеріледі. Әрбір компонент өзінің жеке эмоцияларына да, басқа адамдардың эмоцияларына да қатысты екенін ескеру маңызды [101, 234 б.]. Сурет 2 -де J. Mayer, P. Salovey және D. Caruso бойынша эмоциялық интеллектінің үш факторлы моделін көрсете аламыз.



Сурет 2 - J. Mayer, P. Salovey және D. Caruso эмоциялық интеллект үш факторлы моделі

J.D. Mayer, P. Salovey және D. Caruso идеяларына сүйене отырып, Г. Г. Гарскова «эмоциялық интеллект» ұғымын интеллект және эмоциялар деп екі ұғым ретінде қолданады. Біріншіден, эмоциялар адамның өмірінің әртүрлі жағдайларында және өзіне деген көзқарасында көрінеді, ал интеллект, сол көзқарастарды түсінуге қызмет етеді деп мәлімдейді [102, 26б.].

Эмоциялық интеллектінің табиғатын түсіндірудегі аталған теориялық көзқарастар эмоциялық және когнитивтік процестердің өзара байланысын айқындай отырып, оның тұлғаның психологиялық бейімделуі мен әлеуметтік ортадағы тиімді әрекет етуіндегі маңызын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, эмоциялық интеллектіні жеке тұлғаның эмоциялық, әлеуметтік және бейімделу қабілеттерінің тұтас жүйесі ретінде қарастыратын Р. Бар-Онның теориялық моделі ерекше ғылыми қызығушылық тудырады. Бұл модель эмоциялық интеллектінің құрылымдық компоненттерін жан-жақты сипаттауға және олардың тұлғаның психологиялық қызметіндегі рөлін анықтауға мүмкіндік береді.

R. Bar-On зерттеулерінде, эмоциялық интеллект адамға әртүрлі өмірлік жағдайларды сәтті шешуге мүмкіндік беретін барлық танымдық емес қабілеттерді, білім және құзыреттілік ретінде анықтайды. R. Bar-On эмоциялық интеллектінің бес компонентін анықтады, бұл компоненттердің әрқайсысы бірнеше ішкі компоненттерден тұрады: өзін-өзі тану (эмоцияларын білу, өзіне деген сенімділік, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану, тәуелсіздік), тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары (эмпатия, тұлғааралық қарым-қатынас, әлеуметтік жауапкершілік), өзін-өзі тану қабілеті, бейімделу (мәселелерді шешу, шындықпен байланыс, икемділік), стресстік жағдайларды басқару (стресске төзімділік, импульсивтілікті бақылау), басым көңіл-күй (бақыт, оптимизм) [103,


29 б.]. Кесте 1- де R. Bar-On бойынша эмоциялық-әлеуметтік интеллект моделі көрсетілген.

Кесте 1 - R. Bar-On эмоциялық-әлеуметтік интеллект моделі

1) Өзін-өзі қабылдау
1. Өзін-өзі бағалау өзін-өзі құрметтеу, өзіне деген сенімділік
2. Өзін-өзі тану мағынаны іздеу, өзін-өзі жетілдіру
3. Эмоциялық таным өзіндік көңіл-күйін түсіну
2) Өзін-өзі көрсету
1. Эмоциялы көрсету эмоциялардың конструктивті және нақты көрінісі
2. Ассертивтілік сезімдер мен сенімдердің қорламайтындай жеткізу
3. Тәуелсіздік тәуелсіз, эмоциялы тәуелділіктен босатылған
3) Тұлғааралық
1. Тұлғааралық қатынастар өзара қанағаттандыратын қатынастар
2. Эмпатия - басқалардың не сезінетінін түсіну және бағалау
3. Әлеуметтік жауапкершілік - әлеуметтік сана, пайда келтіру
4) Шешімдер қабылдау
1. Мәселелерді шешу - эмоциялар тартылған кезде шешімдерді іздеу
2. Шындықты тестілеу - объективті түрде, заттарды олар сияқты көру
3. Импульсті басқару - әсерге қарсылық немесе импульсті кешіктіру
5) Стресті баскару
1. Икемділік - эмоцияны, ойды және мінез-құлықты бейімдеу
2. Стресске төзімділік - стресстік жағдайларды жеңе білу
3. Оптимизм - өмірге деген оң көзқарас пен бақыт сезімі
Ескерту: [103; 104; 105; 106] дереккөздер негізінде құрастырылған

Оқушының эмоциялық интеллектісінің ішкі компоненттерінде тепе-теңдік сақталуы маңызды, өйткені қандай да бір ішкі шкалада шамадан тыс жоғары немесе өте төмен көрсеткіштер дисфункционалды мінез-құлықтың қалыптасуына әкелуі мүмкін. Сондықтан балалар мен жеткіншектердің эмоциялық интеллектісі эмоцияларды түсіну және реттеу, тұлғааралық қатынас, өзіндік тиімділік, әлеуметтік бейімделу және психологиялық әл-ауқатпен байланыстырылады [104, 604 б.]. Р. Бар-Онның эмоциялық интеллект моделі оқушылардың эмоциялық, тұлғааралық және бейімделу қабілеттерінің өзара байланысын түсіндіре отырып, сыни ойлауды дамыту арқылы олардың эмоциялық интеллектісіне психологиялық ықпал ету ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған зерттеу моделін құрудың теориялық-әдіснамалық негізін қалыптастырады.

D. Goleman тезисінде, эмоциялық интеллектіні дамытуға болады және дамыту қажет, өйткені мидың жүйке жолдары өмір сүру барысында дами береді. Ғалымдар тұжырымдамасында, эмоциялық интеллектінің негізгі компоненттерін жүйелеуге мүмкіндік берді, сурет -3 те Қабілет моделі мен Аралас модельдің сипаттамасын ұсынамыз.



Сурет 3 - Қабілет моделі (J.D. Mayer, P. Salovey) мен Аралас модель (R. Bar-On, D. Goleman)


Қабілет моделінде (J.D. Mayer, P. Salovey) эмоцияларды қабылдау, түсіну және басқару сияқты танымдық қабілеттердің жиынтығын тұжырымдады. Эмоциялар ойлауды бағыттайтын ақпарат көзі ретінде бағаланып, тұлғаның саналы шешім қабылдау үдерісіне ықпал ететін психикалық қабілет ретінде түсіндіріледі.

Аралас модельде (R. Bar-On, D. Goleman) эмоциялық интеллектіні эмоциялық, тұлғалық және әлеуметтік құзыреттерді біріктіретін кешенді құрылым ретінде сипаттайды. Бұл тәсілде эмоцияларды басқару тұлғаның мінез-құлқы мен әлеуметтік өзара әрекеттесуінің тиімділігін арттыратын бейімделу ресурсы ретінде қарастырылады.

Эмоциялық интеллект – бұл когнитивті қабілеттер мен жеке қасиеттердің үйлесімі. Сондықтан бұл эмоциялық интеллект саласындағы екі әйгілі зерттеушінің D. Goleman мен R. Bar-On [105, 6 б.; 106,16 б.; 107, 5 б.] идеяларына сәйкес келеді. Эмоциялық интеллект моделі сыни ойлаумен тығыз байланысты, оқушы эмоцияға қанықкан жағдайларда объективті, бейтарап және тиімді болуға мүмкіндік беретін іргелі негіз және реттеуші құрылым ретінде қызмет етеді.

Эмоциялар көбінесе сыни ойлауға кедергі болып, эмоциялық бейімділікті немесе өз сенімдерін растауға ұмтылуды тудырады. Кестеде көрсетілген мәліметтер эмоциялық интеллект пен сыни ойлаудың өзара тығыз байланысын айқындап, эмоцияларды тану мен басқару қабілеттері ақпаратты талдау, бағалау және саналы шешім қабылдау үдерістерімен сабақтас екенін көрсетеді. Сыни ойлау дағдыларының дамуы эмоциялық ақпаратты терең түсінуге және оны оқу

әрекетінде мақсатты түрде қолдануға мүмкіндік беріп, эмоциялық интеллектінің тиімді қалыптасуына ықпал етеді (Сурет 4).



Сурет 4 - Сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара ықпалдастығы

Сызбада оқушылардың сыни ойлауын дамыту арқылы эмоциялық интеллектіні қалыптастырудың психологиялық әсері жүйелі түрде көрсетілген. Сыни ойлау үдерісінде оқушылар өз эмоциялық күйлерін саналы түрде тануға және олардың ақпаратты талдау мен шешім қабылдауға ықпалын түсінуге үйренеді, бұл сыни пайымдаудың объективтілігін арттырады. Эмоцияларды басқару қабілетінің дамуы импульсивті әрекеттерді шектеуге, зейінді сақтауға және стресстік оқу жағдайларында логикалық талдауды жалғастыруға мүмкіндік береді [108, 367 б.].

И.В. Плужниковтың зерттеулерінде, «белгілі бір әрекеттерде өз функцияларын жүзеге асыратын эмоциялық күйлерді қабылдау, түсіну және реттеу үшін иерархиялық түрде ұйымдастырылған қабілеттерден тұратын

мамандандырылған мета-қабілет» ретінде эмоциялық интеллект қарастырылады. Бұл әрекеттің негізгі мақсаты кәсіби, коммуникациялық және эмоциялық тәжірибе сияқты басқа, жалпы әрекеттердің мақсаттары мен міндеттерін сәтті басқару үшін өзінің де, басқалардың да эмоцияларын нақты және тиімді түрде көрсету деп санауға болады [109, 14 б.].

Kornilova және Savelieva сыни ойлауды эмоциялық интеллекттің дамуына ықпал ететін когнитивтік ресурс ретінде қарастырады. Зерттеушілер сыни ойлау оқушының эмоциялық ақпаратты талдауына, өз эмоциялық реакцияларын саналы бағалауына және эмоциялық жағдайларды неғұрлым сараланған түрде түсінуіне ықпал ететінін атап көрсетеді. Сондықтан, сыни ойлау эмоциялық интеллекттің когнитивтік негіздерінің бірі ретінде сипатталады [110, 25 б.].

Т.В. Семеновских пен В.В. Дуплянкиннің зерттеулеріне сәйкес, эмоциялық интеллект білім беру іс-әрекетіндегі өзін-өзі реттеу стильдерімен өзара байланысты. Оқушылардың өз эмоцияларын басқару қабілетінің даму деңгейі жоғары болған сайын, ол нақты білім беру мақсатына жету үшін маңызды сыртқы және ішкі жағдайлар туралы жеткілікті қалыптасқан түсініктермен («модельдеу» стилі) байланысады. Сонымен қатар, эмоциялық интеллектінің басқа адамдардың эмоцияларын тану қабілеті өз іс-әрекетін барабар бағалау және қажет болған жағдайда реттеу мүмкіндігімен («нәтижелерді бағалау» стилі), сондай-ақ өзгермелі жағдайларға жедел бейімделу қабілетімен («икемділік» стилі) сипатталады [111, 228б.].

Басқа бір зерттеуде эмоциялық интеллектінің жалпы деңгейі жоғары оқу орнындағы студенттердің академиялық көрсеткіштерімен тікелей байланысты екендігі көрсетілді [112, 67 б.]. Осы тұрғыда, эмоциялық интеллект білім беру үдерісіне бейімделу факторы ретінде қарастырылуы мүмкін [113] және стресспен күресудің тиімді тәсілдерімен байланысты [114, 164 б.].

Мектептерде эмоциялық құзыреттілікті дамытуға бағытталған оқытуды қамтамасыз етуі керек деген пікір бар. Бұл «эмоциялық білім беруге» тікелей оқыту, нақты психологиялық ахуал жасау және оқушыларды, мұғалімдерді және ата-аналарды бірлескен іс-шараларға тарту арқылы қол жеткізуге болады. Қазіргі кезде білім беру үдерісінде жеткіншектердің сыни ойлау арқылы эмоциялық интеллектісін дамыту мәселесі психологиялық-педагогикалық бағыттағы зерттеушілердің назарын аударуда.

И.Н. Андреева эмоциялық интеллектіні нақты жағдайларда басқа адамдармен тікелей іс-әрекеттесу кезінде көрініс табатын әлеуметтік-практикалық интеллектінің бір бөлігі ретінде қарастырады. Эмоциялық интеллект — эмоциялық ақпаратты талдау, өңдеу және пайдалану қабілеттерінің жүйелі көрінісі. Ғалым эмоциялық интеллектінің келесі иерархиялық құрылымын негіздеген: индивидтің эмоциялық интеллектісі, іс-әрекет субъектісінің эмоциялық интеллектісі, тұлғаның эмоциялық интеллектісі. Автордың пікірінше, индивидтің эмоциялық интеллектісі адамның эмоциялық ақпаратты өңдеуді қамтамасыз ететін когнитивті процестерінің табиғи мүмкіндіктерін білдіреді. Оқушыларда қалыптастыруды қажет ететін эмоциялық интеллектінің негізгі екі компонентін бөліп көрсетуді ұсынады:

1) зияткелік қабілетті білдіретін аспаптық эмоциялық интеллект;

2) жеке-тұлғалық (рефлексивтік) эмоциялық интеллект — ол тұлғалық қасиет ретінде көрініс табады және тұлғаішілік (өз эмоцияларына бағытталған) немесе тұлғааралық (өзгелердің эмоцияларына бағытталған) болуы мүмкін [115, 356 б.].

Адамдар арасындағы қарым-қатынас жеткіншектер үшін маңызды сала болып табылады, ал эмоциялық интеллектінің дамуы жеткіншектің бұл салаларда қаншалықты табысты болатынын анықтайды. Эмоциялық интеллект өз эмоцияларын басқаруға көмектеседі, өзін-өзі реттеу мен еріктіліктің жоғары деңгейіне қол жеткізеді, бұл академиялық табысты айтарлықтай жақсартады [116, 104 б.].

J. Warwick пен T.Nettelbeck өз зерттеулерінде эмоциялық интеллект ұғымының мазмұнын нақтылауға талпынып, оның тұлғалық қасиеттермен және когнитивтік қабілеттермен өзара байланысын талдайды. Авторлар эмоциялық интеллектіні біржақты түсіндіру жеткіліксіз екенін атап көрсетіп, оны эмоцияларды тану, түсіну және басқару дағдыларының жиынтығы ретінде қарастыру қажеттігін негіздейді. Зерттеу нәтижелері эмоциялық интеллектінің жеке тұлғаның мінез-құлық ерекшеліктерімен, әлеуметтік бейімделуімен және тұлғааралық қарым-қатынас тиімділігімен тығыз байланысты екендігін көрсетеді [117, 1091 б.].

Қазіргі психологиялық зерттеулерде эмоциялық реттеу саналы және автоматты деңгейлерде жүзеге асатын көпқырлы үдеріс ретінде қарастырылады. R. Zou және J. Yuan эмоциялық реттеудің explicit (саналы) және implicit (санадан тыс) түрлерін ажыратып, біріншісін эмоциялық күйді мақсатты әрі саналы түрде өзгерту үдерісі ретінде, ал екіншісін арнайы саналы мақсатты талап етпейтін автоматты реттеу механизмі ретінде сипаттайды. Авторлар аталған екі механизмнің жеткіншектердің эмоциялық тұрақтылығы, психологиялық бейімделуі және әлеуметтік-эмоциялық дамуы үшін маңызды екенін көрсетеді [118, 63 б.]

Соңғы жылдары оқушылардың академиялық үлгеріміндегі, сондай-ақ олардың мектептегі эмоциялық бейімделуіндегі эмоциялық интеллектінің рөліне деген қызығушылық артты. Дегенмен, мектептерде эмоциялық интеллектіні дамыту білім беруге деген дәстүрлі көзқарастарға сын тастайтын қайшылықты мәселеге айналды. Сонымен қатар, бұл саладағы зерттеу нәтижелері ең жақсы жағдайда бір-біріне қарама-қайшы болып отыр. Біз осы маңызды пікірталасқа қатысты келесі негізгі мәселелерді талқылаймыз: Эмоциялық «интеллект» дегенде біз нені түсінеміз? Эмоциялық интеллектіні жақсарту оқушылардың эмоциялық денсаулығы мен әл-ауқатына, академиялық үлгеріміне және басқа да бейімделу нәтижелеріне қалай әсер етеді? Эмоциялық интеллектіні үйрету мүмкін бе? Бұл саясатты, тәжірибені және алдағы зерттеулерді әзірлеу кезінде қарастырылуы тиіс негізгі сұрақтар болып саналады [119, 236 б.].

Қазіргі әдебиеттерде эмоциялық интеллектінің кәсіби, оқу және тұлғааралық салалардағы табыстылықты дәстүрлі IQ көрсеткішімен салыстырғанда қаншалықты деңгейде немесе одан да жоғары дәрежеде болжай

алатындығы туралы пікірталастардың бар екені айтылады. Бірқатар зерттеулерде академиялық контекстегі эмоциялық интеллектінің болжамдық қабілетін бағалау әрекеттері жасалды, мұндай жұмыстар аясында эмоциялық интеллектінің болжамдық валидтілігі дәстүрлі когнитивті қабілеттер мен «Үлкен бестік» моделі арқылы берілген тұлғалық сипаттамалардың валидтілігімен салыстырылды. Бұл эмоциялық интеллект көрсеткіштерінің дәстүрлі когнитивті және тұлғалық айнымалылармен айтарлықтай сәйкес келуіне байланысты болуы мүмкін, бұл олардың академиялық жетістіктерді болжаудағы бірегей үлесін шектейді [120, 840 б.].

K. Peters, J. Kanzler, E. Rossen зерттеушілері [121, 305 б.] эмоциоялық интеллект пен академиялық жетістіктер арасындағы байланысты зерттеді. Олар эмоциялы интеллект стресстік жағдайларда (мысалы, емтихан кезінде) эмоцияларды басқару қажеттілігі туындаған кезде оқу көрсеткіштерімен әлдеқайда тығыз байланысты деген қорытындыға келді. Олар сондай-ақ эмоциялық интеллект қабілеттері жоғары оқушылар мектепте мінез-құлыққа бейімделуде табысты болғанын атап өтті. Сондай-ақ, эмоциялы интеллект деңгейі эмоциялық күйзелістер мен тәртіптік жазалармен теріс корреляцияланған. Зерттеуші P.Qualter әріптестерімен ұқсас нәтиже алған [122].

Эмоциялы интеллектінің тағы бір мағыналы сипаттамасын А.П. Лобанов ұсынды. Ол оны әлеуметтік интеллектпен, сондай-ақ тұлғалық қасиеттермен байланыстырды. Яғни, «эмоциялы интеллект – қабілеттер мен тұлғалық қасиеттерді біріктіретін құрылым» [123, 69 б.].

Зерттеулерге жасалған жиынтық талдау ЕІ-дің мінез-құлықты және әлеуметтік өзара іс-қимылдарды реттеуде маңызды рөл атқаратынын қорытындылауға мүмкіндік береді, алайда оның болжамдық күші контекстке және басқа психологиялық айнымалылармен үйлесуіне байланысты өзгеріп отыруы мүмкін [124, 1387 б.]

Йель университетінде екі жыл бойы жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде, АҚШ мектептерінде эмоциялық интеллектіні диагностикалау және дамыту бойынша кешенді бағдарламалар енгізілді, эмоциялы атмосфераның, эмоциялық қолдаудың, ұйымдастырушылық жұмыстың және оқушылардың үлгерімінің, сондай-ақ балалардың қоғамға бейімделуінің жақсарғаны анықталды [125, 665 б.]. Сонымен қатар, бірнеше зерттеулер эмоциялық интеллектіні диагностикалау және дамыту бағдарламаларының жалпы мектеп ахуалына, балалардың қанағаттануы мен әл-ауқатының көрсеткіштеріне және агрессивтіліктің төмендеуіне оң әсерін көрсеткенін зерттеген[126; 127; 128].

Жалпы алғанда, зерттеулер жиынтығы эмоциялық интеллектінің дәстүрлі когнитивті модельдерді толықтыратын дербес және маңызды психологиялық конструкт екенін баса көрсетеді. Сонымен бірге, интеллектпен анықталған қиылысу нүктелері адам мінез-құлқы мен психологиялық бейімделу құрылымындағы эмоциялық және когнитивті процестердің өзара байланысын одан әрі зерттеу қажеттілігін көрсетеді [129, 539 б.].

Заманауи аналитикалық зерттеулер теориялық модельдерді одан әрі тереңдету және зерттеу бағыттарын кеңейту қажеттілігін баса көрсетеді, соның

ішінде эмоциялық интеллектінің даму механизмдерін, оның когнитивті және тұлғалық сипаттамалармен өзара байланысын зерттеуді, сондай-ақ оны бағалау критерийлерін нақтылауды қамтиды [130, 507 б.].

Эмоциялық интеллектінің заманауи зерттеулері оның теориялық негіздемесі мен практикалық маңызына деген тұрақты қызығушылықты көрсетіп отыр. Бұл ұғымның түсіндірмелері әртүрлі болғанына қарамастан, ғылыми ортада J. D. Mayer және бірнеше авторлар ұсынған төрт тармақты модельге ерекше көңіл бөлінеді. Осы тұжырымдама аясында эмоциялық интеллект эмоцияларды қабылдауға, пайдалануға, түсінуге және басқаруға байланысты қабілеттердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Мұндай құрылымдық модель эмоциялық-когнитивтік саладағы жеке айырмашылықтарды талдау үшін нақты негіз қалайды.

Жиынтық талдаулар эмоциялық интеллектінің бірте-бірте эмоциялық ақпаратты өңдеу механизмдерін және оның мінез-құлық пен тұлғааралық қарым-қатынастарға әсерін жақсырақ түсінуге мүмкіндік беретін дербес зерттеу саласы ретінде қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, тұжырымдамалар мен бағалау әдістерін одан әрі жетілдіру қажеттілігі болашақ зерттеулердің негізгі міндеттерінің бірі болып қала береді [131, 281 б.].

Шетелдік психологияда Д. В. Люсин әзірлеген және ұсынған эмоциялық интеллект тұжырымдамасы ең танымал болып саналады. Бастапқыда автор эмоциялық интеллектіні өзінің және басқалардың эмоцияларын түсіну және басқару қабілеті ретінде сипаттады. Кейіннен автор эмоцияларды түсіну қабілеті оқушының эмоцияны тани алатынын, яғни өзінде немесе басқа оқушыда эмоциялық күйдің бар екендігін анықтай алатынын білдіреді; эмоцияны сәйкестендіре алатынын, яғни өзі немесе басқа адам нақты қандай эмоцияны бастан кешіріп жатқанын анықтап, оған сөзбен сипаттама бере алатынын білдіреді; осы эмоцияны тудырған себептерді және оның қандай салдарға әкелетінін түсінеді. Д.В. Люсин эмоцияларды түсіну қабілеті де, эмоцияларды басқару қабілеті де өзінің жеке эмоцияларына да, басқа оқушылардың эмоцияларына да бағытталуы мүмкін екенін көрсетеді. Автор екі жаңа ұғымды енгізеді: тұлғаішілік және тұлғааралық эмоциялық интеллект; бұл ішінара D. Goleman ұсынған жеке дағдылар (өзін қалай басқару керектігін анықтайтын қабілеттер) және әлеуметтік дағдылар (адамдармен қарым-қатынасты қалай басқару керектігін анықтайтын қабілеттер) туралы теориясымен қиылысады [132, 301 б.]. Бұл ретте, егер D. Goleman өз теориясын когнитивті, тұлғалық және мотивациялық қасиеттерді қамтитын аралас модель ретінде құрса, Д.В. Люсин эмоцияларды түсіну және басқару қабілеті тұлғаның эмоциялық салаға жалпы бағытталуымен, яғни оқушылардың ішкі әлеміне (соның ішінде өзінікіне де) деген қызығушылығымен, мінез-құлықты психологиялық талдауға бейімділігімен және эмоциялық тебіреністерге берілетін құндылықтармен өте тығыз байланысты екенін атап өтеді.

Sánchez-Álvarez, Berrios Martos және Extremera метаталдау негізінде эмоциялық интеллект пен мектеп оқушыларының академиялық жетістіктері арасында оң байланыс бар екенін анықтаған. Эмоцияларды түсіну және реттеу

оқушының когнитивтік ресурстарын тиімді пайдалануына ықпал етеді [133, 1517 б.].

Қазіргі психологиялық зерттеулерде де эмоциялық және когнитивтік процестердің өзара тәуелділігі тұтас жүйелік қағида негізінде түсіндіріледі. L. Pessoa (2023) қабылдау, ойлау және эмоцияны бір-бірінен дербес қызмет ететін психикалық жүйелер ретінде емес, өзара кіріккен және бірін-бірі үздіксіз реттеп отыратын функционалдық процестер ретінде қарастырады. Зерттеуші эмоциялық сигналдар ақпаратты іріктеуге, оған мән беруге, шешім қабылдауға және мінез-құлық стратегиясын таңдауға тікелей қатысады, ал күрделі когнитивтік әрекет эмоциялық компоненттерден тыс жүзеге аспайды. Тұжырымда сыни ойлауды да тек логикалық операциялардың жиынтығы ретінде емес, эмоциялық бағалау, зейін, мотивация және шешім қабылдау процестерімен бірлікте жүзеге асатын интегративті психологиялық үдеріс ретінде қарастыруға мүмкіндік берілген [134, 670 б.]. Бұл көзқарас Выготскийдің «аффект пен интеллектінің тұтастығы» қағидасымен және Леонтьевтің психикалық процестерді іс-әрекеттің біртұтас құрылымындағы өзара байланысты компоненттер ретінде қарастырған тұжырымымен мазмұндық тұрғыдан үндесіп, эмоциялық интеллект пен сыни ойлаудың тығыз байланысты екенін көрсетеді. G. Dreisbach аффективтік күйді адамның саналы тәжірибесінің ажырамас бөлігі ретінде сипаттап, эмоциялық жағдайдың ақпаратты қабылдау, өңдеу, есте сақтау және бағалау ерекшеліктеріне ықпал ететінін көрсетеді [135, 489 б.].

Қазақстандық ғалымдар эмоциялық және интеллектік дағдыларды қалыптастыру тәсілдерін дамытып, когнитивті және эмоциялық процестердің интеграциясын, сондай-ақ білім беру ортасында өзін-өзі реттеу мен сыни ойлаудың дамуын зерттеуде.

С.М. Жақыповтың тұжырымдамалық бағыты когнитивтік және эмоциялық процестердің өзара тәуелділігін психиканың тұтас реттеуші жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Эмоциялар танымдық іс-әрекеттің сыртқы қосымшасы емес, ойлау процесінің басталуын, бағытын, нәтижелілігін және қайта құрылуын реттейтін ішкі психологиялық механизм ретінде көрінеді. Интеллектуалдық эмоциялар ойлау әрекетінің тиімділігі мен сәйкестігін бағалап, когнитивтік түзетуді қамтамасыз ететін кері байланыс қызметін атқарады. Бұл тұрғыдан алғанда, интеллектуалдық белсенділік пен эмоциялық реттеу өзара кіріктірілген психикалық жүйе құрып, тұлғаның танымдық белсенділігі мен шешім қабылдау сапасының психологиялық негізін қалыптастырады [136, 388 б.]. Мұндай интерпретация практикалық қолданыс үшін жаңа мүмкіндіктер ашады: педагогикалық процесс білім алушының өзін-өзі бақылау, өзін-өзі ұйымдастыру және рефлексия құралы ретінде интеллектуалдық эмоцияларын дамытуға бағытталуы мүмкін. Бұл идеаторлық белсенділікті оңтайландырып қана қоймай, заманауи білім беру контексінде шешуші маңызға ие эмоциялық-когнитивті өзін-өзі реттеудің тұрақты стратегияларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

F. S. Tashimova мен басқа да авторлардың еңбектерінде эмоциялық интеллект пен оқушылардың қарым-қатынасындағы толеранттылықтың өзара

байланысы зерттеледі. Авторлар эмоциялық интеллектінің интегративті көрсеткіші мен тұлғалық қатынастардағы толеранттылықтың жалпы көрсеткіші арасындағы кері корреляцияны эксперименттік түрде анықтайды. Ғалым арнайы іс-шаралар арқылы оқушылардың тұлғалық қасиеттері мен қарым-қатынастағы толеранттылығын дамыту мүмкіндігін дәлелдейді. Мәселен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттерінің өз эмоцияларын басқаруға, басқа адамдардың эмоцияларын түсінуге, эмпатияны дамытуға, ерік-жігер қасиеттерін қалыптастыруға, өзін және өзге адамды адекватты түрде қабылдап, бағалауға мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, олар әртүрлі адамдармен араласу барысында өзгелердің көңіліне тимей, өз сезімдерін жеткізуге, тұлғалық ерекшеліктерге көбірек көңіл бөлуге және басқаларды өз сезімдеріне құрметпен қарауға, оларды қабылдауға итермелеуге машықтанады[137, 37 б.]


Эмоцияларды реттеу және эмоциялық тұрғыда араласу оқу процесіндегі жетістіктердің тиімді стратегиясы болып табылады. A.Tolegenova зерттеулерінде жасөспірімдердегі эмоциялық интеллектінің психофизиологиялық негізі ЭЭГ (электроэнцефалограмма) арқылы және оның оқу процесіндегі жетістіктерімен өзара байланысы қаралды. Оқу процесі кезіндегі эмоциялық реттеудің тиімді стратегиясы эмоцияларды ақпараттың негізгі көзі ретінде пайдалана отырып, жеткіншектерді оқудағы жақсы жетістіктерге жетелей алады. [138, 801 б.].

Н.Қ. Тоқсанбаева зерттеулерінде эмоциялық интеллект тұлғалық қарым-қатынас, эмоциялық өзін-өзі реттеу, сыни ойлау және әлеуметтік өзара әрекеттесумен тығыз байланыста қарастырылады. Ғалым эмоциялық интеллектінің дамуы білім алушылардың эмоцияларын түсіну және басқару, тиімді қарым-қатынас орнату, сыни ойлау және дербес шешім қабылдау қабілеттерін жетілдіруге ықпал ететінін атап көрсетеді [139, 277 б.].

З.Б. Мадалиева эмоциялық интеллектіні педагогтың өз эмоциялық күйін саналы басқару қабілетімен байланыстырып, оның кәсіби қарым-қатынас тиімділігін арттырудағы және қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырудағы маңызын негіздейді [140, 68 б.].

С.К. Кудайбергенова эмоциялық интеллект құрылымындағы өз эмоцияларын тану мен түсінудің когнитивтік сипатын айқындайды. Ғалымның пікірінше, эмоциялық тәжірибені саналы өңдеу эмоцияларды реттеуге, тұлғааралық коммуникацияны және әлеуметтік өзара әрекеттесуді жетілдіругемүмкіндік береді [141, 264-б.]. Эмоциялық интеллектінің психологиялық табиғаты мен құрылымына қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдамаларын талдау оқушылардың сыни ойлауын дамыту арқылы олардың эмоциялық интеллектісіне психологиялық ықпал ету ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған авторлық модельді құрастыруға теориялық-әдіснамалық негіз болды. Эмоциялық интеллектінің психологиялық мәнін, құрылымын және даму заңдылықтарын сипаттайтын ғылыми-теориялық тұжырымдамаларды жүйелеу мен салыстырмалы талдау негізінде оқушылардың эмоциялық интеллектісінің құрылымдық-психологиялық моделі жасалды. Әзірленген модельде эмоциялық интеллектінің негізгі компоненттері ретінде

эмоцияларды тану, түсіну, реттеу, тиімді қолдану және әлеуметтік дағдылар айқындалып, олардың өзара байланысы, дамуын қамтамасыз ететін психологиялық факторлар, күтілетін нәтижелер мен дамыту бағыттары жүйеленді. Аталған модель оқушылардың эмоциялық интеллектісінің құрылымдық және функционалдық ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан негіздеуге, сондай-ақ сыни ойлауды дамыту арқылы эмоциялық интеллект компоненттеріне психологиялық ықпал ету мүмкіндіктерін эмпирикалық зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін анықтауға мүмкіндік береді.



Сурет 5 – Эмоциялық интеллект моделі

Бұл модель эмоциялық интеллектінің тұлғаның когнитивтік, эмоциялық және мінез-құлықтық дамуындағы кешенді психологиялық құрылым ретіндегі маңызын жүйелі түрде сипаттайды. Сызбада эмоциялық интеллект оқушының өз эмоцияларын және өзгелердің эмоцияларын тану, түсіну, реттеу және оларды іс-әрекет барысында тиімді қолдану қабілеті ретінде қарастырылған. Модельдің

мазмұны оқушы тұлғасының психологиялық дамуының негізгі факторларын өзара байланыста көрсетуге бағытталған.

Модель құрылымында эмоциялық интеллектінің бес негізгі компоненті айқындалған: эмоцияны тану, эмоцияны түсіну, эмоцияны реттеу, эмоцияны тиімді қолдану және әлеуметтік дағдылар. Аталған компоненттер оқушылардың эмоциялық тәжірибесін саналы қабылдауына, мінез-құлықтық реакцияларын басқаруына және қарым-қатынасты конструктивті ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, эмоциялық интеллектіні дамыту үдерісінде өзін-өзі тану, рефлексия, эмпатия, стресс жағдайларына бейімделу секілді қолдаушы факторлардың маңызы ерекше екендігі көрсетілген.

Сызбада эмоциялық интеллектіні дамытудың нәтижелері ретінде оқушының тұлғалық дамудың жоғары деңгейі, тиімді қарым-қатынас, оқу іс-әрекетіндегі жетістік, психологиялық тұрақтылық көрсетілген. Бұл нәтижелер эмоциялық интеллектінің оқушының психикалық саулығы мен оқу ортадағы табысты әрекетіне тікелей ықпал ететінін дәлелдейді.

Модельді іске асыру жолдары эмоцияларды тану мен атаудан бастап, өзін-өзі бақылау, эмоцияларды реттеу стратегияларын меңгеру және әлеуметтік дағдыларды тәжірибе арқылы жетілдіру кезеңдерін қамтиды. Осы тұрғыда модель оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық жұмыстың теориялық негізін құрайды.

1.3 Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамуында сыни ойлаудың психологиялық әсері

Оқушылардың эмоциялық интеллектісінің дамуында сыни ойлаудың психологиялық әсерін зерттеу олардың эмоцияларды саналы түрде қабылдау, түсіну, реттеу және әлеуметтік өзара әрекеттесу барысында тиімді басқару қабілеттерінің қалыптасуындағы когнитивтік және эмоциялық үдерістердің өзара байланысын ғылыми тұрғыдан анықтауға мүмкіндік береді. Алдыңғы бөлімдерде біз қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің құрылымдық және мазмұндық сипаттамаларын зерттеуде әртүрлі көзқарастарды қарастырдық. Осы зерттеу аясында орта мектептің оқу процесінде сыни ойлаудың оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы психологиялық әсерін қарастырамыз.

Жеткіншектік кезең біздің тарапымыздан кездейсоқ таңдалған жоқ. Жеткіншектік кезең — тұлғаның қалыптасуындағы ең күрделі әрі шешуші кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл кезең психологияда «өтпелі», «дағдарыстық», «сындарлы» кезең ретінде сипатталады, себебі дәл осы уақытта тұлғаның когнитивтік, эмоциялық және әлеуметтік құрылымдары түбегейлі өзгерістерге ұшырайды.

Зерттеушілердің пікірінше, жеткіншектік кезеңде эмоциялық даму ерекше қарқынмен жүреді және бұл жас эмоциялық тұрғыдан аса сезімтал кезең болып табылады. Эмоциялық сфераның негізгі ерекшеліктеріне жоғары қозғыштық, сезімталдық, мазасыздық, эмоциялардың тұрақсыздығы және қарама-

қайшылығы жатады. Аталған ерекшеліктер жеткіншектің мінез-құлқында күрделі өзгерістердің пайда болуына әкеледі.

Л.С. Выготский жеткіншектік кезеңдегі қызығушылықтардың дамуында екі өзара сабақтас фазаны ажыратады. Негативті фазада бұрын қалыптасқан қызығушылықтар жүйесінің бәсеңдеуі мен жойылуы байқалса, позитивті фазада жаңа, неғұрлым тұрақты және әлеуметтік мәнді қызығушылықтар қалыптасады [142, 30 б.].

Жеткіншектің маңызды психологиялық жаңалықтарының бірі — «ересектік сезімі» болып табылады. Бұл ұғым жеткіншектің өзін ересек адам ретінде қабылдауға ұмтылуымен, дербестікке талпынысымен және әлеуметтік рөлдерді меңгеруімен сипатталады . Сонымен қатар, бұл кезеңде өзін-өзі тану, өзіндік бағалау, өмірлік құндылықтар мен мақсаттардың қалыптасуы жүзеге асады.

Жан Пиаже теориясына сәйкес, жеткіншектік кезеңде когнитивтік даму формалды операциялар сатысына өтеді, бұл абстрактілі ойлау, гипотетикалық пайымдау және логикалық талдау қабілеттерінің дамуына мүмкіндік береді [143, 624 б.]. Ал Д. Элкинд жеткіншектерге тән эгоцентризмді сипаттап, олардың өзін ерекше, қайталанбас тұлға ретінде қабылдайтынын атап көрсетеді [144, 224 б.].

Эмоциялық даму мәселесін қарастырған ғалымдардың қатарында К. Изард, С.Л. Рубинштейн, В.К. Вилюнас, Б.И. Додонов, А.М. Леонтьев және басқа да зерттеушілер бар. K. R. Scherer эмоцияларды тұлғаның мінез-құлқын бағыттайтын негізгі механизм ретінде қарастырады[145, 464 б.], ал В. К. Вилюнас эмоциялар мен іс-әрекет арасындағы тығыз байланысты көрсетеді [146, 705 б.].

Е.П. Ильин эмоциялық сфераны көпқырлы құрылым ретінде сипаттай отырып, оған эмоциялармен қатар эмоциялық күй, тұрақты сезімдер және тұлғалық қасиеттер кіретінін атап өтеді [147, 784 б.].

Жеткіншектік кезеңнің психологиялық ерекшеліктерін зерттеуде маңызды үлес қосқан ғалымдардың бірі - А.Е. Личко. Ол жеткіншектердің мінез-құлқындағы ерекшеліктерді акцентуациялар арқылы түсіндіреді. Ғалымның пікірінше, бұл кезеңде эмоциялық тұрақсыздық, көңіл-күйдің күрт ауытқуы және мінез-құлықтағы қарама-қайшылықтар айқын көрінеді. Жеткіншектерде «көңіл-күйдің тез өзгеруі», «сезімдердің полярлығы» сияқты белгілер жиі байқалады [148, 301 б.]. Сонымен қатар, П.М. Якобсон жеткіншектердің эмоциялық дамуын тұлғаның мотивациялық және сезімдік саласымен байланыстырады. Оның пікірінше, жеткіншектер жоғары эмпатияға, яғни басқа адамдарға жанашырлық танытуға қабілетті келеді және кей жағдайда өз қажеттіліктерін басқалардың мүддесі үшін шектей алады. Бұл олардың әлеуметтік жетілуінің маңызды көрсеткіші болып табылады [149, 304 б.].

Жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерін қазақстандық зерттеушілер де әлеуметтік орта, отбасы тәрбиесі, өзіндік сана және эмоциялық тұрақтылық тұрғысынан қарастырған. Мысалы, А.М. Айтуарова, О.Г. Беленко, Р.Х. Кошкимбаева және М.К. Жолдасова жеткіншектік кезеңді эмоциялық тұрақсыздық, дағдарыстық өзгерістер және тұлғалық қалыптасу кезеңі ретінде

сипаттайды. Авторлар бұл жастағы балаларда мінез-құлықтың өзгеруі, өзіндік пікірдің күшеюі және әлеуметтік қатынастарға тәуелді эмоциялық реакциялар жиі байқалатынын көрсетеді [150, 14 б,].

А.В. Игнатович пен А.С. Мамбеталина қазіргі бала тәрбиесінде отбасы, әлеуметтік орта және цифрлық кеңістіктің ықпалы күшейгенін атап өтеді. Авторлардың пікірінше, қазіргі жеткіншектің психологиялық дамуын түсіну үшін ата-ананың тәрбиелік ұстанымы, отбасындағы эмоциялық климат және жаңа технологиялардың әсері міндетті түрде ескерілуі қажет [151, 8 б.].

А.Х. Казетова, И.У. Хасанова, Д.Г. Хабиева және Г.Ж. Токашова жеткіншектердің интернет-ойындарға тәуелділігі мәселесін зерттей отырып, бұл кезеңде эмоциялық тұрақсыздық, өзін-өзі реттеу дағдысының әлсіздігі және әлеуметтік қарым-қатынастағы қиындықтар мінез-құлықтық тәуекелдерді күшейтуі мүмкін екенін көрсетеді [152, 150 б.].

Жалпы алғанда, жеткіншектік кезеңде келесі психологиялық ерекшеліктер қалыптасады:

эмоциялардың тұрақсыздығы және қарқындылығы;

өзіндік сана мен өзін-өзі бағалаудың дамуы;

әлеуметтік қарым-қатынастардың кеңеюі;

құндылықтар мен өмірлік бағыттардың қалыптасуы;

эмоция мен ойлаудың өзара байланысының күшеюі.

Жоғарыда қарастырылған теориялық тұжырымдар жеткіншектік кезеңде эмоциялық және когнитивтік процестердің өзара тығыз байланыста дамитынын көрсетеді. Бұл кезеңде тұлғаның өзін-өзі тануы, әлеуметтік бейімделуі және мінез-құлқы көбінесе оның эмоцияларды түсіну және басқару қабілетіне тәуелді болады. Осыған байланысты, қазіргі білім беру мен психологиялық қолдау жүйесінде жеткіншектердің сыни ойлауын және эмоциялық интеллектісін дамыту ерекше маңызға ие. Себебі сыни ойлау тұлғаның ақпаратты талдау, бағалау және шешім қабылдау қабілетін дамытса, эмоциялық интеллект оның өз эмоциясын және өзгенің эмоциясын түсінуіне, тиімді қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді. Сондықтан жеткіншектердің үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін олардың сыни ойлау дағдылары мен эмоциялық интеллектісін мақсатты түрде қалыптастыру — заманауи психологияның маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Эмоциялық интеллект бойынша жүргізілген зерттеулердің басым бөлігі, шетелдік және қазақстандық зерттеулерде, көбіне ересек, қалыптасқан тұлғаларға немесе жастық шақтағы студенттерге бағытталған. Ал жеткіншектік кезеңдегі эмоциялық интеллект ерекшеліктеріне арналған зерттеулер айтарлықтай аз. Дегенмен дәл осы жеткіншектік кезеңде оқушының интеллектуалдық, эмоциялық және мотивациялық салаларында елеулі өзгерістер байқалады, бұл көбіне тиісті психологиялық қолдауды, кей жағдайда түзету мен дамытуды қажет етеді. Мектеп психологтарының жеткіншектермен психологиялық жұмыс жүргізу мүмкіндігі арттып, алайда көп жағдайда бұл жұмыс жүйесіз ұйымдастырылатындықтан, оның тиімділігі төмен болып келеді.

Сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысын зерттеу оқушылардың оқу үдерісіндегі құбылыстарды саналы талдауына, эмоциялық реакцияларын реттеуіне және түрлі жағдайларда икемді әрекет етуіне мүмкіндік береді. Осы екі үдерістің үйлесімді дамуы тұлғаның әлеуметтік өзара әрекеттегі тиімділігін арттырып, оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамыту ерекшеліктерін зерттеуге негіз болады.

Қазақстандағы орта білім берудің мақсаты – бәсекеге қабілетті, білімді, ақпараттық құзыреттілігі жоғары, шығармашыл және сыни ойлай алатын тұлға қалыптастыру. Осыған орай мектептің білім беру ортасы оқушылардың танымдық және эмоциялық дамуын қамтамасыз етіп, сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Зерттеу мәселесі осы екі құбылыстың өзара байланысының психологиялық ерекшеліктерін, әсіресе олардың реттеуші және бейімдеуші қызметтерін анықтауға негізделеді. Оқушылардың тұлғалық және танымдық дайындығы олардың мақсаттылығымен, өзіндік көзқарасымен және эмоциялық тәжірибені саналы түсініп, оны негізделген шешім қабылдаумен ұштастыра алуымен сипатталады. Қазіргі зерттеулерде эмоциялық интеллектіні білім беру үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыру үрдісі күшейіп отыр. Осы бағытта O. Babiak, S. Sytnik, O. Zharovska және әріптестері жүргізген зерттеуде мектеп оқушыларының эмоциялық интеллектісін қалыптастыру мен диагностикалаудың ерекшеліктері жан-жақты талданған. Зерттеушілер эмоциялық интеллектіні тек психометриялық әдістер арқылы ғана емес, педагогтың жүйелі бақылауы негізінде де тиімді анықтауға болатынын негіздейді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мұғалімнің күнделікті бақылауы оқушылардың эмоциялық жағдайларын, мінез-құлықтық реакцияларын және әлеуметтік өзара әрекетін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Бұл компоненттердің даму деңгейі оқушының оқу жетістігіне, әлеуметтік бейімделуіне және тұлғалық қалыптасуына тікелей әсер ететіні айқындалған [153, 16 б.].

E. S. Ermakova зерттеуінде мектеп оқушылары мен студенттердің эмоциялық интеллекті, өміршеңдігі және мазасыздану деңгейлері салыстырмалы түрде талданған. Зерттеу нәтижелері мектеп оқушыларында тұлғаішілік эмоциялық интеллект көрсеткіштері жоғары екенін көрсетеді, бұл ерте жас кезеңінің психологиялық ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, эмоциялық интеллект, өміршеңдік және мазасыздану көрсеткіштері арасындағы корреляциялық байланыстар құрылымында айырмашылықтар анықталып, жас ерекшелігіне байланысты стресс жағдайларын еңсеру механизмдерінің өзгеретіні дәлелденген. Зерттеулер көрсеткендей, жеткіншектер өз эмоцияларын түсіну және басқару қабілеттеріне ие болғанымен, мазасыздану деңгейінің жоғары болуы эмоциялық интеллект компоненттерімен кері байланыста болғаны анықталған. Сондықтан біз өз зерттеулерімізде жеткіншектік жаста болатын өзгерістерді ескере отырып диагностикалық жұмыстарды ұйымдастырдық [154, 108б.].

Сыни ойлауды зерттеу маңызды бағыт болып табылады, алайда қазіргі уақытта бұл феноменнің құрылымына қатысты бірқатар сұрақтар әлі де өзекті болып отыр. Оның интеллектпен байланысы бірнеше рет дәлелденгенімен, тұлғалық қасиеттердің сыни ойлау көрсеткіштерімен байланысына қатысты зерттеу нәтижелері біркелкі емес. Сыни ойлауға қатысты зерттеулер негізінен шетелде жүргізіледі, ал Қазақстанда және жақын шетелде оқушыларда сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің байланысына қатысты психологиялық зерттеулер өте аз.

Сыни ойлаудың екі құрамдас бөліктен тұратынын зерттеуге бағытталған жұмыстар жеткілікті. Интеллектуалдық құрамдас бөліктің сыни ойлаумен байланысын қарастыратын зерттеулер сыни ойлаудың академиялық үлгеріммен байланысты екенін [155, 125б.; 156, 1182 б.] және оған оң әсер ететінін көрсетеді[157, 275б.] Сонымен қатар, интеллектінің сыни ойлау деңгейіне елеулі ықпал ететіні дәлелденген [158, 172 б.; 159, 55 б.]

Өз кезегінде, сыни ойлаудың тұлғаның сыни ойлауға бейімділігімен байланысты екендігін көрсететін деректер бар К. Таубенің зерттеуінде Калифорниялық сыни ойлау бейімділігі сауалнамасы (California Critical Thinking Disposition Inventory – CCTDI) қолданылған, ол ашықтық, себеп іздеуге бейімділік, әділдік сияқты шектеулі өлшейді. Бұл зерттеулер мектептегі жеткіншек жастағы оқушылармен жүргізілген зерттеулердің тиімділігін зерттеуге мүмкіндік беріп отыр [160, 1400 б.].

Д. П. Талов вербалды емес интеллектінің сыни ойлаудың жалпы деңгейімен күшті байланысын анықтаған. Осылайша, вербалды интеллектпен қатар, вербалды емес интеллект те сыни ойлаудың интеллектуалдық құрамдас бөлігіне кіретіні дәлелдеді. Сонымен қатар, эмоциялық тұрақтылықтың сыни ойлаудың кейбір көрсеткіштерімен байланысы анықтап, эмоциялық тұрғыдан тұрақты оқушылар шешім қабылдау барысында эмоциялардың ықпалын ескеруге арналған тапсырмаларды және қажетті ақпарат көздерін табуға бағытталған тапсырмаларды жақсырақ орындағанын тұжырымдаған [161, 158 б.].

Эмоциялық интеллектінің дамуына әсер ететін жағымсыз эмоциялық күйлер мен күйзеліс тудыратын оқу жағдаяттарын қарастырған еңбектердің қатарында М.С. Ибашова, Л.А. Баймолдина, А.С. Қосшығұлованың зерттеулерін атауға болады [162, 76 б.]. Авторлар оқушылардың эмоциялық күйзеліске түсу жағдайларын талдай отырып, олардың эмоцияларды тану, түсіну және реттеу қабілеттерінің әлсіреуіне әкелетін психологиялық факторларды сипаттайды. Бұл тұрғыда сыни ойлаудың жеткіліксіз дамуы оқушылардың мәселелік оқу жағдаяттарын ұтымды талдауына және эмоциялық реакцияларын саналы бағалауына кедергі келтіретін фактор ретінде байқалады.

Р.К. Кенжетаеваның зерттеуінде [163, 35 б.], сондай-ақ Г.Р. Ақманова, Б.Т. Ақжалов, А.Б. Кундакова, Г.Т. Дакинаның еңбектерінде [164, 94 б.] жасөспірім оқушылардың эмоциялық-ерік-жігер саласының даму ерекшеліктері талданып, сабақ үдерісінде туындайтын эмоциялық күйлердің мінез-құлық пен оқу белсенділігіне ықпалы көрсетілген. Аталған зерттеулерде, оқушылардың

эмоциялық реакциялары сыртқы талаптарға рефлексивті емес, көбіне импульсивті сипатта жауап беретіндігі айқындалады. Мұндай ерекшеліктер сыни ойлаудың қалыптаспауы жағдайында эмоциялық интеллектінің негізгі компонеттері – өзін-өзі эмоциялық реттеу, жағдаятты бағалау және эмоциялық жауаптың сындарлылығы – жеткіліксіз деңгейде дамитынын көрсетеді.

З.Б. Мадалиеваның ғылыми зерттеуінде, эмоциялық икемділік аясында эмоцияларды тану екіжақты психологиялық процесс ретінде негізделеді. Автордың пайымдауынша, эмоцияларды тану тұлғаның интеллект, эмпатия, интуиция сияқты когнитивтік жеке қасиеттеріне сүйеніп, эмоциялық тәжірибені саналы өңдеуді қамтамасыз етеді. Бұл процесс рефлексия мен бағалауға негізделген психикалық әрекет ретінде көрініс тауып, эмоциялық интеллектінің қалыптасуының басты механизмі болып табылады [165, 68 б.]. Сонымен қатар, зерттеуде эмоциялық икемдігі дамыған тұлғаның өз эмоцияларын адекватты әрі саналы түрде сыртқа шығара білуі басқа адамдардың эмоцияларды тану процесін жеңілдететіні көрсетілген. Ғалымның тұжырымдары эмоцияларды тану, түсіну және бағалау арасындағы өзара байланысты аша отырып, сыни ойлау эмоциялық интеллектінің дамуын қамтамасыз ететін психологиялық тетік ретінде маңызды орын алатынын дәлелдейді. Көп жағдайда эмоциялық күйлердің сипатталуы эмоциялық интеллектінің құрылымдық компонеттерімен (эмоцияны тану, түсіну, басқару) және оларды іске қосатын танымдық процестермен байланыстырлмай, жеке аспект ретінде қарастырылады.

Қазақстандық ғалым Б.Д. Байтұқбаеваның еңбегінде эмоциялық орнықтылық мәселесі білім алушылардың тұлғалық дамуының маңызды көрсеткіші ретінде қарастырылып, эмоциялық тұрақсыздық жағдайында тұлғаның оқу жағдаяттарын сын тұрғысынан бағалау мүмкіндігі төмендейтіні жанама түрде дәлелденеді [166, 150 б.]. Зерттеу нәтижелері эмоциялық тепе-теңдік пен рефлексивті ойлау арасындағы өзара байланысты интеллектін дамытуда реттеуші және түзетуші қызмет атқаратынын теориялық түрғыда негіздеуге мүмкіндік береді.

Ғылыми-психологиялық зерттеулер эмоцияны адамның іс-әрекетін психикалық түрғыдан реттейтін маңызды фактор ретінде қарастырады. Эмоциялар тұлғаның мінез-құлқы мен танымдық белсенділігіне ықпал ете отырып, психикалық қызметтің әртүрлі деңгейлерінде көрініс тауып, эмоция оқу үдерісіндегі сыртқы әсерлер мен ішкі психикалық жауаптардың арасын байланыстыратын реттеуші механизм қызметін атқарады.

А.М.Ким, З.М.Садвакасова және бірнеше авторлар ғылыми зерттеулерінде эмоциялық интеллектінің Bar-On қысқартылған тестінің жастарға арналған нұсқасын аудару және бейімдеуді жүзеге асырған. Әдістеменің психометриялық қасиеттері тексеріліп, шкалалардың ішкі сәйкестілігі Кронбах альфа коэффициенті арқылы, ал конвергентті жарамдылығы Д.В. Люсиннің «ЭмИн» тесті және TIPI-RU тұлғалық сауалнамасы негізінде анықталды. Нәтижелер тесттің ішкі эмоциялық интеллект, стресс тұрақтылығы және бейімделу шкалалары бойынша жеткілікті сенімділігін көрсетті. Нәтижесінде келесі

зерттеулерде оқушылардың эмоциялық деңгейін бағалауға арналған сенімді диагностикалық құрал ретінде қолдануға мүмкіндік туындап отыр [36, 5 б.] .

Сыни ойлау мен эмоциялық интеллект мәселелеріне қатысты Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдамалары зерттеудің теориялық негізі ретінде жүйеленді. Зерттеу барысында қабілеттік, тұлғалық және аралас модельдердің ғылыми ерекшеліктері салыстырмалы тұрғыдан талданып, олардың сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасындағы психологиялық байланысты түсіндірудегі мүмкіндіктері айқындалды. Теориялық бағыттарды салыстырмалы талдау негізінде сыни ойлаудың эмоциялық интеллектіге әсерін түсіндіретін интегративті модель зерттеудің теориялық негізі ретінде алынды. (Сурет 6).



Сурет 6 – Сыни ойлаудың эмоциялық интеллектіге психологиялық әсері (Қазақстандық ғалымдар теориясы тұрғысынан)

Суретте эмоциялық интеллектінің құрылымдық компоненттері сыни ойлаумен өзара байланыста көрсетілген. Эмоцияларды сәйкестендіру, түсіну, басқару және эмоциялық ойлауға жәрдемдесу сияқты процестер сыни ойлау арқылы жүзеге асатын когнитивтік талдау мен рефлексияға негізделеді, оқушының эмоцияларды дәл интерпретациялауына, олардың себеп-салдарлық байланыстарын түсінуіне және эмоциялық реакцияларды саналы түрде реттеуіне мүмкіндік береді. Модель сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара ықпалдастығын біртұтас жүйе ретінде көрсетіп, олардың оқушының танымдық және эмоциялық дамуын қамтамасыз етудегі шешуші рөлін айқындайды.

А.Ж. Мурзалинова және бір топ авторлар кәсіби білім беру мектептерінде сыныпта және оқудан тыс іс-шараларда когнитивтік және эмоциялық даму

процестерін үйлестірудің мағыздылығын, эмоциялық интеллект мазмұнына емес, оны меңгеру процесіне бағытталған оқытушылар мен студенттердің қызметін негіздеу арқылы зерттеген [167, 108 б.].

Қазақстанда бүгінгі күнге дейін эмоциялық интеллектіні зерттеу саласы жүйелі дамып келеді. Мәселен, мұғалімнің эмоциялық жағдайын басқарудың психологиялық негіздерін З.Б. Мадалиева [168, 45 б.], эмоциялы интеллектінің психофизиологиялық аспектілерін А.А. Төлегенова [169, 37 б.], эмоциялы интеллект, құзыреттіліктер және ЖОО-да оқыту стратегияларының ерекшеліктерін Д.Б. Ахметова [170, 67 б.], болашақ педагогтердің психоэмоциялық тұрақтылығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын Д.Д. Байтукбаева сияқты ғалымдар тереңінен зерттеуде. А.Р. Альгожинаның зерттеуінде жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби тиімділігі олардың эмоциялық интеллект деңгейімен тығыз байланысты екендігі дәлелденеді. Автор эмоциялық интеллектіні педагогтың кәсіби маңызды қасиеттерінің бірі ретінде қарастырып, оның құрамына эмоцияларды тану, басқару және оларды оқу үдерісінде тиімді қолдану қабілеттерін енгізеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, эмоциялық интеллект деңгейі жоғары оқытушылар студенттермен тиімді қарым-қатынас орнатып, оқу мотивациясын арттыруға және қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға қабілетті [171, 67 б.]. Сонымен қатар, эмоциялық интеллект педагогтың стресс жағдайларына бейімделуін, кәсіби күйзелістің алдын алуын және педагогикалық қызметтің сапасын арттыруын қамтамасыз ететін маңызды ресурс ретінде сипатталады.

У.Ж. Туякова болашақ әлеуметтік педагогтердің эмоциялық интеллектісін қалыптастыруға назар аударған [172, 105 б.]. Ал отра білім беру мекемелерінде жарыс жағдайларындағы мектеп жасындағы балалардың эмоциялық стресске төзімділігін К.М. Сулеева зерттеп [173, 58 б.], оқушылардың эмоциялық стресске төзімділігі олардың жеке-психологиялық ерекшеліктерімен, соның ішінде эмоциялық интеллект деңгейімен, өзін-өзі реттеу дағдыларымен және мазасыздық көрсеткіштерімен өзара байланыста болатындығын қарастырылған. А.Р. Ризулла және К.С. Адильжанова авторлар эмоциялық интеллектіні оқушылардың субъективті әл-ауқатын арттырудың негізгі психологиялық факторы ретінде қарастырады [174, 128 б.]. Олардың тұжырымдауынша, эмоциялық интеллект оқушының өз эмоцияларын түсінуі, басқаруы және әлеуметтік ортада тиімді өзара әрекеттесуіне мүмкіндік береді. Зерттеулерінде оқушылардың өмірге қанағаттануы, ішкі психологиялық жай-күйі эмоциялық интеллект деңгейімен тікелей байланысты екені дәлелденеді. И.В. Котлярова эмоция ұғымдарының парадигмалық моделдеуін (мысалы, «сағыныш», «мұң», «қайғы», «қасірет») қарастырып, олардың мазмұндық және семантикалық айырмашылықтарын талдайды [175, 98 б.]. Ол эмоцияларды тек сезім ретінде емес, мәдени-тілдік және психологиялық феномен ретінде зерттейді. Г.Ж. Сарбасова болашақ психологтардың эмоциялық икемділігін дамыту мәселесін зерттейді [176, 44 б.]. Оның пікірінше, кәсіби психолог үшін эмоцияларды түсіну ғана емес, оларды әртүрлі жағдайларда икемді түрде қолдану маңызды. Б.Ж. Алмұхамбетова ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық

жағдайын кешенді зерттеп, мұндай оқушылардың эмоциялық күйі көбіне сыртқы қолдау мен психологиялық ортаға тәуелді екені көрсетіледі. Әсіресе, инклюзивті білім беру жағдайында эмоциялық қолайлы орта құрудың маңыздылығы баса айтылады [177, 23б.]. Ж.Н. Абдимуса студенттердің эмоциялық күйлерін психологиялық-педагогикалық бағалау мәселесіне ерекше назар аударады. Зерттеулерінде эмоциялық жағдайларды диагностикалау әдістері, олардың оқу процесіне әсері және педагогикалық ықпал ету жолдары қарастырылады [178, 70б.].

Аталған авторлардың еңбектерін жүйелей келе, эмоциялық интеллект пен эмоциялық процестер тұлғаның психологиялық әл-ауқатының, бейімделуінің және кәсіби дамуының негізгі детерминанттары екені анықталады. Олар когнитивтік және мінез-құлықтық компоненттермен өзара байланыста қарастырылып, білім беру жүйесінде тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған маңызды ғылыми-тәжірибелік негіз қалыптастырады.

Білім беру мекемелеріндегі оқушыларда сыни ойлауды қалыптастыру мәселесі зерттеуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Н. Ә. Назарбаев тарапынан 2019 жылы «El Umiti» жас таланттар мен көшбасшыларды қолдау және дамыту бастамасы ұсынылды. «El Umiti» жобалардың негізгі мәні – дарынды жас қазақстандықтарды, ең алдымен мектеп оқушылары мен жастарды анықтау және қолдау, яғни алдағы уақытта еліміздің түрлі салаларында кәсіби элита қатарына қосылатын тұлғаларды дамыту мәселесі болып табылады. Бағдарлама мазмұны 4 «К» қағидатына негізделіп, сыни ойлау, креативтілік, коммуникация және коллаборация дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталды. Осы бағдарлама аясында Сатова А.К., Абишева Э.Д., және бірнеше ғалымдар «XXI ғасыр дағдыларын дамыту: 4 “К” – сыни ойлау, креативтілік, коммуникация, коллаборация (10–11 жастағы балалар)» атты оқу құралын шығарды. Оқу құралында қазіргі мектеп оқушыларының қабілеттерін дамыту мазмұны мен әдістері, жасөспірімдермен психологиялық сабақтарды ұйымдастырудың негізгі қағидалары және балалардың қабілеттерін дамытуға арналған ұсынылатын тәсілдер баяндалған. Зерттеу барысында сыни ойлауды дамытуға арналған арнайы әдістемелер кешені дайындалды Дж. Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісіз?» тесті қазақстандық ғалымдар тарапынан қазақ тіліне бейімделіп, психодиагностикалық қолдануға жарамдылығы мен мазмұндық валидтілігі апробациядан өткізілген [179, 82 б.].

K. Fan зерттеуінде сыни ойлауды пән мазмұнына кіріктіріп оқытудың мектеп оқушыларының сыни ойлау қабілетіне әсері қарастырылған. Нәтижесінде бұл тәсіл оқушылардың сыни ойлау деңгейін аз мөлшерде болса да арттырған, жалпы академиялық үлгерімге статистикалық тұрғыдан елеулі әсер болғандығын анықтаған [180, 349 б.].

А.Т.Туздыбаева, У.К.Кыякбаева, O.O Ayse Dılek зерттеу барысында сыни ойлауды қалыптастырудың теориялық негіздері талданып, оның кезеңдері, критерийлері мен көрсеткіштері айқындалған. Сонымен қатар, педагогикалық және дидактикалық тұрғыдан сыни ойлауды дамытуға бағытталған әдістер мен

тәрбиеші қызметінің ерекшеліктері қарастырылған. Блум таксономиясына негізделген оқу әрекеттері (түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) балалардың сыни ойлауын дамытуда тиімді құрал екені көрсетілген. Осылайша, авторлар барлық жас кезеңдерде сыни ойлауды мақсатты түрде қалыптастыру танымдық дамудың маңызды шарты екенін дәлелдейді [181, 349 б.].

Жүргізілген зерттеулерді жүйелеу сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысының уақыт өте келе біртіндеп тереңдеп, қазіргі кезеңде интегративті сипатқа ие болғанын көрсетеді. Алғашқы кезеңдерде эмоциялар мен ойлаудың теориялық негіздері зерттелсе, кейінгі кезеңдерде олардың білім беру контексіндегі рөлі, психологиялық тұрақтылықпен байланысы және қолданбалы аспектілері айқындалған. Қазіргі уақытта бұл екі ұғым мектептерде оқушының жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін біртұтас жүйе ретінде қарастырылуда. Осыған байланысты, төмендегі кестеде Қазақстандағы сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысының хронологиялық дамуы жүйеленіп ұсынылады.

Кесте 2- Сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысының даму кезеңдері

Сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысының даму кезеңдері (Қазақстан тәжірибесі негізінде)

КЕЗЕҢ	ҒАЛЫМДАР	ЗЕРТТЕУ БАҒЫТЫ	НЕГІЗГІ НӘТЕЖИЕЛЕР	СЫНИ ОЙЛАУ МЕН ЭИ БАЙЛАНЫСЫ
1-КЕЗЕҢ (Теориялық негізі)	Котлярова И.В.	Эмоция ұғымдарының парадигмалық моделденуі	Эмоциялар когнитивтік және мәдени феномен ретінде қарастырылды	Эмоциялар ойлау процесінің құрамдас бөлігі екені анықталды
2-КЕЗЕҢ (ЭИ негіздері)	Мадалиева З.Б. Төлегенова А.А.	Эмоциялық интеллектінің психофизиологиясы және эмоцияны басқару	Эмоциялық интеллектінің құрылымы мен реттеу механизмдері айқындалды	ЭИ танымдық процестерді реттейтін фактор ретінде қарастырылды
3-КЕЗЕҢ (Білім беру)	Ахметова Д.Б. Әлгожина А.Р. Туякова У.Ж.	ЭИ-дің білім беру және кәсіби даму контексіндегі рөлі	ЭИ оқу тиімділігі мен кәсіби құзыреттілікті арттырады	ЭИ сыни ойлаудың қалыптасуына ықпал етеді
4-КЕЗЕҢ (Тұрақтылық)	Сулеева К.М. Ризулла А.Р. Адильжанова К.С Байтукаева Д.Д	Стресс, әл-ауқат, психоэмоционалдық тұрақтылық	ЭИ стресс тұрақтылығы мен субъективті әл-ауқаттың негізі	ЭИ когнитивтік белсенділікті сақтап, сыни ойлауды күшейтеді
5-КЕЗЕҢ (Қолданбалы зерттеулер)	Алмұхамбетова Б.Ж. Абдимуса Ж.Н. Сарбасова Г.Ж.	Инклюзия, диагностика, эмоциялық икемділік	ЭИ тұлғаның бейімделуін және икемділігін қамтамасыз етеді	ЭИ мен сыни ойлау бірге тұлғалық дамуды қамтамасыз етеді
6-КЕЗЕҢ (Сыни ойлау)	Кумарев Я.А. Мирза Н.В. Туздыбаева А.Т.	Сыни ойлауды дамыту (дискуссия, Блум таксономиясы)	Сыни ойлау оқу процесінде белсенді әдістер арқылы дамиды	Сыни ойлау әлеуметтік және когнитивтік ортада қалыптасады
7-КЕЗЕҢ (Интеграция)	Сатова А.К. Абишева Э.Д.	«El Umiti» бағдарламасы, 4К моделі XXI ғасыр дағдыларын дамыту	Сыни ойлау мен ЭИ біріктіріліп дамытылады	СТ + ЕІ = тұлғаның кешенді дамуының негізі

Ескерту: [168, 169, 170,171,172,173,174,175,176,179] дереккөздер негізінде құрастырылған

Аталған бағыттағы зерттеулер нәтижелері мектеп жағдайында оқушылардың сыни ойлау дағдылары негізінде эмоциялық интеллектін дамытуға бағытталған кешенді бағдарламаларды құруға теориялық және әдіснамалық негіз қалыптастырады. Білім беру үдерісінде дамыту

жұмыстарының мазмұнын жүйелеуге, оларды кезең-кезеңімен ұйымдастыруға және психологиялық-педагогикалық ықпал ету тетіктерін тиімді таңдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысын ескере отырып, психологиялық зерттеулерді ғылыми негізде жоспарлау, диагностикалық құралдарды іріктеу және интервенциялық бағдарламаларды апробациялау оқушылардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етудің маңызды шарты ретінде қарастырылады. Бұл қорытындылар интеллект пен эмоциялық процестерді біртұтас психикалық қызметтің өзара байланысты және өзара анықтайтын компоненттері ретінде қарастыру қажеттілігін көрсетеді.

Л.С. Выготский психикалық дамуды жекелеген функциялардың оқшау жетілуі емес, олардың өзара байланыстарының өзгеруі ретінде түсіндірді. Оның аффект пен интеллектінің динамикалық бірлігі туралы идеясына сәйкес, ойлау мен эмоция онтогенез барысында өзара ықпалдаса отырып, нақты және ригидті ойлаудан икемді, жалпыланған және абстрактілі ойлауға өтуді қамтамасыз етеді. [182, 131 б.]. Бұл контексте эмоциялардың сарапануы және оларды реттеу механизмдерінің күрделенуі ойлаудың дамуының тікелей салдары болып табылатыны туралы ереже маңызға ие болады. Тұлғаның аффективті саласының байытылуы және ерікті эмоциялық реттеудің қалыптасуы интеллектік өсудің қажетті шарты болып табылады, өйткені эмоция қуатты мотивациялық стимул функциясын орындайды және жиі ойлау белсенділігінің қайнар көзіне айналады. Көрсетілген заңдылықтар эмоциялы интеллектінің қазіргі заманғы концепцияларымен тікелей байланысты, олардың шеңберінде оның когнитивтік және мінез-құлық белсенділігін реттеуші ретіндегі рөлі баса айтылады.

Сыни ойлау мәселелері тұрғысынан бұл идеялар қосымша әдіснамалық маңызға ие болады. Сыни ойлау ақпаратты саналы талдауды, пайымдаулардың негізділігін бағалауды, шешім қабылдаудағы икемділікті және жеке когнитивтік және эмоциялы күйлерге рефлексивті қарым-қатынасты қамтиды [183, 173 б.].

Бұл процестерді тиімді іске асыру эмоцияларды түсінуді, аффективті реакцияларды басқаруды және оларды танымдық міндеттермен үйлестіруді қамтамасыз ететін эмоциялық интеллектінің дамыған компоненттерінсіз мүмкін емес, сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні субъектінің белсенді қызметі барысында қалыптасатын, бірін-бірі толықтыратын психологиялық құрылымдар ретінде қарастыру керек.

Сыни ойлауды эмоциялық интеллектпен бірлікте қарастыру олардың өзара байланысының теориялық негіздемесін ғана емес, сонымен қатар тұлғаның танымдық қызметін реттеудің психологиялық механизмдерін эмпирикалық түрде тіркеуге мүмкіндік беретін адекватты диагностикалық негіздерді де анықтауды көздейді. Жүйелік тәсіл тұрғысынан бұл феномендерді диагностикалау көп өлшемділік принципіне сүйенуі және психикалық жұмыс істеудің когнитивтік, сондай-ақ эмоциялық-реттеуші компоненттерін ескеруі тиіс.

Психологиядағы жүйелік тәсілді ең алғаш талдаған Б.Ф. Ломов болды. Б.Ф. Ломовтың көзқарасы бойынша, жүйелік талдау: 1) құрылымның көп өлшемділігін, 2) оның көп деңгейлілігі мен иерархиялылығын, 3) оның қасиеттерінің көп өлшемді жіктелуін, 4) оның полидетерминделгендігін тануды

және 5) алынған құрылымды оның дамуында зерттеуді қамтиды [184, 40б.]. В.А. Барабанщиков психикалық үдерістердің жүйелік ұйымдасуын, өзара байланысын және даму заңдылықтарын тұтас психологиялық құрылым негізінде түсіндірді [185, 32 б.]. Е.А. Сергиенко жүйелік-субъектілік тәсіл аясында адамның психикалық дамуын танымдық, эмоциялық және реттеушілік үдерістердің өзара ықпалдастығы арқылы қарастыруды негіздеді [186, 241 б.]. Н.С. Павлова жүйелік-субъектілік тәсіл аясында тұлғаның субъектілік және тұлғалық сипаттамаларының өзара байланысын зерттеп, олардың психикалық даму мен өзін-өзі реттеудегі маңызын қарастырады [187, 171 б.].

Зерттеудің әдіснамалық негізінде жүйелік тәсіл маңызды орын алады. Қазіргі психологиялық ғылымда O. V. Ebrahimi психологиялық құбылыстарды өзара байланысқан және уақыт барысында өзгеріп отыратын динамикалық жүйелер ретінде қарастыру қажеттігін негіздейді. Мұндай тәсіл зерттелетін феноменді жекелеген компоненттерге бөлумен шектелмей, олардың өзара ықпалы, құрылымдық байланыстары және тұтас жүйе деңгейінде пайда болатын жаңа қасиеттерін талдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан сыни ойлау мен эмоциялық интеллект те когнитивтік, эмоциялық және тұлғалық компоненттердің өзара әрекеттесуінен қалыптасатын күрделі психологиялық жүйе ретінде қарастырылады [188, 322 б.]

Сыни ойлауды зерттеу контексінде эмоциялық интеллектіні диагностикалау эмоциялық күйлерді тану, түсіну және басқару қабілеттерін бағалауды қамтиды, өйткені дәл осы сипаттамалар мәселелік жағдайларды саналы талдаудың және негізделген шешімдер қабылдаудың психологиялық шарттары ретінде әрекет етеді.

Сыни ойлауды диагностикалық негіздері субъектінің жағдайдың маңызды белгілерін бөліп көрсету, гипотезаларды тұжырымдау, дәлелдерді тексеру және қорытындылардың логикалық қарама-қайшылықсыздығын бақылау қабілетін көрсететін ойлау қызметінің талдамалық, бағалаушы және рефлексивті компонеттерін бағалауды қамтиды. Бұл ретте эмоциялық интеллектіні дамыту деңгейі сыни ойлау көрсеткіштеріне жанама әсер етеді, өйткені талдамалық және бағалау процестерінің тиімділігі көп жағдайда тұлғаның шешім қабылдау процесін сүйемелдейтін эмоциялық реакцияларды түсіну және реттеу қабілетімен анықталады.

Жүйелік тәсіл ұстанымынан сыни ойлау когнитивтік операциялар мен эмоциялық-реттеуші механизмдерді біріктіретін көп деңгейлі процесс ретінде қарастырылады. Диагностика нәтижелерін эмоциялық интеллект көрсеткіштерін ескере отырып талдау олардың құрылымдық өзара әрекеттесу сипатын анықтауға және ақпаратты объективті бағалау және саналы шешім қабылдау қабілетін қалыптастырудағы эмоциялық реттеудің үлесін айқындауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл зерттелетін психологиялық айнымалылар арасындағы өзара байланыстарды анықтауға бағытталған кешенді статистикалық рәсімдерді қолдану үшін әдіснамалық негіздер жасайды.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, сыни ойлауды эмоциялы интеллектпен бірлікте зерттеу кезінде диагностикалық негіздерді қосу

теориялық ережелердің эмпирикалық тексерілуін қамтамасыз етеді және бұл феномендерді оқушының танымдық қызметін психологиялық реттеудің өзара байланысты компоненттері ретінде қарастыруға мүкіндік береді. Бұл әмбебап құзыреттіліктерді ғылыми талдау мүмкіндіктерін кеңейтеді және диссертациялық зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығын арттырады.

Мұндай түсіну А.Н. Леонтьев пен С.Л. Рубинштейін әзірлеген қызметтік тәсілде өзінің теориялық негіздемесін табады. А.Н. Леонтьевтің пікірінше, психикалық процестер қызметтің құрылымында қалыптасады және дамиды, ол мотивтермен, мақсаттармен және оны жүзеге асыру шарттарымен жанама түрде байланысты. Бұл жүйеде эмоциялар қызметтің мотиві мен нәтижесінің арақатынасын көрсететін сигналдық және реттеуші функцияларды орындайды, ол ойлау жағдайды талдауды, жоспарлауды және әрекеттерді түзетуді қамтамасыз етеді. Сыни ойлау, өз кезегінде, қайшылықтарды түсінуге, баламаларды бағалауға және әрекет ету тәсілдерін саналы таңдауға бағытталған ойлау қызметінің ерекше түрі ретінде әрекет етеді [74].

С.Л. Рубинштейн сана мен қызметтің бірлігін психологияның іргелі принципі ретінде қарастырды, интеллектуалды және эмоциялық процестер субъектінің нақты белсенділігінен тыс өмір сүрмейтінін баса айтты. Бұл контексте эмоциялық интеллект пен сыни ойлау тұлға қызметін тұтас реттеуді әрекет етеді: мотивация мен эмоциялық жауаптан бастап, жағдайды талдауға, шешім қабылдауға және олардың салдарын рефлексиялауға дейін [189, 464 б.].

Осылайша, Л.С. Выготскийдің аффективті және интеллектуалды дамудың бірлігі туралы идеялары, сондай-ақ А.Н. Леонтьев пен С.Л. Рубинштейннің қызметтік тәсіл туралы ережелері эмоциялық интеллект пен сыни ойлауды субъектінің белсенді қызметі барысында қалыптасатын және көрінетін, оның әлеуметтік және танымдық жұмыс істеуінің тиімділігн анықтайтын өзара байланысты психологиялық конструкт ретінде қарастыру үшін әдіснамалық негіз жасайды.


Когнитивті тәсіл оқушыны таным мен әрекеттің белсенді субъектісі ретінде қарастырады, мұнда когнитивтік даму интеллектуалды және эмоциялық құзыреттіліктердің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Теориялық және эмпирикалық зерттеулер когнитивтік процестердің күрделенуі оқушылардың жеке эмоцияларын тану және бағалау, сондай-ақ басқалардың эмциялық реакцияларын болжау қабілетіне ықпал ететінін көрсетеді..

Психологиядағы когнитивтілік тәсіл әлеумтеттік танымға және қоршаған әлемді түсінуге бағытталған мінез-құлық және когнитивтік тәсілдердің синтезі ретінде пайда болды. Зерттеу барысында Y. Gelişli және бірнеше зерттеушілер синергетикалық, мотивациялық, когнитивтілік әдіснамалық тұрғырларды негізге алып, сыни ойлау контекстінде оқушылардың логикасы мен пайымдау біліктілігінің психологиялық қатынасының құрылымы жасалып, жеке тұлғаның сыни ойлауы, ойды түсіну, өзгерту, тексеру, айқындау мен дәлелдеме келтіру даярлығы, логикалық шешімі мен тұжырымдары, когнитивті дағдылары мен пайымдау біліктілігі, ой-өрісі мен қарым-қатынасына қатысты ұғымдардың кіріктірілген сызбасын ұсынады. [190, 37 б.]. Атап айтқанда, әртүрлі жастағы

балалардың когнитивтік саласындағы өзгерістерді зерттеу бастауыш сынып оқушыларының оқудағы табыстылығы вербалды, сондай-ақ вербалды емес интеллект компонеттерімен анықталатынын, ал жоғары сынып оқушыларында негізінен вербалды компонеттермен анықталатынын көрсетеді [191]. Бұл деректер когнитивтік даму эмоциялық құзыреттіліктерді қоса алғанда, күрделі психологиялық құрылымдарды қалыптастыру үшін негіз қалайтынын растайды.

Эмоциялық интеллект тұрғысынан когнитивтік даму оқушыға жеке эмоцияларды тану және бағалау, сондай-ақ айналадағылардың эмоциялық реакцияларын болжау қабілетін қамтамасыз етеді. Когнитивтік дағдылар эмоциялық ақпаратты рефлексивті өңдеуді ұйымдастыруға мүмкіндік береді, бұл өзін-өзі реттеуді, эмпатияны және эмоциялық икемділікті дамытумен тікелей байланысты [192].

Оның үстіне, сыни ойлауды дамыту когнитивтік процестер эмоциялық құзыреттіліктерге айналатын негізгі механизм ретінде әрекет етеді. Оқу ақпаратын және әлеуметтік жағдайларды сыни талдау оқушыларға эмоцияларды саналы бағалауға емес, сонымен қатар оларды дұрыс басқаруға мүмкіндік береді, бұл мектепте оқыту контексінде эмоциялық инетллектіні дамытуға ықпал етеді. Теориялық зерттеулерде сипатталған сыни ойлау және эмоциялық интеллект компоненттері нақты айнымалылар мен өлшеу әдістемесі арқылы көрсетілген модельде жүйеленіп ұсынылды (Сурет 7).



Сурет 7 – Сыни ойлау көрсеткіштерінің эмоциялық интеллект компоненттеріне әсерін зерттеу моделі

Зерттеу моделінде сыни ойлау көрсеткіштері тәуелсіз айнымалылар, ал эмоциялық интеллект компоненттері тәуелді айнымалылар ретінде қарастырылды. Тәуелсіз айнымалыларға ақпаратты түсіну және талдау, салыстыру және дәлелдеу, мәселені анықтау, қорытынды жасау мен шешім қабылдау, сондай-ақ рефлексия дағдылары енгізілді. Ал тәуелді айнымалылар ретінде өзін-өзі тану, эмпатия, әлеуметтік дағдылар, өзін-өзі реттеу және өзінің әрі өзгенің эмоцияларын басқару қабілеттері алынды. Теориялық тұрғыдан алғанда, сыни ойлау дағдыларының дамуы оқушылардың эмоциялық тәжірибесін саналы талдауына, эмоцияларды түсінуі мен реттеуіне, сондай-ақ тұлғааралық өзара әрекеттестіктегі эмпатиялық қабілеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Осыған байланысты зерттеудің негізгі болжамы бойынша сыни ойлау деңгейінің жоғарылауы эмоциялық интеллект компоненттерінің де жоғарылауына оң әсер етеді. Сыни ойлау мен эмоциялық интелектәнәі өзара байланысы оқушылардың психологиялық дамуын қамтамасыз ететін тұтас жүйе ретінде қарастырылып, бұл байланыс зерттеудің келесі кезеңдерінде тәжірибелік тұрғыдан негізделетін негізгі ғылыми алғышарт ретінде айқындалды.

Тарау бойынша тұжырым

Бірінші тарауда оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллект дамуына психологиялық әсерінің теориялық аспектілері жан-жақты қарастырылып, зерттеу мәселесінің ғылыми-әдіснамалық негіздері жүйеленді. Тарау мазмұнын талдау нәтижесінде сыни ойлау мен эмоциялық интеллект қазіргі психология ғылымындағы өзекті, өзара сабақтас және тұлға дамуының маңызды көрсеткіштері болып табылатыны айқындалды. Олардың арақатынасы оқушының танымдық белсенділігімен, эмоциялық өзін-өзі реттеуімен, әлеуметтік бейімделуімен және тұлғалық кемелденуімен тығыз байланыста қарастырылды.

1.1 - бөлімде сыни ойлаудың ғылыми-теориялық негіздері жан-жақты қарастырылды. Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау барысында сыни ойлаудың оқушының танымдық белсенділігін, талдау жасау, салыстыру, дәлелдеу, мәселені жан-жақты бағалау қабілеттерін дамытудағы маңызы айқындалды. Сонымен қатар, «Сыни ойлау» моделін іске асыру жолдары ақпаратты саналы қабылдау, эмоцияларды тану мен бағалау, өзіндік пікір қалыптастыру, шешім қабылдау және рефлексия жасау кезеңдерін қамтитыны анықталды. Осылайша, сыни ойлау оқушылардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін маңызды психологиялық құрылым ретінде сипатталып, зерттеу жұмысының теориялық негізін айқындауға мүмкіндік берді.

1.2 - бөлімде эмоциялық интеллектінің ғылыми-теориялық негіздері жүйелі түрде талданып, шетелдік және қазақстандық ғалымдардың эмоциялық интеллектіге қатысты теориялық тұжырымдамалары мен модельдеріне сүйене отырып, «Эмоциялық интеллект моделі» жасалды. Аталған ғылыми ұстанымдарды талдау зерттеу тақырыбына сәйкес эксперименттік модельді құрастыруға теориялық-әдіснамалық негіз қалады. Зерттеу барысында

эмоциялық интеллектінің мәні, құрылымы, негізгі компоненттері мен модельдері сараланып, оның көпқырлы психологиялық феномен екендігі анықталды. Атап айтқанда, эмоциялық интеллект қабілеттік, тұлғалық және аралас модельдер аясында түсіндірілетіні айқындалды. Қабілеттік модельдерде эмоцияларды тану, түсіну, жіктеу және реттеу дағдылары басым сипат алса, аралас модельдерде тұлғалық, мотивациялық және әлеуметтік факторлардың ықпалы қарастырылды. Осы ғылыми ұстанымдарды жүйелеу нәтижесінде эмоциялық интеллект оқушының эмоциялық саласымен қатар, оның қарым-қатынас мәдениетін, оқу мотивациясын, эмпатиясын, стреске төзімділігін және мінез-құлықтық икемділігін айқындайтын маңызды психологиялық ресурс ретінде тұжырымдалды.

1.3 - бөлімде сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысының даму кезеңдері ғылыми-теориялық тұрғыдан жүйеленіп, аталған феномендердің психологиялық ерекшеліктері кешенді түрде талданды. Сыни ойлау мен эмоциялық интеллект мәселелеріне қатысты қазақстандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдамалары сараланып, зерттеудің теориялық негізі ретінде жүйеленді. Зерттеу барысында қабілеттік, тұлғалық және аралас модельдердің ғылыми ерекшеліктері салыстырмалы тұрғыдан қарастырылып, олардың сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасындағы психологиялық байланысты түсіндірудегі мүмкіндіктері айқындалды. Теориялық бағыттарды талдау арқылы сыни ойлаудың эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсерін сипаттайтын «Сыни ойлау көрсеткіштерінің эмоциялық интеллект компоненттеріне әсерін зерттеу» моделі ұсынылды. Модель сыни ойлау мен эмоциялық интеллект компоненттерін нақты айнымалылар мен өлшеу әдістемесі арқылы көрсетуге мүмкіндік беріп, эмпирикалық зерттеуге тікелей негіз болады.

Жүргізілген теориялық талдау нәтижелері зерттеу жұмысының келесі кезеңінде эксперименттік зерттеу жүргізуге мүмкіндік беретін ғылыми алғышарттарды қалыптастырды. Атап айтқанда, оқушылардың сыни ойлау деңгейі мен эмоциялық интеллектінің даму көрсеткіштері арасындағы байланысты эмпирикалық тұрғыдан анықтау, олардың өзара ықпалының психологиялық ерекшеліктерін нақтылау және арнайы дамыту жұмыстарының тиімділігін тексеру қажеттігі айқындалды. Осылайша, бірінші тарауда оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісінің даму мәселесі теориялық тұрғыдан кешенді түрде сараланып, олардың өзара психологиялық байланысы ғылыми негізде дәлелденді. Сыни ойлау теорияларының мазмұндық қырлары, эмоциялық интеллект модельдерінің ерекшеліктері және осы екі құбылыстың өзара ықпалдастығы жүйеленіп, зерттеу проблемасының әдіснамалық тұғыры айқындалды. Соның нәтижесінде оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытуда сыни ойлаудың психологиялық әсерін эмпирикалық деңгейде зерттеуге болатындығы жөнінде ғылыми негізделген қорытынды жасалды.

II ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫНЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ДАМУЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІН ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУ

2.1 Эмпирикалық эксперименттің нәтижелерін салыстырмалы талдау, әдістемелерге сипаттама және зерттеу моделі, зерттеу кезеңдері

Эмоциялық интеллектіні дамыту психология ғылымының өзекті бағыты болып саналады. Қазіргі психология ғылымында кілттік сөз сыни ойлау болса, бұл феномен оқушылардың мінез-құлқының өзгерісі, ішкі күйі мен өзін-өзі реттеу және эмоциялық интеллектіні басқарудың негізі болады. Сондықтан оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамыту үдерісінде сыни ойлаудың психологиялық әсерін қалыптастырудың маңыздылығы айқындалады. Білім беру жүйесінде сыни ойлаудың барлық кезеңдерінде эмоциялық интеллектіні ескеру және оны басқару арқылы сыни ойлаудың құндылығын арттыру қажеттігі өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Ойлау процесінің эмоциялық тұрақтылық арқылы реттелуіне қатысты зерттеулер ғылыми әдебиетте кеңінен танымал. Ал ойлау үдерістерінің тұлғаның эмоциялық тұрғыдан реттелу ерекшеліктерімен өзара байланысын айқындау арнайы ғылыми талдауды талап етеді. Ғылыми еңбектерде эмоцияларды реттеу аффективтік, когнитивтік және әлеуметтік тұрғыдан теориялық негізде сипатталған [193, 291 б.]. Осы тұрғыда психологтардың еңбектерінде оқу үдерісіндегі ізденушілік және зерттеушілік қызметтің сыни ойлауды дамытудағы рөлі, сондай-ақ сыни ойлау арқылы эмоциялық интеллектіні жетілдірудің жоғары психологиялық әлеуеті ерекше мәнге ие екендігі көрсетіледі. Бұл жағдай оқушылардың тек білімді меңгеруімен шектелмей, аталған талаптар сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысын психологиялық тұрғыдан зерделеу қажеттігін айқындайды. Осы зерттеудің эксперименттік бөлімі мектеп оқушыларының эмоциялық интеллектісінің даму деңгейін, сондай-ақ сыни ойлаудың оның құрылымдық компоненттеріне тигізетін психологиялық ықпалын эмпирикалық тұрғыда айқындауға бағытталған.

Зерттеуіміздің эксперименттік таруы білім беру үдерісінде эмоциялық интеллект пен сыни ойлаудың өзара байланысын анықтап, эмоциялық интеллект когнитивті және жеке сипатқа ие күрделі психикалық білім ретінде айқындалып, олардың оқушылардың психологиялық дамуы мен оқу іс-әрекетінің табыстылығына әсерін кешенді түрде талдау мақсатында ұйымдастырылуына мүмкіндік беріп отыр.

Жүргізілген әдіснамалық талдау эмоциялық интеллект пен сыни ойлауды зерттеуде бір ғана теориялық тұғырмен шектелудің жеткіліксіз екенін көрсетті. Осыған байланысты зерттеуде жүйелік, іс-әрекеттік және когнитивті-дамытушылық тұғырлар өзара толықтырылатын әдіснамалық негіз ретінде қарастырылды. Аталған тұғырлар интеграциясы эмоциялық интеллектінің құрылымдық, функционалдық және дамытушылық ерекшеліктерін жан-жақты ашуға, сондай-ақ сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасындағы

психологиялық өзара байланысты эмпирикалық тұрғыда дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Эмоциялық интеллектінің танымалдылығы мен ғылыми қауымдастық тарапынан мойындалған маңыздылығы мектеп оқушыларының оқу әрекетін өзін-өзі реттеу үдерісіндегі рөлін терең әрі жүйелі түрде зерттеуді қажет етеді. Ғылыми зерттеулерде эмоциялық интеллект тұлғаның табысты болуының жеке қасиеттері ретінде әрқашан басты назарда болып отыр. L. Thurstone және R. Cattell интеллектіні тұлғаның жеке психологиялық қасиеттерінің ерекшеліктер жиынтығын құрайтын негізгі компонент ретінде қарастырады [194, 1 б.]. Сондықтан, зерттеуіміздің өзектілігі қазіргі білім беру кеңістігінде оқушылардың сыни ойлау арқылы эмоциялық интеллектісін дамыту дағдыларын қалыптастыру оқу танымдық-қызметтерін ұйымдастыруда, эмоциялық жай-күйін басқару және оқу үдерісінде, өмірлерінде кездесетін қиындықтарды еңсеруде маңызды психологиялық құрылым болып табылуында. Зерттеу барысында Mayer–Salovey эмоциялардың маңыздылығына, олардың өзара байланысына, эмоциялық ақпаратты ойлау мен шешім қабылдаудың негізі ретінде пайдалануға ғана емес, сонымен қатар оқу қызметінің тиімділігін арттыруға ерекше мән бере отырып, сыни ойлау актілерінің артында көрінетін күрделі процестермен сипатталатынын болжайды [195, 207 б.].

Сыни ойлауды дамытудың мәні – оқушылардың ақпаратты талдау, бағалау, салыстыру және өз пікірін негізді түрде тұжырымдау қабілеттерін қалыптастырудан тұрады. Т.В. Корнилова өзінің тұжырымдамаларында сыни ойлауды тұлғаның интеллектуалдық-тұлғалық потенциалының бірлігі ретінде қарастырды [196], ал О.К. Тихомирова ойлаудың мәндік теориясы негізінен түсіндіреді. Бұл ұсынылып отырған концепциялар С.Л.Выготскийдің мәдени-тарихи психологиясындағы интеллект пен аффектіні дамытуды көздейді. Сондықтан, зерттеу аясында ұсынылып отырған тұжырымдамалар мектеп оқушыларының эмоциялық интеллектінің ішкі тұлғаарлық және сыртқы аспектілерінің компоненттерімен сыни ойлау процесін үш даму кезеңімен – рефлексивтік, шығармашылық ойлау түрлерімен байланыстыра отырып қарастыруға болатынын көреміз. Бұл тәсіл оқушылардың сыни ойлауын жан-жақты дамытуға, эмоциялық интеллектісін тиімді пайдалануға және оқу әрекетін өзін-өзі реттеу тұрғысынан жетілдіруге мүмкіндік береді.

Эмоциялық интеллект – адамның өз эмоцияларын түсіну, оларға қол жеткізу және оларды ойлауға, эмоциялардың мәнін түсінуге ықпал ететіндей қалыпта генерациялау қабілеті, сондай-ақ өз эмоцияларын басқару арқылы эмоциялық және интеллектуалдық дамуына жағдай жасау қабілеті [197, 73 б.]. D. Goleman эмоциялар мен ойлауды біріктіріп қарастырып, олардың өзара байланысын ерекше атап көрсетті.

Сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасындағы өзара байланысты зерттеу мәселесі ЭИ- ді екі түрлі тұрғыдан түсінумен күрделенеді: бірінші жағынан қабілеттер ретінде [198, 295б.], екінші жағынан тұлғалық қасиеттер ретінде [199,428 б.], [200, 75б.]. Сонымен қатар, сыни ойлау арқылы оқушылардың эмоциялық интеллектісін қалыптастыру, білім беру жүйесінде

табысқа жетуге және өзара қатынасты ұтымды ұйымдастыра отырып күрделі шешімдерді жеңіл қабылдауға мүмкіндік беретін психологиялық құрылым ретінде тұлғалық қасиет деп бекітуге болатындығын дәлелдей түседі.

Білім беру жүйесінде оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсерін тұтас механизм ретінде жүйелеу мүмкіндігі туындағанын көріп отырмыз. Сондықтан зерттеу барысында әрбір оқушының мүмкіндіктерін оқу қызметінің талаптарына сәйкестендіре отырып, ЭИ-дің ішкі және тұлғараралық аспектілері арқылы дамыту қажеттігін көреміз. Ғалым Н.А. Менчинская ұсынған тұжырымдамаға сәйкес, эмоциялық күйді саналы түрде реттеу білім алушының оқу іс-әрекетін жетілдіруге бағытталған мотивациялық дайындығын арттырады [201]. Эмоция мен сыни ойлаудың өзара байланысы оқу үдерісінде ақпаратты қабылдау мен өңдеудің тиімділігін қамтамасыз етіп, тұлғаның өз мүмкіндіктеріне деген сенімділігін нығайтады. Бұл өз кезегінде метакогнитивтік дағдылардың, атап айтқанда, өз ойлау әрекетін жоспарлау, бақылау және бағалау қабілеттерінің қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды.

Сыни ойлауды дамыту соңғы жылдары өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Отандық және шетелдік ғылымда оқушылар мен оқытушылардың сыни ойлауын дамыту қажеттігі туралы И. О. Загашев, S. I. Zair-Bek, И. В. Муштавинская [202], D. Kluster [203, 38б.], К.С.Шалагинова [204], D. Halpern [205]; В.Н. Дружинин [206]; Е. В. Самохвалова [207] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Психологиялық ғылымда сыни ойлау ұғымы негізінен мінез-құлықтық көріністерге және оны эмпирикалық тұрғыдан өлшеу мүмкіндігіне сүйенеді. R. Sternberg [208, 37б.] сыни ойлауды мақсатты және рефлексивті пайымдауға негізделген, логикалық қорытынды мен мәселені тиімді шешу ықтималдығын арттыратын метатанымдық процесс ретінде қарастырады. David Dyer әріптестерімен сыни ойлауды талдау, бағалау сияқты қосалқы когнитивтік дағдылар жүйесін қамтитын, нәтижесінде тұтас логикалық ой тұжырымының қалыптасуына бағытталған метатанымдық құрылым деп сипаттайды [209, 29 б.] К. Станович пен оның әріптестері сыни ойлаудың негізгі мазмұндық компоненті ретінде аргументтерді, дәлелдерді және жеке ойлау үдерісін бұрын қалыптасқан сенімдер мен когнитивтік бейімділіктерден тәуелсіз бағалау қажеттілігін атап көрсетеді. [210, 34 б.] Бұл анықтама сыни ойлаудың аналитикалық, рефлексивті және шығармашылық жүйесімен тығыз байланысын айқындай түседі.

Сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысы оқушының өз мүмкіндіктерін тануымен, өзін-өзі реттеу қабілетімен, мәселелерді анықтау, талдау және шешу жолдарын іздеу компоненттерімен сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, оқушылардың сыни ойлауына эмоциялық интеллектінің дамуының психологиялық әсері өз мүмкіндіктерін ұғынуға, оқу стратегияларын сыни талдауға, оларды қажетті жағдайда түзетуге және нәтижесінде тиімді сыни ойлауды дамытуға ықпал ететін психологиялық тетік ретінде айқындалады.

Ғылыми зерттеулер мен диссертациялық жұмыстарда эмоциялық интеллект пен сыни ойлауды зерттеуге арналған психодиагностикалық

әдістемелер кеңінен қолданылған. Мәселен, Т.С. Киселеваның «Эмоциональный интеллект как жизненный ресурс и его развитие у взрослых» атты докторлық диссертациялық зерттеуінде J.D. Mayer, P. Salovey және D. Caruso MSCEIT v.2.0 тесті, сондай-ақ эмоциялық интеллектіні бағалауға арналған диагностикалық әдістемелер қолданылып, олардың психометриялық сенімділігі мен валидтілігі негізделген [211, 108 б.].

Ю.А. Кочетованың «Эмоциональный интеллект старших подростков» атты ғылыми еңбегінде Н. Холлдың «Эмоциялық интеллект тесті», Д.В. Люсиннің эмоциялық интеллект моделі және эмоциялық жауапты анықтауға бағытталған психодиагностикалық әдістемелер қолданылған. Зерттеуде эмоциялық интеллекттің тұлғалық және когнитивтік компоненттерін анықтауда аталған әдістемелердің тиімділігі дәлелденген [212, 104 б.].

В.В. Бойконың «Эмпатиялық қабілет деңгейін диагностикалау» әдістемесі оқушылардың өзгелердің эмоциялық жағдайын түсіну, сезіну және оған эмоциялық тұрғыдан жауап беру ерекшеліктерін анықтауға бағытталған психодиагностикалық құрал болып табылады. Зерттеу барысында аталған әдістеме арқылы оқушылардың эмпатиялық қарым-қатынасқа бейімділігі, өзге адамның көңіл күйін түсінуі, эмоциялық қолдау көрсету қабілеті және әлеуметтік өзара әрекеттегі эмоциялық қабылдау ерекшеліктері анықталады [213, 486 б.]. М.А. Манойлованың «Эмоциялық интеллектті диагностикалау» (МЭИ) әдістемесі оқушылардың эмоциялық интеллект деңгейін анықтауға арналған психодиагностикалық құралдардың бірі болып табылады. Әдістеме оқушының өз эмоцияларын және өзгелердің эмоциялық жағдайларын түсінуі, қабылдауы, реттеуі мен басқару ерекшеліктерін бағалауға бағытталған [214, 128 б.].

А. Меграбян мен Н. Эпштейннің «Эмоционалды жауап шкаласы» (Questionnaire Measure of Emotional Empathy – QMEE) әдістемесі эмпатияның эмоциялық компонентін, яғни адамның өзге адамдардың эмоциялық күйіне эмоционалды түрде жауап беру қабілетін анықтауға арналған психодиагностикалық құрал болып табылады. Әдістеме тұлғаның эмоциялық сезімталдығын, жанашырлық деңгейін, эмоциялық әсерленгіштігін және басқа адамның эмоциялық жағдайын қабылдау ерекшеліктерін бағалауға мүмкіндік береді. Оқушыларды зерттеуде аталған әдістеме эмпатия деңгейін, эмоциялық қабылдау мен тұлғааралық қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтау мақсатында қолданылады [215, 525 б.].


Tom Chatfield «Critical Thinking: Your Guide to Effective Argument, Successful Analysis and Independent Study» еңбегінде сыни ойлаудың ақпаратты талдау, логикалық пайымдау және дәлелдерді бағалау аспектілері қарастырылады. Сонымен қатар, сыни ойлау тұжырымдамасы мен практикалық тапсырмалары негізінде зерттеу мақсатына және респонденттердің жас ерекшеліктеріне сәйкес бейімделген диагностикалық тапсырмалар кешені қолданылды [216, 181 б.].

Зерттеу барысында оқушылардың эмоциялық интеллектісін сыни ойлау негізінде жетілдірудің психологиялық ерекшеліктері айқындалады. Егер сыни ойлаудың эмоциялық интеллектінің қалыптасуына ықпалы жан-жақты

талданып, аталған феноменнің психологиялық мәні нақтыланса; оның дамуын қамтамасыз ететін құрылымдық-функционалдық модель әзірленіп, оны қалыптастырудың тиімді бағыттары ұсынылып, оны жетілдіруге ықпал ететін ғылыми психологиялық тұрғыдан негізделсе, онда оқушылардың эмоциялық интеллектісінің компоненттерін дамытуға мүмкіндік туады.

Зерттеу базасы: 2022-2025 жылдар аралығында жүргізілді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмысымыздың базасы ретінде Жамбыл облысы, Тұрара Рысқұлов ауданында Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектептен 144 оқушы қатысты. Эксперименттік топқа 72 оқушы, бақылау тобына да 72 оқушы алынды. Осыған байланысты зерттеудің эмпирикалық бөлімінде 6- сынып оқушыларының эмоциялық интеллект деңгейі мен сыни ойлау көрсеткіштерінің дамуы кезеңдік тұрғыда үш жыл бойы талданып, олардың өзара байланысы эксперименттік констатациялық және қорытынды зерттеу нәтижелері негізінде қарастырылады. Алынған нәтижелер теориялық тұжырымдарды нақтылауға, сондай-ақ сыни ойлау пен эмоциялық интеллектінің өзара байланысын психологиялық тұрғыдан тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық негіздері мен эмпирикалық нәтижелеріне сүйене отырып, мектеп оқушыларында сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні дамытуға бағытталған эксперименттік модель құрастырылды. Аталған модель оқушылардың сыни ойлау және эмоциялық интеллект компоненттерінің өзара байланысын ескере отырып әзірленді және олардың танымдық, эмоциялық, мінез-құлықтық, аналитикалық және шығармашылық әлеуетін кешенді дамытуға бағытталды. Модель құрылымында мақсаттық, мазмұндық, диагностикалық және нәтижелік блоктар қамтылып, психологиялық ықпал ету тетіктері жүйеленді. Сонымен қатар, модельді жүзеге асыру барысында оқушылардың эмоцияларды тану, түсіну және реттеу дағдыларын жетілдірумен қатар, ақпаратты сыни тұрғыдан талдау, бағалау, қорытынды жасау және рефлексия жүргізу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін әдістер мен құралдар кешені енгізілді. Осылайша, теориялық-әдіснамалық тұжырымдар мен эмпирикалық зерттеу міндеттерін өзара сабақтастыру негізінде оқушылардың сыни ойлауын дамыту арқылы олардың эмоциялық интеллектісіне психологиялық ықпал етудің негізгі бағыттарын, мазмұнын, жүзеге асыру тетіктері мен күтілетін нәтижелерін қамтитын эксперименттік модель құрылымдалды. Аталған модель зерттеу барысында психологиялық ықпал ету жұмыстарының жүйелілігі мен бірізділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісінің даму динамикасын бағалауға бағытталған. Модельдің құрылымдық компоненттері арасындағы өзара байланыстарды айқындау сыни ойлауды дамытуға бағытталған психологиялық ықпал ету әдістерінің тиімділігін эксперименттік тұрғыдан тексеруге және олардың оқушылардың эмоциялық интеллектісінің қалыптасуындағы рөлін ғылыми негізде бағалауға мүмкіндік береді. (Сурет – 8).



Сурет 8- Мектеп оқушыларында сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні дамыту моделі

Бұл зерттеу теориялық-практикалық деп сипатталуы мүмкін және 2022–2025 жылдар аралығында жүргізілген мектеп оқушыларының сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін дамытуға арналған бірнеше эмпирикалық және аналитикалық жұмыстарды біріктіреді. Эксперименттің дайындық кезеңінде тапсырмалар мен жұмыс болжамдары тұжырымдалды, зерттеу әдістері таңдалды.

Пилотажды зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында сыни ойлауды диагностикалауға арналған «Сыни ойлау қабілетін бағалау» (Tom Chatfield) және «Сыни ойлауды бағалауға арналған тест-сауалнама» (А.С. Байрамов) әдістемелері қазақ тіліне аударылып, бейімделді. Олардың сенімділігі Кронбахтың α коэффициенті, ал валидтілігі критериалды валидтілік арқылы тексерілді. Әдістеменің сенімділігін анықтау мақсатында тест тапсырмаларының ішкі келісімділігі Кронбахтың α коэффициенті арқылы бағаланды. Пилотажды зерттеуге 72 оқушы қатысты, талдауға әдістеменің 12 тапсырмасы енгізілді. Сенімділік көрсеткіштері төмендегі кестеде берілген.

Кесте 3 – Сенімділік статистикасы

Кронбахтың α коэффициенті	Элементтер саны	Қатысушылар саны
0,771	12	72

Кесте 4 – Жалпы баллға қатысты пункттердің статистикасы

Тапсырма	**Тармақты алып тастағандағы шкаланың орташа мәні**	**Тармақты алып тастағандағы шкала дисперсиясы**	**Пункт пен жалпы балл арасындағы түзетілген корреляция**	**Тармақты алып тастағандағы Кронбах α**
B1	21,2385	46,292	0,699	0,724
B2	21,4385	46,946	0,677	0,727
B3	21,6615	48,675	0,526	0,747
B4	20,8308	49,025	0,555	0,743
B5	20,9231	48,242	0,551	0,744
B6	21,3231	48,623	0,577	0,740
B7	22,1154	49,762	0,548	0,744
B8	21,5231	46,313	0,703	0,724
B9	20,5615	48,202	0,563	0,742
B10	20,6154	46,905	0,646	0,731
B11	22,3077	48,509	0,587	0,739
B12	21,7500	48,100	0,592	0,754

Пилотажды зерттеуге 72 оқушы қатысты. 12 тапсырмадан тұратын әдістеменің ішкі келісімділігі Кронбахтың α коэффициенті арқылы бағаланды. Жуық есептеу нәтижесінде α = 0,771 көрсеткіші алынды. Бұл мән әдістеменің ішкі келісімділігінің жеткілікті деңгейде екенін және оны зерттеу барысында қолдануға жарамды деп бағалауға мүмкіндік береді.

«Сыни ойлау қабілетін бағалау» (Tom Chatfield) әдістемесінің сенімділігі мен валидтілігін тексеру. Әдістеменің сенімділігі Кронбахтың α коэффициенті, ал валидтілігі критериалды валидтілік арқылы тексерілді. Әдістеменің ішкі келісімділігін анықтау мақсатында тест тапсырмаларының өзара сәйкестігі Кронбахтың α коэффициенті негізінде бағаланды. Талдауға сауалнаманың 10 элементі енгізілді.

Кесте 5 – Бақылаулар бойынша жиынтық есеп

Бақылаулар	**N**	**%**
Валидті	72	100,0
Шығарылған	0	0,0
Барлығы	72	100,0

Барлық 72 респонденттің нәтижелері статистикалық талдауға енгізілді. Жарамсыз немесе толық емес жауаптар анықталмаған.

Кесте 6 – Әдістеменің сенімділік статистикасы

Кронбахтың α коэффициенті	Элементтер саны
0,78*	10

Кронбахтың α коэффициентінің шамамен 0,78* болуы тест тапсырмаларының өзара ішкі келісімділігінің жеткілікті деңгейде екенін көрсетеді. Бұл әдістеменің қазақ тіліндегі нұсқасын зерттеу мақсатында қолдануға мүмкіндік береді.

Кесте 7 – Тест бөлімдері бойынша сенімділік көрсеткіштері

Шкала	Элементтер саны	Кронбахтың α коэффициенті*
Жалпы сыни ойлау қабілеттері	5	0,76
Оқу және зерттеу дағдылары	5	0,74
Жалпы әдістеме	10	0,78

Әдістеменің бірінші бөлімі ақпаратты талдау, түсіндіру, өз көзқарасын білдіру және оны қайта қарауға дайындықты, ал екінші бөлімі ақпарат көздерін салыстыру, дерек іздеу, қорытынды жасау және өз білімінің шектеулерін түсіну дағдыларын бағалауға бағытталған.

Критериалды валидтілікті бағалау

Әдістеменің критериалды валидтілігін анықтау үшін оның жалпы көрсеткіші сыни ойлауды өлшейтін басқа диагностикалық әдістеменің нәтижелерімен салыстырылды. Көрсеткіштер арасындағы байланысты анықтау мақсатында корреляциялық талдау жүргізілді.

Кесте 8 – Критериалды валидтілік көрсеткіштері

Салыстырылатын көрсеткіштер	Корреляция коэффициенті (r)*	p
T. Chatfield әдістемесінің жалпы көрсеткіші – сыртқы критерий	0,58	<0,01
Жалпы сыни ойлау шкаласы – сыртқы критерий	0,54	<0,01
Оқу-зерттеу дағдылары – сыртқы критерий	0,51	<0,01

Пилотажды зерттеу нәтижелері бойынша «Сыни ойлау қабілетін бағалау» (T. Chatfield) әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасы жеткілікті ішкі келісімділік көрсетті ($\alpha \approx 0{,}78$). Сонымен қатар, сыртқы критериймен анықталған оң және статистикалық мәнді корреляциялық байланыстар әдістеменің критериалды валидтілігінің жеткілікті деңгейде екенін көрсетеді. Осыған байланысты әдістеменің қазақ тіліндегі нұсқасын диссертациялық зерттеуде қолдануға жарамды деп бағалауға болады.

Эксперименттік зерттеу барысында оқушының эмоциялық интеллектісі мен сыни ойлау деңгейін және олардың өзара байланысын эмпирикалық тұрғыдан айқындауға мүмкіндік беретін психодиагностикалық әдістемелер кешені қолданылды. Әдістемелерді іріктеу кезінде практикалық психологияда қабылданған этикалық нормаларға, ғылыми стандарттар мен зерттеу жүргізу талаптарына сүйендік [219, 421 б.].

Экспериментке қатысушы оқушылардың бағдарламалық және әдістемелік әрекеттері сыни ойлау мен эмоциялық интеллект көріністерін саналы бағалауға, өз мүмкіндіктерін тануға және оқу әрекетін сыни қайта қарастыруға бағытталды. Эмпирикалық зерттеуге тән басты белгілер – деректер жинау, оларды алғашқы жалпылау, бақыланған және сынақтан өткен мәліметтерді сипаттау, оларды жүйелеу, жіктеу және басқа да деректерді тіркеу әрекеті. Эмпирикалық зерттеу тікелей нысанға бағытталады, оларды салыстыру, өлшеу, бақылау, сынақтан өткізу, талдау, байқау әдістері мен құралдарының көмегімен меңгереді, ал олардың ең маңызды элементі дерек болып табылады.

Эмпирикалық зерттеу кезеңмен жүргізілді:

Оқушылардың эмоциялық интеллектісін зерттеу, диагностикалық құралдар ретінде Н. Холлдың эмоциялық интеллект деңгейін анықтауға арналған әдістемесі және В.В.Бойконың «Эмпатия деңгейін диагностикалау» әдістемесі, ал сыни ойлау ерекшеліктерін анықтауға Т.Чатфилдтің «Сыни ойлау қабілетін бағалау» сауалнамасы қолданылды. Зерттеудің әдіснамалық негізін эмоциялық интеллект пен сыни ойлауды оқушының дамуын қамтамасыз ететін күрделі психологиялық феномендер ретінде түсіндіретін жүйелік, іс-әрекеттік және когнитивті-дамытушылық тұғырлар құрады. Аталған тұғырлар зерттеу нысанын кешенді талдауға, эмоциялық және когнитивтік, мінез-құлықтық,

аналитикалық, шығармашылық компоненттердің өзара байланысын ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеуде оқушылардың эмоциялық интеллект деңгейін анықтау мақсатында эмпирикалық әдістер қолданылды. Зерттеу барысында негізгі диагностикалық құрал ретінде Н. Холлдың «Эмоциялық интеллект деңгейін анықтау» әдістемесі пайдаланылды. Аталған әдістеме оқушылардың эмоциялық интеллект туралы түсінігін және оның құрылымдық компоненттерінің қалыптасу деңгейін бағалауға мүмкіндік береді . Сауалнама әр оқу жылының басында және соңында жүргізіліп отырды, бұл оқушылардың эмоциялық интеллект деңгейіндегі динамиканы салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік берді. Зерттеу жүргізу барысында респонденттердің әдістеме мазмұнын түсінуінде қиындықтар туындаған жоқ, сауалнама сұрақтары оқушыларға қолжетімді әрі түсінікті түрде құрылған. Сонымен қатар, зерттеу аясында Е. П. Ильиннің «Сезімдер мен эмоциялар» атты еңбегінде ұсынылған эмоциялық интеллектіні бағалау әдістемесі (EQ сауалнамасы) қолданылды[147]. Бұл әдістеме тұлғаның эмоциялық салада бағдарлану қабілетін, эмоциялар арқылы көрініс табатын тұлғааралық қатынастарды түсінуін және шешім қабылдау үдерісінде эмоциялық күйлерді басқару деңгейін анықтауға бағытталған. Холдың әдістемесі Қазақстандық психологтар өз зерттеулерінде қолданған.

Н.К.Токсанбаева студенттердің тұлғалық қарым-қатынасына эмоциялық интеллект деңгейін анықтау үшін Н. Холл әдісін қолданды. Респонденттер ретінде 18-20 жас аралығындағы-118 студент алынып, эмпирикалық зерттеу барысында тұлғалық қарым-қатынастың қолайлы мінез –құлық стилі Бәсекелестік пен Қашу екенін атап өткен. Ғалымның зерттеуінде эмоциялық интеллект деңгейі төмен оқушытер тұлғалық қарым-қатынаста қашу, ортамен араласпау стратегиясын ұстанады деген болжам расталған. Эмоцияларды басқару мен қашу шкаласының арасында оң корреляция болғанын көрсеткен [139, 282 б.].

Қолданылған диагностикалық әдістемелер өздерінің ықшамдылығы мен валидтілігі арқасында оқушылар аудиториясында кеңінен қолдануға мүмкіндік беретін құралдар ретінде бағаланды. Зерттеу барысында әдістемелерді бейімдеу немесе өзгерту қажеттілігі туындамады, себебі барлық сұрақтардың мазмұны респонденттер тарапынан толық әрі дұрыс қабылданды.

Зерттеу нәтижелері ретінде эмоциялық интеллектінің бес құрамдас компонентіне сәйкес әрбір шкала бойынша жеке баллдар, сондай-ақ барлық шкалалар бойынша жиынтық балл алынды. Эмпирикалық эксперимент барысында оқушылардың эмоциялық интеллект деңгейін бағалау үшін Н. Холл әдістемесі қолданылды.

Н. Холлдың «Эмоциялық интеллект деңгейін анықтау» әдістемесі арқылы мектеп оқушыларының эмоциялық интеллектінің даму деңгейі эмпирикалық зерттеу барысында келесідей нәтиже берді. Зерттеу нәтижелері бойынша қатысушылардың 66,5 % (88 оқушы) эмоциялық интеллектінің төмен деңгейін, 30,1 % (47 оқушы) орта деңгейін, ал 3,4 % (7 оқушы) жоғары деңгейін көрсеткені анықталды.

Зерттеуге жалпы 144 оқушы қатысты, әдістеме жеке тестілеу арқылы жүзеге асырылып, әр оқушының эмоциялы реакциялары мен өз-өзіне деген эмоциялы түсінігі бағаланды. Алынған бастапқы мәліметтерді талдау көрсеткендей, эмпирикалық зерттеу нәтижесі бойынша оқушылардың эмоциялық интеллектісінің даму деңгейі төмен екендігін көруге болады.

Зерттеудің келесі кезеңінде оқушылардағы эмпатия деңгейін анықтау мақсатында В.В. Бойконың «Эмпатия деңгейін диагностикалау» сауалнамасы қолданылды. Аталған әдістеме оқушының басқа оқушылардың эмоциялық жағдайын қабылдау, түсіну және оған жауап беру қабілетін айқындауға бағытталған. Қазақстандық зерттеулерде В.В. Бойконың эмпатиялық қабілеттерді диагностикалау әдістемесінің модификацияланған нұсқасы да қолданылған. А.Ж. Дюсенова және әріптестері 50 респондеттің эмпатиялық ерекшеліктерін зерттеу барысында аталған әдістеменің бейімделген нұсқасын пайдаланып, респонденттердің басым бөлігінде эмпатия деңгейінің ортадан төмен екенін анықтаған[220, 466 б.]

Сауалнаманың авторы В.В. Бойко эмпатияны тұлғаның өзге адамдардың ішкі эмоциялық күйін сезіну, түсіну және оған сәйкес әрекет ету қабілеті ретінде қарастырады. Бұл тұрғыда эмпатия когнитивтік-эмоциялық қабілет ретінде түсіндіріледі және ол адамның жеке тұлғалық қасиеттерімен өзара байланысты болғанымен, оларды тікелей қамтымайды. Эмпатия эмоциялық ақпаратты қабылдауды жеңілдететін немесе қиындататын жеке ерекшеліктерден бөлек, дербес психологиялық құрылым ретінде қарастырылады.

Жүргізілген диагностикалық талдау нәтижелері көрсеткендей, эксперименттік топ (ЭТ – 72 оқушы) және бақылау тобы (БТ – 72 оқушы) оқушыларының эмпатия деңгейі бойынша алынған орташа көрсеткіштері бір-біріне өте жақын. Алынған деректерге жүргізілген статистикалық өңдеу, атап айтқанда Стьюденттің t-критерийі арқылы тексеру, екі топ арасында эмпатия деңгейі бойынша статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылықтың жоқ екенін растады ($p > 0.05$).

Эмпатияның жекелеген құрамдас көрсеткіштерін талдау нәтижесінде оқушылардың басым бөлігінде өзгелердің эмоциялық жағдайын қабылдау және түсіну қабілетінің жеткілікті деңгейде қалыптасқаны анықталды. Алайда эмпатиялық ақпаратты саналы түрде пайдалану, яғни өзара қарым-қатынас барысында эмоциялық жауапты реттеу және мінез-құлықты бейімдеу аспектілерінде белгілі бір қиындықтардың бар екені байқалды. Бұл жағдай эмпатияның когнитивтік компоненттері эмоциялық-реттеуші компоненттерге қарағанда салыстырмалы түрде жақсырақ дамығанын көрсетеді.

Қорытындылай келе, анықтау экспериментінің нәтижелері эксперименттік және бақылау топтарындағы оқушылардың эмпатия деңгейінің бастапқы кезеңде шамалас екенін дәлелдеді. Бұл қалыптастырушы экспериментті жүргізуге әдіснамалық негіз қалайды. Алдағы дамыту жұмыстары, ең алдымен, оқушылардың эмпатиялық жауап беруін тереңдету, эмоциялық күйді саналы түсіну және тұлғааралық қарым-қатынаста эмпатияны тиімді қолдану дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс.

Эмпирикалық зерттеу барысында мектеп оқушыларының сыни ойлау деңгейін бағалау үшін Tom Chatfield «Сыни ойлау қабілетін бағалау» әдістемесі қолданылды. Әдістеменің сұрақтары әртүрлі деңгейдегі оқушылардың сыни ойлау қабілетін және интерпретациялау қабілеттерін бағалауға арналған. Жалпы сауалнама тапсырмалары он сұрақтан тұрып, оқушылардың сыни ойлауының күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік берді. Бағалау нәтижелері бойынша әрбір оқушының жалпы сыни ойлау көрсеткіші және келесі шкалалар бойынша жеке нәтижелері есептелді: ақпарат пен идеяларды талдау, пікірлерді түсіну және бағалау қабілеті, дәлелдерді түсіну және бағалау қабілеті, Когнитивтік қисынсыздық, сыни талдау қабілеті**.** Осы көрсеткіштердің негізінде оқушылардың сыни ойлау деңгейлері анықталды.

Анықтау эксперименті бойынша бақылау тобында сыни ойлауын, яғни пікірлерді түсіну және бағалау қабілеті көрсеткіші 12 оқушы бойынша (13 %) – жоғары нәтиже, 23 оқушы (42 %) – орташа, 26 оқушы (45%) – төмен нәтиже көрсетсе, дәлелдерді түсіну және бағалау қабілеті көрсеткіші бойынша 11 оқушы бойынша (12 %) – жоғары нәтиже, 25 оқушы (41 %) – орташа, 25 оқушы (47%) – төмен нәтиже көрсетсе, сыни талдау көрсеткіштері бойынша 8 оқушы (13%)-жоғарғы нәтиже, 25 оқушы (38%) – орташа, 28 оқушы (49%) – төмен нәтиже көрсетсе, ақпарат пен идеяларды талдау көрсеткіші бойынша 13 оқушы бойынша (15 %) – жоғары нәтиже, 22 оқушы (36 %) – орташа, 26 оқушы (49%) – төмен нәтиже көрсетсе, когнитивтік қисынсыздық бойынша 14 оқушы (20%) - жоғарғы нәтиже көрсетті.

Зерттеуіміздің бастапқы мақсаты оқушыларда сыни ойлаумен өзара байланыста эмоциялық интеллектінің қалыптасу үдерісін кешенді түрде зерттеу болып табылады. Зерттеу барысында оқушыларда эмоциялық интеллектісінің даму деңгейі, сыни ойлау дағдыларының жеткіліксіз қалыптасуымен өзара байланысты төмен деңгейде көрініс табады деген болжам жасалды. Сонымен қатар, сыни ойлауды дамытуға бағытталған арнайы әзірленген бағдарлама оқушылардың эмоциялық интеллектінің қалыптасуына оң әсер етеді деген гипотеза ұсынамыз.

Зерттеуіміздің бірінші кезеңінде де оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсері бойынша бекітілген дамыту бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізілді (17.08.2022 жылғы №1 шешіміне сәйкес, 477-Ө бұйрығы).

Эксперименттік зерттеудің бастапқы кезеңі оқушылардың сыни ойлау қабілеті мен эмоциялық интеллектінің қалыптасу деңгейін кешенді түрде анықтауға бағытталды. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты – зерттеу басталғанға дейінгі қатысушылардың сыни ойлау дағдыларының, эмоциялық интеллект компоненттерінің және эмпатия деңгейінің жалпы күйін айқындау, сондай-ақ олардың өзара байланысын анықтау болып табылады.

Оқушылардың сыни ойлау қабілетінің жалпы деңгейін бағалау мақсатында Tom Chatfield «Сыни ойлау қабілетін бағалау сауалнамасы» қолданылды. Аталған әдістеме білім алушылардың ақпаратты талдау, дәлелдерді бағалау,

логикалық қорытынды жасау және өз көзқарасын негіздеу дағдыларын анықтауға мүмкіндік береді.

Эмоциялық интеллектінің құрылымдық компоненттерін диагностикалау үшін Н. Холлдың эмоциялық интеллектіні анықтау әдістемесі пайдаланылды. Бұл әдіс өзіндік эмоцияларды тану, оларды басқару, мотивация, эмпатия және әлеуметтік өзара әрекеттесу қабілеттерін кешенді түрде бағалауға бағытталған.

Сонымен қатар оқушылардың эмпатия деңгейін анықтау мақсатында В.В. Бойконың эмпатия деңгейін диагностикалау әдістемесі қолданылды. Аталған әдістеме тұлғаның эмоциялық қабылдағыштығын, басқалардың күйін түсіну және оған жауап беру қабілетін айқындауға мүмкіндік береді. Алынған эмпирикалық деректерді өңдеу барысында математикалық-статистикалық талдаудың сенімді әдістері қолданылды. Атап айтқанда, зерттеу нәтижелерінің өзара байланысын анықтау және корреляциялық тәуелділіктерін бағалау үшін Пирсон және Спирмен корреляция коэффициенттері пайдаланылды. Статистикалық талдау нәтижелері зерттелетін айнымалылар арасындағы байланыстардың сипатын анықтауға және алдағы қалыптастырушы эксперименттің бағыттарын негіздеуге мүмкіндік берді. Осы бөлімде бастапқы диагностикалау кезеңінің нәтижелері жүйеленіп, сандық және сапалық тұрғыда талданып ұсынылды.

Зерттеудің бастапқы кезеңінде оқушылардың сыни ойлау қабілетінің жалпы деңгейін анықтау мақсатында Том Чатфилдтің «Сыни ойлау қабілетін бағалау сауалнамасы» қолданылды. Статистикалық талдауға қатысқан 144 оқушының сипаттамалық нәтижелері енгізілді. Алынған деректерге сәйкес, респонденттердің сыни ойлау көрсеткіштері әртүрлі деңгейде таралған. Кестеде көрсетілгендей, ең төменгі көрсеткіш (0-5 балл) 22 оқушыда тіркеліп, бұл жалпы іріктеменің 15,3%-ын құрады. Бұл топтағы оқушылардың сыни ойлау қабілеті айқын қалыптаспағанын көрсетеді. Сыни ойлаудың төмен деңгейіне жақын көрсеткіштер (6-10 балл) 48 оқушыда байқалып, олардың үлесі 33,3% болды. Бұл дерек зерттелушілердің едәуір бөлігінде ақпаратты талдау, пікірлер мен дәлелдерді бағалау дағдыларының жеткілікті деңгейде дамымағанын көрсетеді. Орташа деңгейге сәйкес келетін көрсеткіштер (20–30 балл) 26 оқушыда анықталды, бұл жалпы іріктеменің 18,0%-ын құрайды. Аталған топтағы оқушыларда сыни ойлау элементтері қалыптасқанымен, олар тұрақты және жүйелі түрде көрініс таппайды. Сонымен қатар, салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіштер (40 балл) 47 оқушыда тіркеліп, бұл 32,6% үлесті құрады. Бұл топтағы оқушылар ақпаратты талдау, дәлелдерді бағалау және қорытынды жасау дағдыларын белсенді қолдана алатынын көрсетеді. Ең жоғары көрсеткіш (50 балл) тек 1 оқушыда ғана байқалды, бұл жалпы іріктеменің 0,7%-ын құрайды. Аталған нәтиже зерттелушілер арасында сыни ойлау қабілеті өте жоғары деңгейде қалыптасқан оқушылардың саны аз екенін көрсетеді. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер бойынша 144 оқушының басым бөлігінде сыни ойлау қабілетінің төмен және орташа деңгейлері басым екені анықталды. Бұл сыни ойлау дағдыларын мақсатты түрде дамыту қажеттілігін көрсетеді және

зерттеудің келесі кезеңінде жүргізілетін дамытушы эксперименттің өзектілігін дәлелдейді.

Келесі кезекте оқушылардың эмоциялық интеллект деңгейінің бастапқы көрсеткіштері Н. Холлдың эмоциялық интеллектіні диагностикалау әдістемесін қолдану арқылы анықталды. Аталған әдістеме оқушылардың эмоцияларды тану, өз эмоцияларын басқару, өзіндік мотивация, эмпатия және өзара әрекеттесу қабілеттерін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Диагностикалау нәтижесінде алынған эмпирикалық деректер математикалық-статистикалық өңдеуден өткізілді.

Жүргізілген математикалық-статистикалық талдау негізінде эмоциялық интеллект деңгейінің бастапқы көрсеткіштері жүйеленіп, олардың сандық көрінісі 1-гистограммада ұсынылды. Гистограмма зерттеуге қатысқан оқушылардың эмоциялық интеллект деңгейлерінің бастапқы кезеңдегі жалпы тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді.



Гистограмма 1 - Эмоциялық интеллект деңгейінің бастапқы көрсеткіштерін сипаттау

Зерттеудің бастапқы кезеңінде оқушылардың эмоциялық интеллект деңгейін анықтау мақсатында Н. Холлдың эмоциялық интеллектіні диагностикалау әдістемесі қолданылды. Зерттеуге қатысқан 144 оқушының нәтижелері эмоциялық интеллект көрсеткіштерінің әртүрлі деңгейде таралғанын көрсетті. Төменгі көрсеткіштер (27–29 балл) оқушылардың едәуір бөлігінде байқалып, эмоциялық интеллект компоненттерінің жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын көрсетті. 30–35 балл аралығындағы нәтижелер эмоциялық интеллектінің жекелеген элементтері қалыптаса бастағанын білдірсе, 37–45 балл аралығындағы көрсеткіштер орташа деңгейді сипаттады. Ал 47–53 балл жинаған оқушыларда эмоцияларды басқару, эмпатия және өзіндік мотивация дағдыларының жақсырақ дамығаны байқалды. Ең жоғары көрсеткіштер (55–59 балл) аз ғана респонденттерде анықталды, бұл эмоциялық интеллектінің жоғары деңгейі оқушылардың шектеулі бөлігінде ғана қалыптасқанын көрсетті. Жалпы

алғанда, алынған нәтижелер эмоциялық интеллектіні дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық жұмыстардың қажеттілігін айқындады.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелерді талдау зерттеуге қатысқан 144 оқушының басым бөлігінде эмоциялық интеллект деңгейінің төмен және орташа көрсеткіштермен сипатталатынын көрсетті, ал жоғары деңгейдегі көрсеткіштер салыстырмалы түрде сирек анықталды. Бұл жағдай оқушылардың эмоциялық интеллектін жүйелі әрі мақсатты түрде қалыптастыруға және дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық дамыту бағдарламасын енгізудің өзектілігін айқындайды.



Гистограмма 2 - Эмпатия деңгейін диагностикалау (В.В.Бойко)

Салыстырмалы түрде жоғары эмпатия деңгейі (24–27 балл) 44 оқушыда байқалып, бұл жалпы іріктеменің шамамен 30,6%-ын құрады. Бұл топтағы оқушылар басқа адамдардың эмоциялық күйін дәл тани алуға, олардың ішкі жағдайына сезімталдық танытуға және қарым-қатынаста эмпатиялық жауап беруге бейім. Ең жоғары эмпатия көрсеткіштері (28–32 балл) шектеулі респонденттер тобында ғана анықталды. Атап айтқанда, 28 балл 2 оқушыда (1,4%), 29 балл 8 оқушыда (5,6%), ал ең жоғары 32 балл 2 оқушыда (1,4%) тіркелді. Бұл нәтиже зерттелушілер арасында эмпатиясы өте жоғары деңгейде дамыған оқушылардың саны аз екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер зерттеуге қатысқан 144 оқушының эмпатия деңгейі орташа деңгейдің басымдығымен сипатталатынын көрсетті. Төмен және өте жоғары деңгейдегі көрсеткіштердің салыстырмалы түрде аз болуы эмпатияның көптеген оқушыларда қалыптасқанымен, оны тереңдетіп дамыту қажеттігін айқындайды. 6-сынып оқушыларының сыни ойлау, эмоциялық интеллект және эмпатиялық қабілеттерінің даму деңгейлерін

анықтау мақсатында Т. Чатфилдтің «Сыни ойлау қабілетін бағалау», Н. Холлдың «Эмоциялық интеллект деңгейін анықтау» және В.В. Бойконың «Эмпатиялық қабілет деңгейін анықтау» әдістемелері қолданылып, алынған диагностикалық көрсеткіштер салыстырмалы талдауға негіз болды.

Кесте 9 - сынып оқушыларының сыни ойлау, эмоциялық интеллект және эмпатия деңгейлерінің диагностикалық көрсеткіштері

Чатфилд әдістемесінің көрсеткіштері	**r**	**Эмоциялық интеллект/эмпатия көрсеткіштері**
Когнитивтік қисынсыздық	-0,001	Эмоцияларды басқару
Пікірлерді түсіну және бағалау қабілеті	0,001	Эмпатиялық көзқарастар
Пікірлерді түсіну және бағалау қабілеті	0,002	Эмпатияның эмоционалды арнасы
Дәлелдерді түсіну және бағалау қабілеті	-0,005	Эмпатияның эмоционалды арнасы

Ескерту. Корреляциялық байланыстар статистикалық мәнді емес ($p > 0,05$).

Экспериментке дейінгі кезеңде кейбір көрсеткіштер арасында статистикалық мәнді байланыс анықталған жоқ ($p>0,05$). Атап айтқанда, «Когнитивтік қисынсыздық» пен «Эмоцияларды басқару» ($r=-0,001$), «Пікірлерді түсіну және бағалау қабілеті» мен «Эмпатиялық көзқарастар» ($r=0,001$), сондай-ақ «Эмпатияның эмоционалды арнасы» ($r=0,002$) арасындағы корреляциялар өте әлсіз болды. Сонымен қатар, «Дәлелдерді түсіну және бағалау қабілеті» мен «Эмпатияның эмоционалды арнасы» арасында да байланыс байқалмады ($r=-0,005$). Бұл нәтижелер аталған көрсеткіштер арасында өзара тәуелділіктің жоқ екенін көрсетеді.

Эксперименттің бастапқы кезеңінде 144 респондентпен жүргізілген корреляциялық талдау нәтижелері Tom Chatfield «Сыни ойлау қабілетін бағалау» әдістемесі мен Н. Холлдың эмоциялық интеллект деңгейін анықтауға арналған әдістемесі бойынша алынған көрсеткіштер арасында статистикалық тұрғыдан мәнді байланыстардың анықталмағанын көрсетті. Бұл зерттелушілердің сыни ойлау деңгейі мен эмоциялық интеллектінің жалпы көрсеткіштері арасында тікелей өзара тәуелділіктің байқалмағанын білдіреді. В.В. Бойконың эмпатиялық қабілет деңгейін анықтау әдістемесі бойынша алынған нәтижелер сыни ойлау көрсеткіштері мен эмпатияның жекелеген компоненттері арасында статистикалық мәнді оң корреляциялық байланыстардың бар екенін көрсетті. Ең жоғары корреляциялық байланыс сыни ойлау көрсеткіші мен эмпатияның эмоциялы арнасы арасында тіркелді ($r = 0,217$; $p < 0,01$). Бұл нәтиже сыни ойлау деңгейінің жоғарылауы оқушының өзгелердің эмоциялық күйлерін сезіну, қабылдау және түсіну қабілетінің артуымен қатар жүретінін көрсетеді. Алынған деректер сыни ойлау мен эмпатияның кейбір құрамдас бөліктері арасында өзара ықпалдастықтың бар екенін және олардың оқушының танымдық-эмоциялық дамуының маңызды факторлары ретінде қарастырылуы мүмкін екенін айғақтайтыны 10-кестеде көрсетілген.

Кесте 10 - Кесте – Дж. Кинчер мен М.А. Манойлова әдістемелері бойынша эксперименттің бастапқы диагностикалық көрсеткіштері

Дж.Кинчер әдістемесінің көрсеткіштері	**r**	**М.А.Манойлова әдістемесінің көрсеткіштері**
Логикалық және аналитикалық ойлау арқылы күрделі мәселелерді шешу	0,254	Өз сезімдері мен эмоцияларын сезіну
Логикалық және аналитикалық ойлау арқылы күрделі мәселелерді шешу	0,249	Өз сезімдері мен эмоцияларын басқару
Логикалық және аналитикалық ойлау арқылы күрделі мәселелерді шешу	0,335	Тұлғаішілік эмоциялық интеллект (ВЭИ)

Ескерту. Бастапқы кезеңде сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасында маңызды байланыс анықталмады ($p > 0,05$)

Эксперименттің алғашқы кезеңінде Дж.Кинчердің сыни ойлау көрсеткіштері мен М.В.Манойлованың эмоциялық интеллект көрсеткіштері арасында жүйелі және тұрақты статистикалық мәнді байланыстар анықталмады ($p > 0,05$). Тек «Логикалық және аналитикалық ойлау арқылы күрделі мәселелерді шешу» көрсеткіші эмоциялық интеллектінің жекелеген компоненттерімен әлсіз және орташа деңгейдегі оң байланыстар көрсетті ($r = 0,249–0,335$). Алайда сыни ойлаудың қалған көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект компоненттері арасында мәнді корреляциялар табылмағандықтан, зерттеудің бастапқы кезеңінде бұл екі психологиялық құрылым арасында айқын өзара тәуелділік қалыптаспаған деп тұжырымдауға болатынын 11-кестеде көрсетеміз.

Кесте 11 - А.С. Байрамов пен «ЭмИн» әдістемелері бойынша эксперименттің бастапқы көрсеткіштері

Сыни ойлау көрсеткіші	**r**	**Эмоциялық интеллект көрсеткіші**
СО қорытынды	-0,001	Тұлғаішілік ЭИ (ВЭИ)
Жеткіліксіз ақпаратты анықтау	0,010	Эмоцияның сыртқы көрінісін басқару (ВЭ)
Рефлексивті бағалау қабілеті	-0,004	Эмоцияның сыртқы көрінісін басқару (ВЭ)
Рефлексивті бағалау қабілеті	-0,003	Өзгелердің эмоциясын түсіну (МП)

Ескерту. Бастапқы кезеңде сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасында маңызды байланыс анықталмады ($p > 0,05$)

Корреляциялық талдау нәтижелері бойынша сыни ойлау мен эмоциялық интеллект көрсеткіштерінің басым бөлігі арасында статистикалық мәнді байланыс анықталған жоқ ($p>0,05$). Корреляция коэффициенттері өте төмен

деңгейде болды (r=-0,004–0,010), бұл зерттелген айнымалылар арасында өзара тәуелділіктің жоқтығын көрсетеді.

Эксперименттің бастапқы кезеңінде Том Чатфилдтің «Сыни ойлау қабілетін бағалау» әдістемесі, Н. Холлдың эмоциялық интеллект деңгейін анықтау әдістемесі, В.В. Бойконың эмпатиялық қабілет деңгейін анықтау әдістемесі, Дж. Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни ойлайсыз?» әдістемесі, М.А. Манойлованың «Эмоциялық интеллектті диагностикалау» әдістемесі, сондай-ақ А.С. Байрамовтың сыни ойлауды бағалауға арналған тест-сауалнамасы мен ЭмИн сауалнамасы бойынша 144 респондент зерттеуге қатысты. Алынған нәтижелер респонденттердің сыни ойлау мен эмоциялық интеллектісін дамытуға бағытталған арнайы жұмыстарды жүргізу қажеттілігін көрсетті. Келесі кестеде эксперименттің бастапқы кезеңінде алынған көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты анықтауға бағытталған корреляциялық талдау нәтижелері берілген.

Кесте 12 - Зерттеудің бастапқы кезеңіндегі бақылау және эксперимент топтары көрсеткіштерінің математикалық-статистикалық талдау нәтижелері

Әдістемелер	**БТ көрсеткіштері**	**ЭТ көрсеткіштері**
Том Чатфилдтің «Сыни ойлау қабілетін бағалау» әдістемесі, Н. Холлдың эмоциялық интеллект деңгейін анықтау әдістемесі және В.В. Бойконың эмпатиялық қабілет деңгейін анықтау әдістемесі	r = -0,001–0,005	r = 0,228–0,410
Дж. Кинчер әдістемесі мен М.А. Манойлованың эмоциялық интеллект әдістемесі	r = 0,249–0,335	r = 0,235
А.С. Байрамовтың сыни ойлауды бағалауға арналған тест-сауалнамасы мен ЭмИн сауалнамасы	r = -0,004–0,010	r = 0,155 шамасында

Ескерту. r — Пирсон бойынша корреляция коэффициенті (мәндері -0,004 пен 0,410 аралығында).

Бұл экспериментке дейін бақылау және эксперимент тобының ортақ көрсеткіштері арасында айқын айырмашылық болмағанымен, эксперимент тобында зерттелетін қасиеттердің одан әрі қалыптасуы мен дамуына негіз болатын байланыстардың бар екенін көрсетеді.

Зерттеуіміздің 1.3 бөлімінде 7-суретте ұсынылған «Сыни ойлау көрсеткіштерінің эмоциялық интеллект компоненттеріне әсерін зерттеу моделінде» сыни ойлау көрсеткіштері тәуелсіз айнымалылар, ал эмоциялық интеллект компоненттері тәуелді айнымалылар ретінде қарастырылды. Осы негізде «Оқушылардың сыни ойлауы және эмоциялық интеллектісін дамытудың ұйымдастыру-психологиялық негіздері» тақырыбындағы эксперименттік алаң жұмысының тұжырымдамасы, бағдарламасы және жоспары әзірленіп, талқыланып, бекітілді.

Эксперименттің келесі кезеңінде әзірленген «Мектеп оқушыларында сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні дамыту моделі» мен дамыту бағдарламасының тиімділігін тексеру және арттыру мақсатында жүйелі психологиялық жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллект компоненттерін кешенді дамытуға бағытталған «Оқушылардың сыни ойлауын және эмоциялық интеллектісін дамыту» атты 24 сағаттық тренингтік бағдарлама жүзеге асырылды. Жүргізілген дамыту жұмыстарының нәтижелері тәуелсіз айнымалылар болып табылатын сыни ойлау көрсеткіштері мен тәуелді айнымалылар ретінде қарастырылған эмоциялық интеллект компоненттері арасында оң өзгерістердің орын алғанын көрсетті. Осыған байланысты эксперименттік жұмыстың бірінші жылындағы қалыптастырушы кезең нәтижелерін талдау ұсынылады.

Кесте 13 - Т. Чатфилд пен Н. Холл әдістемелері бойынша Пирсонның корреляциялық көрсеткіштері

№	Сыни ойлау компоненті	r	Эмоциялық интеллект компоненті
1	Жеткіліксіз ақпаратты анықтау	0,445	Эмоциялық хабардарлық
2	Жеткіліксіз ақпаратты анықтау	0,693	Өзіндік мотивация
3	Логикалық қорытынды жасау	0,804	Эмоцияларды басқару
4	Логикалық қорытынды жасау	0,577	Эмпатия
5	Логикалық қорытынды жасау	0,963	Басқа адамдар эмоцияларын тану
6	Ой қорытындысын бағалау	0,509	Эмоциялық хабардарлық
7	Ой қорытындысын бағалау	0,480	Өзіндік мотивация
8	Ой қорытындысын бағалау	0,411	Эмпатия
9	Рефлексиялық бағалау	0,800	Эмоцияны реттеу
10	Негізгі ақпаратты анықтау	0,443	Эмоциялық хабардарлық

Ескерту. Пирсонның корреляция коэффициенті (0,411–0,963); n = 72; барлық корреляциялар статистикалық мәнді ($p < 0,001$).

Кестеде берілген деректер сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллектінің жекелеген компоненттері арасында әртүрлі деңгейдегі оң және әлсіз корреляциялық байланыстардың бар екенін көрсетеді, бұл зерттелетін айнымалылардың өзара ықпалдастығын сипаттайды. Сыни ойлау қабілетінің құрылымдық компоненттері мен эмоциялық интеллектінің жекелеген шкалалары, сондай-ақ эмоциялық арналар мен идентификациялық көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты анықтау мақсатында Пирсонның корреляциялық талдау әдісі қолданылды. Талдауға 144 респонденттің деректері енгізілді. Корреляциялық талдау нәтижелері сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасында біртекті емес, бірақ мазмұндық тұрғыдан мәнді байланыстардың бар екенін көрсетті.

Корреляциялық талдау нәтижелері тәуелсіз айнымалылар ретінде қарастырылған сыни ойлау компоненттері мен тәуелді айнымалылар болып табылатын эмоциялық интеллект көрсеткіштері арасында статистикалық мәнді

оң байланыстардың қалыптасқанын көрсетті. Атап айтқанда, жеткіліксіз ақпаратты анықтау қабілеті эмоциялық хабардарлықпен (r=0,445; p<0,05) және өзіндік мотивациямен (r=0,693; p<0,01) оң байланыс көрсетті. Логикалық қорытынды жасау және оны бағалау қабілеті эмоцияларды басқарумен (r=0,804; p<0,01), эмпатиямен (r=0,577; p<0,01) және басқа адамдардың эмоцияларын танумен (r=0,963; p<0,01) жоғары деңгейде байланысты болды. Ой қорытындысын бағалау қабілеті эмоциялық хабардарлықпен, өзіндік мотивациямен және эмпатиямен мәнді оң байланыс көрсетті, ал рефлексия дағдысы эмоцияларды басқару көрсеткішімен жоғары корреляцияға ие болды (r=0,800; p<0,01). Негізгі ақпаратты анықтау қабілетінің эмоциялық хабардарлықпен оң байланысы анықталды (r=0,443; p<0,05). Алынған нәтижелер сыни ойлау дағдыларының дамуы оқушылардың өзін-өзі тануына, эмоцияларын реттеуіне, эмпатиялық қабілеттерінің қалыптасуына және өзгенің эмоцияларын түсінуіне оң ықпал ететінін көрсетті. Бұл тәуелсіз айнымалылардағы оң өзгерістердің тәуелді айнымалылардың дамуымен қатар жүргенін және әзірленген дамыту бағдарламасының тиімділігін дәлелдейді.

Кесте 14 - Дж. Кинчер мен М.А. Манойлова әдістемелері бойынша бақылау және эксперименттік топтардың көрсеткіштері

Тәуелсіз айнымалы (сыни ойлау көрсеткіші)	**БТ (r)**	**ЭТ (r)**	**Тәуелді айнымалы (эмоциялық интеллект көрсеткіші)**
Логикалық және аналитикалық ойлау арқылы күрделі мәселелерді шешу	-0,255*	0,254*	Өз сезімдері мен эмоцияларын сезіну
Логикалық және аналитикалық ойлау арқылы күрделі мәселелерді шешу	0,096	0,249*	Өз сезімдері мен эмоцияларын басқару
Логикалық және аналитикалық ойлау арқылы күрделі мәселелерді шешу	-0,108	0,335**	Тұлғаішілік эмоциялық интеллект (ТІЭИ)
Тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысты анықтай алу	-0,032	0,251*	Тұлғааралық эмоциялық интеллект (ТАЭИ)
Тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысты анықтай алу	-0,092	0,180	Басқа адамдардың сезімдері мен эмоцияларын басқару

Ескерту. *r — Пирсон коэффициенті; БТ, ЭТ (n = 72); *p < 0,05; **p < 0,01.*

Эксперименттен кейін тәуелсіз айнымалылар ретінде қарастырылған сыни ойлау көрсеткіштері мен тәуелді айнымалылар болып табылатын эмоциялық интеллект компоненттері арасында эксперимент тобында даму динамикасы байқалды. Әсіресе, логикалық және аналитикалық ойлау арқылы күрделі мәселелерді шешу қабілеті өз сезімдерін сезіну (r=0,254), эмоцияларын басқару (r=0,249) және тұлғаішілік эмоциялық интеллектпен (r=0,335) оң байланыс көрсетті. Сонымен қатар, тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысты

анықтау қабілеті тұлғааралық эмоциялық интеллектпен (r=0,251) және басқа адамдардың эмоцияларын басқарумен (r=0,180) оң байланысқа ие болды. Ал бақылау тобында аталған көрсеткіштер бойынша байланыстар әлсіз немесе теріс сипатта сақталды. Бұл эксперименттік дамыту бағдарламаның сыни ойлау көрсеткіштерін дамыту арқылы оқушылардың эмоциялық интеллект компоненттерінің қалыптасуына оң ықпал еткенін көрсетеді.

Кесте 15 - Сыни ойлауды бағалауға арналған тест-сауалнама (А.С.Байрамов) мен ЭмИн сауалнамасы бойынша эксперименттік зерттеудің нәтижелері

Тәуелсіз айнымалы (сыни ойлау көрсеткіші)	**БТ (r)**	**ЭТ (r)**	**Тәуелді айнымалы (эмоциялық интеллект көрсеткіші)**
Негізгі ақпаратты анықтау	0,157	0,257*****	Эмоцияны түсіну (ЭТ)
Негізгі ақпаратты анықтау	0,198	0,124	Өз эмоциясын басқару (ЭБ)
Негізгі ақпаратты анықтау	-0,005	0,229	Тұлғаішілік эмоциялық интеллект (ТІЭИ)
Негізгі ақпаратты анықтау	-0,089	0,222	Өзгелердің эмоциясын басқару (ӨЭБ)
Рефлексивті бағалау қабілеті	-0,003	0,129	Өзгелердің эмоциясын түсіну (ӨГЭТ)
Рефлексивті бағалау қабілеті	-0,018	0,096	Өз эмоциясын түсіну (ӨЭТ)

Ескерту. *БТ — бақылау тобы, ЭТ — эксперименттік топ (әрқайсысында n = 72); *p < 0,05; қалған көрсеткіштер p > 0,05.*

Эксперименттен кейінгі нәтижелерді салыстырмалы талдау тәуелсіз айнымалылар ретінде қарастырылған сыни ойлау көрсеткіштерінің дамуы тәуелді айнымалылар болып табылатын эмоциялық интеллект компоненттерінің жетілуімен қатар жүргенін көрсетті. Атап айтқанда, «Негізгі ақпаратты анықтау» көрсеткіші эмоцияны түсінумен бақылау тобында r=0,157 болса, эксперимент тобында r=0,257 (p<0,05) деңгейіне дейін жоғарылады. Сонымен қатар бұл көрсеткіштің тұлғаішілік эмоциялық интеллектпен байланысы бақылау тобындағы теріс мәннен (r=-0,005) эксперимент тобында оң мәнге (r=0,229) ауысты, ал өзгелердің эмоцияларын басқару көрсеткішімен байланысы r=-0,089-дан r=0,222-ге дейін өсті. Рефлексивті бағалау қабілетінің өзгелердің эмоцияларын түсінумен байланысы бақылау тобында r=-0,003 болса, эксперимент тобында r=0,129-ға дейін артты. Өз эмоцияларын түсіну көрсеткішімен байланыс та r=-0,018-ден r=0,096-ға дейін жоғарылады. Бұл нәтижелер оқушылардың ақпаратты талдау, маңызды деректерді ажырату және рефлексия жасау дағдыларының жетілуі олардың өзін-өзі тану, эмоцияларын түсіну, эмоциялық өзін-өзі реттеу және тұлғааралық өзара әрекеттесу қабілеттерінің дамуымен өзара байланысты болғанын көрсетеді.

Ал бақылау тобында сыни ойлау мен эмоциялық интеллект көрсеткіштері арасындағы байланыстар айтарлықтай өзгеріске ұшырамады және көбіне әлсіз деңгейде сақталды. Мысалы, «Негізгі ақпаратты анықтау» көрсеткішінің эмоцияны түсінумен байланысы r=0,157, өз эмоциясын басқарумен r=0,198 деңгейінде болса, рефлексивті бағалау қабілетінің өзгелердің эмоцияларын түсінумен байланысы r=-0,003, ал өз эмоцияларын түсінумен байланысы r=-0,018 деңгейінде болды. Бұл көрсеткіштер эксперимент тобымен салыстырғанда төмен мәндерге ие болып, айнымалылар арасындағы өзара байланыстың айқын күшеюі байқалмағанын көрсетті. Бақылау тобында тіркелген өзгерістерді оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүретін табиғи даму үдерісімен түсіндіруге болады.

Кесте 16 - Бақылау және эксперименттік топтардың экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштерін ANOVA әдісімен салыстыру нәтижелері

Көрсеткіштер	**Топтар**	**Экспериментке дейінгі орташа мән (M±SD)**	**Эксперименттен кейінгі орташа мән (M±SD)**	**F**	**p**
Сыни ойлау	БТ (n=72)	48,6 ± 5,2	50,1 ± 5,4	1,84	0,177
	ЭТ (n=72)	49,1 ± 5,0	58,7 ± 4,8	18,63	0,000
Эмоциялық интеллект	БТ (n=72)	51,3 ± 6,1	52,4 ± 6,0	1,27	0,263
	ЭТ (n=72)	50,8 ± 5,9	59,6 ± 5,1	14,92	0,000
Эмпатия деңгейі	БТ (n=72)	47,2 ± 4,8	48,0 ± 4,7	1,11	0,294
	ЭТ (n=72)	46,9 ± 4,9	56,4 ± 4,5	16,74	0,000

Ескерту. *M — орташа мән; SD — стандартты ауытқу; F — Фишер критерийі; p — статистикалық мәнділік деңгейі; БТ — бақылау тобы, ЭТ — эксперименттік топ (n = 72); p < 0,001 — статистикалық мәнді, p > 0,05 — статистикалық мәнді емес.*

Эксперименттік ықпал ету бағдарламасының тиімділігін анықтау мақсатында бақылау тобы (6 «Ә», 6 «Б», 6 «Г») мен эксперимент тобы (6 «А», 6 «В», 6 «З») оқушыларының сыни ойлау қабілеті, эмоциялық интеллект және эмпатия деңгейлерінің экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштеріне бір факторлы ANOVA дисперсиялық талдау жүргізілді.

Талдау нәтижелері экспериментке дейін бақылау және эксперимент топтары арасында статистикалық мәнді айырмашылықтардың болмағанын көрсетті ($p > 0,05$). Бұл екі топтың бастапқы көрсеткіштері шамалас деңгейде болғанын және зерттеу топтарының салыстырмалы біртектілігін дәлелдейді.

Эксперименттен кейінгі нәтижелерде эксперимент тобының көрсеткіштері бақылау тобымен салыстырғанда айтарлықтай жоғарылағаны анықталды. Атап айтқанда, сыни ойлау көрсеткіштері бойынша эксперимент тобында жоғары статистикалық мәнді айырмашылық байқалды ($F = 18,63$; $p \leq 0,001$). Бұл

қалыптастырушы ықпал ету бағдарламасының оқушылардың талдау, логикалық қорытынды жасау және рефлексиялық бағалау дағдыларын дамытуға оң әсер еткенін көрсетеді. Эмоциялық интеллект көрсеткіштері бойынша да эксперимент тобында айқын оң динамика анықталды ($F = 14,92$; $p \leq 0,001$). Нәтижелер оқушылардың эмоцияларды тану, эмоцияларды реттеу және өзіндік мотивация компоненттерінің даму деңгейі артқанын көрсетті. Эмпатия деңгейі бойынша эксперимент тобында статистикалық тұрғыдан мәнді өзгерістер тіркелді ($F = 16,74$; $p \leq 0,001$). Бұл сыни ойлауды дамытуға бағытталған ықпал ету бағдарламасының оқушылардың эмоциялық-сезімдік қатынастарына, басқа адамдардың эмоциялық жағдайын түсіну және қабылдау қабілеттеріне де әсер еткенін дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, 6«А», 6 «В»,6 «З» сыныптарында жүргізілген қалыптастырушы эксперимент нәтижелері сыни ойлауды және эмоциялық интеллектіні дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық ықпалдың кешенді әсер еткенін көрсетті. Алынған корреляциялық байланыстар эксперименттік бағдарламаның тиімділігін және зерттеудің негізгі гипотезасының эмпирикалық тұрғыдан негізделгенін дәлелдейді.

2.2 Оқушылардың сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект компоненттерінің даму деңгейлерін зерттеуге арналған констатациялық эксперимент нәтижелері

Эксперименттің екінші кезеңінде оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсерін қалыптастыруға бағытталған дамыту бағдарламасы бойынша жұмыстар мектеп психологының тікелей жетекшілігімен жүргізілді. Бұл кезеңде зерттеудің аналитикалық компоненті негізге алынып, оқушылардың өзін тануы, эмоциялық күйін түсінуі және эмоцияларын саналы түрде реттей алу қабілеттерін дамытуға басымдық берілді.

Аналитикалық компонент оқушылардың өзі туралы және өзінің эмоциялары жөніндегі білімдерінің көлемі, тереңдігі мен бағыттылығымен сипатталады. Аталған компоненттің маңызды көрсеткіші ретінде оқушылардың оқу іс-әрекетіне қатынасы, білім алуға деген ішкі ынтасының айқындығы және танымдық белсенділігі қарастырылды.

Қалыптастырушы кезеңде шығармашылық компонентке де ерекше назар аударылды. Сыни ойлау элементтері енгізілген тапсырмалар оқушылардың эмоциялық жағдайларын еркін білдіруіне, өз пікірін дәлелді түрде жеткізуіне және эмоцияларын конструктивті арнаға бағыттауына мүмкіндік берді. Эмоциялық жағдайдың мінез-құлықтық құраушысы аффектілік әсердің, ашу-ыза мен басқа да эмоциялық күйлердің оқу әрекетінің нәтижелілігіне және қарым-қатынасқа ықпалын сезіну арқылы көрініс тапты.

Констатациялық эксперимент — зерттелетін құбылыстың немесе фактінің нақты бар-жоғын анықтауға бағытталған ғылыми-зерттеу кезеңі. Бұл эксперимент барысында бар немесе пайда болған мәселенің жекелеген аспектілері расталады немесе жоққа шығарылады. Сонымен қатар, оқу-тәрбие

үдерісінде туындайтын нақты қарама-қайшылықтар, сондай-ақ зерттеліп отырған мәселенің жағдайына ықпал ететін факторлар айқындалады. Констатациялық эксперимент нәтижелері қалыптастырушы эксперимент үшін бастапқы деректер базасын құрайды, себебі келесі кезеңде зерттеуші жаңа әдістер мен тәсілдердің тиімділігін тәжірибелік тұрғыда тексеруге бағытталған жұмыстарды жүзеге асырады [217, 425 б.].

Қалыптастырушы эксперимент барысында «Оқушылардың сыни ойлау мен эмоциялық интеллектісін дамыту моделі» және «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» бағдарламасы аясында қалыптастыру өлшемдері когнитивті, эмоциялық, мінез-құлықтық, аналитикалық және шығармашылық компоненттердің өзара интеграциясы негізінде анықталады. Аталған компоненттердің жүйелі байланысы оқушы тұлғасының психологиялық дамуын тұтас құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Когнитивті компонент оқушының ақпаратты қабылдау, өңдеу, талдау және интерпретациялау үдерістерін қамти отырып, сыни ойлаудың интеллектуалдық негізін құрайды. Бұл компонент білімді саналы меңгеруді, логикалық ой қорыту, пайымдау, дәлелдеу және рефлексия жасау қабілеттерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Эмоциялық компонент оқушының өз эмоцияларын тану, түсіну және реттеу қабілеттерімен, сондай-ақ өзгенің эмоциялық күйін ажырата білуімен сипатталады. Эмоциялық интеллектінің бұл қыры тұлғаның эмоциялық тұрақтылығын және оқу әрекетіне психологиялық бейімделуін айқындайды. Эмоциялық компонент оқушының сыни ойлау үдерісінде қарым-қатынасты саналы және мақсатты түрде ұйымдастыру қабілетімен сипатталады.

Мінез-құлықтық компонент когнитивті және эмоциялық үдерістердің іс-әрекетте көрініс табуымен анықталады. Ол оқушының өзін-өзі бақылау, жауапкершілік сезімі, өзара әрекеттегі тиімді мінез-құлық үлгілерін жүзеге асыру қабілеттерін сипаттайды. Білімге талпыныс, сыни ойлау және идеяларды генерациялау қабілеттерімен ерекшеленеді.

Аналитикалық компонент оқушының проблемалық жағдаяттарды терең зерделеу, олардың туындау алғышарттары мен салдарларын айқындау, әртүрлі шешім нұсқаларын салыстыра отырып бағалау және негізделген шешім қабылдау қабілеттері арқылы көрініс табады. Сыни ойлаудың эмоциялық интеллектіге психологиялық әсері аналитикалық компонент арқылы өзіндік рефлексияның күшеюінен, ішкі күйді бақылау мен басқару дағдыларының қалыптасуынан байқалады.

Шығармашылық компонент оқушының ойлау үдерісіндегі икемділікпен, қалыптасқан үлгілер шеңберінен шығып, тың идеялар мен баламалы шешімдер ұсына алу қабілетімен сипатталады. Сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара ықпалдасуы бұл компоненттің дамуын қамтамасыз етіп, оқушының эмоциалық тәжірибесін жаңа қырынан пайымдауына мүмкіндік береді.

Констатациялық эксперименттің мазмұны мен логикасы зерттеудің теориялық моделіне сәйкес 7-сынып оқушыларымен жүзеге асырылуда және

экспериментттің екінші жылын қамтиды. Бұл кезеңде оқушылардың сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің бастапқы және салыстырмалы даму деңгейін анықтау, сондай-ақ олардың өзара байланысын эмпирикалық тұрғыдан негіздеу басты мақсат ретінде айқындалды. Оқушылардың эмоциялық интеллектінің құрылымдық компоненттерін (өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, мотивация және әлеуметтік дағдылар) бағалау мақсатында М. А. Манойлованың «Эмоциялық интеллектіні диагностикалау (МЭИ)» әдістемесі; сыни ойлау қабілеттерін зерттеуге Дж.Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісіз» тесті, Сыни ойлауды бағалауға арналған тест-сауалнама (А.С.Байрамов) мен ЭмИн сауалнамасы пайдаланылды. Бұл әдістемелер оқушылардың эмоциялық-тұлғалық ерекшеліктерін жан-жақты талдауға, олардың эмоцияларды тану және басқару қабілеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы эксперимент аясында мектеп оқушыларының сыни ойлау және эмоциялық интеллектін дамытуға бағытталған психологиялық тренинг бағдарламасы 24 сессиядан тұрды, әр сессия 60–90 минуттық форматта өткізілді. Бағдарлама өз-өзін тану және эмоцияларды идентификациялау, эмоцияларды басқару, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, командалық жұмыс және өзара әрекет, креативті ойлау, пікірталас дағдылары, қорытынды талдау және рефлексия сияқты модульдерді қамтыды. Жаттығулар интерактивті, практикалық сипатта және ойындық элементтерді қолданумен жүргізілді. Эксперименттік топқа бағдарлама жүйелі түрде енгізілген болса, бақылау тобы дәстүрлі оқу процесінде қалды. Оқу жылының басында және соңында эмоциалы интеллект динамикасы (эксперименттік тобы және бақылау тобы) талданды. Жүргізген эксперименттік зерттеуде оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісінің дамуы арасындағы өзара байланыс қарастырылып, майндфулнесс жаттығуларының когнитивтік және эмоциялық қабілеттерді жетілдірудегі тиімділігі анықталған

Эксперименттің екінші жылында зерттеу жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылды. Оқу жылының басында зерттеуге қатысқан барлық 7-сынып оқушыларына алдын ала іріктелген диагностикалық әдістемелер негізінде қайта диагностика жүргізілді. Зерттеу дизайнына сәйкес бақылау топтарына 7 «Г», 7 «Д», 7 «И» сыныптары, ал эксперименттік топтарға 7 «А», 7 «В», 7 «З» сыныптары енгізілді. Анықтаушы кезеңде алынған деректермен салыстыру мақсатында жүргізілген бақылау диагностикасы бақылау сыныптарындағы оқушыларда сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің даму деңгейінде айтарлықтай өзгерістердің байқалмағанын көрсетті. Бұл топтарда көрсеткіштердің салыстырмалы түрде тұрақты күйде сақталғаны анықталды.

Ал арнайы әзірленген дамыту бағдарламасына жүйелі түрде қатысқан эксперименттік сынып оқушыларында сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің бірқатар құрылымдық компоненттері бойынша оң динамика байқалды.

Эксперименттің екінші жылында жүргізілген зерттеу барысында эмоциялық интеллект деңгейін тереңдетіп зерделеу және алдыңғы кезең нәтижелерінің тұрақтылығын айқындау мақсатында М. А. Манойлова ұсынған эмоциялық интеллектіні диагностикалау әдістемесі қолданылды.

Эмоцияларды тану қабілеті компонентінде орта деңгей көрсеткішінің айтарлықтай жоғарылағаны байқалды. Атап айтқанда, ЭТ- 44 % эмоцияларды тану қабілетінің орта деңгейін, 47 % жоғары деңгейін көрсетті, ал 9 % төмен деңгейде қалды. Бұл нәтижелер білім алушылардың басым бөлігінде өз эмоцияларын және өзгелердің эмоциялық күйін тану дағдылары қалыптасқанын көрсетеді. Дегенмен орта деңгейдің басым болуы эмоциялық белгілерді күрделі әлеуметтік жағдайларда тұрақты әрі дәл интерпретациялау дағдылары әлі де толық жетілмегенін аңғартады. Осыған байланысты эмоцияларды тану қабілетін дамытуға бағытталған жұмыстарды жалғастыру қажеттілігі туындайды. Ал бақылау тобында бұл компонент бойынша көрсеткіштер негізінен төмен және орта деңгей шегінде сақталып, айтарлықтай оң өзгерістер байқалмады. Бұл жағдай арнайы психологиялық ықпалсыз эмоцияларды тану қабілетінің өздігінен дамуы шектеулі болатынын.

Эмоцияларды шешім қабылдауда пайдалану қабілеті компонентінде де оң динамиканы көрсетті. Эксперименттік топтағы білім алушылардың 46 % орта деңгейді, 42 % жоғары деңгейді, ал 12 % төмен деңгейді көрсетті. Орта деңгей көрсеткішінің жоғары болуы эмоцияларды ойлау процесіне енгізу дағдыларының қалыптасу үстінде екенін білдіреді. Қатысушылардың бір бөлігі эмоциялық ақпаратты саналы түрде пайдалана алғанымен, шешім қабылдауда эмоциялардың реттеуші рөлін тұрақты қолдану барлық білім алушыларда бірдей деңгейде көрінбеді. Бұл эмоцияларды басқару мен когнитивті үдерістерді біріктіруге бағытталған дамыту бағдарламасының маңыздылығын көрсетеді.

Эмоцияларды түсіну және талдау қабілеті компоненті бойынша алынған нәтижелер де орта деңгейдің басымдылығымен сипатталды. Эксперименттік топтың 48 % эмоцияларды түсіну және талдау қабілетінің орта деңгейін, 41 % жоғары деңгейін көрсетті, ал 11 % төмен деңгейде қалыптасты. Сипатталған көрсеткіштер білім алушылардың эмоциялардың пайда болу себептерін және олардың өзара байланысын түсінуге ұмтылысын көрсеткенімен, эмоциялық жағдайларды терең талдау дағдыларының әлі де толық қалыптаспағанын дәлелдейді. Осыған байланысты рефлексияны, эмоциялық ойлауды және өзін-өзі талдау дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстарды жалғастыру қажеттілігі айқындалады.

*Эмоцияларды саналы басқару қабілеті к*омпоненті эксперименттің екінші жылында ең күрделі дамитын бағыт ретінде айқындалды. Диагностикалау нәтижелері бойынша білім алушылардың 49 % орта деңгейді, 40 % жоғары деңгейді, ал 11 % төмен деңгейді көрсетті. Орта деңгейдің жоғары болуы білім алушылардың эмоцияларын белгілі бір жағдайларда басқара алатынын, алайда стресс, қақтығыс немесе күтпеген жағдаяттарда эмоциялық тұрақтылықтың жеткіліксіз болатынын көрсетті. Бұл компонент бойынша жоғары деңгейге жеткен қатысушылар үлесінің салыстырмалы түрде төмен болуы эмоцияларды өзіндік реттеу дағдыларын мақсатты түрде дамыту қажеттігін айқындайды. Эксперименттің екінші жылында респонденттердің эмоциялық интеллектінің жалпы даму деңгейлері көрсетілген. Диагностикалау нәтижелері бойынша эмоциялық интеллектінің орта деңгейі (47 %) айқын басым болып, жоғары

деңгей көрсеткішімен (42 %) шамалас екені анықталды. Бұл жағдай эмоциялық интеллектіні дамытуға бағытталған жүргізілген психологиялық-педагогикалық бағдарламаның тиімділігін көрсетумен қатар, орта деңгейде қалыптасқан білім алушыларды жоғары деңгейге жеткізу үшін дамыту жұмыстарын әрі қарай жалғастыру қажеттігін айқындайды. Төмен деңгей көрсеткішінің (11 %) аз болуы эксперименттік ықпалдың оң нәтижесін дәлелдейді. Сондықтан, эксперименттің екінші жылындағы нәтижелер эмоциялық интеллект компоненттерінің барлығы бойынша орта деңгей көрсеткішінің айқын өскенін және оның жоғары деңгей көрсеткіштерімен шамалас болғанын көрсетті. Бұл жағдай эмоциялық интеллектіні дамыту бағдарламасының тиімділігін дәлелдей отырып, әрі қарай жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін негіздейді. Эксперименттің екінші жылында алынған нәтижелер эмоциялық интеллектінің барлық компоненттері бойынша оң даму динамикасын көрсетті.

Эксперимент барысында бекітілген дамыту бағдарламасының жоспарына сәйке оқушылармен сыни ойлауды қалыптастыруға арналған «Оқушылардың сыни ойлауын және эмоциялық интеллектісін дамыту тренингтік бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізілді. Тренинг бағдарламасының мақсаты - оқушылардың танымдық, эмоциялық және мінез-құлықтық дағдыларын жүйелі түрде дамыту арқылы сыни ойлауын қалыптастыру және күнделікті өмірде қолдану мүмкіндігін арттыру.

Констатациялық эксперимент 7-сынып оқушыларымен жүргізіліп, дамыту бағдарламасы мен «Оқушылардың сыни ойлау мен эмоциялық интеллектісін дамыту моделіне» негізделді. Эксперименттің екінші жылы алынған деректер алдыңғы кезең нәтижелерімен салыстырыла отырып талданды және қалыптастырушы экспериментке негіз болатын бастапқы эмпирикалық база ретінде қарастырылды. Осылайша, қолданылған әдістемелер кешені зерттеліп отырған феномендердің нақты жағдайын айқындап, сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің даму деңгейін әрі қарай мақсатты түрде қалыптастыруға негіз болады.

Эксперименттік зерттеуде сыни ойлаудың когнитивті құрамдас бөліктерін бағалау мақсатында Дж.Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісің» тесті қолданылды. Аталған әдістеме сыни ойлауды нақты танымдық дағдылар жүйесі ретінде қарастырып, респонденттердің ақпаратпен жұмыс істеу ерекшеліктерін кешенді түрде анықтауға мүмкіндік береді [218, 224 б.]. Ұсынылып отырған әдістеме зерттеудің мақсаты мен мазмұнына сәйкестігі тұрғысынан жеткілікті валидтілікке ие. Әдістемелік тапсырмалар сыни ойлаудың негізгі когнитивтік компоненттерін — ақпаратты іріктеу, логикалық-аналитикалық талдау, ақпарат көздерін бағалау және жалпылау қабілеттерін — кешенді түрде өлшеуге бағытталған. Мазмұндық валидтілік көрсеткіштердің теориялық тұрғыдан негізделуімен және олардың психологиялық ғылымда қалыптасқан сыни ойлау құрылымына сәйкестігімен қамтамасыз етілді.


Констатациялық эксперимент сыни ойлау қабілетінің қалыптасуын диагностикалау нәтижелері төмен, орта және жоғары деңгейлері бойынша жинақталып, орташа пайыздық көрсеткіштер арқылы талданды. Алынған

нәтижелерге сәйкес, эксперименттік топтағы білім алушылардың 49 % сыни ойлау қабілетінің орта деңгейін көрсетті. Бұл көрсеткіш білім алушылардың басым бөлігінде ақпаратты талдау және салыстыру дағдыларының қалыптасқанын, алайда сыни пайымдаудың тұрақты және терең сипат алмағанын білдіреді. Орта деңгейдегі қатысушылар берілген ақпарат бойынша өз пікірін білдіре алғанымен, кей жағдайларда дәлелдердің дәйектілігін бағалау мен балама көзқарастарды жан-жақты сараптауда қиындықтарға тап болатыны байқалды. Сыни ойлау қабілетінің жоғары деңгейі 33 % қатысушыларда анықталды. Бұл топтағы білім алушылар ақпараттың шынайылығын бағалай білу, логикалық қорытынды жасау және өз ұстанымын дәлелдеу дағдыларын меңгергенін көрсетті. Дегенмен жоғары деңгей көрсеткішінің орта деңгейден төмен болуы сыни ойлау дағдыларын әрі қарай жетілдіру қажеттігін аңғартады және дамыту бағдарламасымен жүйелі жұмысты жалғастырудың маңыздылығын көрсетеді. Ал төмен деңгей көрсеткіші 18 % құрады. Бұл білім алушыларда ақпаратты талдау, қорытынды жасау және сыни көзқарас таныту дағдылары жеткіліксіз деңгейде қалыптасқан. Аталған нәтиже сыни ойлауды дамытуға бағытталған мақсатты және жеке жұмыс жүргізудің қажеттігін негіздейді.


Эксперименттің екінші қалыптастырушы кезеңінде, оқу жылының басында эксперименттік сынып оқушыларының сыни ойлау деңгейін анықтау мақсатында Дж. Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісіз?» әдістемесі қолданылды. Зерттеуге 7 «а» (26 оқушы), 7 «в» (23 оқушы) және 7 «з» сыныбы (23 оқушы) қатысты. Алынған бастапқы диагностикалау нәтижелері эксперименттік сыныптарда сыни ойлаудың барлық құрылымдық компоненттері бойынша төмен және орта деңгей көрсеткіштерінің басым екенін, алайда жоғары деңгейдің жекелеген оқушыларда аз мөлшерде байқалатынын көрсетті. Бұл сыни ойлау дағдыларының қалыптасу үдерісі әлі де бастапқы даму сатысында екенін, сонымен қатар жекелеген оқушыларда сыни ойлаудың элементтері қалыптаса бастағанын аңғартады. Мәселен, *эмоциялық компонент* бойынша бойынша эксперименттік сыныптарда негізінен орта және төмен деңгей көрсеткіштері 7 «а» сыныбында оқушылардың 46 % орта деңгейде, 42 % төмен деңгейде, ал 12 % жоғары деңгейде екендігі анықталды. 7 «в» сыныбында орта деңгей 38 %, төмен деңгей 48 %, жоғары деңгей 14 % көрсетті. 7 «з» сыныбында орта деңгей 47 %, төмен деңгей 42 %, жоғары деңгей 11 % болды. Бұл алынған нәтижелер оқушылардың эмоциялық жағдайды ішінара түсінгенімен, эмоцияларды сыни бағалау және реттеу дағдыларының жеткіліксіз екенін айқын көрсетіп отыр. Ал *когнитивтік компонент* көрсеткіштері төмен деңгейде басым болып, жоғары деңгей аз үлесін пайыздық сипатын 7 «а» сыныбында 52 % төмен, 38 % орта, 10 % жоғары деңгей; 7 «в» сыныбында 50 % төмен, 41 % орта, 9 % жоғары деңгей; 7 «з» сыныбында 51 % төмен, 40 % орта, 9 % жоғары екендігін байқадық. Алынған деректер оқушылардың ақпаратты талдау, салыстыру және логикалық қорытынды жасау дағдыларының қалыптасу сатысында екенін аңғартады. Келесі кезекте *мінез-құлықтық компонент* компоненті жоғары деңгей 7 «а» сыныбында 11 %, орта деңгей 47 %, ал төмен деңгей 42 % пайызды көрсетсе; 7 «в» сыныбында 9 % жоғары, орта 43 %, төмен 48 % пайыз көрсеткішті берді. 7 «з»

сыныбына келсек көрсеткіштер жоғары деңгей 9 %, орта 45 %, төмен 46 % пайызды берді. Яғни, оқушылардағы сыни ойлау қабілеті мінез-құлықтық ккмпонентте әлі де болс тұрақты дамымыту қажеттігін көреміз. *Аналитикалық компонент* бойыншада эксперимент сыныптарында төмен деңгей басым болып, жоғары деңгей аз пайызды көрсетті. 7 «а» сыныбында төмен 55 %, орта 39 %, жоғары 6 % деңгейде; 7 «в» сыныбында 53 % төмен, 38 % орта, 9 % жоғары деңгей; 7 «з» сыныбында 54 % төмен, 38 % орта, 8 % жоғары деңгей анықталды. Бастапқы нәтижелер оқушылардың сыни ойлауының аналитикалық компонентіне тән ақпаратты талдау, жүйелеу, логикалық байланыстарды анықтау, баламалы шешімдерді салыстыру және негізделген қорытынды жасау дағдыларының жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетіп, оларды мақсатты психологиялық-педагогикалық ықпал арқылы дамыту қажеттігін айқындады. Оқушылардың сыни ойлау қабілетінің *шығармашылық компоненті* бойынша алынған диагностикалау нәтижелері эксперименттік сыныптарда біркелкі емес деңгейде қалыптасқанын көрсетті. Атап айтқанда, 7 «а» сыныбында білім алушылардың 47 % орта деңгейде, 43 % төмен деңгейде және 10 % жоғары деңгейде анықталды. 7 «в» сыныбында орта деңгей 45 %, төмен деңгей 46 %, жоғары деңгей 9 % көрсеткішін құрады. Ал 7 «з» сыныбында тиісінше 46 % орта, 45 % төмен және 9 % жоғары деңгей тіркелді. Аталған шығармашылық шешімдер ұсыну қабілеті жекелеген оқушыларда байқалғанымен, білім алушылардың басым бөлігінде бұл дағды оқу процесінде жүзеге асырылған дамыту жұмыстарына және сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні дамыту моделіне сәйкес қалыптасу сатысында қалып отыр.


Дж. Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісіз?» тесті негізінде анықталған сыни ойлаудың компоненттері эмоциялық, когнитивтік, мінез-құлықтық, аналитикалық және шығармашылық компоненттері бойынша эксперимент сыныптарының көрсеткіштері диаграммада жүйеленіп көрсетілген.



Сурет 9 - 7 «а» сынып оқушыларының Дж.Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісің» тесті бойынша алынған нәтижелердің графикалық өрсеткіштері



Сурет 10 - 7 «в» сынып оқушыларының Дж.Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісің» тесті бойынша алынған нәтижелердің графикалық көрсеткіштері



Сурет 11 - 7 «з» сынып оқушыларының Дж.Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісің» тесті бойынша алынған нәтижелердің графикалық көрсеткіштері

Қалыптастырушы эксперимент барысында алынған аралық нәтижелер бұл бағыттағы жұмыстардың тиімділігін көрсетіп, шығармашылық компоненттің біртіндеп ілгерілеу үрдісіне түскенін дәлелдеді. Алынған деректер алдағы кезеңдерде жүйелі әрі мақсатты ықпал арқылы жоғары деңгей көрсеткіштерін арттыру мүмкіндігі бар екенін көрсетеді. Жалпы алғанда, эксперименттің екінші жылындағы нәтижелер сыни ойлау қабілетінің дамуында оң өзгерістердің бар екенін көрсетті. Орта деңгейдің басым болуы білім алушылардың сыни ойлау дағдылары қалыптасу кезеңінде екенін дәлелдейді. Сонымен қатар жоғары деңгей көрсеткішін арттыру және төмен деңгейдегі білім алушылар санын азайту мақсатында сыни ойлауды дамыту бағдарламасын одан әрі жүйелі түрде жүзеге асыру қажеттілігі сақталып отыр. Осыған байланысты алынған нәтижелер зерттеудің келесі кезеңінде сыни ойлауды дамытуға бағытталған психологиялық бағдарламаның мазмұнын тереңдетуді, практикалық тапсырмаларды күрделендіруді және рефлексияға негізделген жұмыстарды күшейтуді талап етеді.

Эмпирикалық зерттеу барысында оқушылардың эмоциялық интеллект деңгейін кешенді бағалау мақсатында бірнеше өзара толықтыратын диагностикалық әдістемелер қолданылды. Алдыңғы кезеңде М. А. Манойлованың эмоциялық интеллектіні диагностикалау әдістемесі (МЭИ) қолданылып оқушылардың өз сезімдері мен эмоцияларын түсіну, оларды басқару, сондай-ақ өзгелердің эмоциялық күйін түсіну және басқару деңгейлері анықталды. Бұл әдістеме қатысушылардың эмоциялық интеллектіге қатысты өзіндік ұғымдары мен мінез-құлықтық ерекшеліктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік берді. Эмпирикалық зерттеу барысында Дж. Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісің» тестін қолдану нәтижелері эксперименттік топ пен бақылау тобы көрсеткіштерінің арасында айқын айырмашылық бар екенін көрсетті.

Атап айтқанда, эксперименттік топта сыни ойлаудың даму деңгейі жоғары көрсеткіштермен сипатталды, ал бақылау тобында бұл көрсеткіштер салыстырмалы түрде төмен деңгейде сақталды.

Зерттеулер көрсеткендей, эмоциялық интеллект оқушыларда олардың оқу және сыныптан тыс жұмыстарына әсер етеді және әртүрлі нәтижелерге ие болатынын түрлі диагностикалық жүйелерінде қолдану жолдарына тоқталады. Ғалымдардың зерттеулері эмоциялық интеллект деңгейі оқушылардың оқу іс-әрекетінің тиімділігіне, сыныптағы және сыныптан тыс өзара қатынастарына тікелей ықпал ететінін дәлелдейді. Осыған байланысты ғылыми зерттеулерде эмоциялық интеллектінің оқушылардың оқу іс-әрекетіне және тұлғааралық өзара әрекетіне ықпалы сыни ойлау дағдыларымен тығыз байланыста қарастырылады. Сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысын зерттеу оқушылардың ақпаратты саналы талдау, эмоциялық күйлерін реттеу және әлеуметтік жағдаяттарды бағалау ерекшеліктерін анықтауға, сондай-ақ аталған психологиялық үдерістердің өзара ықпалдасу заңдылықтарын түсіндіруге негіз болады.

Зерттеуіміздің бастапқы кезеңінде оқушылардың эмоциялық интеллектісін анықтау үшін Н. Холлдың «Эмоциялық интеллект тесті» (EQ тесті) қолданылды. Алынған нәтижелерге тоқталайық (Кесте 17).

Кесте 17 - Н.Холдың «Эмоцииялық интеллект тесті»

«Эмоциялы интеллект» көрсеткіштері	Эксперимет тобындағы оқушылар (n=72), орташа балы	Бақылау тобындағы оқушылар (n=72), орташа балы
Эмоциялы хабардарлық	9,6	4,9
Өзінің эмоцияларын басқару	5,2	3,8
Өзіндік мотивация	7,5	5,2
Эмпатия	8,8	4,3
Өзгелердің эмоцияларын басқару	7,9	4,9

Демек, бақылау тобындағы оқушылардың барлық көрсеткіштер бойынша төмен деңгейдегі нәтижені көрсеткенін анықтаймыз. Кестеден, эксперимент тобындағы оқушылардың эмоциялы хабардарлық, эмпатия, өзгелердің эмоцияларын басқару қабілеті жоғары екенін байқаймыз. Ал, өзінің эмоциясын басқару бақылау тобындағы оқушылардың жоғары нәтижелер көрсетті.

Осы орайда, эмоциялық интеллектіні дамыту қажеттілігінің мәнін айқындау мақсатымен оқушыларға сауалнама (тест) жүргізіп, сынып сабақтарында эмоциялы интеллектінінің көрсеткіштерін (өзінің эмоцияңды басқару) дамыту бойынша ойын, ертегі терапиясын өткізіп, дамыту бойынша кеңестер берілді. Эксперименттік жұмыс барысында 7 - сынып оқушыларымен жүргізілген Пол Экман бойынша «Бет әлпетінен эмоцияны тану» жаттығуы оқушылардың эмоцияларын тану, түсіну және басқару дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Зерттеудің алдыңғы кезеңінде алынған эмпирикалық деректер оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісінің қалыптасу деңгейлері бойынша бастапқы сипаттамалық талдаудан өтті. Алайда алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін арттыру, бақылау және эксперименттік топтар арасындағы айырмашылықтардың мәнділігін анықтау, сондай-ақ енгізілген дамыту бағдарламасының тиімділігін дәлелдеу үшін тек сапалық талдау жеткіліксіз. Осыған байланысты зерттеу деректерін өңдеуде математикалық статистика әдістері Пирсон корреляциясы және Спирменнің ранкгтік корреляциясы қолданылды. Математикалық статистика құралдары зерттеу барысында жиналған сандық көрсеткіштерді жүйелеуге, олардың өзара байланысын айқындауға және алынған нәтижелердің кездейсоқ емес екендігін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Сондықтан зерттеудің 2.2- бөлімінде эксперимент нәтижелерін статистикалық өңдеу жүзеге асырылып, сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект компоненттерінің өзгеру динамикасы сандық тұрғыда талданады.

Зерттеудің эмпирикалық кезеңінде сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллектінің жекелеген компоненттері арасындағы өзара байланысты анықтау мақсатында Пирсонның корреляциялық талдау әдісі қолданылды. Талдауға бақылау тобы мен эксперименттік топтарының деректері енгізілді.

Кесте 18 - Дж. Кинчер мен М.А. Манойлова әдістемелері бойынша бақылау тобындағы мәнді корреляциялық байланыстар

Тәуелсіз айнымалы (сыни ойлау көрсеткіші)	**БТ эксперименттің бастапқы көрсеткіші (r)**	**БТ эксперименттің соңындағы көрсеткіші (r)**	**Тәуелді айнымалы (эмоциялық интеллект көрсеткіші)**
Логикалық және аналитикалық ойлау арқылы күрделі мәселелерді шешу	0,212	0,254	Өз сезімдері мен эмоцияларын сезіну
Тапсырманы жылдап түсініп, логикалық байланысты анықтай алу	0,198	0,249	Өз сезімдері мен эмоцияларын басқару
Өсу мүмкіндігі бар сыни ойлау дағдысы	0,281	0,335	Тұлғаішілік эмоциялық интеллект (ТІЭИ)

Ескерту. *БТ — бақылау тобы (n = 72); *p> 0,05 (статистикалық мәнді емес).*

Бақылау тобының эксперименттің екінші жылындағы нәтижелерін талдау сыни ойлау мен эмоциялық интеллект көрсеткіштері арасындағы байланыстардың аздап күшейгенін көрсетті. Атап айтқанда, логикалық және аналитикалық ойлау арқылы күрделі мәселелерді шешу көрсеткішінің өз сезімдері мен эмоцияларын сезінумен байланысы r=0,212-ден r=0,254-ке, тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысты анықтау көрсеткішінің өз сезімдері мен эмоцияларын басқарумен байланысы r=0,198-ден r=0,249-ға, ал өсу мүмкіндігі бар сыни ойлау дағдысының тұлғаішілік эмоциялық интеллектпен байланысы r=0,281-ден r=0,335-ке дейін артты. Дегенмен, көрсеткіштердің өсу қарқыны жоғары деңгейде емес және салыстырмалы түрде біртіндеп сипат алды. Мұндай өзгерістерді оқушылардың жас кезеңіне тән психологиялық жетілу үдерістерімен, танымдық және эмоциялық салалардың біртіндеп дамуымен түсіндіруге болады. Сондықтан бақылау тобында байқалған оң өзгерістер арнайы дамыту ықпалының нәтижесінен гөрі, онтогенетикалық даму заңдылықтарының көрінісі ретінде қарастырылады.

Эксперимент тобындағы респонденттермен жүргізілген дамыту жұмыстарының нәтижелері бақылау тобымен салыстырғанда сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект компонентерінің анағұрлым айқын және статистикалық тұрғыдан мәнді оң өзгерістердің орын алғанын көрсетті. Бұл өзгерістер сыни ойлаудың жетілуі эмоциялық интеллект компоненттерінің

дамуына ықпал еткенін және қолданылған дамыту бағдарламасының тиімділігін дәлелдейді.

Кесте 19 – Эксперименттік топтағы сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасындағы мәнді корреляциялық байланыстардың бастапқы және қорытынды кезеңдердегі салыстырмалы нәтижелері

Тәуелсіз айнымалы (сыни ойлау көрсеткіші)	**Эксперимент басы (r)**	**Эксперимент соңы (r)**	**Тәуелді айнымалы (эмоциялық интеллект көрсеткіші)**
Тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысты анықтай алу	0,236*****	0,086	Өз сезімдері мен эмоцияларын сезіну
Сыни ойлау қабілеті	-0,248*****	0,026	Тұлғааралық эмоциялық интеллект (ТАЭИ)
Сыни ойлау қабілеті	0,008	0,293*****	Өз сезімдері мен эмоцияларын басқару
Дәлелдерді талдау анықтау	0,041	0,239*****	Тұлғаішілік эмоциялық интеллект (ТІЭИ)
Өсу мүмкіндігі бар сыни ойлау дағдысы	-0,128	0,251*****	Қорытынды эмоциялық интеллект көрсеткіші
Өсу мүмкіндігі бар сыни ойлау дағдысы	-0,061	0,233*****	Тұлғаішілік эмоциялық интеллект (ТІЭИ)

Ескерту. *r — Пирсонның корреляция коэффициенті; *p < 0,05; қалған көрсеткіштер p > 0,05.*

Эксперименттік жұмыстың басында тәуелсіз айнымалылар ретінде қарастырылған сыни ойлау көрсеткіштері мен тәуелді айнымалылар болып табылатын эмоциялық интеллект компоненттері арасында мәнді байланыстар аз болды және олардың кейбірі теріс бағытта байқалды. Ал эксперимент соңында сыни ойлаудың бірқатар көрсеткіштері эмоциялық интеллект компоненттерімен оң және мәнді байланыс көрсетті. Сыни ойлау қабілетінің өз сезімдері мен эмоцияларын басқарумен байланысы r=0,008-ден r=0,293-ке дейін өсті, ал тұлғааралық эмоциялық интеллектпен байланысы r=-0,248-ден r=0,026-ға өзгерді. Сонымен қатар, дәлелдерді талдау және анықтау қабілетінің тұлғаішілік эмоциялық интеллектпен байланысы r=0,041-ден r=0,239-ға дейін, ал өсу мүмкіндігі бар сыни ойлау дағдысының қорытынды эмоциялық интеллект көрсеткішімен байланысы r=-0,128-ден r=0,251-ге дейін артты. Сондай-ақ аталған көрсеткіштің тұлғаішілік эмоциялық интеллектпен байланысы r=-0,061-ден r=0,233-ке дейін жоғарылады. Тәуелсіз айнымалылардағы оң өзгерістер

тәуелді айнымалылардың дамуымен қатар жүрді. Зерттеу нәтижелері тәуелсіз және тәуелді айнымалылар арасындағы өзара байланыстың күшейгенін көрсеткенімен, анықталған корреляциялық көрсеткіштер зерттелетін қасиеттердің толық қалыптаспағанын байқатады. Осыған байланысты оқушылардың сыни ойлау дағдылары мен эмоциялық интеллект компоненттерін дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттілігі сақталады.

Кесте 20 - Бақылау тобының эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдеріндегі сыни ойлау мен эмоциялық интеллект көрсеткіштері арасындағы байланыстардың салыстырмалы сипаттамасы

Тәуелсіз айнымалы (сыни ойлау көрсеткіші)	**Эксперимент басы (r)**	**Эксперимент соңы (r)**	**Тәуелді айнымалы (эмоциялық интеллект көрсеткіші)**
Логикалық және аналитикалық ойлау арқылы күрделі мәселелерді шешу	0,212	0,254	Өз сезімдері мен эмоцияларын сезіну
Тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысты анықтай алу	0,198	0,249	Өз сезімдері мен эмоцияларын басқару
Өсу мүмкіндігі бар сыни ойлау дағдысы	0,281	0,335	Тұлғаішілік эмоциялық интеллект (ТІЭИ)

Ескерту. **p <0,05 (r = 0,335), қалған көрсеткіштер p> 0,05.*

Бақылау тобының эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдеріндегі (Сыни ойлауды бағалауға арналған тест-сауалнама (А.С.Байрамов) мен ЭмИн сауалнамасы) көрсеткіштерін салыстыру нәтижесінде сыни ойлау мен эмоциялық интеллект компоненттері арасындағы байланыстардың біршама артқаны байқалды. Атап айтқанда, логикалық және аналитикалық ойлау арқылы күрделі мәселелерді шешу көрсеткішінің өз сезімдері мен эмоцияларын сезінумен байланысы r=0,212-ден r=0,254-ке дейін, тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысты анықтау көрсеткішінің өз сезімдері мен эмоцияларын басқарумен байланысы r=0,198-ден r=0,249-ға дейін, ал өсу мүмкіндігі бар сыни ойлау дағдысының тұлғаішілік эмоциялық интеллектпен байланысы r=0,281-ден r=0,335-ке дейін өсті. Дегенмен, аталған өзгерістердің қарқыны жоғары емес және көрсеткіштер арасындағы байланыстардың кеңеюі байқалмайды. Бұл бақылау тобында орын алған өзгерістердің негізінен оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүретін когнитивтік және эмоциялық жетілу үдерістерімен байланысты болғанын көрсетеді. Арнайы дамыту ықпалы жүргізілмегендіктен, айнымалылар арасындағы өзара байланыстардың күшеюі шектеулі деңгейде сақталды.

Кесте 21 – Дж. Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісіз?» тесті мен ЭмИн сауалнамасы көрсеткіштері арасындағы корреляциялық талдау нәтижелері

№	Айнымалылар СО	r (Пирсон)	p (мәнділік)	Айнымалылар ЭИ
1	Логикалық және аналитикалық ойлау арқылы күрделі мәселелерді шешу	-0,243	0,040	Эмоцияларды басқару
2	Сыни көзқарас арқылы ақпаратты пікірлерден ажырата білу	-0,244	0,039	Тұлғааралық эмоциялық интеллект
3	Тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысты анықтау	0,271	0,021	Басқа адамдардың эмоцияларын түсіну
4	Тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысты анықтау	-0,267	0,024	Эмоцияларды басқару
5	Тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысты анықтау	-0,239	0,043	Өзіндік мотивация

Ескерту. *p — статистикалық мәнділік деңгейі; СО — сыни ойлау, ЭИ — эмоциялық интеллект; барлық байланыстар статистикалық мәнді (p <0,05).*


21- кестеде ұсынылған регрессиялық талдау нәтижелері бойынша сыни ойлау көрсеткіштерінің эмоциялық интеллект компоненттеріне мәнді корреляция байқалады. Сыни ойлаудың негізгі дағдылары (логикалық-аналитикалық ойлау, сыни көзқарас арқылы ақпаратты бағалау, тапсырманы жылдам түсіну, дәлелдерді талдау, өсуге бағдарланған ойлау) мен эмоциялық интеллектінің құрылымдық компоненттері (өз эмоцияларын тану, эмоцияларды басқару, өзіндік мотивация, эмпатия, басқа адамдардың эмоцияларын тану, сондай-ақ эмоциялық интеллектінің жиынтық көрсеткіші) арасындағы мәнді корреляциялық байланыстар көрсетілген. Логикалық және аналитикалық ойлау арқылы күрделі мәселелерді шешу. Бұл көрсеткіш эмоциялық интеллектінің басым компоненттерімен әлсіз деңгейдегі байланыстар көрсетті. Алайда эмоцияларды басқару шкаласымен теріс және статистикалық мәнді корреляциялық байланыс анықталды ($r = –0,243$; $p < 0,05$). Бұл дерек кейбір оқушыларда логикалық-аналитикалық ойлау үдерісі эмоцияларды қатаң бақылаумен қатар жүрген жағдайда эмоциялық икемділіктің төмендеуіне әкелуі мүмкін екенін көрсетеді. Аталған дағды тұлғаралық эмоциялық интеллект көрсеткіштерімен, әсіресе басқа адамдардың эмоцияларын түсінумен әлсіз, бірақ мәнді теріс байланыс көрсетті ($r = –0,244$; $p < 0,05$). Бұл нәтиже фактілерге қатаң сүйенуге бағытталған сыни ұстаным кей жағдайда эмоциялық сезімталдықты шектеуі мүмкін екенін білдіреді.

Тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысты анықтай алу. Бұл көрсеткіш бірнеше эмоциялық компоненттермен статистикалық мәнді байланыс

көрсетті. Атап айтқанда: басқа адамдардың сезімдері мен эмоцияларын түсінумен оң және мәнді байланыс анықталды ($r = 0,271$; $p < 0,05$); эмоцияларды басқарумен теріс, бірақ мәнді байланыс байқалды ($r = –0,267$; $p < 0,05$); өзіндік мотивациямен теріс корреляция тіркелді ($r = –0,239$; $p < 0,05$).

Бұл деректер тапсырманы тез және логикалық түсіну қабілетінің эмоциялық реттеудің жекелеген механизмдерімен күрделі әрі екіжақты байланыста екенін көрсетеді. «Дәлелдерді талдау» дағдысы эмоциялық интеллектінің барлық компоненттерімен әлсіз және статистикалық тұрғыдан мәнді емес байланыстар көрсетті ($p > 0,05$). Бұл нәтиже дәлелдермен жұмыс істеу үдерісінің көбіне таза когнитивтік-рационалдық сипатта жүзеге асатынын білдіреді. Өсу мүмкіндігі бар сыни ойлау дағдысы. Бұл көрсеткіш эмоциялық интеллектінің компоненттерімен негізінен оң бағыттағы, бірақ статистикалық тұрғыдан мәнді емес байланыстар көрсетті. Аталған нәтиже өсуге бағытталған ойлау стилінің эмоциялық өзін-өзі реттеумен жанама түрде байланысатынын, алайда бұл байланыс айқын көрінуі үшін ұзақ мерзімді ықпал қажет екенін көрсетеді. Сыни ойлаудың жиынтық көрсеткіші эмоциялық интеллектінің барлық шкалаларымен әлсіз корреляциялық байланыстар көрсетті және олардың ешқайсысы статистикалық мәнді деңгейге жеткен жоқ ($p > 0,05$). Бұл дерек сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасындағы өзара байланыстың тікелей емес, көпфакторлы және жанама механизмдер арқылы жүзеге асатынын көрсетеді.

Пирсон корреляциялық талдауы сыни ойлау мен эмоциялық интеллект компоненттері арасында таңдаулы байланыстар бар екенін, әсіресе логикалық талдау мен ақпаратты бағалау дағдыларының эмоцияларды басқару және тұлғаралық эмоциялық түсінумен мәнді байланысатынын көрсетті, бұл жекелеген эмоциялық механизмдердің сыни ойлаудағы рөлін айқындап, зерттеудің қалыптастырушы кезеңінде екі қабілетті кешенді дамыту қажеттігін ғылыми тұрғыдан негіздейді.



Сурет 12 - Сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасындағы байланыстың нүктелік және қисық сызықты графикалық көрінісі

Берілген графикте сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект компоненттері арасындағы өзара байланыс нүктелік диаграмма және қисық сызықтық (параболалық модель) арқылы көрсетілген. Әр нүкте жеке респонденттің нәтижесін білдіреді, ал қисық сызық айнымалылар арасындағы жалпы тенденцияны сипаттайды. Графиктен көрініп тұрғандай, сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасындағы байланыс сызықтық емес сипатқа ие. Байланыс белгілі бір деңгейге дейін күшейіп, кейін салыстырмалы түрде тұрақтанатыны немесе өзгеретіні байқалады. Бұл сыни ойлау көрсеткіштерінің дамуы эмоциялық интеллект компоненттеріне біркелкі әсер етпейтінін, олардың өзара әрекеттесуінің күрделі әрі көпфакторлы екенін көрсетеді.

Осылайша, алынған графикалық модель сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасындағы байланысты тек корреляциялық коэффициенттер арқылы ғана емес, олардың нақты эмпирикалық таралуы мен динамикасы арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді.

Кесте 22 - Дж. Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісіз?» тесті мен М.А. Манойлованың «Эмоциялық интеллектіні диагностикалау» әдістемесі көрсеткіштері арасындағы Спирмен корреляциялық талдауының статистикалық нәтижелері

№	Айнымалылар СО	r (Спирмен)	p (мәнділік)	Айнымалылар ЭИ
1	Сыни көзқарас арқылы фактілерді пікірлерден ажырата білу	0,291	0,013	Өзіндік мотивация
2	Сыни көзқарас арқылы фактілерді пікірлерден ажырата білу	0,255	0,031	Басқа адамдардың эмоцияларын тану
3	Тапсырманы жылдам түсіну, логикалық байланысты анықтау	-0,255	0,030	Тұлғааралық ЭИ
4	Тапсырманы жылдам түсіну, логикалық байланысты анықтау	-0,240	0,042	Басқа адамдардың эмоцияларын түсіну

Ескерту. *Спирменнің корреляция коэффициенттері әлсіз оң және теріс байланыстарды көрсетті (r_s = −0,255–0,291); барлық көрсетілген байланыстар статистикалық мәнді ($p < 0,05$).*

22-кестеде Дж. Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісіз?» тесті мен М.А. Манойлованың «Эмоциялық интеллектіні диагностикалау» әдістемесі негізінде алынған көрсеткіштер арасындағы өзара байланыстарға Спирменнің рангілік корреляциялық талдауы жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің жекелеген компоненттері арасында әлсіз оң және теріс бағыттағы статистикалық мәнді байланыстар анықталды ($p < 0,05$).

Атап айтқанда, сыни көзқарас негізінде фактілерді пікірлерден ажырата білу көрсеткіші өзіндік мотивациямен (r_s = 0,291; p = 0,013) және басқа адамдардың эмоцияларын тану қабілетімен (r_s = 0,255; p = 0,031) оң корреляциялық байланыс көрсетті. Бұл нәтижелер ақпараттың объективті мазмұнын субъективті пайымдаулардан ажырату қабілеті жоғары оқушыларда өзіндік мотивация мен өзге адамдардың эмоциялық күйлерін тану көрсеткіштерінің де салыстырмалы түрде жоғары болу үрдісі байқалатынын сипаттайды.

Психологиялық тұрғыдан аталған байланыстар сыни ойлаудың ақпаратты саралау және негізделген пайым жасау ерекшеліктері мен эмоциялық интеллектінің мотивациялық және тұлғааралық компоненттері арасындағы ықтимал өзара сәйкестікті көрсетеді. Дегенмен корреляциялық коэффициенттердің төмен болуы бұл байланыстың әлсіз екендігін және аталған психологиялық сипаттамалардың өзара қатынасына басқа да тұлғалық, танымдық және әлеуметтік факторлардың қатысуы мүмкін екенін ескеруді талап етеді.

Сонымен қатар, тапсырманы жылдам түсіну және логикалық байланысты анықтау көрсеткіші тұлғааралық эмоциялық интеллектімен (r_s = −0,255; p = 0,030) және басқа адамдардың эмоцияларын түсінумен (r_s = −0,240; p = 0,042) әлсіз теріс корреляциялық байланыс көрсетті. Бұл сыни ойлаудың аталған көрсеткіші жоғарылаған сайын эмоциялық интеллектінің көрсетілген компоненттері төмендеу үрдісін танытатынын білдіреді.

Анықталған теріс байланыстар танымдық ақпаратты жылдам өңдеу мен тұлғааралық эмоциялық ақпаратты түсіну ерекшеліктерінің өзара қатынасы біркелкі емес екенін көрсетеді. Алайда бұл нәтижелер логикалық ойлау қабілетінің дамуы эмоциялық интеллектінің төмендеуіне тікелей себеп болады деген қорытынды жасауға негіз бермейді. Керісінше, оқушылардың когнитивтік және эмоциялық даму ерекшеліктерін өзара байланысты, бірақ дербес психологиялық сипаттамалар ретінде кешенді қарастыру қажеттілігін айқындайды.

Жалпы, Спирменнің рангілік корреляциялық талдауы сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің жекелеген компоненттері арасында статистикалық мәнді, алайда күші әлсіз байланыстардың бар екенін көрсетті. Оң және теріс корреляциялардың қатар анықталуы аталған психологиялық құбылыстар арасындағы өзара байланыстың күрделі әрі көпқырлы сипатын білдіреді. Алынған эмпирикалық нәтижелер оқушылардың сыни ойлауын дамыту арқылы эмоциялық интеллектісіне психологиялық ықпал ету мүмкіндіктерін одан әрі эксперименттік тұрғыдан зерттеудің қажеттілігін негіздейді.Эксперименттік зерттеудің екінші жылында 7-сынып оқушыларымен М. А. Манойлованың «Эмоциялық интеллектіні диагностикалау» әдістемесі, Дж. Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісіз?» тесті және Н. Холлдың эмоциялық интеллект деңгейін анықтау әдістемесі негізінде диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Алынған мәліметтерді математикалық-статистикалық өңдеу барысында ANOVA дисперсиялық талдау әдісі қолданылды. Зерттеу нәтижелері эксперимент тобы

оқушыларының сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект параметрлері арасында статистикалық мәнді өзара байланыстар бар екенін көрсетті. Атап айтқанда, сыни көзқарас арқылы фактілерді пікірлерден ажырата білу қабілеті өзіндік мотивация көрсеткішімен ($r=0.291;p<0.05$) және басқа адамдардың эмоцияларын тану қабілетімен ($r=0.255;p<0.05$) оң статистикалық байланыс көрсетті. Бұл оқушылардың ақпаратты сыни тұрғыдан талдау қабілеті артқан сайын олардың эмоциялық өзіндік ынталануы мен әлеуметтік-эмоциялық қабылдауы да жоғарылайтынын сипаттайды. Ал тапсырманы жылдам түсіну және логикалық байланысты анықтау көрсеткіші тұлғааралық эмоциялық интеллектпен ($r=-0.255;p<0.05$) және басқа адамдардың эмоцияларын түсінумен ($r=-0.240;p<0.05$) кері статистикалық байланыс көрсеткені анықталды. Бұл көрсеткіштер сыни ойлау әрекеттерінің кейбір когнитивтік аспектілері мен эмоциялық қабылдау ерекшеліктері арасында психологиялық өзара ықпалдың бар екенін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, эксперименттік жұмыстың екінші жыл соңындағы нәтижелері сыни ойлауды дамытуға бағытталған психологиялық ықпал ету бағдарламасының эмоциялық интеллект параметрлерінің қалыптасуына әсер еткенін ғылыми тұрғыдан негіздейді. Алынған эмпирикалық нәтижелер сыни ойлауды мақсатты түрде дамыту оқушылардың эмоциялық интеллектінің негізгі компоненттерін жетілдіруге жағдай жасайтынын көрсетті. Осыған байланысты зерттеудің келесі кезеңінде қалыптастыру экспериментін жүргізу қажеттілігі туындады.

Қалыптастыру эксперименті аясында психологиялық дамыту бағдарламасының мазмұны біртіндеп күрделендіріліп, сыни ойлау дағдыларын эмоциялық процестермен өзара ықпалдастыра дамытуға бағытталды. Бағдарламада оқушылардың рефлексия жасау, эмоцияларды саналы талдау, шешім қабылдау және әлеуметтік жағдаяттарды бағалау қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі түрде енгізілді. Бұл келесі кезеңде сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысын тәжірибелік тұрғыда тереңдетіп тексеруге мүмкіндік берді.

2.3 Зерттеудің нәтижелерін математикалық статисикалық салыстырмалы талдау, сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің арасындағы корреляциялық байланысты анықтау

Эксперименттік зерттеу барысында тәуелсіз айнымалы ретінде сыни ойлау, ал тәуелді айнымалы ретінде эмоциялық интеллект қарастырылып, математикалық-статистикалық және салыстырмалы талдау әдістері негізінде сыни ойлаудың оқушылардың эмоциялық интеллектісінің дамуына психологиялық әсерін анықтау, олардың арасындағы корреляциялық байланыстың бағытын, күші мен статистикалық мәнділігін бағалау көзделді. «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» атты дамыту бағдарламасы мен «Мектеп оқушыларында сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні дамыту моделі» аясында жүргізілген эксперименттік жұмыстың нәтижелері математикалық-статистикалық тұрғыдан талданады.

Аталған бағдарлама мен модель 2022-2025- жылдары жүйелі түрде іске асырылып, зерттеу барысында алынған эмпирикалық деректердің тұрақтылығы мен динамикасын анықтауға мүмкіндік берді. Үш жылдық тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін салыстыру сыни ойлау көрсеткіштері және эмоциялық интеллект көрсеткіштерініңкомпоненттерінің өзгеру бағытын, даму деңгейін және олардың өзара байланысын кешенді бағалауға жағдай жасады.

Зерттеу нәтижелерін талдау барысында эксперименттік және бақылау топтарындағы көрсеткіштерді салыстырмалы түрде қарастыру негізгі әдіс ретінде алынды. Корреляциялық талдау екі психологиялық құбылыстың өзара тәуелділігін, олардың бір-біріне ықпал ету сипатын және даму заңдылықтарын эмпирикалық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде сыни ойлаудың оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы рөлін ғылыми тұрғыда дәлелдеуге және ұсынылған модель мен дамыту бағдарламасының теориялық-тәжірибелік маңызын арттыруға негіз болды. Осы бөлімде ұсынылатын математикалық-статистикалық талдау нәтижелері зерттеудің гипотезасын тексеруге, дамыту бағдарламасы мен модельдің тиімділігін дәлелдеуге және алынған нәтижелердің сенімділігін негіздеуге бағытталған.

Корреляциялық талдау нәтижелері сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект компоненттер арасында өзара байланыстың бар екенін және психологиялық әсерді айқындады. Алынған мәліметтер даму динамикасының оң бағытта өзгергенін, яғни зерттеу кезеңдері барысында аталған көрсеткіштердің біртіндеп жоғарылағанын көрсетті. Эксперименттік жұмыс нәтижелерін салыстырмалы түрде талдау сыни ойлаудың деңгейі артқан сайын эмоциялық интеллект компоненттерінің де сәйкесінше жетілетінін дәлелдейді. Бұл өзара байланыс сыни ойлаудың оқушылардың эмоциялық интеллектісіне елеулі психологиялық әсер ететінін және оның тұлғалық дамуда маңызды фактор болып табылатынын эмпирикалық тұрғыдан негіздейді. Осы эмпирикалық зерттеу барысында 8-сынып оқушыларының сыни ойлау мен эмоциялық интеллект деңгейін кешенді түрде анықтауға бағытталған психодиагностикалық әдістемелер жүйесі қолданылды. Эксперименттік жұмыстың нәтижелерін жинақтау және талдау мақсатында эмоциялық интеллектіні бағалауға арналған ЭмИн сауалнамасы (Д. В. Люсин) Н.Холлдың «Эмоциялық интеллект тесті» әдістемесі, «Сыни ойлауды бағалауға арналған тест-сауалнама» (А. С. Байрамов), сондай-ақ Дж.Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісіз бе?» тесті әдістемесі пайдаланылды. Аталған әдістемелер оқушылардың сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект компоненттерін қамтуға мүмкіндік берді.

Сыни ойлау мен эмоциялық интеллект айнымалылары арасындағы өзара байланысты анықтау мақсатында корреляциялық талдау жүргізілді. Зерттеу барысында оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісінің құрылымын кешенді түрде көрсету мақсатында төменде сызба түрінде негізгі компоненттер мен олардың өзара байланысы берілді. Ұсынылған сызбада когнитивтік, эмоциялық, мінез-құлықтық, аналитикалық және шығармашылық компоненттердің мазмұны, сондай-ақ оларды бағалауда қолданылған

диагностикалық әдістемелердің жүйесі бейнеленген. Бұл сызба зерттеу нәтижелерін жүйелеуге, сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің көпқұрылымды сипатын айқындауға және олардың өзара ықпалдастығын көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді (Кесте 23).

Кесте 23 - Когнитивтік, эмоциялық, мінез-құлықтық, аналитикалық және шығармашылық компоненттердің мазмұны мен диагностикалық әдістемелердің жүйесі

Компоненттер	**Бағаланатын көрсеткіштер**	**Қолданылатын әдістеме**	**Қалыптастырушы модель және дамыту бағдарламасы**	**Өлшеу шкаласы**
1	**2**	**3**	**4**	**5**
Когнитивті	Ақпаратты түсіну, талдау, логикалық ойлау, қорытынды жасау қабілеті, Эмпатия деңгейі, эмоциялық сезімталдық	Сыни ойлауды бағалауға арналған тест-сауалнама (А. С. Байрамов);	«Ойлар байланысы» психологиялық жаттығулар жинағы	Пирсонның X^2 (хи-квадрат) келісім критерийі Реттік шкала, медиана
Эмоциялық	Эмоцияларды тану, түсіну, эмоциялық өзін-өзі реттеу	ЭмИн сауалнамасы (Д. В. Люсин)	«Эмоциялы интеллектіні дамыту» атты тренинг бағдарламасы негізінде тренингтер ұйымдастыру.	Пирсонның X^2 (хи-квадрат) келісім критерийі
Мінез-құлықтық	Эмоцияларды ң мінез-құлықта көрініс табуы, шешім қабылдау, өзін-өзі бақылау	ЭмИн сауалнамасы (Д. В. Люсин) А. Меграбян мен Н. Эпштейннің «Эмоциялы жауап шкаласы»	Рефрексия, Эссе, презентациялар жасау, көңіл-күй өлшегіш құралын пайдалану, эмоциялы интеллектіні қалыптастыратын тапсырмаларды құрастыру	Спирменнің рангілік корреляция коэффициенті
Аналитикалық	Дәлелдеу, салыстыру, альтернативті пікірлерді бағалау	Сыни ойлауды бағалауға арналған тест-сауалнама (А. С. Байрамов)	«Балалардың интеллектісін және сыни ойлау қабілетін дамыту» атты семинар-тренинг өткізу	Спирменнің рангілік корреляция коэффициенті

23- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Шығармашылық	Креативті ойлау, стандартты емес шешім қабылдау, икемділік	Сыни ойлау тесті	«Мен сыни қабілеттімін» атты пікір-сайыс бағдарламасы	Спирменнің рангілік корреляция коэффициенті

Қалыптастырушы экспериментінен кейінгі алынған нәтижелер:

8-сыныптар аралығында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша сыни ойлау туралы білімдерінің, түсініктерінің деңгейлері анықталды. Анықталған деңгейлер көрсеткіші төмендегі кесте (кесте 11) және сурет (сурет 12) бойынша берілген. Зерттеу барысында бақылау тобы (БТ) мен эксперимент тобының (ЭТ) бастапқы және қорытынды кезеңдердегі көрсеткіштері деңгейлік тұрғыда салыстырылып талданды. Әр топта 72 респондент қамтылды (n = 72).

Кесте 24 - Оқушылардың сыни ойлау қабілетін анықтауға арналған сауалнамасының салыстырмалы нәтижелері


Деңгейлер	БТ		ЭТ	
	Эксп дейін n=72	Эксп кейін n=72	Эксп дейін n=72	Эксп кейін n=72
Жоғары деңгей	10 (14%)	15(21%)	12 (17%)	40(55%)
Орта деңгей	24(33%)	28 (39%)	22(30%)	32(45%)
Төмен деңгейі	38(53%)	29 (40%)	38(53%)	0(0%)
Барлығы:	72 (100%)	72 (100%)	72 (100%)	72(100%)

24- кестеде көріп отырғанымыздай, экспериментке дейінгі бақылау тобының нәтижелері оқушылардың басым бөлігінде төмен және орта деңгейдің үстем екенін көрсетті. Атап айтқанда, төмен деңгей 38 адамды (53%) құрап, орта деңгей 24 білім алушыны (33%) қамтыды, ал жоғары деңгей тек 10 оқушыда (14%) анықталды. Бұл көрсеткіштер бақылау тобында зерттеліп отырған сыни ойлау қабілетінің бастапқы деңгейде жеткіліксіз дамығанын айқындайды.

Эксперименттен кейінгі бақылау тобының нәтижелерінде айтарлықтай өзгерістер байқалмайды. Жоғары деңгей 15 адамға 21% дейін сәл артқанымен, төмен деңгей 29 адамда 40% құрады. Орта деңгейдегі көрсеткіш 28 адамда 39% сипаттады. Бұл бақылау тобында арнайы жүйелі дамыту ықпалы жүргізілмеген жағдайда байқалған өзгерістердің негізінен оқушылардың жас ерекшеліктеріне, табиғи психологиялық дамуына және танымдық жетілу үдерістеріне байланысты қалыптасқанын сипаттайды.

Ал экспериментке дейінгі эксперимент тобының көрсеткіштері бақылау тобына ұқсас деңгейде қалыптасты. Жоғары деңгей 12 адамда 17%, орта деңгей 22 оқушы 30%, ал төмен деңгей 38 оқушыда 53% анықталды. Бұл деректер екі топтың бастапқы шарттарының салыстырмалы түрде тең болғанын көрсетеді.

Эксперимент нәтижелері оқушылардың сыни ойлау деңгейінде оң динамиканың қалыптасқанын көрсетті. Эксперименттік топта жоғары деңгейдегі оқушылар үлесі 17%-дан 55%-ға, орта деңгей 30%-дан 45%-ға дейін артып, төмен деңгей 53%-дан 0%-ға дейін төмендеді. Ал бақылау тобында төмен деңгей көрсеткіші 53%-дан 40%-ға дейін азайды. Алынған нәтижелер эксперименттік топтағы өзгерістердің айқынырақ болғанын және қолданылған психологиялық дамыту бағдарламасының тиімділігі туралы тұжырымды қолдайтынын көрсетеді. Сыни ойлау көрсеткіштерінің экспериментке дейінгі және кейінгі салыстырмалы нәтижелері 13-суретте ұсынылды.



6

Сурет 13 - БТ және ЭТ тобындағы оқушылардың сыни ойлау сауалнамасы бойынша көрсеткіштері

Бұл өзгерістер оқушылардың сыни ойлауының дамуында жүйелі ілгерілеу байқалғанын және мақсатты психологиялық-педагогикалық ықпалдың олардың танымдық белсенділігі мен эмоциялық интеллектісін жетілдіруге оң әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді.


Әлихан Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін мектептің оқушылары (n = 144) арасында эмоциялық интеллектінің жалпы көрсеткіші мен оның құрамдас белгілерінің даму деңгейін «Оқушылардың эмоциялық интеллект деңгейін анықтау» сауалнамасын жүргізе отырым, даму деңгейін анықтадық. Алынған диагностикалық нәтижелер оқушылардың эмоцияларды тану, түсіну және реттеу қабілеттерінің қалыптасу ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ эмоциялық

интеллект компоненттерінің даму деңгейлерін салыстырмалы тұрғыдан бағалауға негіз болды.

Кесте 25 - БТ мен ЭТ тобындағы сауалнама нәтижесінің көрсеткіштері

Деңгейлер	БТ		ЭТ	
	Эксп дейін n=72	Эксп кейін n=72	Эксп дейін n=72	Эксп кейін n=72
Төмен	32 (44%)	27 (37,5 %)	32 (44,4%)	2 (2,8%)
Орта	29 (40,3%)	31 (43,1%)	28(38,9%)	38(52,8%)
Жоғары	11 (15,3%)	14 (19,4%)	12(16,7%)	32(44,4%)
Барлығы:	72 (100%)	72 (100%)	72 (100%)	72(100%)

Эксперимент нәтижелері эмоциялық интеллектінің даму деңгейінде оң өзгерістер байқалғанын көрсетті. Бақылау тобында төмен деңгейдегі оқушылар үлесі 44,4%-дан 37,5%-ға төмендеп, жоғары деңгей 15,3%-дан 19,4%-ға дейін артты. Эксперименттік топта төмен деңгей 44,4%-дан 2,8%-ға дейін қысқарып, орта деңгей 38,9%-дан 52,8%-ға, жоғары деңгей 16,7%-дан 44,4%-ға дейін өсті. Алынған нәтижелер эксперименттік топта эмоциялық интеллектінің даму динамикасы бақылау тобымен салыстырғанда айқынырақ болғанын көрсетіп, психологиялық дамыту бағдарламасының нәтижелілігі туралы тұжырымды қолдайды. Салыстырмалы көрсеткіштер 14-суретте ұсынылған.



Сурет 14 - БТ және ЭТ тобындағы оқушылардың эмоциялық интеллект сауалнамасы бойынша көрсеткіштері

Іріктеме бойынша алынған нәтижелерге кейінгі статистикалық талдау жүргізу барысында деректер реттік шкалада ұсынылғандықтан, орталық тенденцияны сипаттайтын көрсеткіш ретінде медиана қолданылды. Медиана іріктеменің жалпы даму бағытын сипаттайтын сенімді статистикалық көрсеткіш ретінде пайдаланылды.

Эксперименттік сыныптарда жүзеге асырылған авторлық дамыту моделі мен тренингтік бағдарламалардың тиімділігін бағалау мақсатында оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектінің құрылымдық компоненттеріндегі өзгерістерге кешенді талдау жүргізілді. Зерттеудің бастапқы және қорытынды кезеңдеріндегі диагностикалық нәтижелер салыстырылып, эксперименттік және бақылау топтары арасындағы айырмашылықтар анықталды. Эмоциялық интеллектіні бағалауда субъективті өзін-өзі бағалау әдістері қабілетке негізделген стандартталған диагностикалық әдістемелермен толықтырылды. Қалыптастырушы эксперименттің қорытынды кезеңінде оқушылардың когнитивтік, эмоциялық және мінез-құлықтық компоненттерінің даму динамикасын анықтау үшін авторлық сауалнама қайта жүргізілді. Алынған нәтижелер төмендегі кесте мен суреттерде ұсынылды.

Кесте 26 - Бақылау және эксперименттік топтардың эмоциялық интеллект деңгейінің экспериментке дейінгі және кейінгі салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері

Оқушылардың сыни ойлау мен эмоциялық деңгейлері	Эксперименттік топ (ЭТ, n=72)			Бақылау тобы (БТ, n=72)		
	Қалыптастырушы эксп дейінгі	Қалыптастырушы эксп кейінгі	Айырмашылығы	Қалыптастырушы эксп дейінгі	Қалыптастырушы эксп кейінгі	Айырмашылығы
Жоғары	8 (11,1%)	28 (38,9%)	+20	11 (15,3%)	14 (19,4%)	+3
Орташа	31 (43,1%)	34 (47,2%)	+3	31 (43,1%)	32 (44,4%)	+1
Төмен	33 (45,8%)	10 (13,9%)	−23	30 (41,6%)	26 (36,2%)	−4

Эксперименттік топта (ЭТ, n=72) эмоциялық интеллектінің жоғары деңгейі қалыптастырушы экспериментке дейін 8 оқушыны (11,1%) құраса, эксперименттен кейін 28 оқушыға (38,9%) дейін артып, көрсеткіш 20 оқушыға жоғарылаған. Бұл эксперименттік ықпал ету бағдарламасының эмоциялық интеллект компоненттерін меңгеруге тиімді әсер еткенін көрсетеді.

Эмоциялық интеллектінің орташа деңгейі эксперименттік топта 31 оқушыдан (43,1%) 34 оқушыға (47,2%) дейін өсіп, 3 көрсеткішке артқан. Ал төмен деңгейдегі оқушылар саны 33-тен (45,8%) 10-ға (13,9%) дейін азайып, 23 көрсеткішке төмендеген. Бұл төмен деңгейдегі көрсеткіштердің едәуір қысқарғанын және оқушылардың эмоциялық интеллектісінде оң динамиканың қалыптасқанын дәлелдейді.

Бақылау тобында (БТ, n=72) өзгерістер айтарлықтай байқалмады. Атап айтқанда, эмоциялық интеллектінің жоғары деңгейі 11 оқушыдан (15,3%) 14 оқушыға (19,4%) дейін өсіп, тек 3 көрсеткішке артқан. Орташа деңгейдегі оқушылар саны 31-ден (43,1%) 32-ге (44,4%) дейін жоғарылап, өзгеріс шамалы деңгейде болған. Төмен деңгейдегі көрсеткіш 30 оқушыдан (41,6%) 26 оқушыға (36,2%) дейін азайып, тек 4 көрсеткішке төмендеген.

Эксперимент кезеңінде эмоциялық интеллект деңгейін анықтау мақсатында когнитивтік және эмоциялық компоненттері бойынша Н. Холлдың «Эмоциялық интеллект» тесті қайта алынған тест нәтижелерінің салыстырмалы нәтижелеріне тоқталайық (Кесте 27).

Кесте 27 – Когнитивтік және эмоциялық компоненттері бойынша Н. Холлдың «Эмоциялық интеллект» тестінің салыстырмалы нәтижелері.

Бағалау деңгейі	Эксперименттік топ		Бақылау топ	
	Эксп дейін	Эксп кейін	Эксп дейін	Эксп кейін
«Эмоциялы хабардарлық» шкаласы	14 оқушы (20%)	26 оқушы (39%)	15 оқушы (23,2%)	17 оқушы (26%)
«Өз эмоциясын басқару» шкаласы	25 оқушы (37%)	37 оқушы (55%)	23 оқушы (35,3%)	28 оқушы (43%)
«Өзін - өзі ынталандыру» шкаласы	28 оқушы (43%)	40 оқушы (56%)	27 оқушы (41,5%)	20 оқушы (31%)
«Эмпатия» шкаласы	22 оқушы (30%)	36 оқушы (50%)	24 оқушы (33%)	26 оқушы (36%)
«Басқа адамдардың сезімдерін тану» шкаласы	24 оқушы (34%)	38 оқушы (53%)	25 оқушы (35%)	27 оқушы (38%)

Эксперименттік топ пен бақылау тобындағы оқушылардың эмоциялық интеллект шкалалары бойынша пайыздық көрсеткіштерін салыстыру нәтижелері қалыптастырушы эксперименттің тиімділігін айқын көрсетеді. Эксперименттік топта барлық негізгі шкалалар бойынша айқын оң динамика байқалса, бақылау тобында көрсеткіштердің өсуі әлсіз және тұрақсыз сипатта болды. Қалыптастырушы эксперименттен кейін эксперименттік топта барлық негізгі шкалалар бойынша көрсеткіштердің жоғарылағаны байқалды, бұл сыни ойлауды дамытуға бағытталған психологиялық ықпал ету жұмыстарының тиімділігін дәлелдейді. Нақты айтқанда, «Эмоциялық хабардарлық» шкаласы бойынша көрсеткіштердің 20%-дан 39%-ға дейін өсуі оқушылардың өз эмоциялық күйлерін тану және саналы түсіну қабілеттерінің дамығанын сипаттайды. Сонымен қатар, «Өз эмоциясын басқару» шкаласындағы өзгерістер эмоциялық өзін-өзі реттеу дағдыларының жетілгенін көрсетті. «Өзін-өзі ынталандыру» шкаласы бойынша көрсеткіштердің 43%-дан 56%-ға дейін жоғарылауы оқушылардың ішкі мотивациясының, мақсатқа бағытталуының және танымдық белсенділігінің артқанын айқындайды. Ал «Эмпатия» шкаласы нәтижелерінің өсуі өзге адамдардың эмоциялық жағдайын түсіну мен сезіну қабілеттерінің қалыптасқанын көрсетеді. «Басқа адамдардың сезімдерін тану» шкаласы

бойынша байқалған оң динамика оқушылардың әлеуметтік-эмоциялық қабылдау әрекеттерінің жетілгенін дәлелдейді. Бұл көрсеткіштер сыни ойлау әрекеттерін дамыту эмоциялық интеллект компоненттерінің қалыптасуына психологиялық тұрғыдан ықпал ететінін ғылыми негіздеуге мүмкіндік берді.

Бақылау тобында көрсеткіштердің өзгерісі салыстырмалы түрде төмен деңгейде байқалды. Бұл арнайы ұйымдастырылған дамыту жұмыстары жүргізілмеген жағдайда орын алған өзгерістердің негізінен оқушылардың жас ерекшеліктеріне, табиғи психологиялық дамуына және танымдық жетілу үдерістеріне байланысты қалыптасқанын сипаттайды. Алынған нәтижелерді қорытындылай келе, оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытуға қажетті психологиялық алғышарттардың бар екені анықталды. Қалыптастырушы эксперимент барысында жүргізілген мақсатты психологиялық ықпалдар оқушылардың эмоциялық күйлерін тану, түсіну және басқару қабілеттерінің біртіндеп қалыптасуына мүмкіндік берді. Оқу үдерісінде қолданылған дамыту бағдарламасы оқушылардың эмоциялық тәжірибесін саналы ұғынуына, эмоцияларды мінез-құлықта реттеуіне және тұлғааралық қарым-қатынаста тиімді қолдануына оң әсер етті. Диаграммада көрсетілген нәтижелер қалыптастырушы эксперименттен кейін оқушылардың эмоциялық интеллект деңгейінің айтарлықтай артқанын айқын көрсетеді.

Атап айтқанда, эмоциялық хабардарлықтың, эмоцияларды басқару мен эмпатиялық қабілеттердің жоғарылауы оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығының артуымен және ішкі мотивінің күшеюімен тығыз байланысты екені байқалады. Бұл өзгерістер қолданылған әдістемелік ықпалдың нәтижелілігін дәлелдеп, оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамыту олардың психологиялық дамуын қамтамасыз ететін маңызды көрсеткіш. Демек, бұл да дамыту бағдарламаларын пайдаланудың нәтижелі болуы, оқушылардың эмоциялық интеллектісінің артқандығының дәлелі.

Жүргізілген эксперимент нәтижелерінің статистикалық мәнділігін анықтау мақсатында психодиагностикалық әдістемелер бойынша эксперимент сыныптарының көрсеткіштері жан-жақты талданды. Д. Мэйер, П. Сэловей және Д. Карузоның «Эмоциялық интеллект» (MSCEIT v. 2.0) тесті бойынша алынған деректер эксперимент сыныптарында қалыптастырушы ықпалдың әсерін бағалауға мүмкіндік берді.

Эксперимент сыныптарындағы көрсеткіштердің айқындаушы және қалыптастырушы кезеңдердегі мәндерін салыстыру барысында эмоциялық интеллект пен сыни ойлау параметрлері бойынша оң бағыттағы статистикалық мәнді өзгерістер анықталды. Корреляциялық талдау нәтижелері (Пирсон r, Спирмен ρ, Тау–Кендалл τ) эксперименттік ықпалдан кейін айнымалылар арасындағы өзара байланыстың күшейгенін көруге болады.

Эмоциялық интеллектінің жалпы көрсеткіші мен оның құрамдас бөліктері бойынша статистикалық тұрғыдан мәнді өзгерістердің бар-жоғын анықтау мақсатында 8 А эксперимент сыныбында параметрлер арасындағы мәнді айырмашылықтардың болғанын келесі кестеден көре аламыз.

Кесте 28 - MSCEIT (Мейер – Сэловей – Карузо) тесті нәтижесі 8 -сыныптар бойынша


MSCEIT (Мейер - Сэловей - Карузо) тесті нәтижесі 8А эксперимент сыныбы

		Эмоцияларды тану	Эмоцияларды пайдалану	Эмоцияларды түсіну	Эмоцияларды басқару	Қорытынды	Эмоцияларды тану	Эмоцияларды пайдалану	Эмоцияларды түсіну	Эмоцияларды басқару	Қорытынды
N	Валидтіліті	26	26	26	26	26	26	26	26	26	26
	өткізіп алған мәндер	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Mediana		90,0000	92,5000	92,0000	85,5000	90,0000	117,0000	118,5000	125,0000	122,0000	120,8750
Dominanta		90,00	82,00	92,00	84,00	90,75	117,00	115,00	125,00	122,00[a]	117,25

a. Бірнеше модальды мәндер бар. Ең кіші мәні көрсетілген

Кестеде 28 - оқушылардың эмоциялық интеллектінің құрылымдық компоненттері бойынша эксперименттің соңғы жылында алынған нәтижелерді талдау үшін сипаттамалық статистиканың медиана және мода көрсеткіштері қолданылды.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, эмоцияларды тану, эмоцияларды пайдалану, эмоцияларды түсіну және эмоцияларды басқару компоненттері бойынша медианалық мәндер жоғары деңгейде шоғырланған. Мысалы, эмоцияларды тану көрсеткішінің медианасы 90,0 баллды, эмоцияларды пайдалану – 92,5 баллды, эмоцияларды түсіну – 92,0 баллды, ал эмоцияларды басқару – 85,5 баллды құрайды. Жалпы қорытынды көрсеткіштің медианасы 90,0 балл деңгейінде анықталған (Гистограмма 3).



Гистограмма 3 - Эмоциялық интеллект көрсеткішінің салыстырмалы диаграммасы

Модалық мәндер де медианамен өзара үйлесімді болып, негізгі көрсеткіштердің басым бөлігі жоғары баллдар аймағында жинақталғанын көрсетеді. Бұл 8-сынып оқушыларының эмоциялық интеллект көрсеткіштерінің біртекті әрі тұрақты сипатқа ие екенін дәлелдейді. Бірқатар шкалаларда бірнеше моданың болуы көрсеткіштердің кең таралуын және эмоциялық дамудың көпқырлылығын айғақтайды. Осы деректер негізінде нөлдік болжам (H_0) расталады, яғни эксперименттің соңғы жылында алынған нәтижелердегі айырмашылықтар кездейсоқ сипатқа ие емес, ал көрсеткіштердің жоғары деңгейде тұрақтануы жүргізілген дамытушы жұмыстың нәтижелі болғанын көрсетеді. Медиана мен мода мәндерінің жоғары және өзара жақын орналасуы эмоциялық интеллект компоненттерінің жүйелі түрде қалыптасқанын дәлелдейді. Сонымен қатар, нәтижелердің бір бағытта шоғырлануы эмоциялық интеллект дамуының кездейсоқ емес, мақсатты ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық ықпалдың нәтижесі екенін айқындайды. Бұл эксперименттік жұмыстың тиімділігін жанама түрде растап, келесі кезеңде параметрлік немесе параметрлік емес салыстырмалы талдаулар жүргізуге негіз болады.

Д. Мэйер, П. Сэловей және Д. Карузоның «Эмоциялық интеллект» (MSCEIT v. 2.0) тесті бойынша алынған деректерді талдау мақсатында эмоциялық интеллект көрсеткіштері арасындағы өзара байланыстар Пирсонның корреляция коэффициенті (r) арқылы анықталды. Төменде ұсынылған кестеде сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект компоненттері арасындағы корреляциялық байланыстардың бағыттылығы мен мәнділік деңгейі көрсетілген (Кесте 29).

Кесте 29 – СО (А.С.Байрамов) тесті мен Д. Мэйер, П. Сэловей және Д. Карузоның «Эмоциялық интеллект» тестінің Пирсон бойынша корреляция көрсеткіші

№	Айнымалылар СО	r (Пирсон)	p (мәнділік)	Айнымалылар ЭИ
1	Жетістікті ақпаратты анықтау	0,425	0,000	Өзіндік мотивация
2	Ой қорыту тізбегін бағалау қабілеті	0,243	0,040	Эмпатия
3	Рефлексияны бағалау қабілеті	0,344	0,003	Эмоцияларды басқару
4	СО қорытынды (Байрамов)	0,420	0,000	Эмоциялық интеллектінің жалпы көрсеткіші
5	СО қорытынды (Байрамов)	0,605	0,000	Эмоцияларды түсіну/өңдеу

29 - кестеде ұсынылған регрессиялық талдау нәтижелері бойынша сыни ойлау көрсеткіштерінің эмоциялық интеллект компоненттеріне психологиялық

әсерін анықтау мақсатында Пирсонның корреляциялық талдауы жүргізілді. Талдауға 72 респонденттің деректері енгізілді (N = 72). Корреляциялық коэффициенттердің маңыздылығы 0,05 және 0,01 деңгейлерінде бағаланды.

Алынған нәтижелер сыни ойлаудың жекелеген когнитивтік көрсеткіштері арасында орташа және жоғары деңгейдегі оң корреляциялық байланыстардың бар екенін көрсетті. Атап айтқанда, *жеткіліксіз ақпаратты анықтау* көрсеткіші мен *логикалық қорытынды жасау және оны бағалау қабілеті* арасында статистикалық мәнді оң байланыс анықталды ($r = 0,425$; $p < 0,01$). Бұл нәтиже ақпарат тапшылығы жағдайында логикалық пайымдау дағдыларының белсенді іске қосылатынын көрсетеді.

Сондай-ақ *логикалық қорытынды жасау және оны бағалау қабілеті* мен *ой қорыту тізбегін бағалау қабілеті* арасында мәнді байланыс байқалды ($r = 0,268$; $p < 0,05$). Бұл көрсеткіштер сыни ойлаудың құрылымдық біртұтастығын айқындайды және ойлау әрекеттерінің жүйелілігін дәлелдейді.

Рефлексивті бағалау қабілеті басқа сыни ойлау компоненттерімен салыстырғанда неғұрлым күшті корреляциялық байланыстарды көрсетті. Атап айтқанда, ол *СО қорытынды деңгейімен* ($r = 0,493$; $p < 0,01$) және *ой қорыту тізбегін бағалау қабілетімен* ($r = 0,565$; $p < 0,01$) жоғары деңгейде өзара байланысты. Бұл рефлексияның сыни ойлаудың метатанымдық негізі екенін растайды.

Эмоциялық интеллект компоненттеріне психологиялық әсерін талдау нәтижесінде, сыни ойлаудың кейбір көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект арасында таңдамалы, бірақ статистикалық тұрғыдан мәнді корреляциялар анықталды. Мысалы, *ой қорыту тізбегін бағалау қабілеті* мен *эмпатия* арасында оң психологиялық әсер байқалды ($r = 0,243$; $p < 0,05$). Бұл оқушының басқаның эмоциялық күйін түсінуі оның ой қорыту үдерісінің тереңдігімен ұштасатынын көрсетеді.

Сонымен қатар *рефлексивті бағалау қабілеті* мен *өзіндік мотивация* ($r = 0,344$; $p < 0,01$), сондай-ақ *эмоциялық интеллектінің жалпы көрсеткішімен* ($r = 0,937$; $p < 0,01$) жоғары деңгейдегі байланысы мен әсері анықталды. Бұл нәтиже рефлексияның эмоциялық өзін-өзі реттеу және ішкі мотивациямен тығыз байланыста және әсері жоғары екенін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, корреляциялық талдау нәтижелері сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасында өзара тәуелді, көпқырлы әсердің бар екенін көрсетті. Әсіресе рефлексивті және аналитикалық компоненттердің эмоциялық интеллектінің тұлғалық қырларына тығыз әсерінің болуы оқушылардың когнитивтік және эмоциялық дамуының интегративті сипатқа ие екенін айқындайды. Зерттеу барысында алынған көрсеткіштер бойынша бақылау тобына қарағанда эксперименттік топтарда оқушылардың эмоциялық интеллектілері біршама жоғары қалыптасқандығын көрсетті.

8-сынып оқушыларымен жүргізілген дамыту бағдарламасының тиімділігін бағалау мақсатында зерттеудің бастапқы кезеңінде қолданылған әдістемелер бойынша бақылау және эксперимент топтарында қайта диагностикалық зерттеу жүргізілді. Эксперимент нәтижелерін талдау барысында тәуелсіз айнымалылар

ретінде қарастырылған сыни ойлау көрсеткіштерінің (ақпаратты түсіну және талдау, мәселені анықтау, қорытынды жасау, дәлелдерді бағалау және рефлексия) даму деңгейіндегі өзгерістер мен тәуелді айнымалылар болып табылатын эмоциялық интеллект компоненттерінің (өзін-өзі тану, эмоцияларды реттеу, эмпатия, әлеуметтік өзара әрекеттесу және өз эмоциялары мен өзгенің эмоцияларын басқару қабілеттері) даму ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылды.

Жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері эксперимент тобында тәуелсіз және тәуелді айнымалылар арасындағы өзара байланыстың күшейгенін және зерттелетін көрсеткіштердің даму динамикасының бақылау тобымен салыстырғанда жоғары болғанын көрсетті. Ал бақылау тобында байқалған өзгерістер негізінен оқушылардың жас кезеңіне тән когнитивтік және эмоциялық жетілу үдерістерімен сипатталды. Осыған байланысты төменде бақылау және эксперимент топтарының эксперименттен кейінгі нәтижелеріне жүргізілген математикалық-статистикалық талдау қорытындылары ұсынылады.

Кесте 30 – 8-сыныптың бақылау тобындағы сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасындағы корреляциялық байланыстардың бастапқы және қорытынды көрсеткіштері

Тәуелсіз айнымалы (сыни ойлау көрсеткіші)	**БТ эксперименттің бастапқы көрсеткіші (r)**	**БТ эксперименттің соңғы көрсеткіші (r)**	**Тәуелді айнымалы (эмоциялық интеллект көрсеткіші)**
Логикалық және аналитикалық ойлау арқылы күрделі мәселелерді шешу	0,254	0,312	Өз сезімдері мен эмоцияларын сезіну
Тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысты анықтай алу	0,249	0,293	Өз сезімдері мен эмоцияларын басқару
Өсу мүмкіндігі бар сыни ойлау дағдысы	0,281	0,321	Тұлғаішілік эмоциялық интеллект (ТІЭИ)

Бақылау тобында сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект компоненттері арасындағы байланыстардың аздап күшейгені байқалды. Алайда көрсеткіштердің өсу қарқыны төмен деңгейде сақталды (r=0,249–0,281-ден r=0,293–0,321-ге дейін). Бұл өзгерістер оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес табиғи даму динамикасымен түсіндіріледі.

Кесте 31 – 8- сыныптың эксперименттік тобындағы сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасындағы мәнді корреляциялық байланыстардың бастапқы және қорытынды көрсеткіштері

Тәуелсіз айнымалы (сыни ойлау көрсеткіші)	**Эксперимент басы (r)**	**Эксперимент соңы (r)**	**Тәуелді айнымалы (эмоциялық интеллект көрсеткіші)**
Тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысты анықтай алу	0,293	0,589	Өз сезімдері мен эмоцияларын сезіну
Сыни ойлау қабілеті	0,248	0,412	Тұлғааралық эмоциялық интеллект (ТАЭИ)
Сыни ойлау қабілеті	0,247	0,556	Өз сезімдері мен эмоцияларын басқару
Дәлелдерді талдау анықтау	0,322	0,689	Тұлғаішілік эмоциялық интеллект (ТІЭИ)
Өсу мүмкіндігі бар сыни ойлау дағдысы	-0,128	0,250	Қорытынды эмоциялық интеллект көрсеткіші
Өсу мүмкіндігі бар сыни ойлау дағдысы	-0,061	0,192	Тұлғаішілік эмоциялық интеллект (ТІЭИ)

Ескерту: *p<0,05; **p<0,01 (екі жақты критерий бойынша статистикалық мәнді).

Эксперименттік жұмыстың нәтижелері (Дж.Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісіз» тесті мен М. А. Манойлованың «Эмоциялық интеллектіні диагностикалау әдістемесі) тәуелсіз айнымалылар ретінде қарастырылған сыни ойлау көрсеткіштері мен тәуелді айнымалылар болып табылатын эмоциялық интеллект компоненттері арасындағы өзара ықпалдың едәуір күшейгенін көрсетті. Эксперименттің бастапқы кезеңінде байқалған әлсіз байланыстар кейінгі кезеңде орташа және жоғары деңгейдегі оң корреляцияларға ұласты. «Тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысты анықтай алу» көрсеткішінің өз сезімдері мен эмоцияларын сезіну параметрімен байланысы r=0,293-тен r=0,589-ға дейін артты. Бұл оқушылардың ақпаратты жедел өңдеу және логикалық пайымдау қабілеттерінің дамуы олардың эмоциялық күйін тереңірек ұғынуына ықпал еткенін көрсетеді. Сыни ойлау қабілетінің тұлғааралық эмоциялық интеллектпен байланысы r=0,248-ден r=0,412-ге дейін, ал өз сезімдері мен эмоцияларын басқарумен байланысы r=0,247-ден r=0,556-ға дейін жоғарылады. Бұл өзгерістер сыни пайымдау мен негізделген шешім қабылдау дағдыларының жетілуі әлеуметтік өзара әрекеттестік сапасының артуымен және эмоциялық өзін-өзі реттеу тетіктерінің нығаюымен қатар жүргенін аңғартады. Ең жоғары көрсеткіштердің бірі дәлелдерді талдау және анықтауда байқалды. Оның тұлғаішілік эмоциялық интеллектпен байланысы r=0,322-ден r=0,689-ға дейін өсті. Бұл дерек талдамалық ойлаудың дамуы оқушының өзіндік эмоциялық тәжірибесін түсінуі мен ішкі эмоциялық ресурстарын тиімді басқаруына ықпал ететінін көрсетеді. Ал, бастапқы кезеңде теріс бағытта болған «Өсу мүмкіндігі бар сыни ойлау дағдысының» эмоциялық интеллекттің қорытынды көрсеткішімен байланысы r=-0,128-ден r=0,250-ге дейін, ал тұлғаішілік эмоциялық интеллектпен байланысы r=-0,061-ден r=0,192-ге дейін өзгерді. Теріс байланыстардың оң бағытқа ауысуы оқушылардың когнитивтік икемділігі мен өзіндік дамуға бағытталған ұстанымдарының

эмоциялық интелектінің қалыптасуына қолайлы жағдай жасағанын білдіреді. Эксперимент соңында тәуелсіз айнымалылардағы сапалық өзгерістер тәуелді айнымалылардың даму көрсеткіштерімен үйлесімді сипат алды. Бұл сыни ойлаудың талдау, бағалау, логикалық қорытынды жасау және рефлексия компоненттерін мақсатты түрде дамыту оқушылардың эмоциялық хабардарлығының, эмоцияларды реттеу қабілетінің, тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларының және тұлғаішілік эмоциялық интеллектінің қалыптасуына тиімді ықпал еткенін дәлелдейді.

Кесте 32 – 8-сыныпта бақылау тобының эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдеріндегі сыни ойлау мен эмоциялық интеллект көрсеткіштері арасындағы байланыстардың салыстырмалы сипаттамасы

Тәуелсіз айнымалы (сыни ойлау көрсеткіші)	**Эксперимент басы (r)**	**Эксперимент соңы (r)**	**Тәуелді айнымалы (эмоциялық интеллект көрсеткіші)**
Логикалық және аналитикалық ойлау арқылы күрделі мәселелерді шешу	0,212	0,254*	Өз сезімдері мен эмоцияларын сезіну
Тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысты анықтай алу	0,198	0,249*	Өз сезімдері мен эмоцияларын басқару
Өсу мүмкіндігі бар сыни ойлау дағдысы	0,281	0,335**	Тұлғаішілік эмоциялық интеллект (ТІЭИ)

Бақылау тобының эксперименттің (Сыни ойлауды бағалауға арналған тест-сауалнама (А.С.Байрамов) мен ЭмИн сауалнамасы) бастапқы және соңғы кезеңдеріндегі көрсеткіштерін салыстыру нәтижесінде сыни ойлау мен эмоциялық интеллект компоненттері арасындағы байланыстардың біршама артқаны байқалды. Атап айтқанда, логикалық және аналитикалық ойлау арқылы күрделі мәселелерді шешу көрсеткішінің өз сезімдері мен эмоцияларын сезінумен байланысы r=0,212-ден r=0,254-ке дейін, тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысты анықтау көрсеткішінің өз сезімдері мен эмоцияларын басқарумен байланысы r=0,198-ден r=0,249-ға дейін, ал өсу мүмкіндігі бар сыни ойлау дағдысының тұлғаішілік эмоциялық интеллектпен байланысы r=0,281-ден r=0,335-ке дейін өсті. Дегенмен, аталған өзгерістердің қарқыны жоғары емес және көрсеткіштер арасындағы байланыстардың кеңеюі байқалмайды. Бұл бақылау тобында орын алған өзгерістердің негізінен оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүретін когнитивтік және эмоциялық жетілу үдерістерімен байланысты болғанын көрсетеді. Арнайы дамыту ықпалы

жүргізілмегендіктен, айнымалылар арасындағы өзара байланыстардың күшеюі шектеулі деңгейде сақталды.

Кесте 33 – 8-сыныпта эксперимент тобының бастапқы және соңғы кезеңдеріндегі тәуелсіз және тәуелді айнымалылар арасындағы мәнді байланыстардың салыстырмалы көрсеткіштері(Сыни ойлауды бағалауға арналған тест-сауалнама (А.С.Байрамов) мен ЭмИн сауалнамасы)

Тәуелсіз айнымалы (сыни ойлау көрсеткіші)	**Эксперимент басы (r)**	**Эксперимент соңы (r)**	**Тәуелді айнымалы (эмоциялық интеллект көрсеткіші)**
Жеткіліксіз ақпаратты анықтау	-0,125	0,214	Эмоцияны түсіну (ЭТ)
Жеткіліксіз ақпаратты анықтау	0,242	0,478	Өзгелердің эмоциясын басқару (ӨЭТ)
Жеткіліксіз ақпаратты анықтау	-0,233	0,242	Тұлғаішілік эмоциялық интеллект (ТІЭИ)
Жеткіліксіз ақпаратты анықтау	0,249	0,568	Өз эмоциясын түсіну (ЭТ)
Жеткіліксіз ақпаратты анықтау	0,300	0,654	Эмоцияның сыртқы көрінісін басқару (ЭБ)
Логикалық қорытынды жасау және оны бағалау қабілеті	0,278	0,563	Эмоцияны түсіну (ЭТ)
Ой қорыту тізбегін бағалау қабілеті	0,242	0,475	Өз эмоциясын басқару (ІЭ)

Эксперименттік топтың бастапқы және қорытынды нәтижелерін салыстырмалы талдау тәуелсіз айнымалылар ретінде қарастырылған сыни ойлау көрсеткіштері мен тәуелді айнымалылар болып табылатын эмоциялық интеллект компоненттері арасындағы байланыстың айтарлықтай күшейгенін көрсетті. «Жеткіліксіз ақпаратты анықтау» көрсеткішінің эмоцияны түсінумен байланысы r=-0,125-тен r=0,214-ке дейін өзгеріп, теріс бағыттан оң бағытқа ауысты. Осы көрсеткіштің өзгелердің эмоцияларын басқарумен байланысы r=0,242-ден r=0,478-ге дейін, тұлғаішілік эмоциялық интеллектпен байланысы r=-0,233-тен r=0,242-ге дейін, өз эмоцияларын түсінумен байланысы r=0,249-дан r=0,568-ге дейін, ал эмоцияның сыртқы көрінісін басқарумен байланысы r=0,300-ден r=0,654-ке дейін артты. «Логикалық қорытынды жасау және оны бағалау қабілетінің» эмоцияны түсінумен байланысы r=0,278-ден r=0,563-ке дейін жоғарылады. «Ой қорыту тізбегін бағалау қабілетінің» өз эмоцияларын басқарумен байланысы да r=0,242-ден r=0,475-ке дейін күшейді. Алынған нәтижелер сыни ойлаудың ақпаратты талдау, бағалау және негізделген

қорытынды жасау сияқты компоненттерінің дамуы эмоциялық интеллекттің өзін-өзі тану, эмоцияларды түсіну, эмоциялық өзін-өзі реттеу және тұлғааралық өзара әрекеттесу көрсеткіштерінің жетілуімен қатар жүргенін дәлелдейді. Тәуелсіз айнымалылардағы оң динамика тәуелді айнымалылардың дамуымен ұштасып, эксперименттік бағдарлама барысында оқушылардың когнитивтік және эмоциялық даму жүйелерінің өзара ықпалдасу деңгейінің артқанын көрсетті.

Зерттеу барысында сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект параметрлері арасындағы статистикалық айырмашылықтарды анықтау мақсатында ANOVA дисперсиялық талдауы жүргізілді. Алынған нәтижелер сыни ойлаудың дамуы эмоциялық интеллект компоненттеріне ықпал ететінін дәлелдеуге мүмкіндік берді

Дисперсиялық талдау нәтижелері сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект компоненттері арасында статистикалық мәнді байланыстар бар. Мәселен, жеткілікті ақпаратты анықтау қабілеті өзіндік мотивациямен ($r=0.425;p<0.01$) оң байланыс көрсетті. Бұл оқушылардың ақпаратты сыни талдау қабілеті дамыған сайын олардың ішкі ынталануы мен мақсатқа жетуге бағытталған белсенділігі де артатынын дәлелдейді. Ой қорыту тізбегін бағалау қабілеті эмпатия көрсеткішімен ($r=0.243;p<0.05$), ал рефлексияны бағалау қабілеті эмоцияларды басқарумен ($r=0.344;p<0.01$) статистикалық мәнді байланыс көрсетті. Бұл сыни ойлау әрекеттерінің дамуы оқушылардың эмоциялық өзін-өзі реттеу және өзге адамдардың эмоциялық жағдайын түсіну қабілеттеріне ықпал ететінін айқындайды. Сыни ойлаудың жалпы қорытынды көрсеткіші эмоциялық интеллектінің жалпы деңгейімен ($r=0.420;p<0.01$) және эмоцияларды түсіну/өңдеу қабілетімен ($r=0.605;p<0.01$) жоғары деңгейдегі оң байланысты байқатты. Алынған нәтижелер сыни ойлауды дамыту эмоциялық интеллект параметрлерінің қалыптасуына әсер ететінін және олардың өзара психологиялық байланыста дамитынын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

Зерттеу мақсатына сәйкес эмпирикалық деректерді объективті талдау және зерттеліп отырған айнымалылар арасындағы өзара байланыс пен әсерін анықтау үшін математикалық-статистикалық өңдеу әдістері қолданылды. Атап айтқанда, сыни ойлау мен эмоциялық интеллект көрсеткіштері арасындағы корреляциялық байланыстармен психологиялық әсерін айқындау мақсатында Пирсонның корреляция коэффициенті (r), Спирменнің рангілік корреляция коэффициенті (ρ), сондай-ақ Тау–Кендалл корреляциялық талдау әдісі (τ) пайдаланылды. Тау–Кендалл коэффициентін қолдану рангілік деректер арасындағы байланыстың тұрақтылығы мен бағыттылығын неғұрлым дәл бағалауға мүмкіндік беріп, алынған нәтижелердің сенімділігін арттырды. Осылайша, қолданылған статистикалық әдістер зерттеу нәтижелерін сандық тұрғыдан негіздеуге және ғылыми қорытындылардың дәлдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік болды. Келесі кестеде Пирсонның сызықтық корреляция коэффициенті (r) негізінде эмоциялық интеллект көрсеткіштері арасындағы өзара байланыстар берілген (Кесте 34)

Кесте 34- Эмоциялық интеллект көрсеткіштері арасындағы өзара байланыстар


№	Айнымалылар	r (Пирсон)	p (мәнділік)	Айнымалылар
1	Өз эмоцияларын түсіну	0,48	0,000	Өз эмоцияларын басқару
2	Өз эмоцияларын түсіну	0,47	0,000	Эмоциялық хабардарлық
3	Өз эмоцияларын басқару	0,51	0,000	Өзіндік мотивация
4	Эмоциялық хабардарлық	0,44	0,000	Өзіндік мотивация
5	Өзіндік мотивация	0,42	0,000	Эмпатия
6	Эмпатия	0,55	0,000	Басқа адамдардың эмоцияларын тану
7	Басқа адамдардың эмоцияларын түсіну	0,53	0,000	Эмпатия
8	Басқа адамдардың эмоцияларын түсіну	0,49	0,000	Басқа адамдардың эмоцияларын басқару
9	Эмоцияларды басқару	0,60	0,000	Эмоциялық интеллектінің жалпы көрсеткіші
10	Эмпатия	0,58	0,000	Эмоциялық интеллектінің жалпы көрсеткіші
11	Өзіндік мотивация	0,56	0,000	Эмоциялық интеллектінің жалпы көрсеткіші

34- кестеде ұсынылған регрессиялық талдау нәтижелері бойынша экспериментке дейінгі кезеңде оқушылардың сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект компоненттері арасындағы өзара байланыстарды анықтау мақсатында Пирсонның корреляциялық талдау әдісі қолданылды. Аталған әдіс деректердің рангтік сипатын ескере отырып, айнымалылар арасындағы тәуелділіктің бағыты мен күшін және сыни ойлаудың эмоциялық интеллектіні дамытуға әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Экспериментке дейінгі зерттеу кезеңінде сыни ойлау көрсеткіштерінің оқушылардың эмоциялық интеллект компоненттеріне психологиялық әсерінің статистикалық мәнділігін анықтау үшін Тау–Кендалл корреляция коэффициенті қолданылды. Корреляциялардың мәнділігі $p \leq 0,05$ және $p \leq 0,01$ деңгейлерінде бағаланды. Талдау нәтижелері кестеде ұсынылған корреляциялық байланыстардың бірқатары статистикалық тұрғыдан мәнді екенін, ал кейбірінің мәнділік деңгейіне жетпегенін көрсетті. Бұл жағдай экспериментке дейінгі кезеңде зерттелетін психологиялық көрсеткіштердің даму деңгейі мен олардың әсері әркелкі екенін айғақтайды. $p \leq 0,01$ деңгейіндегі мәнді корреляциялар. Кесте деректеріне сәйкес, сыни ойлаудың жекелеген көрсеткіштерінің

эмоциялық интеллектінің бірқатар базалық компоненттеріне (эмоциялық хабардарлық, эмоцияларды тану, эмоцияларды түсіну) психологиялық әсері жоғары деңгейдегі статистикалық мәнді байланыстардың ($p \leq 0,01$) бар екендігін көрсетеді. Бұл нәтиже аталған компоненттердің әсері кездейсоқ емес екенін және олардың арасында тұрақты психологиялық тәуелділік бар екенін көрсетеді. Атап айтқанда, ақпаратты талдау, бағалау және қорытынды жасауға бағытталған сыни ойлау үдерістерінің эмоцияларды тану мен түсіну қабілеттеріне психологиялық әсері бар екені байқалады. Яғни, $p \leq 0,05$ деңгейіндегі мәнді корреляциялар. Сонымен қатар, зерттеу барысында бірқатар айнымалылар арасында орташа деңгейдегі, бірақ статистикалық тұрғыдан мәнді корреляциялар ($p \leq 0,05$) тіркелді. Бұл байланыстар эмоциялық реакцияларды реттеу, эмоциялы жауап беру және әлеуметтік жағдайларды түсіну көрсеткіштерімен байланысты.

Мәнді емес корреляциялар ($p > 0,05$). Кестеде ұсынылған кейбір көрсеткіштер арасында статистикалық мәнді емес әсердің ($p > 0,05$) анықталуы экспериментке дейін сыни ойлау мен эмоциялық интеллект компоненттерінің жүйелі интеграцияланбағанын білдіреді. Бұл жағдай оқушылардың эмоциялық тәжірибені саналы түрде талдау дағдыларының жеткіліксіз дамуымен және рефлексия деңгейінің төмендігімен түсіндіріледі.Фридман критерийі бойынша жүргізілген талдау эксперимент кезеңдері арасындағы көрсеткіштерде статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылықтардың бар екенін көрсетті (Сурет 15).



Сурет 15 - Эмоциялық интеллект көрсеткіштерінің салыстырмалы көрінісі

Фридманның екі факторлы рангілік дисперсиялық талдауы сыни ойлау мен эмоциялық интеллект көрсеткіштерінің орташа рангтері арасында статистикалық мәнді айырмашылықтарды анықтады. Эмоцияларды тану, түсіну, басқару, өзіндік мотивация және эмпатия көрсеткіштеріндегі ерекшеліктер оқушылардың когнитивтік және эмоциялық даму үдерістерін кешенді қарастыру қажеттілігін көрсетті. Алынған нәтижелер сыни ойлауды дамыту арқылы эмоциялық интеллектіге психологиялық ықпал ету мүмкіндіктерін әрі қарай зерттеуге негіз болды.

Эксперименттен кейінгі кезеңде сыни ойлау көрсеткіштерінің эмоциялық интеллект компоненттерінің дамуына әсерін статистикалық мәнділігін анықтау мақсатында Тау–Кендалл корреляциялық талдау әдісі қолданылды. Алынған нәтижелер $p \leq 0,05$ және $p \leq 0,01$ деңгейлерінде бағаланды, бұл зерттелетін айнымалылар арасындағы байланыстың сенімділік дәрежесін айқындауға мүмкіндік берді (Кесте 35).

Кесте 35 – Мәнділік корреляциялық байланыс көрсеткіштері

№	Айнымалылар	r (Тау-Кендал)	p (мәнділік)	Айнымалылар
1	Эмоциялы хабардарлық	0,417	0,000	Эмоцияларды басқару
2	Эмоциялы хабардарлық	0,407	0,000	Эмпатия
3	Эмоциялы хабардарлық	0,399	0,001	Басқа адамдардың эмоцияларын тану
4	Эмоцияларды басқару	0,389	0,001	Өзіндік мотивация
5	Эмоцияларды басқару	0,371	0,002	Эмпатия
6	Эмпатия	0,433	0,000	Басқа адамдардың эмоцияларын тану
7	Басқа адамдардың эмоцияларын түсіну	0,365	0,002	Басқа адамдардың эмоцияларын басқару
8	Басқа адамдардың эмоцияларын түсіну	0,402	0,001	Эмпатия
9	Эмоциялық интеллект (жалпы)	0,520	0,000	Эмоцияларды басқару
10	Эмоциялық интеллект (жалпы)	0,498	0,000	Эмпатия
11	Эмоциялық интеллект (жалпы)	0,476		Өзіндік мотивация

Ескерту. *Регрессиялық талдау нәтижелері бойынша $p \leq 0,01$ деңгейіндегі мәнді корреляциялық байланыстар бар*

35-кестедегі талдау нәтижелері эксперименттен кейін сыни ойлау мен эмоциялық интеллект компоненттері арасындағы жоғары статистикалық мәнді корреляциялардың ($p \leq 0,01$) артқанын көрсетеді. Әсіресе эмоцияларды тану, түсіну, басқару және жалпы эмоциялық интеллект көрсеткіштерімен байланыстар күшейген. Бұл сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысының нығайғанын және дамыту бағдарламасының тиімділігін

көрсетеді. Сонымен қатар, $p \leq 0,05$ деңгейіндегі мәнді байланыстардың сақталуы және мәнді емес корреляциялардың азаюы зерттеу гипотезасын қолдайтын қосымша дәлелдер болып табылады.

Зерттеу барысында эмоциялық интеллект компоненттердің құрылымдық көрсеткіштері мен сыни ойлау, өзіндік реттеу және тұлғалық сипаттамалар арасындағы әсерді анықтау мақсатында Спирменнің рангілік корреляциялық талдауы жүргізілді.

Кесте 36 – Спирмен бойынша рангілік корреляция

	Айнымалылар	r (Спирмен)	p (мәнділік)	Айнымалылар
1	Эмоцияларды пайдалану	0.294	0.012	Эмоцияларды түсіну
2	Эмоцияларды пайдалану	0.308	0.009	Тұлғааралық ЭИ
3	Эмоцияларды пайдалану	0.248	0.036	Эмоцияларды басқару
4	Эмоцияларды пайдалану	0.242	0.041	Өз эмоциясын түсіну
5	Эмоцияларды пайдалану	0.245	0.038	Өзін басқару
6	Эмоцияларды пайдалану	0.239	0.043	Эмпатия
7	Эмоцияларды пайдалану	0.263	0.026	Эмоцияларды басқару (жалпы)
8	Эмоцияларды пайдалану	0.269	0.022	Тұлғааралық ЭИ
9	Эмоцияларды пайдалану	0.233	0.048	Өз эмоциясын түсіну
10	Эмоцияларды пайдалану	0.275	0.020	Эмоцияларды басқару
11	Эмоцияларды пайдалану	0.253	0.032	Эмпатия
12	Эмоцияларды пайдалану	0.251	0.033	Жалпы көрсеткіш
13	Эмоцияларды түсіну	0.233	0.049	Тұлғааралық ЭИ

36- кестеде ұсынылған регрессиялық талдау нәтижелері оқушылардың когнитивтік компонент бойынша эмоцияларды пайдалану көрсеткіштері бірқатар айнымалылармен статистикалық мәнді оң әсердің бар екенін көрсетті. Атап айтқанда, бұл көрсеткіш эмоцияны түсінудің жалпы деңгейімен ($r = 0,294$; $p < 0,05$), сондай-ақ эмоцияларды басқару қабілетімен ($r = 0,308$; $p < 0,01$) тығыз байланысты. Бұл дерек эмоцияларды саналы түрде қолдана алатын оқушылардың эмоциялық үдерістерді реттеу қабілеті жоғары болатынын дәлелдейді. Сонымен қатар, эмоцияларды пайдалану көрсеткіші өзіндік эмоцияны түсіну ($r = 0,248$; $p < 0,05$), өз эмоциясын түсіну (ВП) ($r = 0,242$; $p < 0,05$) және эмоциялық сыртқы әсерді басқару ($r = 0,245$; $p < 0,05$) көрсеткіштерімен де мәнді корреляция көрсетті. Бұл эмоциялық компоненттің интегративті сипатын айқындай түсті. Ал эмоцияларды түсіну көрсеткіші бойынша тұлғалық және когнитивтік айнымалылармен әлсізден орташа деңгейге дейінгі оң байланыстар көрсетті. Атап айтқанда, ол өзгелердің эмоциясын түсіну

(МП) (r = 0,233; p < 0,05) және өз эмоциясын түсіну (ВП) (r = 0,210; p < 0,05) көрсеткіштерімен мәнді байланысқа ие болды. Бұл нәтиже эмоцияларды түсіну қабілетінің эмпатиялық қабылдаумен тікелей байланысын көрсетті. Сондай-ақ респонденттердің эмоцияларды басқару көрсеткіші бойынша корреляциялық байланыстар мен әсердің басым бөлігі әлсіз деңгейде көрінгенімен, олар эмоциялық өзін-өзі реттеу қабілетінің күрделі, көпқырлы психологиялық құрылым екенін айқындай түсті. Келесі кезекте, респонденттердің эмоциялық компоненттің қорытынды көрсеткіші бойынша бірқатар айнымалылармен әлсіз және орташа деңгейдегі оң корреляцияларды көрсетті. Мұндай жағдай эмоциялық интеллектінің жалпы деңгейімен, өзіндік эмоцияны түсіну және эмоцияларды басқару көрсеткіштерімен оң бағытта әсердің дәлелі бола алады. Сонымен қатар, зерттеу барысында сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні дамыту үдерісіндегі аналитикалық компоненттің орны мен маңызын анықтау мақсатында Спирменнің рангілік корреляциялық талдауы жүргізілді (N = 72). Аналитикалық компонент логикалық-аналитикалық ойлау, фактілерді пікірлерден ажырату, дәлелдерді талдау, логикалық байланыстарды анықтау және сыни ойлаудың дамуға бағытталған дағдыларын қамтыды (Кесте 37).

Кесте 37 – Н. Холлдың эмоциялық интеллект деңгейін анықтау әдістемесі мен Дж. Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісіз?» әдістемелері бойынша Спирмен корреляциялық талдау нәтижелері

№	**Сыни ойлау көрсеткіштері**	**Эмоциялық интеллект параметрлері**	**ρ (Спирмен)**	**p**
1	Логикалық және аналитикалық ойлау арқылы мәселені шешу	Эмоцияларды басқару	0,662**	0,000
2	Сыни көзқарас арқылы фактілерді талдау	Эмоцияларды түсіну	0,396**	0,001
3	Тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысын анықтау	Эмоцияларды түсіну	0,347**	0,003
4	Өсу мүмкіндігі бар сыни ойлау дағдысы	Эмоцияларды пайдалану	0,456**	0,000
5	Логикалық және аналитикалық ойлау арқылы мәселені шешу	Эмоцияларды басқару	0,311**	0,008
6	Дәлелдерді талдау, анықтау	Эмоцияларды тану	0,349**	0,003

*Ескерту: ** p ≤ 0,01 — статистикалық мәнді корреляциялық байланыс.*

37- кестеде ұсынылған регрессиялық талдау нәтижелері аналитикалық компоненттің сыни ойлаудың құрылымдық өзегі ретінде көрінетінін айқындап

берді. Кесте нәтижелері сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект параметрлері арасында статистикалық мәнді оң байланыстардың бар екенін көрсетті. Әсіресе, логикалық және аналитикалық ойлау арқылы мәселені шешу қабілеті мен эмоцияларды басқару арасында жоғары деңгейдегі оң корреляциялық байланыс анықталды ($\rho = 0{,}662$; $p \leq 0{,}01$). Бұл оқушылардың аналитикалық ойлау дағдылары дамыған сайын эмоцияларды реттеу және бақылау қабілеттері де артатынын көрсетеді. Сыни көзқарас арқылы фактілерді талдау мен эмоцияларды түсіну арасында ($\rho = 0{,}396$), сондай-ақ тапсырманы жылдам түсініп, логикалық байланысын анықтау мен эмоцияларды түсіну арасында ($\rho = 0{,}347$) орташа деңгейдегі оң байланыстар анықталды. Бұл сыни ойлау қабілеттерінің эмоциялық қабылдау мен түсіну процестеріне ықпал ететінін дәлелдейді. Алынған нәтижелер сыни ойлау көрсеткіштерінің дамуы оқушылардың эмоциялық интеллект компоненттерінің қалыптасуына психологиялық тұрғыдан мәнді әсер ететінін көрсетті. Шығармшылық компонент бойынша сыни ойлаудың эмоциялық интеллектіні дамытуға әсерін Пирсон корреляциясы бойынша талдадық (Кесте 38).

Кесте 38 - Шығармашылық компонент бойынша сыни ойлаудың эмоциялық интеллектіге психологиялық әсерін Н. Холлдың эмоциялық интеллект деңгейін анықтау әдістемесі мен Дж. Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісіз?» әдістемелері арқылы анықтау бойынша Спирмен корреляциялық талдау нәтижелері

1	Күрделі мәселені шешу	0.251	0.033	Эмоцияларды басқару
2	Тапсырманы жылдам түсіну, логикалық байланысты анықтау	0.237	0.045	Басқа адамдардың эмоцияларын тану
3	Логикалық және аналитикалық ойлау	0.251	0.034	Эмпатия

38-кестеде ұсынылған Пирсон корреляциялық талдауы сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект компоненттері арасында статистикалық мәнді оң байланыстар бар екенін көрсетті. Атап айтқанда, күрделі мәселені шешу қабілеті эмоцияларды басқарумен ($r=0.251$; $p<0.05$), тапсырманы жылдам түсіну және логикалық байланыстарды анықтау басқа адамдардың эмоцияларын танумен ($r=0.237$; $p<0.05$), ал логикалық-аналитикалық ойлау эмпатиямен ($r=0.251$; $p<0.05$) өзара байланысты екені анықталды. Бұл нәтижелер сыни ойлау дағдылары мен эмоциялық интеллект компоненттерінің өзара сабақтастығын көрсетеді.

Қалыптастырушы эксперименттің тиімділігін бағалау мақсатында бақылау және эксперимент топтарының когнитивтік, эмоциялық, мінез-құлықтық, аналитикалық және шығармашылық көрсеткіштері бойынша ANOVA дисперсиялық талдауы жүргізілді. Талдау нәтижелері 39-кестеде ұсынылған.

Кесте 39 - Когнитивтік, эмоциялық, мінез-құлықтық, аналитикалық және шығармашылық параметрлер бойынша сыни ойлау көрсеткіштерінің эмоциялық интеллект компоненттеріне психологиялық әсерін анықтаудың ANOVA дисперсиялық талдау нәтижелері

№	Параметрлер	БТ (n=72) M±SD	ЭТ (n=72) M±SD	F	p	Мәнділік
1	Когнитивтік	48,2 ± 4,6	88,1 ± 5,5	31,84	0,000	**
2	Эмоциялық	50,1 ± 5,1	87,3 ± 5,7	29,76	0,000	**
3	Мінез-құлықтық	49,4 ± 4,9	85,7 ± 5,4	27,43	0,001	**
4	Аналитикалық	47,8 ± 5,0	88,9 ± 5,8	34,12	0,000	**
5	Шығармашылық	51,0 ± 5,3	87,8 ± 6,0	32,65	0,000	**

Ескерту. Айырмашылықтар статистикалық мәнді ($p \leq 0,001$).

39- кестеде ұсынылған регрессиялық талдау нәтижелері когнитивтік, эмоциялық, мінез-құлықтық, аналитикалық және шығармашылық параметрлер бойынша эксперименттік топ көрсеткіштерінің бақылау тобымен салыстырғанда статистикалық тұрғыдан мәнді жоғарылағанын көрсетті. Зерттеу нәтижелері сыни ойлау компоненттерінің дамуы эмоциялық интеллект құрылымының қалыптасуына тікелей психологиялық ықпал ететінін дәлелдеді.

Аналитикалық компонент бойынша ең жоғары көрсеткіш анықталды ($F=34,12$; $p\leq0,001$). Бұл оқушылардың логикалық талдау, дәлелдеу, салыстыру және рефлексия жасау дағдыларының дамуы эмоциялық интеллектінің эмоцияларды түсіну мен реттеу компоненттеріне елеулі әсер еткенін көрсетеді. Сонымен қатар, шығармашылық компоненттің де жоғары статистикалық мәнділігі ($F=32,65$; $p\leq0,001$) сыни ойлаудың шығармашылық белсенділікпен, эмоциялық икемділікпен және тұлғааралық қарым-қатынаспен өзара байланысты екенін айқындайды.

Когнитивтік компонент бойынша анықталған мәнді айырмашылықтар ($F=31,84$; $p\leq0,001$) оқушылардың ақпаратты талдау, бағалау және шешім қабылдау қабілеттерінің дамуы эмоциялық хабардарлық пен өзіндік бақылау деңгейінің артуына ықпал еткенін көрсетті. Эмоциялық компонент нәтижелері ($F=29,76$; $p\leq0,001$) эксперименттік ықпал ету бағдарламасының эмоцияларды тану, эмоцияларды басқару және эмпатиялық сезімталдықты дамытуда тиімді болғанын дәлелдейді.

Мінез-құлықтық компонент бойынша алынған нәтижелер ($F=27,43$; $p\leq0,01$) сыни ойлау дағдыларының қалыптасуы оқушылардың әлеуметтік мінез-құлық икемділігіне, қарым-қатынас мәдениетіне және эмоциялық тұрақтылығына оң әсер еткенін көрсетті.

Жалпы алғанда, регрессиялық және дисперсиялық талдау нәтижелері сыни ойлау көрсеткіштерінің эмоциялық интеллект компоненттерін болжаушы психологиялық фактор ретінде көрінетінін және эксперименттік модель мен дамыту бағдарламасының тиімділігін статистикалық тұрғыдан дәлелдейтінін айқындады.

Эксперименттік зерттеу жұмысының үш жылдық динамикасын анықтау мақсатында когнитивтік, эмоциялық, мінез-құлықтық, аналитикалық және шығармашылық параметрлер бойынша сыни ойлау көрсеткіштерінің эмоциялық интеллект компоненттеріне психологиялық әсері зерттелді. Осыған байланысты бақылау тобы (БТ, n=72) мен эксперимент тобының (ЭТ, n=72) 1-жыл, 2-жыл және 3-жыл аралығындағы көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жүргізіліп, ANOVA дисперсиялық талдау әдісі қолданылды. Талдау нәтижелері эксперименттік топта барлық компоненттер бойынша көрсеткіштердің жыл сайын тұрақты өсіп отырғанын және эксперименттік модель мен дамыту бағдарламасының тиімділігін көрсетті. Алынған нәтижелер төмендегі кестеде берілген.

Кесте 40 - Когнитивтік, эмоциялық, мінез-құлықтық, аналитикалық және шығармашылық параметрлері бойынша сыни ойлау көрсеткіштерінің эмоциялық интеллект компоненттеріне психологиялық әсерін анықтаудың үш жылдық ANOVA дисперсиялық талдау нәтижелері

Параметрлер	**1-жыл БТ (n=72) M±SD**	**1-жыл ЭТ (n=72) M±SD**	**2-жыл БТ (n=72) M±SD**	**2-жыл ЭТ (n=72) M±SD**	**3-жыл БТ (n=72) M±SD**	**3-жыл ЭТ (n=72) M±SD**	**F**	**p**	**Мәнділік**
Когнитивтік	47,1 ± 4,4	60,8 ± 5,0	47,6 ± 4,5	72,4 ± 5,2	48,2 ± 4,6	88,1 ± 5,5	15,84	0,000	**
Эмоциялық	48,3 ± 4,8	62,1 ± 5,1	49,1 ± 5,0	74,6 ± 5,3	50,1 ± 5,1	87,3 ± 5,7	17,26	0,000	**
Мінез-құлықтық	48,0 ± 4,6	61,4 ± 4,9	48,7 ± 4,8	73,2 ± 5,0	49,4 ± 4,9	85,7 ± 5,4	14,11	0,001	**
Аналитикалық	46,5 ± 4,7	63,7 ± 5,2	47,1 ± 4,8	76,5 ± 5,5	47,8 ± 5,0	88,9 ± 5,8	19,43	0,000	**
Шығармашылық	49,2 ± 5,0	64,5 ± 5,3	50,1 ± 5,1	78,4 ± 5,6	51,0 ± 5,3	87,8 ± 6,0	18,75	0,000	**

Ескерту: БТ – бақылау тобы; ЭТ – эксперимент тобы; M±SD – орташа мән және стандарттық ауытқу; *p ≤ 0,01 – статистикалық мәнді айырмашылық.

ANOVA дисперсиялық талдау нәтижелері когнитивтік, эмоциялық, мінез-құлықтық, аналитикалық және шығармашылық параметрлер бойынша эксперименттік және бақылау топтары арасындағы айырмашылықтардың жыл сайын артып отырғанын көрсетті. Үш жылдық зерттеу динамикасы барысында бақылау тобының көрсеткіштері салыстырмалы түрде тұрақты және баяу

өзгерген болса, эксперименттік топта барлық параметрлер бойынша айқын оң өзгеріс тіркелді. Бұл қалыптастырушы дамыту бағдарламасының тиімділігін және сыни ойлауды дамыту арқылы эмоциялық интеллект компоненттерінің жүйелі қалыптасқанын дәлелдейді.

Когнитивтік параметр бойынша эксперименттік топтың көрсеткіштері 1-жылдағы 60,8 мәнінен 3-жылда 88,1-ге дейін жоғарылаған. Ал бақылау тобында көрсеткіштер 47,1-ден 48,2-ге дейін ғана өскен. ANOVA нәтижелері бойынша анықталған статистикалық мәнді айырмашылықтар ($F=15,84$; $p\leq0,001$) сыни ойлау негізіндегі когнитивтік дағдылардың эмоциялық интеллект құрылымының дамуына ықпал еткенін көрсетті.

Эмоциялық параметр бойынша эксперименттік топ көрсеткіштері 62,1-ден 87,3-ке дейін өсіп, эмоцияларды тану, эмоцияларды реттеу және эмоциялық тұрақтылық деңгейінің артқанын көрсетті. Бақылау тобында өзгерістер шамалы деңгейде байқалды. Дисперсиялық талдау нәтижелері эмоциялық параметр бойынша айырмашылықтардың статистикалық тұрғыдан мәнді екенін дәлелдеді ($F=17,26$; $p\leq0,001$).

Мінез-құлықтық параметрлер бойынша эксперименттік топта 61,4-тен 85,7-ге дейінгі тұрақты өсім анықталды. Бұл оқушылардың қарым-қатынас мәдениеті, әлеуметтік бейімделуі және эмоциялық өзін-өзі бақылау қабілеттерінің жақсарғанын көрсетеді. Бақылау тобында өзгерістер табиғи даму деңгейінде қалған. ANOVA нәтижелері бойынша бұл айырмашылықтар статистикалық мәнді болды ($F=14,11$; $p\leq0,01$).

Аналитикалық параметр бойынша ең жоғары өсім байқалды: эксперименттік топ көрсеткіштері 63,7-ден 88,9-ға дейін жоғарылаған. Бұл сыни ойлау негізіндегі логикалық талдау, дәлелдеу, салыстыру және рефлексия жасау дағдыларының эмоциялық интеллект компоненттерімен тығыз байланыста дамығанын көрсетеді. Дисперсиялық талдау нәтижелері аналитикалық параметрдің ең жоғары статистикалық мәнділікке ие екенін көрсетті ($F=19,43$; $p\leq0,001$).

Шығармашылық параметр бойынша да эксперименттік топта айқын оң динамика анықталды. Көрсеткіштердің 64,5-тен 87,8-ге дейін өсуі оқушылардың шығармашылық ойлау, эмоциялық икемділік және тұлғааралық қарым-қатынаста еркін әрекет ету қабілеттерінің қалыптасқанын айқындайды. Бұл көрсеткіштер бойынша да статистикалық мәнді айырмашылықтар анықталды ($F=18,75$; $p\leq0,001$).

ANOVA дисперсиялық талдау нәтижелері сыни ойлауды дамытуға бағытталған эксперименттік модель мен дамыту бағдарламасының оқушылардың эмоциялық интеллект компоненттерінің қалыптасуына психологиялық тұрғыдан тиімді әсер еткенін дәлелдеді. Жалпы алғанда, жүргізілген статистикалық талдау нәтижелері сыни ойлауды дамыту эмоциялық интеллект параметрлерінің қалыптасуына психологиялық оң әсер ететінін көрсетті.

Екінші тарау бойынша қорытынды тұжырым

Екінші тарауда жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері сыни ойлау мен эмоциялық интеллект компоненттері арасында статистикалық тұрғыдан мәнді өзара байланыстың бар екенін дәлелдеді. Пирсон, Спирмен және Тау–Кендалл корреляциялық талдау нәтижелері сыни ойлаудың көрсеткіштері эмоциялық интеллект құрылымының негізгі параметрлерімен оң бағытта байланысатынын көрсетті. Сыни ойлаудың дамуы оқушылардың эмоцияларды тану, түсіну, реттеу және эмоциялық тәжірибесін саналы басқару деңгейінің артуына ықпал ететінін айқындайды.

Регрессиялық талдау нәтижелері сыни ойлау көрсеткіштерінің эмоциялық интеллект деңгейін болжаушы маңызды психологиялық фактор екенін көрсетті. Әсіресе, аналитикалық және когнитивтік компоненттердің эмоцияларды басқару, эмоциялық хабардарлық және эмпатия көрсеткіштеріне ықпалы жоғары деңгейде анықталды.

ANOVA дисперсиялық талдау нәтижелері эксперименттік топтағы көрсеткіштердің бақылау тобымен салыстырғанда айтарлықтай жоғарылағанын көрсетті. Эксперименттік топта когнитивтік, эмоциялық, мінез-құлықтық, аналитикалық және шығармашылық параметрлер бойынша статистикалық мәнді оң өзгерістер анықталды ($p \leq 0,01$). Әсіресе, аналитикалық ($F=34,12$; $p \leq 0,001$) және шығармашылық компоненттер ($F=32,65$; $p \leq 0,001$) бойынша жоғары нәтижелердің анықталуы сыни ойлаудың эмоциялық интеллект құрылымына күшті психологиялық әсер ететінін көрсетті. Сонымен қатар, эмоцияларды басқару, эмпатия, эмоциялық хабардарлық және эмоцияларды ойлау үдерісінде тиімді пайдалану сияқты эмоциялық интеллект компоненттерінде де айқын оң динамика байқалды.

Фридман критерийі бойынша жүргізілген талдау эксперимент кезеңдері арасындағы көрсеткіштердің статистикалық мәнді айырмашылықтарын растады. Бұл қолданылған эксперименттік модель мен дамыту бағдарламасының тиімділігін және оның оқушылардың эмоциялық-әлеуметтік дамуына жүйелі ықпал еткенін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері сыни ойлаудың когнитивтік белсенділікті арттырып қана қоймай, оқушылардың эмоциялық тәжірибесін саналы түрде ұғынуына, эмоциялық реакцияларын бақылауына, эмпатиялық сезімталдығын дамытуына және тұлғааралық қарым-қатынаста конструктивті мінез-құлық көрсетуіне ықпал ететінін көрсетті. Осылайша, тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара кіріктірілген психологиялық құрылымдар екенін және сыни ойлауды жүйелі дамыту арқылы оқушылардың эмоциялық интеллектісін де қатар дамытуға болатынын ғылыми тұрғыдан негіздеді.

Ш ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІСІН ДАМЫТУДА СЫНИ ОЙЛАУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

3.1. «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» бағдарламасын жүзеге асыру

Қазіргі білім беру кеңістігіндегі мазмұндық және ұйымдастырушылық өзгерістер оқушылардың танымдық белсенділігін, эмоциялық интеллектісін және әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық тәсілдерді жүйелеу қажеттілігін айқындайды. Сыни ойлауға негізделген психологиялық дамыту бағдарламасы оқушылардың эмоциялық интеллектісін жетілдіруге, өз эмоцияларын тану мен реттеуге, өзгенің сезімдерін түсінуге, қарым-қатынас барысында саналы шешім қабылдауға және әлеуметтік ортада тиімді өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Заманауи білім беру талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары оқушылардың сыни ойлауын, эмоциялық интеллектісін және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған. Жалпы білім беру жүйесінің негізгі мақсаты жас ұрпақтың өмір бойы білім алып ізденіс үстінде болуын, жаһандық құзыреттілікке бейім, кез келген мәселелерді шешуге бейімделу. Аталған мәселенің өзектілігін ескере отырып, 31.08.2022 жылы №470 бұйрық негізінде Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебінде 2022-2023 оқу жылынан «Ауыл мектебі жағдайында оқушылардың сыни ойлауы және эмоциялық интеллектісін дамытуды ұйымдастырудың – педагогикалық негіздері» тақырыбында эксперименттік алаңның жұмысы жүргізілуде. Тақырып аясында жұмысты үш кезеңге бөлдім.

Соның *бірінші кезеңінде* эксперименттік алаңның «Ауыл мектебі жағдайында оқушылардың сыни ойлауы және эмоциялық интеллектісін дамытудың ұйымдастыру – педагогикалық негіздері» бағдарламасы жасалып, жүйеге қойылды. Бағдарламаның *екінші кезеңінде* оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық әдістер, тренингтер және рефлексиялық жаттығулар оқу-тәрбие үдерісіне енгізілді. *Үшінші кезеңде* мектеп психологының қатысуымен эмоцияларды тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия және тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге арналған іс-шаралар ұйымдастырылып, сынып жетекшілері мен қосымша білім беру педагогтерінің бірлескен жұмысы жүйеленді.

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушылардың психологиялық дамуы олардың когнитивтік және эмоциялық үдерістерінің өзара байланысымен сипатталады. Осы тұрғыдан сыни ойлау эмоцияларды саналы түсінуге, бағалауға және реттеуге ықпал ететін танымдық механизм ретінде қарастырылады. Оқушылардың жас және жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып,

олардың эмоциялық өзін-өзі реттеуін, рефлексиясын, эмпатиясын және саналы шешім қабылдау қабілетін жетілдіру психологиялық дамыту жұмысының маңызды бағыты болып табылады.

Осыған сәйкес сыни ойлаудың эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсерін зерттеу мақсатында арнайы дамыту бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама оқушылардың эмоциялық күйлерін тану, олардың себептерін талдау, эмоциялық реакцияларын бағалау және мінез-құлқын саналы реттеу қабілеттерін жетілдіруге бағытталды. Оның мазмұны когнитивтік талдау, эмоциялық рефлексия, проблемалық жағдаяттарды шешу және психологиялық өзін-өзі реттеу жаттығуларын қамтыды.

Бағдарламаның құрылымы теориялық және практикалық сабақтардан, психологиялық тренингтерден, диагностикалық тапсырмалардан және рефлексиялық жаттығулардан тұрады. Дамыту жұмыстары оқушылардың жас ерекшеліктері мен бастапқы психологиялық көрсеткіштерін ескере отырып ұйымдастырылды. Эксперименттік алаңдағы дойбы, асық ату, театр, шығармашылық және робототехника үйірмелерінің мүмкіндіктері оқушылардың ойлау икемділігін, эмоциялық тәжірибесін және тұлғааралық өзара әрекеттесуін дамытуға қосымша психологиялық орта ретінде қарастырылды.

Бағдарламаның мақсаты: оқушылардың сыни ойлауын және эмоциялық интеллектісін дамыту үдерісінің психологиялық негіздерін айқындау және оларды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық жағдайларды негіздеу.

Бағдарламаның міндеттері:

Оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісінің өзара байланысын түсіндіретін теориялық-психологиялық тұжырымдарды талдау және олардың даму механизмдерін айқындау.

оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісінің құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу, оның өлшемдері мен көрсеткіштерін, сондай-ақ даму деңгейлерін анықтау.

Оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық жағдайлар кешенін негіздеу және бағдарламалық мазмұнын айқындау.

Ұсынылған бағдарламаның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеру және алынған нәтижелерді психологиялық талдау негізінде қорытындылау.

Бағдарламаны жүзеге асыру кезеңдері:

Ұйымдастыру-диагностикалық кезең – 2022–2023 жылдар.

Қалыптастырушы эксперимент кезеңі – 2023–2024 жылдар.

Қорытынды-бағалау кезеңі – 2024–2025 жылдар.

І кезең. Ұйымдастыру-диагностикалық кезең (2022–2023 жылдар)

Бағдарламаның алғашқы кезеңінде оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісінің өзара байланысын зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды. Психологиялық ғылыми еңбектерге талдау жүргізіліп, сыни ойлаудың эмоциялық ақпаратты өңдеуге, эмоцияларды

түсінуге, бағалауға және реттеуге ықпал ететін когнитивтік механизмдері қарастырылды.

Оқушылардың эмоциялық интеллектісі мен сыни ойлауының бастапқы даму деңгейлерін анықтау мақсатында психодиагностикалық зерттеу ұйымдастырылды. Диагностикалық жұмыс барысында олардың эмоцияларды тану, түсіну, өзін-өзі реттеу, рефлексия және аналитикалық ойлау ерекшеліктерін бағалау көзделді. Алынған мәліметтер психологиялық дамыту жұмысының негізгі бағыттарын анықтауға және бағдарламаның мазмұнын нақтылауға негіз болды.

Осы кезеңде сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысын ескеретін психологиялық жаттығулар, тренингтік тапсырмалар және рефлексиялық әдістер жүйеленіп, қалыптастырушы эксперименттің кезеңдік жоспары әзірленді.

Күтілетін нәтиже

«Оқушылардың сыни ойлау қабілеті мен эмоциялық интеллектісін дамытудың ұйымдастырушылық-психологиялық негіздері» тақырыбындағы эксперименттік жұмыстың негізгі бағыттары айқындалып, оның тұжырымдамасы, бағдарламасы және іске асыру жоспары әзірленіп, талқылаудан өткізіліп, бекітілді.

Оқушылардың эмоциялық интеллектісін қалыптастыруға қатысты ғылыми-теориялық тұжырымдар жүйеленіп, аталған ұғымның тәжірибелік мазмұны нақтыланды. Сонымен қатар білім алушылардың эмоциялық құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар кешені белгіленіп, арнайы дамыту бағдарламалары құрастырылды.

Эксперименттік жұмыстың практикалық маңыздылығы

Жалпы білім беретін мектептердің 6–8-сынып оқушыларының сыни ойлау дағдыларын жетілдіру негізінде эмоциялық интеллектісін дамытуға арналған әдістемелік тәсілдер жүйесі ұсынылды.

Мұғалімдердің, мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтердің оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін дамытуға бағытталған кәсіби біліктілігі мен құзыреттілігін жетілдіру мақсатында оқыту семинарының бағдарламасы құрастырылып, әдістемелік материалдар жүйеленді.

Білім алушылардың сыни ойлау мен өз эмоцияларын танып-білу, басқару және тұлғааралық қарым-қатынас үдерісінде орынды пайдалану қабілеттерін жетілдіруге бағытталған тәжірибелік ұсынымдар мен әдістемелік ұсынымдар жинағы әзірленді.

Кесте 41- Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» бағдарламасы

1	**2**	**3**	**4**	**5**
1. «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» бағдарламасын жүзеге асыру жүйесіндегі пән мұғалімдері				
Мақсаты: Педагогтарды семинар-тренингтерге қатыстыра отырып, ОЗД бойынша кәсіби құзіреттілік деңгейін анықтап, диагонистикалық жүйесінің нәтижесі бойынша мадақтау.				

41-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Міндеттері: - Оқушылардың интеллектісін және сыни ойлау қабілетін дамыту бағытында педагогтарды психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді оқуын қамтамасыз етіп, семинарларға қатысуына жағдай жасау; - ОЗД бойынша жұмыс істейтін мұғалімдердің кәсіби құзіреттілік деңгейіне диагонистикалық жүйе жасап оларды ынталандыру және марапаттау. **Күтілетін нәтиже:** Тренингтер, семинарларға қатысу арқылы ОЗД қалыптасады.				
1	«Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытуда сыни ойлауы мен жұмыс істеуі үшін педагогикалық кадрларды іріктеу критериялары» бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді оқу	Бірлескен жоспар бойынша	Мектеп психологтары, пән мұғалімдері	Мектеп директоры
2	ОЗД бойынша мұғалімдердің кәсіби құзіреттілік деңгейінің диагонистикалық жүйесін жасау	Қыркүйек *Диагонистикалық зерттеу жасайды*	Мектеп психологтары	Мектеп психологы, педагог – ұйымдастырушы
3	«Парасат» ғылыми қоғамның мұғалімдерін семинарларға қатыстыру	Жыл бойы	Мектеп директоры	Мектеп психологы, педагог –
4	ОЗД бойынша жұмыс істейтін мұғалімдерді ынталандыру және ескеру	26.05.2023 ж. жұмыс нәтижесі бойынша мадақтау	Мектеп директоры	ұйымдастырушы
2. «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» бағдарламасын жүзеге асыру				
Мақсаты: ОЗД бойынша ата-аналарға оқушылардың білім алудағы белгілі бір деңгейіне жетуін хабардар етіп, ата-аналар қауымдастығының жұмысын ұйымдастыра отырып, оларға психологиялық-педагогикалық көмек беріп, түрлі бағыттағы мектепішілік, аудандық шараларға тарту. **Міндеттері:** - ОЗД бойынша ата-аналарға психологтармен, мұғалімдермен кеңесуін ұйымдастырып, оқушылардың білім алудағы белгілі бір деңгейіне жетуін хабардар ету; - оқушыларды соның ішінде дарындыларды тәрбиелеу бағытында ата-аналар қауымдастығының жұмысын ұйымдастырып, оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытуда түрлі бағыттағы мектепішілік, аудандық шараларға тарту. **Күтілетін нәтиже:** Жүйелі тәрбие процесі нәтижесінде эмоциялық интеллектісі дамыған тұлға қалыптасады.				
1	Ата-аналардың психологтармен, мұғалімдермен, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен кеңесуін ұйымдастыру	Жылына төрт рет ата-аналар кеңесін өткізеді	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психологтармен сынып жетекшілер	Директор. ҒЖЖ орынбасары және педагог – ұйымдастырушы

41- кестенің жалғасы

1	2	*3*	4	5
2	Оқушылардың білім алудағы белгілі бір деңгейіне жету критерийлер мен көрсеткіштер, қабілеттер, интеллектуалдық дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды хабардар ету	16.09.2022 ж. *«Ата-ана – мектеп – оқушы»*	Сынып жетекшілері, пән мұғалімдері мен мектеп психологтары	Педагог – ұйымдас-тырушы, мектеп психологы
3	ОЗД үшін ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек беру	Жыл бойы	Мектеп психологтары	Педагог – ұйымдас-тырушы, мектеп психологы
4	Балаларды, соның ішінде дарындыларды тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналар қауымдастығының жұмысын	Жыл бойы *Әлеуметтік желі*	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,	Педагог – ұйымдас-тырушы, мектеп психологы
	ұйымдастырып, ақпарат желісі арқылы ақпарат тарату		сынып жетекшілер	
5	Оқушылардың ата-аналарын әртүрлі бағыттағы мектепішілік, аудандық шараларға тарту	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Педагог – ұйымдас-тырушы, мектеп психологы
3. «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» бағдарламасын жүзеге асырудың әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз етілуі				
Мақсаты: Бағдарлама бойынша оқушылардың эмоциялық интелектісін түрлі іс-шаралар арқылы дамытып, дарынды балалармен жұмыс жүргізу мақсатында педагогтарға жан-жақты қолдау көрсету. **Міндеттері:** - «Мейірім» орталығы мен аудан мектептерінің психологтарын тартып, пән мұғалімдерінің психологиялық-педагогикалық деңгейлерін көтеруге бағытталған тұрақты семинарларды ұйымдастыру; - оқушылардың психологиялық дамуының жеке картасын жасап, жеке дамуының диагностикалық әдістемелер қорын жинақтап, ғылыми-зерттеу қызметтерін жүргізу бойынша оқушылар үшін алгоритмдер құру; - *9-сынып оқушыларының кәсіби бейімделіктерін табу бойынша жұмысты ұйымдастыру;* - психологиялық тұрақтылық пен психологиялық реттеу бойынша шығаршылық дамыту дағдыларына үйрету бағытында дарынды оқушылармен дәрістік-семинарлық сабақтарды ұйымдастыру; - оқушыларға білім алуына «ізгілік», «физика-математикалық», «табиғи ғылыми», «көркем-эстетикалық» бағытында бағдарламалар жасап шығармашылық есептер беру; - зерттеу бойынша баспа басылымдарының материалдарын жинау, жүйелеу; - «Балалардың эмоциялық интеллектісін, сыни ойлауын дамытудағы жұмысты ұйымдастыру» стендін безендіру;			

41- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
- «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» бағдарламасын табысты жүзеге асыру мақсатында кітапхана жұмысын және шығаршылықпен жұмыс істеуші педагогтердің қатысуымен «Мастер-класс» ұйымдастыру; - оқу кабинеттеріне аса күрделі материалдар картотекасын құру. **Күтілетін нәтиже:** Түрлі іс-шаралар арқылы сыни ойлауы дамыған тұлға қалыптасады.				
1	«Жас психологтар мектебі» жұмысын ұйымдастыру: - «Мейірім» орталығы мен аудан мектептерінің психологтарын тарту; балалардың қоғамда әлеуметтік-психологиялық бейімделу мәселелері бойынша дәрістік курстар мен семинарлық сабақтарды ұйымдастыру	14.12.2022 ж. 11.10.2022 ж.	Мектеп директоры және мектеп психологтары	Педагог – ұйымдастырушы, Мектеп психологы
2	Пән мұғалімдерінің психологиялық-педагогикалық деңгейлерін көтеруге бағытталған тұрақты семинарларды ұйымдастыру	Тоқсанына бір рет	Мектеп директоры мен мектеп психологтары	Педагог – ұйымдастырушы, психолог
3	Тұлғаны зерттеу бағдарламасын, оқушының психологиялық дамуының жеке картасын жасау	Қыркүйек	Мектеп психологтары	Педагог – ұйымдастырушы Мектеп психологы
4	Дарынды балаларға жеке білім беру бағдарламаларын жасауға қатысу	Қыркүйек айы *Дарынды балаларды анықтайды*	Пән мұғалімдері мен мектеп психологтары	Педагог – ұйымдастырушы, Мектеп психологы
5	Психологиялық тұрақтылық пен психологиялық реттеу, шығаршылық дамыту (өзін-өзі тану) дағдыларына үйрету бойынша дарынды балалармен дәрістік-семинарлық сабақтарды ұйымдастыру	Қараша айы *Ойын жаттығулары (миға шабуыл, тимбилдинг) және семинар-тренингтар ұйымдастырады*	Мектеп психологтары	Педагог – ұйымдастырушы, Мектеп психологы
6	Интеллектуалдық дамуы бойынша оқушылармен жұмысты ұйымдастыру мәселелерін және олардың келешегін: - педкеңесте; - ғылыми-зерттеу кеңесі жиналысында; - ӘБ жиналыстарында талқылау	05.01.2023 ж. *Педкеңесте.* Тоқсанына бір рет *Ғылыми-зерттеу кеңесі жиналысында. ӘБ жиналыстарында талқыланады*	Мектеп директоры, директордың ҒЖЖ орынбасары және ӘБ жетекшілері	Мектеп психологы, педагог – ұйымдастырушы

41- кестенің жалғасы

1	2	*3*	4	5
7	Бағдарламаны жүзеге асырып, туындаған мәселелермен ӘБ жұмыстарын ұйымдастыру	Жыл бойы *Әртүрлі форматта іс-шаралар өткізеді*	ӘБ жетекшілері	Мектеп психологы педагог – ұйымдас-тырушы
8	Мұғалімдерге психологиялық-педагогикалық мазмұндағы материалдарды жинау мен жүйелеу	Жыл бойы	Кітапхана меңгерушісі	Мектеп психологы, педагог – ұйымдас-тырушы
9	Ғылыми-зерттеу қызметтерін ұйымдастыру бойынша оқушылар үшін алгоритмдерді, жадынамаларды жасау	16.09.2022 ж.	Кітапхана меңгерушісі, мектеп психологтары	Мектеп психологы, педагог – ұйымдас-тырушы
10	Оқу кабинеттеріне аса күрделі материалдар картотекасын құру	Жыл бойы *Күрделі таратпалы материалдар дайындайды*	Кабинет меңгерушілері, ӘБ жетек. мен пән мұғалімдері	Мектеп психологы, педагог – ұйымдас-тырушы
11	Зерттеу бойынша баспа басылымдарының материалдарын жинау, жүйелеу	Жыл бойы	Қосымша білім беру педагогтары	Мектеп психологы, педагог – ұйымдас-тырушы
12	«Балалардың эмоциялық интеллектісін, сыни ойлауын дамытудағы жұмысты ұйымдастыру» стендін безендіру	Қазан айы	Директордың ҒЖЖ орынбасары мен қосымша білім беру педагогы	Мектеп психологы, педагог – ұйымдас-тырушы
13	«Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» бағдарламасын табысты жүзеге асыру мақсатында кітапхана жұмысын ұйымдастыру	15.09.2022 ж.	Кітапхана меңгерушісі	Мектеп психологы, педагог – ұйымдас-тырушы

Ескерту. «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» жобасының бағдарламасы

Бұл психологиялық дамыту бағдарламасы оқушылардың эмоциялық интеллектісін сыни ойлау арқылы дамытуға және олардың тұлғалық, танымдық және әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған. Қазіргі білім беру кеңістігінде эмоциялық интеллектісі жоғары, сыни ойлай алатын, өз сезімдерін тиімді басқарып, әлеуметтік ортада еркін әрекет ететін дарынды тұлғаны қалыптастыру өзекті ғылыми-практикалық міндет болып табылады.

Бағдарламаның теориялық негізі эмоциялық интеллектіні тұлғаның табысты дамуының маңызды психологиялық факторы ретінде қарастыратын заманауи психологиялық тұжырымдамаларға және сыни ойлауды жоғары деңгейдегі когнитивті үдеріс ретінде сипаттайтын ғылыми еңбектерге сүйенеді. Эмоциялық интеллект пен сыни ойлаудың өзара байланысы оқушының өзін-өзі тануына, эмоцияларды саналы реттеуіне, әлеуметтік өзара әрекеттесуіне және шығармашылық әлеуетінің ашылуына ықпал етеді.

Аталған бағдарлама «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» тақырыбындағы эксперименттік жұмысты ұйымдастыруға бағытталып, білім беру ұйымындағы педагогтер мен оқушылардың бірлескен қызметін жүйелеуді көздейді. Эксперименттік алаң аясында оқушылармен тікелей жұмыс жүргізетін педагогтер іріктеліп, олардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға жағдай жасалады.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытуға арналған психологиялық жұмыстар жүйеленіп, сыни ойлауды қалыптастыруға бағытталған әдістер кешенді түрде енгізіледі. Нәтижесінде эмоциялық интеллектісі басым, белсенді, өзіндік пікірін дәлелдей алатын және әлеуметтік ортада тиімді әрекет ететін дарынды тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Күтілетін нәтиже: Эмоциялық интеллектісі басым белсенді дарынды тұлға.

Кесте 42 – Бағдарлама мазмұны

№	Іс-әрекеттер мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Бақылау
1. «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» бағдарлаламасын жүзеге асыруды ұйымдастыру және қызметтік қамтамасыз ету				
Мақсаты: Педагогтер мен оқушыларды зерделей отырып, эмоциялық интеллектісін дамыту мақсатында эксперименттік алаңның жұмысын жандандыру. **Міндеттері:** 1. Бағдарламаны ұйымдастыра отырып, тұжырымдаманың жобасын реттеп, құзыретін кеңейтіп, ұсыныстар енгізу; 2. оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытуда, сыни ойлау барысында балалармен жұмыс істейтін педагогтарды іріктеу; 3. мұғалімдерге жүйелі түрде шеберліктерін көтеруге жағдай жасау. **Күтілетін нәтиже:** Оқушылардың интеллектісін, сыни ойлауын дамыту барысындағы жұмыстар жүйеленеді.				
1.1	«Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» бағдарламасы тұжырым-дамасының жобасын: - оқу-әдістемелік кеңестерде; - педагогикалық кеңесте;	29.08.2024 ж. №1 педкеңес «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» бағдарламасының жоспары жасалып, оқу-әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте,	Мектеп психологі	Мектеп директоры

42-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	- әдістемелік бірлестіктерде талқылап, - бағдарламасын реттеу бойынша ұсыныстар енгізу	әдістемелік бірлестік отырыстарында талқыланып қабылданды		
1. 2	Оқушылардың эмоциялық интеллектісін анықтауда зерттеп-зерделеу	Оқушылардың эмоциялық интеллектісін анықтау үшін зерттеу жұмыстарын жүргізу	Мектеп психологы	Мектеп директоры
2. «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» бағдарламасын жүзеге асыру аспектісінде оқу процесінің ұйымдасуы және мазмұны				
Мақсаты: Бағдарламаны бағыттар бойынша жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие процесін жандандыру.				
Міндеттері: 1. «Парасат» ғылыми қоғамның құрылымын жетілдіріп, профильдер диапазонын кеңейту; 2. Бағыттар бойынша түрлі оқу-әдістемелік дәрістік курстармен қамтамасыз ету; 3. Сыни ойлау қабілетін дамыту барысында түрлі ғылыми-практикалық конференциялар мен ғылыми жобалар конкурстарына қатыстыру. **Күтілетін нәтиже:** Ғылыми қоғамның жүйелі жұмыс жүргізуінің нәтижесінде жеке тұлғаның зерттеушілік қабілеті қалыптасады.				
2. 1	Дәрістік курстардың бағдарламалық-әдістемелік және оқу-әдістемелік бойынша қамтамасыз етілуін дайындау	Пән мұғалімдері мен үйірме жетекшілері оқу-әдістемелік құралдарды дайындайды	Мектеп директоры	Педагог – ұйымдас-тырушы, пән мұғалімдері
2. 2	Факультативтік курстардың бағдарламала-рын реттеп, оқушылардың интеллектісін дамыту және сыни ойлау дағдысына тәрбиелеу	Факультативтік курстардың авторлық бағдарламаларын реттеп, оқушылардың сыни ойлау және эмоциялық интеллектісін қалыптастыру мақсатында жұмыс жүргізеді	Пән мұғалімдері	Директорды ң бейіндік ісі жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері
2. 3	Сыни ойлау қабілетін дамыту барысында балалармен жұмыс істеуді ұйымдастыру, жеке жобаларды ашық түрде қорғауды ұйымдастыру	Түрлі бағытта мектепішілік, аудан, облыс көлемінде жеке жобаларды ашық түрде қорғайды	Мектеп директоры, директорды ң ҒЖЖО	Директорды ң ҒӘІЖ орынбасары
2. 4	Мұғалімдерді ғылыми-практикалық конференциялар мен ғылыми жобалар конкурстарына қатыстыру	Мұғалімдерді түрлі тақырыптарда өтетін ғылыми-практикалық конференциялар мен ғылыми жобаларға қатыстыру	ӘБ жетекшілер, ғылыми жетекші	Директорды ң ҒЖЖ және бейіндік ісі жөніндегі орынбасары

42-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
2.5	Оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту барысында мұғалімдерге семинар, коучинг, тренинг ұйымдастыру	Мұғалімдерге оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында түрлі семинарлар ұйымдастырады. *Қосымша білім беру педогтары*	Директорды ң ҒЖЖО, психологтар мен қосымша білім беру педагогтары	Педагог – ұйымдас-тырушы, қосымша білім беру педагогтары
2.6	Сабақтарды зерттеп, зерделеу	Жыл бойы. Пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысу	ҒЖЖ орынбасары	Педагог – ұйымдас/шы
3. Жоғарғы оқу орындарымен жұмыс істеуді жетілдіру				
Мақсаты: Эксперименттік алаңның жұмысын дамыта отырып, жоғарғы оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс жүргізу.				
Міндеттері: 1. Педагогтарды ОҒҚ аясында оқушылардың интеллектісін, сыни ойлау қабілетін дамыту бағытында жұмыс істеуге тарту; 2. Мектеп мұғалімдерін оқушылардың интеллектісін дамыту және сыни ойлау қабілетін арттыру бойынша семинар-тренингке қатысу. **Күтілетін нәтиже:** Оқушылардың ғылыми қоғамы аясында интеллектісі басым тұлға қалыптасты.				
3.1	Мектеп мұғалімдерін «Болашақ» ОҒҚ аясында балалардың интеллектісін дамыту және сыни ойлау қабілетін арттыруымен жұмыс істеуге тарту	Сабақ беретін пән мұғалімдері мен ОҒҚ мүшелері оқушылардың ителлектісін дамыту бойынша ғылыми жобалар жазу жұмыстарына баулу	Мектеп директоры, Мектеп психологы, Педагог ұйымдастыр ушы	Директорды ң ҒӘІЖ орынбасары, педагог – ұйымдас-тырушы
3.2	Мектеп мұғалімдерін педагогикалық бағдарлану тобында балалардың интеллектісін және сыни ойлау қабілетін дамыту жолдарын үйретуге пән мұғалімдеріларға семинар-тренинг (80 сағат) тыңдау	Мұғалімдерді түрлі білімді жетілдіру курстарынан өткізу және оқушылардың интеллектісін дамыту мен сыни ойлау қабілетін арттыру мақсатында семинар-тренингтерге қатыстыру	Мектеп директоры, Мектеп психологы, Педагог ұйымдастыр ушы	Директорды ң оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Қазіргі білім беру кеңістігіндегі мазмұндық және ұйымдастырушылық өзгерістер оқушылардың танымдық белсенділігін, эмоциялық құзыреттілігін және әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық тәсілдерді жүйелеу қажеттілігін айқындайды. Қазіргі білім беру кеңістігіндегі өзгерістер жағдайында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқушылардың сыни ойлау қабілетін, эмоциялық интеллектісін және шығармашылық әлеуетін

дамыту маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Жалпы білім беру жүйесінің негізгі мақсаты жас ұрпақтың өмір бойы білім алып ізденіс үстінде болуын, жаһандық құзыреттілікке бейім, кез келген мәселелерді шешуге бейімделу. Аталған мәселенің өзектілігін ескере отырып, 31.08.2022 жылы №470 бұйрық негізінде Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебінде 2022-2023 оқу жылынан «Ауыл мектебі жағдайында оқушылардың сыни ойлауы және эмоциялық интеллектісін дамытуды ұйымдастырудың – педагогикалық негіздері» тақырыбында эксперименттік алаңның жұмысы жүргізілуде (Қосымша Д). Тақырып аясында жұмысты үш кезеңге бөлдім. Соның бірінші кезеңінде эксперименттік алаңның бағдарламасы жасалып «Ауыл мектебі жағдайында оқушылардың сыни ойлауы және эмоциялық интеллектісін дамытудың ұйымдастыру – педагогикалық негіздері» жүйеге қойылды. Сонымен қатар, эксперименттік алаңында бекітілген бағдарлама негізінде мектеп психологының жылдық дамыту жұмыс бағдарламасының жоспарын ұсындым. Эксперимент алаңында оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін дамытуға арналған дамыту бағдарламасының құрылымдық моделі жасалды (Сурет 16).



Сурет 16- Сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін дамытуға арналған дамыту бағдарламасының құрылымдық моделі

Дамыту бағдарламасының құрылымдық негіздерін ескере отырып, зерттеудің қалыптастырушы кезеңінде мектеп жағдайында арнайы ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық ықпал жүзеге асырылды. Аталған ықпал екі өзара байланысты бағдарлама арқылы іске асырылды: «Оқушылардың сыни ойлауын және эмоциялық интеллектін дамыту: теория, тәжірибе және психологиялық қолдану» атты мұғалімдерге арналған 3 күндік семинар-тренинг бағдарламасы және «Оқушылардың сыни ойлауын және эмоциялық интеллектін кешенді дамыту бағдарламасы».

Оқушыларға арналған дамыту бағдарламасы сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің когнитивтік, эмоциялық, мінез-құлықтық, аналитикалық және шығармашылық компоненттерін қамтитын жүйелі психологиялық ықпал ретінде қарастырылды. Эксперимент барысында мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара әрекет психологиялық тұрғыдан қайта құрылып, сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні дамытуға бағытталған орта қалыптастыру көзделді. Алдымен экспериментке қатысқан мектеп мұғалімдеріне арналған семинар-тренинг бағдарламасы жүзеге асырылды. Оның негізгі мақсаты – педагогтердің сыни ойлау мен эмоциялық интеллект феномендері жөніндегі теориялық түсінігін тереңдету, сондай-ақ оларды оқушылармен жүргізілетін дамыту жұмысының психологиялық мазмұны мен әдістемесіне даярлау болды. Семинар барысында мұғалімдер сыни ойлауды дамыту әдістерін, эмоциялық интеллект компоненттерін қалыптастырудың психологиялық тәсілдерін меңгеріп, оларды оқу-тәрбие үдерісінде қолдану жолдарымен танысты.

Мұғалімдерге арналған семинар-тренингтің нәтижесінде педагогтердің кәсіби рефлексиясы, эмоциялық сезімталдығы және оқушылармен өзара әрекеттесудегі психологиялық икемділігі артты. Бұл жағдай келесі кезеңде оқушыларға бағытталған дамыту бағдарламасын тиімді іске асыруға алғышарт жасады. Осыдан кейін эксперименттік сыныптарда «Оқушылардың сыни ойлауын және эмоциялық интеллектін кешенді дамыту бағдарламасы» енгізілді. Бағдарлама оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылды. Дамыту жұмысы психологиялық тренингтер, топтық талқылаулар, рефлексиялық тапсырмалар, жағдаяттық және шығармашылық жаттығулар арқылы жүргізілді. Эксперименттік ықпалдың мазмұны оқушылардың сыни ойлауын дамытуға ғана емес, сонымен қатар эмоциялық интеллектінің негізгі компоненттерін – эмоцияларды тану, түсіну, басқару және оларды ойлау үдерісінде тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталды. Нәтижесінде оқушылардың танымдық белсенділігі, эмоциялық өзін-өзі реттеуі және саналы мінез-құлықтық әрекеттері біртіндеп дамыды. Осылайша, экспериментке енгізілген дамыту бағдарламалары оқушылардың сыни ойлауын және эмоциялық интеллектін кешенді дамытуға жағдай жасап, зерттеудің болжамдарын тексеруге мүмкіндік берді.

Жоғарыда сипатталған жұмыс бағыттарының ерекшеліктеріне негізделген мұғалімдерге арналған семинар-тренингтің тақырыптық мазмұны құрылды (43 кестеде көрсетілген)

Кесте 43 – «Оқушылардың сыни ойлауын және эмоциялық интеллектісін дамыту: теория, тәжірибе және педагогикалық қолдану» семинар бағдарламасы

1	2	3	4	5	6
күн	**Мазмұны**	**Формасы**	**Нәтиже**	**Сағат саны**	**Жауапты**
1	Семинардың ашылуы. Күтілетін нәтижелер	Танысу, пікір алмасу	Мотивация қалыптасады	1	Педагог ұйымдастырушы
	Сыни ойлау ұғымы: когнитивтік, аналитикалық, рефлексиялық компоненттер	Дәріс талқылау	Теориялық түсінік қалыптасады	2	Мектеп психологы
	Эмоциялық интеллект теориялары (Мэйер–Сэловей, Гоулман)	Мини-дәріс	ЭИ құрылымы меңгеріледі	1	Мектеп психологы
	Мұғалімнің жеке сыни ойлауы	Тренинг: «Дереккөзді тексер», «Қарсы аргумент»	Сыни ойлау дағдысы дамиды	2	Мектеп психологы
	Рефлексия	Жеке және топтық	Кәсіби саналы түсіну	2	Мектеп психологы
2	Эмоциялар және ойлау байланысы	Талқылау	Эмоция–ойлау өзара әсері түсіндіріледі	1	Мектеп психологы
	Эмоцияны тану және атау	Тренинг: «Мен не сезіп тұрмын?»	Өзін-өзі тану дамиды	2	Мектеп психологы
	Эмоцияны басқару	Тренинг: «Тоқта – ойлан – әрекет ет»	Өзін-өзі реттеу қалыптасады	1	Мектеп психологы
	Қиын педагогикалық жағдаяттар	Кейстік талдау	Эмпатия дамиды	2	Мектеп психологы
	Пікірталас және кері байланыс	Рөлдік ойын	Әлеуметтік дағдылар жетіледі	2	Мектеп психологы
3	Оқушыларға арналған 24 сағаттық тренингтік дамыту бағдарламасы	Презентация, талдау	Бағдарлама меңгеріледі	2	Мектеп психологы
	Сыни ойлау жаттығуларын сабаққа енгізу	Практикум	Әдістемелік шеберлік	2	Мектеп психологы, әдістемелік бірлестік жетекшілері
	ЭИ дамыту тренингтерін жүргізу	Модельдеу	Практикалық дағды	2	Мектеп психологы


43-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
	Бағалау және диагностика	Талқылау	Нәтижені өлшеу	1	Мектеп психологы
	Қорытынды рефлексия	Эссе, кері байланыс	Кәсіби өсу	1	Мектеп психологы

Семинар соңында қатысушылар кәсіби өзгерістерін бағалап, өз даму траекториясын анықтайды. Эссе және кері байланыс арқылы кәсіби өсуге бағытталған рефлексия жүргізіледі. Сауалнама алынады.

Мұғалімдерге арналған семинар-тренинг пен оқушылардың дамыту бағдарламасы өзара тығыз байланыста жүзеге асырылып, педагогтердің психологиялық дайындығы қолайлы орта қалыптастыруға, дамыту жұмысының сапасы мен нәтижелілігін арттыруға ықпал етті.

Эксперименттік алаңда мектеп психологымен бірлесе атқарған жұмыс мазмұнының көрсеткіші ретінде, «Психологиялық қызмет орталығының» жұмыс жоспарын 17-суретте көрсеттік. Психологиялық қызмет көрсету орталығы дамыту бағдарламаларының тиімді жүзеге асуын қамтамасыз етті.



Сурет 17 - Психологиялық қызмет орталығының жұмыс жоспарының сызбасы

Зерттеулерге жүргізілген талдау нәтижелері тренингтің тиімділігі тұлғаның тиімсіз мінез-құлықтық үлгілерін талдау және оларды саналы түрде түзету арқылы қамтамасыз ететінін көрсетеді. Бұдан шығатын түйін, тренинг барысында қатысушылар өзін-өзі реттеу қағидаларын меңгеріп, рефлексиялық жазбалар жүргізу, баламалы әрекет ету сценарийлерін құрастыру және жеке

мүмкіндіктерге сай мақсаттар қою мүмкіндіктері жүзеге асады. Нәтижесінде өзіндік тиімділік сезімі артып, эмоциялық тұрақтылық пен өзін-өзі басқару қабілеті нығаяды. Сондықтан, зертеулерге сүйенетін болсақ тренингтік бағдарламалар проблемалық жағдаяттарға негізделген сценарийлерді қолдануды көздейді. Қатысушылар нақты педагогикалық немесе әлеуметтік жағдайларды талдай отырып, тиімді әрекет ету стратегияларын ұсынады. Рөлдік ойындар арқылы ұсынылған шешімдер тәжірибе жүзінде тексеріліп, ал пән мұғалімдері мен топ тарапынан берілетін кері байланыс мінез-құлықты түзетуге және өзара әрекет дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Осы әдіснамалық ұстаным констатациялық эксперименттің мазмұнын айқындауда негізге алынды. Эксперимент барысында эмоциялық интеллект пен сыни ойлауды өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік беретін диагностикалық тәсілдер таңдалып, оқушылардың бастапқы эмоциялық және когнитивтік даму деңгейін анықтауға бағытталған психологиялық зерттеу жүргізілді. Бұл тәсіл зерттеудің келесі қалыптастырушы кезеңіне ғылыми тұрғыдан негізделген алғышарт қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Келесі кезекте оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін дамтуға арналған «Оқушылардың сыни ойлауын және эмоциялық интеллектісін дамыту тренингтік бағдарламасын» құруға мүмкіндік туғызды. Тренингтік бағдарламаның тақырыптық жоспары келесі 44-кестеде ұсынылды.

Кесте 44 – Оқушылардың сыни ойлауын және эмоциялық интеллектісін дамыту тренингтік бағдарламасының тақырыптық жоспары

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Мақсаты	Мазмұны	Өтілу формасы
1	2	3	4	5	6
1. Когнитивтік компонент (ойлау, түсіну, ақпаратты сыни қабылдау)					
1	Эмоциялар және ойлау	2	Эмоция мен ойлаудың өзара байланысын түсіндіру	Эмоция мен ойлаудың өзара байланысы, эмоцияның шешім қабылдауға әсері	Интерактивті дәріс, талқылау Immordino-Yang, 2019; Mayer et al., 2020
2	Ақпаратты сыни қабылдау	2	Факт пен пікірді ажырату, дереккөзді бағалау	Факт пен пікірді ажырату, дереккөзді бағалау	Проблемалық талдау Facione, 2020; Ennis, 2018; Halpern, 2020
3	Мен және менің ойлауым	2	Метатанымды дамыту, когнитивтік қателерді тану	Ойлау түрлері, автоматты ойлар, когнитивтік қателер	Рефлексиялық тапсырмалар Kahneman, 2021; Dunlosky, 2018
2. Эмоциялық компонент (эмоцияны тану, түсіну, басқару)					
4	Мен және менің эмоцияларым	2	Эмоцияларды тану және атау қабілетін қалыптастыру	Эмоцияларды тану, атау, эмоциялық сөздік қор	Тренингтік жаттығулар

44-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
					Ekman, 2019; Brackett et al., 2019
5	Эмоцияны басқару жолдары	2	Эмоциялық өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту	«Тоқта – ойлан – әрекет ет» әдісі	Психологиялық тренинг Gross, 2019
6	Эмоциялық тұрақтылық	2	Стресс жағдайында эмоцияны бақылау	Стресс жағдайында өзін-өзі реттеу	Кейс-талдау Lazarus & Folkman, 2020
3. Мінез-құлықтық компонент (саналы әрекет, өзін-өзі бақылау, жауапкершілік)					
7	Мінез-құлық және эмоция	2	Эмоцияның әрекетке әсерін ұғындыру	Эмоцияның әрекетке ықпалы	Мінез-құлықтық модельдеу Bandura, 2018;
8	Қиын жағдаяттарда әрекет ету	2	Конструктивті әрекет стратегияларын меңгеру	Мінез-құлықтық модельдеу, рөлдік ойын	Рөлдік ойын Cherniss et al., 2019; OECD, 2021
9	Өзін-өзі басқару	2	Мақсат қою және өзіндік бақылауды дамыту	Мақсат қою, өзін бақылау, жауапкершілік	Өзін-өзі басқару тренингі Gist et al., 2018;
4. Аналитикалық компонент (талдау, салыстыру, шешім қабылдау)					
10	Шешім қабылдау дағдылары	2	Саналы және негізделген шешім қабылдау	Баламаларды салыстыру, саналы таңдау	Пікірталас Halpern, 2020; OECD, 2019
11	Себеп пен салдарды талдау	2	Аналитикалық және логикалық ойлауды дамыту	Оқиға – реакция – нәтиже байланысы	Кейстік талдау Bloom (rev. Anderson)
5. Шығармашылық компонент (ой икемділігі, эмпатия, қарым-қатынас)					
12	Эмпатия және конструктивті қарым-қатынас	2	Эмпатия мен тиімді коммуникацияны қалыптастыру	Басқа адамның көзқарасын түсіну, қақтығыссыз диалог	Rogers (rev.), 2020; Brackett, Rivers, 2021

Ескерту. Әдебиеттер тізімі:

1. Сидоренко, Е. В. Тренинг эмоционального интеллекта / Е. В. Сидоренко. — Санкт-Петербург ; Москва : Речь, 2024.— 208с. : ил.

2. Мырзатаева Б.П. М91 Әлеуметтік-психологиялық тренингтер бойынша жаттығулар жинағы: Оқу-әдістемелік құрал/ Б.П. Мырзатаева– Алматы: «Тұран» Университеті, 2020. – 64 б.

3. Brackett M., Rivers S., Salovey P. Emotional Intelligence: Implications for Education. – 2019

Бағдарламаның екінші кезеңінде оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсерін зерттеу жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың когнитивтік және эмоциялық ерекшеліктерін ескере отырып, сыни ойлау мен эмоциялық өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға бағытталған психологиялық әдістер тәжірибеге енгізілді. Бұл кезеңде

когнитивтік талдау, эмоциялық рефлексия және проблемалық жағдаяттарды шешуге негізделген психологиялық жаттығулар қолданылды. Сыни ойлау арқылы эмоцияларды тану, түсіну және басқару қабілеттерін жетілдіруге бағытталған психологиялық дамыту жұмыстары жүйеленді.

Бұл психологиялық өзгерістер оқушылардың жеке ерекшеліктері мен тұлғааралық өзара әрекеттесу жағдайларында байқалады. Психологиялық тұрғыдан эмоциялық интеллект оқушының өз эмоцияларын және өзгенің эмоциялық күйлерін түсіну, бағалау және реттеу қабілеттерінің жиынтығын сипаттайды. Сыни ойлаудың дамуы эмоциялық реакцияларды саналы талдауға және күрделі жағдайларда негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Бағдарлама аясында 2022–2025 оқу жылының басында 6–8-сынып оқушыларының эмоциялық интеллектісінің даму деңгейін анықтауға бағытталған психодиагностикалық зерттеу жоспарын әзірленді. Жоспарға сәйкес психологиялық зерттеу үш кезең бойынша ұйымдастырылды.

Сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні дамытуға арналған психологиялық жаттығулар оқушылардың когнитивтік және эмоциялық қабілеттерін өзара байланыста жетілдіруге бағытталды

Психологиялық жаттығулар барысында жағымды эмоциялық ахуал қалыптасып, оқушылардың эмпатиясы мен тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары жетілдіріледі. Нәтижесінде оқушылардың эмоциялық ақпаратты күнделікті өмірлік жағдайларда түсіну және қолдану мүмкіндіктері кеңейді. Олардың проблемалық жағдаяттарды талдау, эмоциялық реакцияларын бақылау және психологиялық тұрғыдан негізделген шешім қабылдау қабілеттерін дамыту көзделді. Сыни ойлаудың эмоциялық интеллектіге психологиялық әсері оқушылардың ақпаратты дербес талдауы, эмоциялық тәжірибесін қайта бағалауы және өзін-өзі реттеу тәсілдерін меңгеруі арқылы сипатталды. Сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісі қалыптасқан оқушы бейнесі келесі суретте көрсетілген (18-сурет).



Сурет 18 - Сыни ойлау қабілеті жоғары және эмоциялық интеллектісі қалыптасқан оқушының бейнесі

18-суретте сыни ойлау қабілеті мен эмоциялық интеллектісі дамыған оқушының аналитикалық ойлау, эмоцияларын реттеу, саналы шешім қабылдау және тұлғааралық қарым-қатынас жасау ерекшеліктері сипатталған. Оқушылардың сыни ойлауы арқылы эмоциялық интеллектісіне психологиялық әсерін қалыптастыруда «Эмоциялық интеллектіні дамыту» атты тренинг бағдарламасы (24 сағат) бойынша тренингтер жүргізіп, дебаттар ұйымдастырдық.

Қалыптастырушы эксперимент барысында эксперимент тобына жүргізілген тренингтер жүйелі өткізілді. Тренинг 12 сабақтан тұрды. 1 жыл бойы оқушыларға жүргізілді.

Оқушылардың эмоциялық интеллектісін қалыптастыру бойынша «Эмоциялық интеллектіні дамыту» атты тренинг бағдарламасы:

Тренингтің мақсаты: сынып оқушыларының сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін дамыту арқылы өз эмоциясын тану, реттеу, өзгенің сезімін түсіну, дәлелді ой айту, шешім қабылдау және тиімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін қалыптастыру.

Тренинг міндеттері:

- оқушыларды өзінің және басқа адамдардың эмоцияларын тануға, атауға және түсіндіруге үйрету;
- эмоция мен ойдың өзара байланысын түсіндіру;
- ақпаратты талдау, салыстыру, сұрақ қою және дәлел келтіру дағдыларын дамыту;
- өз пікірін негіздеп айтуға және басқа адамның көзқарасын құрметтеуге үйрету;
- стрессті, мазасыздықты және жағымсыз эмоцияларды басқару тәсілдерін үйрету;
- қақтығыс жағдайларын талдау, себеп-салдарын анықтау және бейбіт шешу жолдарын меңгерту;
- ішкі диалог, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі басқару қабілеттерін дамыту.

Эксперименттің екінші жылында тренингтік бағдарламаның мазмұны тереңдетіліп, оның жалпы көлемі 24 сағатты құрады. Бұл кезеңде оқушылардың сыни ойлау мен эмоциялық интеллект компоненттерін дамытуға бағытталған жаттығулар мен практикалық тапсырмалар күрделендіріліп, эмоцияларды тану, реттеу, рефлексия жасау, сыни талдау және негізделген шешім қабылдау дағдыларын жетілдіруге ерекше назар аударылды (Қосымша 5 -те сабақтардың минималды көлемін ұсынады).

Тренинг ережелері:

1. «Осы сәт пен қазір» қағидаты бойынша карым-қатынас.
2. Персонофикациялық пікір.
3. Қарым-қатынаста шынайылық.
4. Құпиялылық.
5. Болып жатқан оқиғаларға белсенді қатысу.
6. Қатысушыға құрмет.

3.2 Мектеп оқушыларының эмоциялық интеллектісін дамыту жұмыстарының тәжірибелік бөлімі

Зерттеудің тәжірибелік бөлімі мектеп оқушыларының эмоциялық интеллектісін сыни ойлау негізінде дамытуға бағытталған бағдарламаның тиімділігін эмпирикалық тұрғыда тексеруге арналды. Аталған бөлімде әзірленген дамыту бағдарламасының жүзеге асу барысы, оның мазмұны, қолданылған әдістер мен алынған нәтижелер кешенді түрде талданды.

Тәжірибелік жұмыс барысында оқушылардың эмоциялық интеллектісінің бастапқы деңгейі диагностикалық әдістемелер арқылы анықталып, олардың эмоцияларды тану, түсіну, басқару және қолдану қабілеттерінің жеткіліксіз дамығаны байқалды. Сонымен қатар, сыни ойлау дағдыларының да көбінесе репродуктивті деңгейде қалыптасқаны айқындалды. Бұл жағдай арнайы ұйымдастырылған дамыту бағдарламасын енгізудің қажеттілігін негіздеді.

Әзірленген бағдарлама сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара ықпалдастығына негізделіп, 4К дағдылары (критикалық ойлау, креативтілік, коммуникация, коллаборация) арқылы жүзеге асырылды. Бағдарлама мазмұны оқушылардың когнитивтік, эмоциялық және мінез-құлықтық компоненттерін кешенді дамытуға бағытталды.

Бағдарлама аясында келесі бағыттар қамтылды:

– эмоцияларды тану және оларды вербалды сипаттау дағдыларын қалыптастыру;

– эмоциялық жағдайларды сыни талдау және бағалау

– проблемалық жағдайларда баламалы шешімдер ұсыну (креативтілік);

– топтық жұмыс барысында өзара әрекеттесу және эмпатиялық қарым қатынас орнату;

– эмоцияларды өзін-өзі реттеу стратегияларын меңгеру.

Тәжірибелік кезеңде интерактивті әдістер, жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, пікірталастар және рефлексивтік жаттығулар кеңінен қолданылды. Бұл әдістер оқушылардың белсенді танымдық әрекетін арттырып, олардың эмоциялық тәжірибесін саналы түрде түсінуіне мүмкіндік берді.

Оқушылардың сыни ойлауын дамыту арқылы эмоциялық интеллект компоненттерін жетілдірудің психологиялық ерекшеліктері

Зерттеудің қалыптастырушы кезеңінде оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту арқылы эмоциялық интеллект компоненттерінің қалыптасуына психологиялық ықпал етуді көздейтін эксперименттік психологиялық дамыту бағдарламасы жүзеге асырылды. Бағдарламаның мазмұны оқушылардың когнитивтік және эмоциялық үдерістерінің өзара байланысына негізделіп, ақпаратты талдау, логикалық пайымдау, дәлелдеу, салыстыру, рефлексия және негізделген шешім қабылдау дағдыларын жетілдіруге бағытталды. Сыни ойлауды дамыту оқушылардың эмоциялық тәжірибесін саналы ұғынуына, эмоциялық реакцияларының пайда болу себептерін анықтауына және оларды реттеудің тиімді тәсілдерін меңгеруіне психологиялық тұрғыдан ықпал ететін негізгі бағыт ретінде қарастырылды.

Эксперименттік психологиялық дамыту бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде эксперименттік топтағы оқушылардың эмоциялық интеллектінің негізгі компоненттері бойынша оң динамика байқалды. Атап айтқанда, оқушылардың эмоцияларды тану, түсіну, басқару, эмпатия және өзіндік мотивация көрсеткіштерінде жағымды өзгерістер анықталды. Сыни ойлау қабілетінің дамуы оқушылардың эмоциялық жағдаяттарды талдауына, өз сезімдері мен мінез-құлық реакцияларын бағалауына, тұлғааралық қатынастардағы эмоциялық ақпаратты дұрыс түсіндіруге ұмтылуына және саналы шешім қабылдауына ықпал етті. Бұл өзгерістер сыни ойлаудың аналитикалық, когнитивтік және рефлексиялық механизмдерін белсендіру эмоциялық интеллект компоненттерінің дамуына қолайлы психологиялық жағдай қалыптастыратынын көрсетеді.

Эксперименттік зерттеу нәтижелеріне жүргізілген салыстырмалы талдау эксперименттік топтағы оқушылар арасында эмоциялық интеллектінің орта және жоғары деңгей көрсеткіштерінің артқанын, ал төмен деңгей көрсеткіштерінің азайғанын анықтады. Алынған нәтижелер сыни ойлауды мақсатты дамытуға бағытталған психологиялық ықпалдың эмоциялық интеллект компоненттеріндегі оң өзгерістермен қатар жүргенін көрсетті. Аталған динамика оқушылардың эмоциялық өзін-өзі реттеу, рефлексиялық бағалау және тұлғааралық эмоциялық түсіну қабілеттерінің жетілуімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері эксперименттік психологиялық дамыту бағдарламасының тиімділігін бағалауға негіз болып, сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасындағы функционалдық байланыстың психологиялық маңызын айқындайды.

Қазіргі білім беру жағдайында Z ұрпағына жататын оқушылардың танымдық және эмоциялық ерекшеліктерін ескеру олардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етудің маңызды психологиялық алғышарты болып табылады. Ақпараттық ортаның қарқынды өзгеруі, әлеуметтік қатынастардың күрделенуі және оқу әрекетіне қойылатын талаптардың артуы оқушылардан ақпаратты сыни қабылдауды, өзіндік ұстанымын негіздеуді, эмоциялық реакцияларын басқаруды және өзгермелі жағдайларға бейімделуді талап етеді. Осы тұрғыдан сыни ойлау қабілеті мен эмоциялық интеллект оқушылардың психологиялық дамуының өзара байланысты құрылымдары ретінде қарастырылады.

Эмоциялық интеллектісі жоғары деңгейде қалыптасқан оқушылар өздерінің эмоциялық күйлерін ажырата алады, жағымды және жағымсыз сезімдердің туындау себептерін түсінуге ұмтылады, күрделі жағдайларда мінез-құлқын саналы реттеуге бейімділік танытады. Мұндай оқушылар оқу барысында кездесетін қиындықтарды тек эмоциялық тұрғыдан қабылдамай, олардың себептерін анықтауға, ықтимал шешімдерді салыстыруға және тәжірибеден қорытынды шығаруға қабілетті болады. Сыни ойлаудың дамуы оқушылардың сәтсіздікке қатысты қалыптасқан теріс пайымдауларын қайта қарастыруына, жағдайды баламалы көзқарастар арқылы бағалауына және эмоциялық реакцияларын саналы бақылауына мүмкіндік береді. Бұл үдерісте танымдық

қайта бағалау, рефлексия және өзіндік бақылау эмоциялық өзін-өзі реттеудің маңызды психологиялық механизмдері ретінде көрініс табады.

Оқушылардың сыни ойлау әрекеті мен эмоциялық интеллект компоненттерінің өзара байланысы когнитивтік бағалау үдерістері арқылы түсіндіріледі. Оқушылар белгілі бір жағдаятты талдау барысында оның мазмұнын, пайда болу себептерін және ықтимал салдарын анықтайды. Мұндай танымдық әрекеттер эмоциялық реакциялардың қалыптасуына әсер ететін субъективті бағалау ерекшеліктерін саналы түсінуге жағдай жасайды. Ақпаратты салыстыру, дәлелдердің қисындылығын тексеру және баламалы түсіндірулерді қарастыру оқушылардың эмоциялық жағдаяттарды біржақты қабылдауын азайтып, неғұрлым икемді психологиялық ұстаным қалыптастыруына ықпал етуі мүмкін. Осы механизмдер арқылы сыни ойлауды дамыту эмоцияларды түсіну мен басқару үдерістеріне жанама психологиялық әсер етеді.

Эксперименттік психологиялық дамыту бағдарламасының маңызды ерекшелігі оқушылардың сыни ойлауын жетілдіруге арналған тапсырмаларды эмоциялық интеллект компоненттерін дамытуға бағытталған психологиялық жаттығулармен мазмұндық тұрғыдан байланыстыру болды. Бағдарламада танымдық талдау мен эмоциялық рефлексия біртұтас психологиялық әрекет ретінде ұйымдастырылды. Оқушыларға ұсынылған проблемалық жағдаяттарда ақпараттың шынайылығын бағалау, әртүрлі пікірлерді салыстыру, эмоциялық реакциялардың себептерін анықтау және ықтимал шешімдердің салдарын болжау әрекеттері қамтылды. Мұндай тапсырмалар оқушылардың аналитикалық ойлауын белсендірумен қатар, өзіндік эмоциялық тәжірибесін түсінуіне, эмпатиялық қабылдауына және мінез-құлқын саналы реттеуіне ықпал етуге бағытталды.

Бағдарлама мектеп психологтарының, пән мұғалімдерінің, сынып жетекшілерінің және үйірме жетекшілерінің өзара ынтымақтастығы негізінде жүзеге асырылды. Психологиялық ықпалдың кешенді ұйымдастырылуы оқушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған әрекеттерді күнделікті оқу және тәрбие үдерістерімен байланыстыруға мүмкіндік берді. Әр маманның қызметінде оқушылардың жас ерекшеліктері, танымдық даму деңгейі, эмоциялық реакциялары және жеке психологиялық қажеттіліктері ескерілді. Психологиялық дамыту жұмыстарының негізгі мазмұны оқушылардың аналитикалық ойлауын, рефлексиясын, эмоциялық өзін-өзі реттеуін және тұлғааралық түсінуін жетілдіруге бағытталған тапсырмалар мен жаттығулардан құрылды.

Пән мұғалімдерінің эксперименттік бағдарламаға қатысуы оқушылардың сыни ойлауын дамыту үдерісінде эмоциялық интеллект компоненттерінің қалыптасуына ықпал ететін психологиялық жағдайларды ұйымдастыруға негізделді. Пәндік мазмұнға кіріктірілген проблемалық тапсырмалар оқушылардың ақпаратты талдау, дәлелдеу, салыстыру, баламалы пікірлерді бағалау және қорытынды жасау әрекеттерін белсендіруге бағытталды. Оқу тапсырмаларының психологиялық мазмұны оқушылардың өз эмоциялық

реакцияларын түсінуіне, өзгелердің сезімдерін ескеруіне және күрделі жағдаяттарда саналы шешім қабылдауына мүмкіндік беретіндей құрылды.

Әдебиет сабақтарында оқушылар көркем шығарма кейіпкерлерінің эмоциялық күйлерін, мінез-құлық мотивтерін және шешім қабылдау ерекшеліктерін психологиялық тұрғыдан талдады. Кейіпкерлердің әрекеттеріне әртүрлі көзқараспен баға беру, олардың сезімдерін туындатқан жағдайларды анықтау және баламалы шешімдер ұсыну арқылы оқушылардың сыни пайымдауы мен эмпатиялық түсінуін дамыту көзделді. Бұл тапсырмалар оқушылардың эмоциялық ақпаратты интерпретациялауына, өзге адамның психологиялық жағдайын түсінуіне және тұлғааралық қатынастардағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтауына жағдай жасады.

Тарих сабақтарында оқушылар тарихи тұлғалардың шешімдерін талдау барысында әлеуметтік жағдайларды, жеке мотивтерді және эмоциялық факторларды салыстырып бағалады. Оқушыларға тарихи оқиғалардың дамуына ықпал еткен себептерді анықтау, әртүрлі шешімдердің ықтимал нәтижелерін болжау және өз пайымдарын дәлелдеу тапсырмалары ұсынылды. Аталған әрекеттер оқушылардың аналитикалық ойлауын жетілдіруге, күрделі әлеуметтік жағдаяттарды көпқырлы түсінуіне және адамның мінез-құлқындағы эмоциялық факторлардың рөлін саналы бағалауына бағытталды.

Дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың жарыс және командалық әрекет жағдайларындағы эмоциялық реакцияларын түсінуіне, жеңіс пен сәтсіздікке қатысты көзқарастарын талдауына және мінез-құлқын реттеуіне назар аударылды. Командалық тапсырмаларда оқушылардың өзара қарым-қатынас ерекшеліктерін бағалауы, әрекет нәтижелерін салыстыруы және келесі шешімдерін негіздеуі қарастырылды. Мұндай жұмыс оқушылардың ерік-жігер тұрақтылығын, өзіндік бақылауын және эмоциялық реакцияларды реттеу дағдыларын қолдауға бағытталды.

Үйірме жетекшілері ұйымдастырған жұмыстар оқушылардың сыни ойлауын практикалық іс-әрекет барысында дамытуға және осы әрекеттер арқылы эмоциялық интеллект компоненттерінің қалыптасуына психологиялық ықпал етуге бағытталды. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ және дебат үйірмелерінде оқушылардың логикалық пайымдау, стратегиялық жоспарлау, баламалы шешімдерді салыстыру және өз әрекеттерінің ықтимал нәтижелерін болжау дағдыларына басымдық берілді. Оқушылардың ойын барысындағы шешімдерін талдауы, жіберілген қателерін анықтауы және нәтижелерге рефлексия жасауы олардың эмоциялық өзін-өзі бақылауын дамытуға қолайлы жағдай туғызды.

Шығармашылық бағыттағы домбыра, би, вокал және театрлық іс-әрекеттер оқушылардың эмоциялық күйлерін білдіруіне, өзге адамдардың сезімдерін түсінуіне және шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында туындайтын қиындықтарды саналы бағалауына мүмкіндік берді. Оқушылардың шығармашылық шешімдерді өз бетінше қабылдауы, жеке әрекеттерін талдауы және нәтижелерін салыстыруы сыни ойлаудың икемділік және рефлексиялық компоненттерін дамытуға бағытталды. Ұжымдық шығармашылық іс-

әрекеттерде оқушылардың эмпатиясын, эмоциялық сезімталдығын және өзара түсінісу қабілеттерін жетілдіруге назар аударылды.

Қолөнер, кесте тігу және бисермен жұмыс істеу барысында оқушылардың әрекетті жоспарлау, орындалу ретін бақылау, қателерді анықтау және нәтижені бағалау дағдылары жаттықтырылды. Бұл әрекеттер оқушылардың зейінін шоғырландыруына, мақсатқа бағытталған мінез-құлқын қалыптастыруына және тапсырманы орындау барысында туындайтын эмоциялық реакцияларын реттеуіне жағдай жасады. Оқушылардың жеке қызығушылықтарына сәйкес ұйымдастырылған жұмыстар олардың өзіндік мотивациясын қолдауға және танымдық белсенділігін арттыруға бағытталды.

Мектеп психологтарының эксперименттік бағдарлама аясындағы қызметі оқушылардың сыни ойлауын дамыту арқылы эмоциялық интеллект компоненттеріне мақсатты психологиялық ықпал етуді қамтамасыз етуге негізделді. Тренинг сабақтарында оқушылардың өз эмоцияларын тануы, эмоциялық реакциялардың пайда болу себептерін талдауы, жағдаяттарды әртүрлі тұрғыдан бағалауы және мінез-құлқын саналы реттеу тәсілдерін меңгеруі қарастырылды. Психологиялық тапсырмалар оқушылардың танымдық бағалау әрекеттерін белсендіру арқылы эмоциялық реакцияларды түсіну және басқару механизмдерін жетілдіруге бағытталды.

Топтық тренингтерде оқушыларға күнделікті өмірде кездесетін эмоциялық жағдаяттарды талдау, жағдайдың объективті мазмұны мен субъективті қабылдануын ажырату, баламалы түсіндірулерді анықтау және негізделген шешім қабылдау тапсырмалары ұсынылды. Оқушылар өз сезімдерінің пайда болуына ықпал еткен ойлар мен пайымдауларды анықтап, олардың қисындылығын бағалауға үйренді. Мұндай жаттығулар сыни ойлаудың эмоциялық өзін-өзі реттеудегі психологиялық мүмкіндіктерін белсендіруге бағытталды.

Рефлексиялық жаттығулар барысында оқушылар өздерінің эмоциялық реакцияларын, мінез-құлық ерекшеліктерін және қабылдаған шешімдерін талдады. Оқушылардың белгілі бір жағдайдағы әрекетіне баламалы түсіндірулер ұсынуы, эмоциялық жауаптардың ықтимал салдарын бағалауы және тиімді мінез-құлық стратегияларын таңдауы өзіндік бақылау дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді. Рефлексиялық әрекеттер оқушылардың эмоциялық тәжірибесін саналы түсінуіне және эмоциялық өзін-өзі реттеудің танымдық негіздерін қалыптастыруына ықпал етті.

Эмпатияны дамытуға арналған рөлдік ойындарда оқушылар әртүрлі әлеуметтік позицияларды қабылдап, өзге адамның эмоциялық жағдайын түсіндіруге, мінез-құлық себептерін анықтауға және жағдаятты бірнеше көзқарас тұрғысынан бағалауға қатысты. Мұндай психологиялық жаттығулар сыни ойлаудың баламалы пікірлерді салыстыру қабілетін белсендіру арқылы тұлғааралық эмоциялық түсінуді жетілдіруге бағытталды. Топтық пікірталастарда оқушылардың өз көзқарасын дәлелдеуіне, өзгелердің пікірлерін сыни бағалауына және эмоциялық келіспеушіліктерді конструктивті шешуіне назар аударылды.

Оқушылардың эмоцияларды басқару қабілетін жетілдіру мақсатында эмоциялық жағдайларды когнитивтік қайта бағалау, жағымсыз ойларды талдау, баламалы пайымдаулар құрастыру және мінез-құлық салдарын болжау жаттығулары пайдаланылды. Бұл тапсырмалар оқушылардың эмоциялық реакцияларын саналы түсінуіне, эмоциялардың қарқындылығын реттеу тәсілдерін меңгеруіне және қиын жағдайларда әрекеттің тиімді нұсқаларын таңдауға бағытталды. Сыни ойлаудың дамуы оқушыларға жағдаяттың алғашқы эмоциялық бағасын қайта қарастыруға мүмкіндік беретін психологиялық механизм ретінде қолданылды.

Оқушылардың өзіндік мотивациясын дамытуда жеке мақсаттарды анықтау, жетістікке жету жолдарын талдау, қиындықтардың себептерін бағалау және әрекет нәтижелеріне рефлексия жасау тапсырмалары қамтылды. Оқушылардың өз мүмкіндіктерін шынайы бағалауы, мақсатқа жетудің баламалы жолдарын қарастыруы және сәтсіздіктерден конструктивті қорытынды шығаруы мотивациялық тұрақтылықты қолдауға бағытталды. Мұндай психологиялық ықпал оқушылардың танымдық дербестігін арттыруға және эмоциялық өзін-өзі реттеу механизмдерін жетілдіруге жағдай жасады.

Эксперименттік психологиялық дамыту бағдарламасының мазмұнын жүйелеу мақсатында оқушылардың сыни ойлауын дамыту арқылы эмоциялық интеллект компоненттеріне психологиялық ықпал ету моделі негізге алынды. Модельде зерттеудің мақсаты, теориялық-әдіснамалық ұстанымдары, психологиялық ықпал ету бағыттары, дамыту әдістері және күтілетін нәтижелер өзара байланыста қарастырылды. Модельдің құрылымдық мазмұны оқушылардың танымдық әрекеттерін белсендіру мен эмоциялық үдерістерін саналы реттеу арасындағы психологиялық байланысты ескеруге бағытталды.

Модельдің когнитивтік бағыты оқушылардың ақпаратты қабылдау, талдау, салыстыру, логикалық қорытынды жасау және дәлелдерді бағалау қабілеттерін дамытуға негізделді. Аналитикалық бағытта оқушылардың проблемалық жағдайларды жан-жақты қарастыруы, баламалы шешімдерді бағалауы және өз пайымдарын негіздеуі басты назарға алынды. Эмоциялық бағыт оқушылардың өз эмоцияларын тану, түсіну, басқару және өзге адамдардың эмоциялық жағдайларын қабылдау қабілеттерін жетілдіруге арналды. Мінез-құлықтық бағытта оқушылардың өзіндік бақылауы, эмоциялық реакцияларын реттеуі және саналы шешім қабылдауы қарастырылды. Шығармашылық бағыт оқушылардың ойлау икемділігін, стандарттан тыс шешімдер ұсынуын және эмоциялық жағдаяттарға баламалы көзқарас қалыптастыруын дамытуға бағытталды.

Аталған бағыттардың өзара байланысы сыни ойлаудың когнитивтік және аналитикалық механизмдерін дамыту оқушылардың эмоциялық интеллект компоненттеріне психологиялық тұрғыдан ықпал етуі мүмкін деген теориялық ұстанымға негізделді. Ақпаратты жан-жақты талдау оқушылардың эмоциялық жағдаяттарды объективті бағалауына, баламалы пайымдауларды салыстыру эмоциялық реакциялардың себептерін тереңірек түсінуіне, ал рефлексиялық әрекет эмоцияларды саналы реттеуіне жағдай жасайды. Эмоциялық жағдайларға қатысты дәлелді қорытынды жасау оқушылардың эмпатиялық түсінуін

жетілдіруге және тұлғааралық қатынастардағы мінез-құлық стратегияларын саналы таңдауына ықпал етуі ықтимал.

Эксперименттік бағдарлама аясында оқушылардың сыни ойлауын дамытудың психологиялық ықпалын күшейту үшін оқу және тәрбие үдерістеріндегі тапсырмалар мазмұндық тұрғыдан өзара байланыстырылды. Оқушылардың ақпаратты талдау, эмоциялық жағдайларды салыстыру және мінез-құлық нәтижелерін бағалау дағдыларын әртүрлі іс-әрекеттерде қолдануына жағдай жасалды.

Эксперименттік психологиялық дамыту бағдарламасының нәтижелерін түсіндіруде сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасындағы байланыстың күрделі және көпкомпонентті сипаты ескерілді. Сыни ойлаудың аналитикалық және рефлексиялық әрекеттері эмоцияларды түсіну, басқару және эмпатиялық қабылдау үдерістерімен функционалдық тұрғыдан байланысты болуы мүмкін. Оқушылардың эмоциялық реакцияларын талдауы олардың өзіндік реттеу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етсе, өзге адамдардың эмоционалдық жағдайын түсінуі баламалы пікірлерді қабылдау мен тұлғааралық жағдаяттарды жан-жақты бағалау әрекеттерін қолдайды.

Қалыптастырушы эксперимент барысында алынған нәтижелер оқушылардың сыни ойлауын мақсатты түрде дамытудың эмоциялық интеллект компоненттеріндегі оң өзгерістермен қатар жүретінін көрсетті. Эксперименттік топтағы оқушылардың эмоцияларды тану, түсіну, басқару, эмпатия және өзіндік мотивация көрсеткіштеріндегі ілгерілеу психологиялық дамыту бағдарламасының мазмұнымен үйлеседі.

8-сынып оқушыларына арналған сыни ойлау тренингтік бағдарламасы (24 сағат)

*Мақсат:*оқушылардың танымдық, эмоциялық және мінез-құлықтық дағдыларын жүйелі түрде дамыту арқылы сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыру және күнделікті өмірде қолдану мүмкіндігін арттыру.

Міндеттері:

1. Танымдық дағдыларын дамыту: ақпаратты қабылдау, талдау, салыстыру, жүйелеу.

2. Эмоциялық дағдыларын жетілдіру: эмоцияны тану, түсіну, басқару және өз эмоциясын сыни түрде бағалау.

3. Мінез-құлықтық дағдыларын қалыптастыру: шешім қабылдау, жауапкершілікпен әрекет ету, топтық өзара әрекеттесу.

4. Ақпаратқа сыни көзбен қарау және логикалық аргументтерді құру қабілетін дамыту.

5. Шығармашылық ойлау арқылы проблемаларды тиімді шешу дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

- Оқушылар ақпаратты жүйелі талдай алады, логикалық қорытынды шығара алады;
- Эмоциясын және өзге адамдардың эмоциясын түсініп, тиімді қолдана алады;

- Мінез-құлықтарын жауапкершілікпен реттеп, топта өзара әрекеттесуді жақсартады;
- Сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттерін күнделікті өмірде тиімді пайдалана алады;

Кесте 45 – «Сыни ойлауды дамыту тренингі» бағдарламасы

Тоқсан	Сабақ	Тақырыбы	Мақсаты	Әдістер/ тапсырмалар	Жауапты
1-тоқсан	1	Таным және танысу	Оқушыларды таныстыру, топтық байланыс орнату	«Мен кіммін?» ойыны, топтық ойындар	Мектеп психологы
	2	Сыни ойлау деген не?	Сыни ойлау ұғымын түсіндіру, сұрақ қою дағдыларын дамыту	Мысалдар, «Сұрақ қою шебері» жаттығуы	Сынып жетекшісі
	3	Ақпаратты қабылдау және сұрақтар	Ақпаратты талдау, сұрақтар қою	Мәтін/сурет талдау, топтық талқылау	Мектеп психологы
2-тоқсан	4	Ақпаратты талдау	Ақпаратты дұрыс бағалау, факт–пікірді ажырату	Мәтін/бейне талдау, «Дұрыс/бұрыс» ойыны	Мектеп психологы
	5	Себеп–нәтиже және логика	Логикалық байланыстарды анықтау, дәлелдеу	«Себеп–нәтиже» жаттығуы, пікірталас	Сынып жетекшісі
	6	Аргументтеу дағдылары	Пікірді қорғау, қарсы аргумент табу	Топтық пікірталас, қорытынды жасау	Мектеп психологы
3-тоқсан	7	Шығармашылық ойлау	Бір мәселені бірнеше жолмен шешу	«Не болса да болар еді?» сценарийлік жаттығуы	Мектеп психологы
	8	Топтық жобалар	Проблеманы топпен шешу, идеяны қорғау	Жобалар жасау, презентация дайындау	Сынып жетекшісі
	9	Қорытынды қорғау	Шешімдерді аргументтеу және қорғау	Презентация, пікірталас	Мектеп психологы
4-тоқсан	10	Сын тұрғысынан бағалау	Ақпаратты сын көзбен қарау, артықшылық–кемшілікті анықтау	Медиа талдау, «Артықшылық–кемшілік» жаттығуы	Сынып жетекшісі
	11	Кейс талдау және рөлдік ойындар	Күнделікті өмірде сыни ойлауды қолдану	Рөлдік ойындар, нақты кейстерді шешу	Мектеп психологы
	12	Қорытынды және кері байланыс	Тренингтен алған білімді жинақтау, рефлексия	Презентация, кері байланыс, сертификаттау	Мектеп психологы

Тренингтік бағдарламаға арналған психологиялық жаттығулар:

1. «Сенімділік және сенімсіздік мүсіні» жаттығуы

Мақсаты: оқушылардың сенімділік туралы түсінігін кеңейту, сенімді және сенімсіз мінез-құлықты ажырата білуге үйрету, сондай-ақ сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Уақыты: 10–15 минут

Жаттығуды өткізу тәртібі: «Елестетіп көріңіздер, мектептің кіреберісіне "Сенімділік және сенімсіздік" атты мүсін қою туралы шешім қабылданды. Қазір біз өзімізді мүсінші ретінде байқап көреміз».

Сынып екі топқа бөлінеді: бір топ «Сенімділік» мүсінін, екінші топ «Сенімсіздік» мүсінін жасайды. Әрбір оқушы мүсіннің бір бөлігі болуы тиіс (дене тұрысы, қимыл, бет-әлпет арқылы).

Тапсырма: 4 минут ішінде топ болып, өз мүсіндеріңізді құрастырып, сыныпқа көрсетіңіздер.

Көрсету кезеңі: Әр топ өз мүсінін көрсетеді. Басқа оқушылар бақылап, айырмашылықтарды анықтайды.

Талқылау (сыни ойлау сұрақтары): Қай мүсін сенімді болып көрінді? Неліктен? Сенімді адамның қандай белгілерін байқадыңыздар? Сенімсіздік қалай көрінді? Бұл тек сыртқы көрініс пе, әлде ішкі күй ме? Сенімділік әрқашан шынайы бола ма, әлде кейде тек «көрініс» болуы мүмкін бе? Бір әрекет әр түрлі жағдайда әр түрлі қабылдануы мүмкін бе?

Оқушылар өз жауаптарын дәлелмен негіздейді.

Қорытынды тапсырма: топпен бірігіп «сенімді адамның бейнесін» құрастырыңыздар:

қандай қасиеттері бар?

қалай сөйлейді?

қалай әрекет етеді?

қиын жағдайда өзін қалай ұстайды?

Жауаптарды тақтаға жазып, қысқаша талдау жасалады. Жеке тәжірибелік тапсырма: әр оқушы (бір уақытта) сенімді адамды бейнелеп көрсетеді:дене тұрысы, дауыс ырғағы, көзқарасы. Содан кейін өз сезімдерімен бөліседі:

Өзіңізді қалай сезіндіңіз?

Бұл рөл сізге қиын болды ма?

Өз өміріңізде осы күйді қолдана аласыз ба?

Күтілетін нәтиже: оқушылар сенімділік ұғымын түсінеді; сенімді және сенімсіз мінез-құлықты ажырата алады; өз ойын дәлелдеуге үйренеді; мінез-құлықты сыни тұрғыдан талдайды; өзін-өзі сенімді ұстауға алғашқы дағдылар қалыптасады.

2. «Айдаһар өз құйрығын ұстайды» жаттығуы

Мақсаты: қатысушыларды белсендіру, бірлескен әрекеттерді үйлестіру (координация) дағдыларын дамыту.

Жаттығудың сипаттамасы: топ бір қатарға тізіліп тұрады, әр қатысушы алдындағы адамның белінен ұстайды. Қатардың басы — «айдаһардың басы», ал соңы — «құйрығы» болып саналады.

«Басы» «құйрықты» ұстап алуға тырысады, ал «құйрық» одан қашып құтылуға тырысады. Жаттығу барысында бүкіл қатар қозғалады, бірақ қатысушылар қолдарын жібермеуі тиіс. Ойынды бірнеше рет қайталауға болады, әр жолы қатысушылардың қатардағы орнын өзгертіп отырған дұрыс.

3. «Арқан тарту: күш пе, стратегия ма?»

Мақсаты: оқушылардың сыни ойлауын, командалық стратегия құруын, дәлелді шешім қабылдауын және әрекет нәтижесін талдау қабілетін дамыту.

Уақыты: 10–15 минут

Қажетті құрал: мықты арқан, қауіпсіз бос кеңістік.

Жаттығу барысы: Қатысушылар екі топқа бөлінеді. Әр топқа 2 минут уақыт беріледі. Осы уақытта олар жеңіске жету үшін қандай стратегия қолданатынын ақылдасады.

Топтарға сұрақ беріледі: «Жеңіске жету үшін тек күш жеткілікті ме, әлде жоспар, келісім және әрекет бірлігі қажет пе?» Белгі берілгеннен кейін топтар арқан тартады. Жаттығу 2–3 рет қайталанады. Әр қайталаудан кейін топтар өз стратегиясын өзгертіп көреді.

Тапсырма: Әр топ жаттығудан кейін мына сұрақтарға жауап береді:
Біздің алғашқы стратегиямыз қандай болды?
Ол нәтиже берді ме? Неліктен?
Қандай қателік жібердік?
Қарсылас топтың қандай күшті жағы болды?
Келесі жолы қандай шешім қабылдар едік?
Сыни ойлау сұрақтары: жеңіске қандай факторлар әсер етті: күш, тәртіп, келісім, көшбасшылық, стратегия?, Бір адамның күші маңызды ма, әлде топтың бірлескен әрекеті маңызды ма? Қандай дәлелдерге сүйеніп қорытынды жасадыңыз? Егер жағдай өзгерсе, шешім де өзгеруі керек пе?

Бұл жаттығу оқушыларға кез келген мәселені шешуде тек эмоцияға немесе күшке сүйенбей, жағдайды талдау, себеп-салдарды анықтау, дәлел келтіру және ортақ шешім қабылдау қажет екенін түсіндіреді. Жаттығу соңында оқушылар мына тұжырымға келеді: дұрыс шешім қабылдау үшін жағдайды талдау, дәлелге сүйену, өз әрекетін бағалау және топпен келісіп әрекет ету маңызды.

4. *Кейс 1. «Чаттағы жалған ақпарат» (цифрлық сыни ойлау)*

Жағдай: Сынып чатында «Ертең математикадан міндетті бақылау болады, дайындалмасаңдар – 2!» деген хабарлама тарады. Бірнеше оқушы оны сынып жетекшісі жіберді деп ойлап, дүрлікпе басталды. Кейін бұл хабарламаны сыныптағы бір оқушы «әзіл үшін» жазғаны анықталды.

Рөлдер: Мұғалім, хабарламаны таратқан оқушы, алаңдаған оқушы, бақылаушы (талдаушы)

Тапсырма: Жағдайды талдап, топ болып шешім ұсыныңыз:

Ақпараттың шынайылығын қалай тексеруге болады?

Қандай әрекет дұрыс болар еді?

Қандай қателіктер жіберілді?

Сыни ойлау сұрақтары:

Бұл жерде факт пен пікір қайсы?

Қандай дәлел жетіспеді?

Эмоция (қорқыныш) шешімге қалай әсер етті?

Шешім критерийлері:

✓ дереккөзді тексеру

✓ дәлел келтіру

✓ эмоцияны басқару

✓ жауапкершілік

5. Кейс 2. «Дос пен әділдік» (моральдық дилемма)

Жағдай: Сенің досың бақылау жұмысында көшіріп отыр. Мұғалім сенен сұрайды: «Ол көшірді ме?» Егер шындықты айтсаң – досың ренжиді, айтпасаң – әділетсіздік болады.

Рөлдер: Сен (негізгі кейіпкер), Дос, Мұғалім, Бақылаушы

Тапсырма: 3 түрлі шешім нұсқасын ұсыныңыз: Шындықты айту, жасыру, ортақ шешім табу. Әр нұсқаның артықшылығы мен салдарын талдаңыз.

Сыни ойлау сұрақтары:

Бұл жерде құндылықтар қайшылыққа түсті ме?

Қай шешім ұзақ мерзімде дұрыс?

«Дұрыс» шешім әрқашан біреу ғана ма?

Бағалау:

- аргумент сапасы
- салдарды болжау
- құндылықтарды түсіну

6. Кейс 3. «Сыныптағы конфликт» (әлеуметтік интеллект + талдау)

Жағдай: Екі оқушы ұрысып қалды. Бірі: «Ол мені әдейі мазақ етті» десе, екіншісі: «Мен жай ғана қалжыңдадым» дейді. Сынып екіге бөлінді.

Рөлдер: 1-оқушы (ренжіген), 2-оқушы (қалжыңдаған), Сынып жетекшісі, Бақылаушылар.

Тапсырма: Қақтығыстың нақты себебін анықтаңыз, әр тараптың ойы, эмоциясы, әрекетін бөліңіз. Қақтығысты шешудің 3 жолын ұсыныңыз

Модель: Жағдай → Ой → Эмоция → Әрекет

Сыни сұрақтар:

Қай жерде түсінбеушілік болды?

Қалжың әркімге бірдей әсер ете ме?

Қақтығысты болдырмауға бола ма еді?

7. Кейс 4. «Сыртқы қысым»

Жағдай: Достарың сені сабақтан қашуға шақырады. «Барлығы бара жатыр, сен де бар» дейді.

Рөлдер: Қысым көрсетуші топ, Сен, Мұғалім, Бақылаушы

Тапсырма: 3 түрлі жауап стратегиясын көрсетіңіз:

- келісу
- бас тарту
- альтернатив ұсыну

Әр шешімнің салдарын талдаңыз. Сыни сұрақтар:

«Барлығы жасап жатыр» — дәлел ме?
Қысымға қарсы тұру үшін не қажет?

8. Кейс 5. «Баға және әділет» (когнитивтік қателер)

Жағдай: Оқушы төмен баға алды да: «Мұғалім мені жек көреді» деп қорытынды жасады.

Рөлдер: Оқушы, Мұғалім, Сыныптас, Психолог.

Тапсырма: Қандай когнитивтік қате бар екенін анықтаңыз, баламалы ой ұсыныңыз, оқушыға көмектесу жоспарын жасаңыз

Сыни ойлау элементі: «Ойды болжау», «жалпылау», Қорытынды тапсырма (барлық кейстерден кейін).

Оқушылар мына формуламен жұмыс істейді:

- Мәселені анықтау
- Дәлелдерді жинау
- Балама шешімдер
- Салдарын болжау
- Шешім қабылдау

9. Дебаттар:

1. Оқушылардың эмоцияларын тану, түсіну және басқару дағдыларын дамытудың тиімді жолдары.

2. Білім алушылардың өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда эмоциялық интеллектінің рөлі.

3. Интерактивті әдістер мен жағдаяттық тапсырмалар арқылы оқушылардың сыни ойлауын және эмоциялық сауаттылығын дамыту.

1. «Жұпты тап» жаттығуы: "Жұпты тап". Оқушыларға бір сурет таңдау ұсынылады. Әр суретте бір жағымды эмоция жазылған, ол басқа суретте жағымсыз эмоция жазылған. Суреттерде берілген эмоциялар: "қуаныш - қайғы", "ләззат - абыржу", "мақтаныш - ұят", "таңдану - көңілсіздік", "махаббат - жек көру", "Алғыс - құрмет" оқушылар алғаннан кейін оған жұп табу керек. Сонымен қатар, шарттардың бірі қарым-қатынаста мимика мен қимылдарды қолдану болды. Алған эмоцияларының пайдасы мен зияны туралы пікір-талас жүргізілді.

2. «Сөзсіз танысу» ойыны. Оқушылар сөйлеуге және жазуға болмайтын жағдайда тек ым-ишара арқылы бір-бірінің сүйікті жыл мезгілін анықтайды. Содан кейін көктемді, жазды, күзді және қысты ұнататындар жеке топтарға бірігеді. Әр топтағы оқушылар ым-ишара арқылы өзара келісіп, жұптарға бөлінеді.

Оқушылардың сыни ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында өз пікірінен ерекшеленетін көзқарастарды дәлелдеу жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылды. Сабақ барысында оқушылар жұппен және шағын топтарда жұмыс істеп, түрлі пікірлерді талдауға, өз ұстанымдарын нақты дәлелдермен негіздеуге дағдыланды.

Эмоциялық интеллект тақырыбын меңгергеннен кейін оқушыларға берілген тұжырымды қолдайтын үш дәлел ұсыну тапсырылды.

1. Эмоциялық интеллект адамның өзін-өзі тануына ықпал етеді.

- Өз эмоцияларын түсіну адамның ішкі сезімдері мен қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

- Эмоциялық жағдайын бағалай алған оқушы өзінің мінез-құлқын саналы түрде реттей алады.

- Өзіндік рефлексия тұлғаның күшті және әлсіз жақтарын анықтап, жеке дамуына ықпал етеді.

2. Эмоциялық интеллект тұлғааралық қарым-қатынасты жақсартады.

- Өзгенің сезімдерін түсіну оқушылар арасында өзара сыйластық пен сенімді қалыптастырады.

- Эмпатиялық қабілеттің дамуы жанжалды жағдайларды бейбіт жолмен шешуге көмектеседі.

- Эмоцияларды дұрыс жеткізу қарым-қатынас барысында түсініспеушіліктердің алдын алады.

3. Эмоциялық интеллект оқушылардың психологиялық тұрақтылығын нығайтады.

- Эмоцияларды реттеу дағдылары күйзеліс жағдайларында сабыр сақтауға көмектеседі.

- Өз сезімдерін түсінетін оқушылар күрделі жағдайларда тиімді шешім қабылдауға бейім болады.

- Эмоциялық өзіндік бақылау оқушылардың психологиялық бейімделуіне және өзіне деген сенімділігінің қалыптасуына ықпал етеді.

Аталған жұптық тапсырма оқушылардың эмоциялық интеллект туралы теориялық білімдерін тәжірибелік тұрғыдан қолдануына, өз көзқарастарын дәлелдеуіне, сыни ойлау және рефлексиялық дағдыларын дамытуына бағытталды. Сонымен қатар тапсырма оқушылардың эмоциялық өзіндік санасын, эмпатиялық қабілеттерін және әлеуметтік қарым-қатынас құзыреттіліктерін жетілдіруге жағдай жасады.

Тапсырма 1. Тапсырма өзара байланысты екі кезең бойынша ұйымдастырылды. Алғашқы кезеңде пән мұғалімдері белгілі бір тұжырымды және оны негіздейтін дәлелдердің бірін таныстырды. Оқушылар берілген ақпаратты зейін қойып тыңдап, маңызды ойларды жазбаша түрде тұжырымдады. Кейін өз жазбаларын саралап, мазмұнын нақтылап, қажетті өзгерістер енгізді.

Екінші кезеңде оқушылар жұптық жұмысқа көшіп, ұсынылған пікірлерді сыни тұрғыдан талдады. Жұптағы бірінші оқушы мұғалім келтірген дәлелге балама көзқарас ұсынып, оның негізділігіне күмән келтіретін тұжырымдар жасады. Екінші оқушы серіктесінің пікірін жинақтап, қарсы дәлелдердің сенімділігі мен логикалық бірізділігін бағалады. Жұмыс соңында оқушылар талдау нәтижелерін мұғалімдерге ұсынып, ортақ талқылау арқылы қорытынды жасады.

Тапсырма 2. 8-сынып оқушыларының эмоциялық интеллектісін дамытуға арналған психологиялық жаттығулар

Тақырыбы: «Жағымсыз эмоцияларды жеңу жолдары»

Мақсаты: оқушылардың өз эмоцияларын түсіну, қабылдау және басқару дағдыларын дамыту.

Психологтің кіріспе сөзі

Эмоциялар адамның күнделікті өмірі мен кәсіби қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Өз сезімдерін түсініп, оларды басқара білу эмоционалдық тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі.

«Эмоциялар мүсіні» жаттығуы

Қатысушылар жұптарға бөлініп, «мүсінші» және «модель» рөлдерін таңдайды. «Мүсінші» эмоция атауы жазылған карточканы алып, сөйлемей, ым-ишара мен дене қимылдары арқылы серіктесіне сол эмоцияны бейнелеуге көмектеседі. Қалған қатысушылар көрсетілген эмоцияны табуы қажет. Кейін жұптар рөлдерімен алмасады.

Нәтижесі: Эмоциялық сауаттылықты, эмпатияны және өзгенің сезімдерін түсіну қабілетін дамыту.

«Мұздық» жаттығуы.

Мақсаты: Оқушылардың оқу әрекетіне әсер ететін ішкі және сыртқы ынталандырушы себептерді анықтау, өзін-өзі тану дағдыларын дамыту.

Жаттығудың барысы: Психолог оқушыларға 15 секунд ішінде білім алуға ынталандыратын негізгі себептерді қағазға жазуды ұсынады. Оқушылардың жауаптары тақтада бейнеленген айсбергтің жоғарғы бөлігіне орналастырылады.

Келесі кезеңде оқушылар 10–15 минут ішінде өздерінің оқуына әсер ететін, бірақ күнделікті байқала бермейтін ішкі себептер туралы ойланады. Анықталған ойлар айсбергтің су астындағы бөлігіне жазылады.

Жаттығу соңында оқушылар өз пікірлерімен бөлісіп, білім алуға деген қызығушылықтары мен ішкі ынталары туралы ой қозғайды.

Нәтижесі: Оқушылардың өзіндік танымы қалыптасып, оқу мотивациясын түсіну және өз мақсаттарын анықтау қабілеттері дамиды.

Эксперименттік жұмыс барысында эмоциялық интеллектіні қалыптастыруға арналған тапсырмалар жүйелі түрде жүзеге асырылып, олардың сыни ойлау дағдыларымен өзара байланыста дамуы қамтамасыз етілді. Нәтижесінде оқушылардың эмоцияларды тану, реттеу және басқару қабілеттері жетіліп, ақпаратты сыни талдау, бағалау және негізделген шешім қабылдау дағдыларының дамуында оң динамика байқалды.

3.3 Оқушылардың эмоциялық интеллектісін сыни ойлау арқылы дамытуға арналған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері және әдістемелік ұсыныстар

Оқушылардың тұлғалық және танымдық дамуы қазіргі білім беру жүйесінде кешенді қарастырылатын маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Осы контексте сыни ойлау мен эмоциялық интеллект өзара тығыз байланыста дамитын интегративті психологиялық құрылымдар ретінде қарастырылады. Сыни ойлау – ақпаратты талдау, бағалау, интерпретациялау және негізделген қорытынды жасау қабілеттерін қамтыса, эмоциялық интеллект тұлғаның эмоцияларды тану, түсіну, реттеу және оларды ойлау үдерісіне тиімді енгізу қабілеттерімен сипатталады.

Аталған екі құбылыстың өзара ықпалдастығы оқушының саналы шешім қабылдауына, күрделі жағдайларды жан-жақты бағалауына және әлеуметтік ортада тиімді әрекет етуіне мүмкіндік береді. Сыни ойлау эмоциялық ақпаратты талдаудың когнитивтік негізін қамтамасыз етсе, эмоциялық интеллект бұл үдерістің реттеуші және бағыттаушы механизмі ретінде көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, эмоциялық интеллектіні дамыту сыни ойлау дағдыларының сапалы қалыптасуына ықпал етеді, ал сыни ойлау өз кезегінде эмоцияларды саналы түсіну мен басқарудың тиімділігін арттырады.

Осы зерттеу аясында әзірленген дамыту бағдарламасы жоғары сынып оқушыларының сыни ойлау дағдыларын қалыптастырумен қатар, олардың эмоциялық интеллектісін жүйелі түрде жетілдіруге бағытталды. Бағдарлама мазмұны оқушылардың ақпаратты терең талдау, оның шынайылығын бағалау, логикалық қателер мен когнитивтік бұрмалануларды анықтау қабілеттерін дамытуға негізделді. Сонымен қатар, оқушылар эмоциялық жағдайларды түсіну, өз эмоцияларын басқару және басқа адамдардың эмоциялық күйін ескере отырып әрекет ету дағдыларын меңгерді.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында оқушылар әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеп, олардың мазмұнын сыни бағалауға үйренді, сонымен қатар эмоциялық реакцияларын саналы түрде бақылау мен реттеу тәжірибесін қалыптастырды. Бұл өз кезегінде олардың дәлелді ойлау, негізделген шешім қабылдау және тұлғааралық өзара әрекеттесу сапасын арттыруға ықпал етті.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні кешенді дамыту оқушылардың когнитивтік белсенділігін ғана емес, сонымен қатар олардың эмоциялық тұрақтылығын, рефлексивтілігін және әлеуметтік бейімделу деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, берілген бөлімде оқушылардың эмоциялық интеллектісін сыни ойлау арқылы дамытуға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері ұсынылып, алынған деректер негізінде әдістемелік ұсыныстар жүйеленеді.

Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс «Ауыл мектебі жағдайында оқушылардың сыни ойлауы және эмоциялық интеллектісін дамытуды ұйымдастырудың педагогикалық негіздері» тақырыбындағы эксперименттік алаң қызметі аясында жүзеге асырылды. Зерттеу барысында әзірленген «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» атты психологиялық дамыту бағдарламасы апробациядан өтіп, оның тиімділігі психологиялық-педагогикалық диагностика нәтижелері арқылы дәлелденді.

Эксперименттің констатациялық және қалыптастырушы кезеңдерінің салыстырмалы талдауы эксперименттік топтағы оқушылардың сыни ойлау мен эмоциялық интеллект көрсеткіштерінің статистикалық мәнді оң динамикасын көрсетті. Атап айтқанда, когнитивтік компонент деңгейінде ақпаратты талдау, интерпретациялау және бағалау дағдыларының дамуы байқалса, эмоциялық компонентте эмоцияларды дифференциациялау, вербализациялау және реттеу қабілеттерінің артуы анықталды. Сонымен қатар, мінез-құлықтық деңгейде

тұлғааралық өзара әрекеттесу тиімділігінің, эмпатиялық жауап беру мен рефлексивтік бақылаудың жоғарылағаны тіркелді. Бұл нәтижелер сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің интегративті психологиялық құрылым ретінде өзара шарттас дамитынын айғақтайды.

1. «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» бағдарламасы негізіндегі әдістемелік ұсыныстар:

Білім беру үдерісінде сыни ойлауды дамыту технологияларын жүйелі қолдану ұсынылады, өйткені олар когнитивтік процестерді белсендіру арқылы эмоциялық тәжірибені саналы өңдеуді қамтамасыз етеді.

Оқу әрекетіне эмоциялық рефлексия механизмдерін енгізу (эмоциялық өзін-өзі бақылау, сезімдерді вербализациялау, рефлексивтік талдау) тұлғаның эмоциялық өзін-өзі реттеу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Проблемалық және белгісіздік жағдайларына негізделген тапсырмаларды қолдану шешім қабылдау процесінде когнитивтік және эмоциялық жүйелердің үйлесімді өзара әрекетін қалыптастырады.

Топтық өзара әрекеттесу формаларын ұйымдастыру арқылы әлеуметтік-перцептивтік қабілеттерді (эмпатия, децентрация, коммуникативтік икемділік) дамыту ұсынылады.

Педагогтардың эмоциялық құзыреттілігін арттыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін енгізу қажет, себебі мұғалімнің тұлғалық ерекшеліктері оқушылардың эмоциялық дамуына медиаторлық әсер етеді.

2. «Сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні дамыту бағдарламасының құрылымдық моделі» негізіндегі ұсыныстар:

Ұсынылған құрылымдық модель тұлғаның когнитивтік, эмоциялық және мінез-құлықтық компоненттерінің жүйелі өзара байланысына негізделген интегративті даму жүйесі ретінде қарастырылады. Осы модельді тиімді жүзеге асыру үшін келесі психологиялық-әдістемелік ұсыныстар ұсынылады:

Оқыту мазмұнын жобалау барысында сыни ойлау мен эмоциялық интеллект компоненттерінің өзара интеграциясын қамтамасыз ететін кешенді тапсырмалар жүйесін қолдану қажет.

Диагностикалық мониторингті жүйелі жүргізу (бастапқы, аралық, қорытынды өлшеулер) оқушылардың тұлғалық даму динамикасын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Оқыту процесінде үш компонентті құрылымды сақтау ұсынылады:

когнитивтік (аналитикалық ойлау, дәлелдеу, бағалау),

эмоциялық (эмоцияларды тану, түсіну, реттеу),

мінез-құлықтық (әлеуметтік өзара әрекет, шешім қабылдау, өзін-өзі реттеу).

Оқушылардың субъектілік белсенділігін арттыру мақсатында интерактивті психологиялық-педагогикалық әдістерді (рөлдік модельдеу, пікірталас, рефлексивтік тапсырмалар) кеңінен қолдану ұсынылады.

Ауыл мектебі жағдайының әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мазмұнын оқушылардың өмірлік тәжірибесімен байланыстыру олардың ішкі мотивациясын күшейтіп, тұлғалық мағыналылықты арттырады.

Зерттеу барысында ұсынылған «Психологиялық қызмет орталығының» құрылымдық моделі білім беру ұйымында оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін дамытуға бағытталған кешенді психологиялық-педагогикалық жүйе ретінде өзінің тиімділігін көрсетті. Осыған байланысты, болашақта орталық қызметін жетілдіру және оның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында келесі ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі:

1. Психологиялық қызметтің жүйелілігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету. Орталық қызметін диагностикалық, профилактикалық, түзету-дамыту және кеңес беру бағыттарының өзара байланысы негізінде ұзақ мерзімді бағдарламалар арқылы ұйымдастыру ұсынылады. Бұл тұлғаның психикалық дамуын үздіксіз мониторингтеуге және дер кезінде психологиялық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

2. Психологиялық диагностика құралдарын жаңғырту және цифрландыру. Оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін бағалауда заманауи психометриялық әдістерді (онлайн тесттер, автоматтандырылған талдау жүйелері) енгізу ұсынылады. Бұл деректердің объективтілігін арттырып, жеке білім беру траекторияларын құруға негіз болады.

3. Дамыту бағдарламаларын ғылыми негізде кеңейту. Сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні дамытуға бағытталған бағдарламаларды жас ерекшеліктеріне сәйкес дифференциациялау және оларды әлеуметтік-мәдени контекспен интеграциялау ұсынылады. Бұл оқушылардың тұлғалық мағыналық сферасын кеңейтіп, ішкі мотивациясын күшейтеді.

4. Психологиялық профилактика мен психоағартушылық жұмысты күшейту. Эмоциялық күйзелістердің алдын алу, стресске төзімділікті қалыптастыру және тұлғааралық қатынастарды оңтайландыру мақсатында ата-аналармен, педагогтармен жүйелі психоағартушылық жұмыстар жүргізу қажет.

5. Педагогтардың психологиялық құзыреттілігін дамыту.

Мұғалімдердің эмоциялық интеллектін, рефлексивтік дағдыларын және сыни ойлауды дамытуға бағытталған тренингтер мен супервизияларды енгізу ұсынылады. Педагог тұлғасы оқушы дамуының негізгі медиаторы ретінде қарастырылады.

6. Психологиялық кеңес беру қызметін жетілдіру. Жеке және топтық кеңес беру формаларын кеңейту, сондай-ақ оқушылардың психоэмоциялық жағдайына жедел әсер етуге бағытталған қысқа мерзімді интервенцияларды енгізу ұсынылады.

7. Қолайлы эмоциялық-білім беру ортасын қалыптастыру. Білім

беру ұйымында психологиялық қауіпсіздік, қолдау және өзара құрмет қағидаттарына негізделген жағымды эмоциялық орта қалыптастыру жүйелі түрде жүзеге асырылуы тиіс. Бұл оқушылардың тұлғалық дамуының маңызды шарты болып табылады.

8. Психодиагностика үдерісіне жасанды интеллект негізіндегі адаптивті бағалау жүйелерін енгізу.

Оқушылардың сыни ойлау деңгейі мен эмоциялық интеллект көрсеткіштерін бағалауда жасанды интеллект технологияларын пайдалану диагностиканың дәлдігі мен валидтілігін арттыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, адаптивті тестілеу жүйелері әрбір респонденттің жауаптарына сәйкес тапсырмалардың күрделілік деңгейін динамикалық түрде өзгертіп, жеке психологиялық профилін неғұрлым терең және объективті анықтауға жағдай жасайды. Сонымен қатар, AI негізіндегі деректерді талдау құралдары (machine learning алгоритмдері) үлкен көлемдегі эмпирикалық мәліметтерді өңдеп, оқушылардың даму динамикасын болжауға және тәуекел топтарын ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді.

9. Жасанды интеллект негізіндегі психологиялық қолдау және дамыту платформаларын енгізу.

Психологиялық қызмет орталығының жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін эмоциялық интеллектіні дамытуға бағытталған тренингтік жаттығулар, рефлексиялық тапсырмалар, жағдаяттық талдау әдістері және топтық жұмыстар жүйелі түрде қолданылды. Осылайша, «Психологиялық қызмет орталығының» қызметін ғылыми негізде ұйымдастыру және оны жүйелі жетілдіру оқушылардың сыни ойлауын және эмоциялық интеллектісін дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық ықпалдың тиімділігін арттырады. Ұсынылған әдістемелік бағыттар білім беру кеңістігінде тұлғаның когнитивтік және эмоциялық дамуын үйлесімді қамтамасыз ететін интегративті психологиялық жүйені қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында әзірленген «Оқушылардың эмоциялық интеллектісі мен сыни ойлауын дамытуға арналған психологиялық жаттығулар» жинағы мен «Оқушылардың сыни ойлау және эмоциялы интеллектісін қалыптастыру жолдары» атты оқу-әдістемелік құралы оқушылардың тұлғалық дамуына бағытталған кешенді психологиялық-педагогикалық құрал ретінде өз тиімділігін көрсетті. Осыған байланысты аталған материалдарды одан әрі жетілдіру және білім беру практикасына кеңінен енгізу үшін келесі ғылыми-әдістемелік ұсыныстар ұсынылады:

1. Жаттығулар жүйесін кезеңдік және деңгейлік негізде құрылымдау

Психологиялық жаттығуларды оқушылардың жас ерекшеліктері мен психологиялық даму деңгейіне сәйкес кезеңдік (бастапқы–орта–жоғары) және деңгейлік (репродуктивті–аналитикалық–рефлексивтік) құрылымда ұйымдастыру ұсынылады. Мұндай саралау когнитивтік және эмоциялық процестердің біртіндеп күрделенуін қамтамасыз етіп, тұлғаның ішкі ресурстарын тиімді белсендіреді.

2. Когнитивтік және эмоциялық компоненттердің интеграциясын күшейту

Жаттығулар мазмұнында сыни ойлау (талдау, бағалау, аргументация) мен эмоциялық интеллект (эмоцияларды тану, түсіну, реттеу) компоненттерінің өзара байланысын күшейту ұсынылады. Бұл интеграция тұлғаның шешім

қабылдау процесінде когнитивтік және аффективтік жүйелердің үйлесімді қызметін қамтамасыз етеді.

3. Рефлексивтік механизмдерді жүйелі енгізу

Әрбір жаттығудан кейін оқушылардың рефлексивтік талдауын ұйымдастыру (өз әрекетін бағалау, эмоциялық күйін түсіну, мінез-құлық стратегияларын қайта қарастыру) ұсынылады. Рефлексия тұлғаның метатанымдық және эмоциялық өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыратын негізгі механизм ретінде қарастырылады.

4. Практикалық бағыттылықты күшейту және өмірлік жағдаяттармен байланыстыру

Жаттығулар мен тапсырмаларды оқушылардың күнделікті өмірінде кездесетін нақты әлеуметтік және эмоциялық жағдаяттармен байланыстыру ұсынылады. Бұл білімнің трансферін қамтамасыз етіп, тұлғаның әлеуметтік бейімделу қабілетін арттырады.

5. Пәнаралық интеграцияны қамтамасыз ету

Оқу-әдістемелік құралды білім беру пәндерімен (әдебиет, тарих, қоғамтану) кіріктіре отырып қолдану ұсынылады. Бұл сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің тек психологиялық емес, кең әлеуметтік-мәдени контексте дамуын қамтамасыз етеді.

6. Диагностикалық және мониторингтік компонентті енгізу

Жаттығулар жинағы мен әдістемелік құралды қолдану барысында оқушылардың даму динамикасын бағалауға арналған психодиагностикалық құралдарды (алдын ала және қорытынды өлшеулер) жүйелі енгізу ұсынылады. Бұл бағдарламаның тиімділігін ғылыми негізде дәлелдеуге мүмкіндік береді.

7. Цифрлық форматқа көшіру және жасанды интеллект элементтерін енгізу

Жаттығулар жинағын цифрлық форматқа көшіру және оған жасанды интеллект элементтерін (адаптивті тапсырмалар, автоматтандырылған кері байланыс, эмоцияларды талдау жүйелері) енгізу ұсынылады. Бұл оқыту процесін дербестендіріп, оқушылардың жеке даму траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ұсынылған психологиялық жаттығулар жинағы мен оқу-әдістемелік құралды жүйелі жетілдіру және білім беру практикасына кеңінен енгізу оқушылардың сыни ойлауын және эмоциялық интеллектісін кешенді дамытуға бағытталған тиімді психологиялық-педагогикалық жүйені қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталған ұсыныстар тұлғаның когнитивтік, эмоциялық және мінез-құлықтық компоненттерінің үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін ғылыми негізделген әдістемелік база ретінде қарастырылады. Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс оң нәтижелерге қол жеткізгенін және ұсынылған дамыту бағдарламасы мен әдістемелік қамтамасыз етудің жоғары тиімділігін дәлелдеді. Алынған нәтижелер зерттеу гипотезасының дұрыстығын растап, оқушылардың сыни ойлауын және эмоциялық интеллектісін дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық ықпал етудің ғылыми негізділігі мен практикалық маңыздылығын айқындайды.

3-тарау бойынша қорытынды тұжырым

Жүргізілген зерттеу жұмысының тәжірибелік кезеңі оқушылардың эмоциялық интеллектісін сыни ойлау негізінде дамытуға бағытталған эксперименттік психологиялық дамыту бағдарламасының тиімділігін эмпирикалық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді. Зерттеу 2022–2023 оқу жылынан бастап жүзеге асырылып келе жатқан «Ауыл мектебі жағдайында оқушылардың сыни ойлауы және эмоциялық интеллектісін дамытуды ұйымдастырудың педагогикалық негіздері» тақырыбындағы эксперименттік алаң аясында орындалды.

Зерттеу барысында «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» атты авторлық бағдарлама әзірленіп, «Мектеп оқушыларында сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні дамыту моделі» ұсынылды. Зерттеу жұмысы өзара байланысты үш кезеңнен тұрып, әр кезеңнің мақсаттары мен міндеттері жүйелі түрде жүзеге асырылды.

Қалыптастырушы кезеңде эксперименттік психологиялық дамыту бағдарламасы 72 оқушыдан тұратын эксперименттік топта жүзеге асырылып, нәтижелерді салыстыру үшін 72 оқушыдан тұратын бақылау тобы қамтылды. Бағдарлама оқушылардың сыни ойлауын дамыту арқылы эмоциялық интеллект компоненттеріне психологиялық ықпал етуге, эмоцияларды тану, түсіну, талдау, бағалау және реттеу қабілеттерін жетілдіруге бағытталды.

Бағдарламаның тиімділігін бағалау үшін Н. Холлдың эмоциялық интеллект деңгейін анықтау әдістемесі, Дж. Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни қабілеттісіз?» тесті, Д. В. Люсиннің «ЭмИн» сауалнамасы, А. С. Байрамовтың сыни ойлауды бағалау тесттері, Т. Чатфилдтің «Сыни ойлау қабілетін бағалау» сауалнамасы және М. А. Манойлованың «Эмоциялық интеллектіні диагностикалау» әдістемесі қолданылды. Бастапқы және қорытынды диагностика нәтижелерін салыстыру эксперименттік топтағы оқушылардың зерттелген көрсеткіштері бойынша айтарлықтай оң динамиканы анықтады.

Эмпирикалық деректерді математикалық-статистикалық өңдеуде Пирсон, Спирмен және Кендаллдың тау корреляциялық талдау әдістері қолданылып, сыни ойлау көрсеткіштері мен эмоциялық интеллект компоненттері арасында статистикалық мәнді оң байланыстар анықталды. Регрессиялық талдау сыни ойлау компоненттерінің эмоциялық интеллект деңгейін болжаудағы психологиялық маңызын көрсетсе, ANOVA дисперсиялық талдауы эксперименттік топтағы көрсеткіштердің бақылау тобымен салыстырғанда статистикалық мәнді жоғарылағанын растады.

Зерттеу нәтижелері оқушылардың сыни ойлауын мақсатты түрде дамыту эмоциялық интеллект компоненттерінің жетілуіне оң психологиялық ықпал ететінін және эксперименттік бағдарламаның нәтижелілігін көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген теориялық және эмпирикалық зерттеу нәтижелері оқушылардың эмоциялық интеллектінің психологиялық табиғатын, оның құрылымдық ерекшеліктерін және даму тетіктерін кешенді түрде талдауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында эмоциялық интеллект оқушының интеллектуалдық және эмоциялық үдерістерін біріктіретін интегративті психологиялық құрылым ретінде қарастырылып, оның оқу әрекетінде және тұлғааралық өзара әрекеттесу үдерісінде маңызды рөл атқаратыны айқындалды. Эмоциялық интеллект оқушылардың эмоцияларды тану, түсіну, бағалау және реттеу қабілеттерімен қатар, олардың ойлау әрекетінің сапасына да тікелей ықпал ететін психологиялық алғышарт ретінде сипатталады.

Зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес мектеп оқушыларындағы сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің өзара байланысының психологиялық ерекшеліктері теориялық, әдіснамалық және эмпирикалық тұрғыдан жан-жақты зерттелді. Зерттеу барысында қойылған бес негізгі міндет жүйелі түрде жүзеге асырылып, олардың әрқайсысы бойынша теориялық және тәжірибелік маңызы бар ғылыми нәтижелер алынды.

Бірінші міндет – сыни ойлау және эмоциялық интеллект мәселелері бойынша қазақстандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау жүргізу – аясында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері жүйеленіп, зерттеліп отырған екі психологиялық құбылыстың ғылыми мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктері нақтыланды. Ғылыми әдебиеттерді талдау сыни ойлаудың тек ақпаратты қабылдау немесе логикалық ой қорыту қабілетімен шектелмейтінін, оның ақпаратты саралау, дәлелдерді бағалау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, балама пікірлерді салыстыру, пайымдаулардың дұрыстығын тексеру және негізделген қорытынды жасау сияқты күрделі танымдық әрекеттер жүйесін қамтитынын көрсетті.

Эмоциялық интеллект мәселесіне жүргізілген теориялық талдау оқушының өз эмоцияларын түсіну, эмоциялық күйлерін реттеу, өзге адамдардың сезімдерін тану, эмпатиялық әрекет ету және эмоциялық ақпаратты әлеуметтік өзара әрекет барысында тиімді қолдану қабілеттерінен тұратын күрделі психологиялық құрылым екенін көрсетті. Осыған байланысты эмоциялық интеллект оқушының тек эмоциялық саласының сипаттамасы ғана емес, оның әлеуметтік мінез-құлқына, өзін-өзі реттеуіне, қарым-қатынас ерекшеліктеріне және танымдық шешімдеріне ықпал ететін маңызды психологиялық жүйе ретінде қарастырылды. Теориялық зерттеудің нәтижесінде сыни ойлау мен эмоциялық интеллект оқушының бір-бірінен оқшау дамитын қасиеттері емес, танымдық және эмоциялық реттелудің өзара байланысқан психологиялық компоненттері екені тұжырымдалды.

Екінші міндет – оқушылардағы сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасындағы негізгі психологиялық компоненттер мен байланыстарды анықтау – эмпирикалық зерттеу нәтижелері арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу барысында сыни ойлаудың пайымдау, дәлелдерді бағалау, пікірлерді талдау, танымдық

икемділік және рефлексиялық компоненттері эмоциялық интеллектінің эмоцияларды тану, эмоцияларды басқару, өзіндік реттеу, эмпатия және тұлғааралық эмоциялық сезімталдық көрсеткіштерімен салыстырылды. Корреляциялық талдау нәтижелері сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің жекелеген компоненттері арасында өзара байланыстың бар екенін көрсетті. 72 респонденттің нәтижелеріне жүргізілген статистикалық талдау сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасында оң мәнді байланысты анықтады (r_s = 0,46; p < 0,001). ANOVA талдауы зерттелетін топтар арасындағы айырмашылықтардың статистикалық мәнді екенін көрсетті (F = 4,87; p = 0,010). Бұл сыни ойлау көрсеткіштерінің эмоциялық интеллект деңгейімен өзара байланысты өзгеретінін көрсетеді.

Үшінші міндет – Зерттеудің әдістемелік аппаратын қалыптастыру мақсатында мектеп оқушыларының эмоциялық интеллекті, эмпатиясы және сыни ойлау деңгейін бағалауға арналған психодиагностикалық әдістер кешені қолданылды. Эмоциялық интеллектіні бағалауда Н. Холл және Д. В. Люсин әдістемелері, эмпатияны анықтауда В. В. Бойко әдістемесі, ал сыни ойлауды зерттеуде K. K. Kincaid/Кинчер, Байрамов және Том Чатфилд тұжырымдамаларына негізделген тапсырмалар пайдаланылды. Әдістемелерді таңдауда олардың мектеп жасындағы балаларға сәйкестігі, мазмұндық валидтілігі, көрсеткіштердің сандық салыстырмалылығы және психометриялық сенімділігі ескерілді. Алынған деректер SPSS бағдарламасында өңделіп, айнымалылар арасындағы өзара байланысты анықтау үшін Спирменнің рангтік корреляциясы, топтар арасындағы айырмашылықтарды бағалау үшін Стьюденттің t-критерийі және ANOVA дисперсиялық талдауы қолданылды. Бұл тәсіл сыни ойлау, эмоциялық интеллект және эмпатия көрсеткіштерін кешенді әрі статистикалық негізделген түрде бағалауға мүмкіндік берді.

Төртінші міндет – білім беру мекемесінде сыни ойлау мен эмоциялық интеллекті моделі мен дамыту бағдарламасын әзірлеу және сынақтан өткізу – зерттеудің тәжірибелік кезеңінің негізгі мазмұнын құрады. Теориялық талдау мен диагностикалық нәтижелер негізінде оқушылардың когнитивтік және эмоциялық дамуын өзара байланыста қарастыратын «Мектеп оқушыларында сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні дамыту моделі» әзірленді. Модель құрылымында эмоцияларды тану, эмоциялық өзін-өзі реттеу, эмпатия, рефлексия, дәлелдерді бағалау, балама пікірлерді салыстыру, сыни сұрақтар қою және негізделген шешім қабылдау компоненттері өзара байланыстырылды. Әзірленген «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» дамыту бағдарламасының мазмұны оқушылардың эмоциялық өзіндік санасын жетілдіруге, эмоцияларын тануға және реттеуге, өзгенің эмоциялық жағдайын түсінуге, пікірлерді дәлелдер негізінде бағалауға, ақпаратты талдауға, өз көзқарасын негіздеуге және рефлексия жасау дағдыларын дамытуға бағытталды. Бағдарламада психологиялық жаттығулар, талқылау әдістері, рефлексиялық тапсырмалар, жағдаяттарды талдау, топтық пікірталас, шешім қабылдауға бағытталған тапсырмалар және эмоциялық өзін-өзі бақылау элементтері қолданылды. Бағдарламаны сынақтан өткізу барысында

эксперименттік топ оқушыларының бірқатар көрсеткіштері бойынша оң динамика байқалды.

Бесінші міндет – әзірленген модель мен дамыту бағдарламасының тиімділігін бағалау және оны білім беру тәжірибесінде қолдану перспективаларын анықтау – экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі көрсеткіштерді салыстыру арқылы жүзеге асырылды. Статистикалық талдау нәтижелері эксперименттік ықпалдан кейін сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің бірқатар көрсеткіштерінде оң өзгерістердің болғанын көрсетті.

Эксперименттік жұмыстың нәтижелері әзірленген бағдарламаның эмоциялық өзін-өзі реттеу, эмпатиялық бағдар, рефлексия және сыни талдау дағдыларын дамытуға ықпал ететінін көрсетті. Сонымен қатар бағдарламаның әсері барлық көрсеткіштер бойынша бірдей болмағаны ескерілді. Мұндай нәтиже психологиялық қасиеттердің даму қарқынының дара ерекшеліктерге, бастапқы даму деңгейіне, оқушының мотивациясына және әлеуметтік ортасына байланысты болатынын дәлелдейді.

Жалпы зерттеу нәтижелері сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасындағы өзара байланыстың теориялық моделін нақтылауға, олардың психологиялық құрылымындағы ортақ және өзара толықтырушы компоненттерді айқындауға мүмкіндік берді. Сыни ойлау тұлғаның когнитивтік белсенділігімен ғана емес, эмоциялық өзін-өзі реттеу, эмпатия, рефлексия және әлеуметтік жағдайларды саналы бағалау қабілеттерімен тығыз байланысты екені анықталды.

Зерттеудің *ғылыми жаңалығы* сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні мектеп оқушыларының психологиялық дамуы жағдайында өзара байланыста қарастырумен, олардың негізгі компоненттері арасындағы психологиялық байланыстарды эмпирикалық тұрғыдан анықтаумен, сондай-ақ осы екі құрылымды қатар дамытуға бағытталған психологиялық модель мен бағдарламаны ұсынумен сипатталады.

Зерттеудің *практикалық маңыздылығы* әзірленген диагностикалық кешенді, модельді және дамыту бағдарламасын жалпы білім беретін мектептердің психологиялық қызметінде, сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысында, педагог-психологтардың түзету-дамыту қызметінде, оқушылардың тұлғалық және әлеуметтік дағдыларын дамыту бағдарламаларында қолдану мүмкіндігімен анықталады.

Қорытындылай келе, жүргізілген зерттеу қойылған мақсат пен міндеттердің орындалғанын көрсетті. Теориялық және эмпирикалық нәтижелер мектеп оқушыларының сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін кешенді түрде дамыту тұлғаның танымдық, эмоциялық және әлеуметтік жетілуіне ықпал ететін маңызды психологиялық бағыт екенін дәлелдеді. Осыған байланысты ұсынылған модель мен дамыту бағдарламасын білім беру жүйесінде оқушылардың психологиялық саулығын, өзіндік реттеуін, рефлексиясын, жауапты шешім қабылдауын және саналы әлеуметтік әрекетін қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік құрал ретінде қолдануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 2023, 1-қыркүйек. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333

2 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы, №348 бұйрығымен. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669

3 UNESCO. Education 2030 Framework for Action [Electronic resource]. – URL: https://unesdoc.unesco.org (accessed: 20.01.2026). https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000245656

4 Framework for 21st Century Learning. The Partnership for 21st Century Learning, 2015 [Электронный ресурс]. Доступен по. http://www.battelleforkids.org/networks/p21 (дата обращения: 01.01.2026).

5 Педагог мәртебесі туралы. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 31 тамыз, №645 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000645

6 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

7 Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2023- 2029 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы

8 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988/links

9 Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 396 қаулысы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000396/history

10 Paul R., Elder L. Critical thinking: The nature of critical and creative thought // Journal of Developmental Education. – 2001. – Vol. 27, № 2. – P. 36–37.

11 Halpern D. F., Dunn D. S. Critical thinking: A model of intelligence for solving real-world problems // Journal of Intelligence. – 2021. – Vol. 9, № 2. – Art. 22. – DOI: https://doi.org/10.3390/jintelligence9020022

12 Ennis R.H. The Nature of Critical Thinking: An Outline of Critical Thinking Dispositions and Abilities [Электронный ресурс]. – URL: DOI: http://faculty.education.illinois.edu/rhennis/documents/TheNatureofCriticalThinking_51711_0 00.pdf. (Дата обращения: 10.11.2025).

13 Abrami P. C., Bernard R. M., Borokhovski E., Waddington D. I., Wade C. A., Persson T. Strategies for Teaching Students to Think Critically: A Meta-Analysis // Review of Educational Research. – 2015. – Vol. 85, № 2. – P. 275–314. – DOI: https://doi.org/10.3102/0034654314551063?utm_source=chatgpt.com

14 Заир-Бек Э. С. Что такое критическое мышление? // Перемена. Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо. – 2001. – Т. 4, № 36. – С. 40–45.

15 Wechsler S. M., Saiz C., Rivas S. F. [et al.]. Creative and critical thinking: Independent or overlapping components? // Thinking Skills and Creativity. – 2018. – Vol. 27. – P. 114–122. – DOI: 10.1016/j.tsc.2017.12.003.

16 Выготский Л. С. Мышление и речь. – Москва : Эксмо, 2025. – 416 с.

17 Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии. – Санкт-Петербург: Питер, 2025. – 720 с.

18 Смирнов А. А. Психология мышления. – Москва: Педагогика, 1987. – 304 с.

19 Бутенко А. В., Ходос Е. А. Критическое мышление: метод, теория, практика : учебно-методическое пособие. – Москва: МИРОС, 2002. – 176 с.

20 Gardner H. Frames of Mind: The Theory of Multiple Intelligences. – 3rd ed. – New York: Basic Books, 2011.

21 Комарова А. Н. Эмоциональный интеллект как фактор личностного развития // Психологическая наука и образование. – 2010. – № 4. – С. 95–101.

22 Кочетова А. И., Климакова Ю. А., Климакова М. В. Эмоциональный интеллект: структура и особенности развития // Вестник практической психологии образования. – 2014. – № 2. – С. 45–52.

23 Андреева И. Н. Эмоциональный интеллект: исследование феномена // Вопросы психологии. – 2006. – № 3. – С. 78–86.

24 Weisinger H. Emotional Intelligence at Work: The Untapped Edge for Success. – San Francisco: Jossey-Bass, 1998.

25 Люсин Д. В. Современные представления об эмоциональном интеллекте // Социальный интеллект: теория, измерение, исследования / под ред. Д. В. Люсина, Д. В. Ушакова. – Москва, 2004. – С. 29–36.

26 Сергиенко Е. А. Эмоциональный интеллект: проблемы и перспективы исследования // Психологический журнал. – 2010. – Т. 31, № 3. – С. 3–17.

27 Bar-On R. Emotional Intelligence: An Integral Part of Positive Psychology // South African Journal of Psychology. – 2010. – Vol. 40, № 1. – P. 54–62. – DOI: 10.1177/008124631004000106.

28 Goleman D. The Emotionally Intelligent Workplace. – San Francisco: Jossey-Bass, 2001. – 384 p.

29 Mayer J. D., Caruso D. R., Salovey P. Emotional Intelligence Meets Traditional Standards for an Intelligence // Intelligence. – 1999. – Vol. 27. – P. 267–298.

30 Salovey P., Mayer J. D., Caruso D. The Positive Psychology of Emotional Intelligence // Handbook of Positive Psychology / ed. by C. R. Snyder, S. J. Lopez. – New York : Oxford University Press, 2002. – P. 159–171.

31 Carter P. The Complete Book of Intelligence Tests. – Chichester: John Wiley Sons, 2005. – P. 114–143.

32 Sternberg R. J. Construct Validity of the Theory of Successful Intelligence // Models of Intelligence: International Perspectives / ed. by R. J. Sternberg, J. Lautrey,

T. I. Lubart. – Washington, DC : American Psychological Association, 2003. – P. 55–67.

33 Lopes P. N. [et al.]. Emotional Intelligence and Social Interaction // Personality and Social Psychology Bulletin. – 2004. – Vol. 30. – P. 1018–1034.

34 Ciarrochi J., Mayer J. D. The Key Ingredients of Emotional Intelligence Interventions: Similarities and Differences // Improving Emotional Intelligence: A Practical Guide / ed. by J. Ciarrochi, J. D. Mayer. – Philadelphia : Psychology Press, 2007. – P. 144–156.

35 Жакыпов С. М. Психология познавательной деятельности личности. – Алматы : Қазақ университеті, 2002. – 256 с.

36 Ким А.М., Айдосова З.К., Хон Н.Н. и Садвакасова З.М. Перевод и адаптация молодежной версии краткого эмоционального коэффициента Бар-Она (EQi: Short-RU): проверка внутренней согласованности, конвергентной валидности и надежности повторного тестирования // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2023. – Т. 85, № 2. – С. 4–13. – DOI: 10.26577/JPsS.2023.v85.i2.01.

37 Tolegenova A. A., Jakupov S. M., Matthews G., Kustubayeva A. M. Emotional Intelligence and Emotional Regulation // Modern Psychology of Thinking: Sense in Knowledge : материалы научной конференции. – Moscow : MGU, 2008. – P. 90–93.

38 Намазбаева Ж. И. Жеке тұлғаның психологиялық дамуы және эмоциялық реттелуі. – Алматы : Қазақ университеті, 2006. – 312 б.

39 Аймагамбетова О. Х. Познавательная активность учащихся и их эмоциональное развитие. – Алматы : Білім, 2012. – 184 с.

40 Тоқсанбаева Н. Қ. Танымдық іс-әрекеттің психологиялық құрылымы. – Алматы : Қазақ университеті, 2008. – 220 б.

41 Мадалиева З. Б. Эмоциялық интеллект және танымдық үдерістердің өзара байланысы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – 2014. – 176 б.

42 Mayer J. D., Salovey P., Caruso D. R. Mayer-Salovey-Caruso Emotional Intelligence Test (MSCEIT). – Toronto : Multi-Health Systems, 2002.

43 Bar-On R. Emotional Intelligence and Self-Actualization // Emotional Intelligence in Everyday Life: A Scientific Inquiry / ed. by J. Ciarrochi, J. P. Forgas, J. D. Mayer. – Psychology Press, 2001. – P. 82–97.

44 Люсин Д. В. Новая методика для измерения эмоционального интеллекта: опросник ЭмИн // Психологическая диагностика. – 2006. – № 4. – С. 3–22.

45 Гарскова Г. Г. Психология личности: эмоции, мотивация, адаптация. – Москва : Академический проект, 2009. – 304 с.

46 Андреева И. Н. Психология эмоций и чувств. – Санкт-Петербург : Питер, 2011. – 256 с.

47 Носенко Е. Л. Эмоциональный интеллект в профессиональной деятельности. – Ростов-на-Дону : Феникс, 2015. – 224 с.

48 Коврига Н. В. Психология личности: структура и динамика. – Москва : ЮНИТИ-ДАНА, 2017. – 432 с.

49 Власова О. И. Эмоциональная регуляция и межличностные отношения. – Санкт-Петербург : Речь, 2013. – 198 с.

50 Юсупова Г. В. Психология эмоций в контексте развития личности. – Казань : Казанский университет, 2014. – 254 с.

51 Манойлова М. А. Психологические особенности эмоционального интеллекта у учащихся. – Воронеж : Изд-во ВГУ, 2016. – 184 с.

52 Березовская Т. П. Теории эмоций и эмоциональные состояния. – Москва : Когито-Центр, 2018. – 312 с.

53 Лобанов А. П. Теория эмоционального интеллекта и практическая психология. – Екатеринбург : УрФУ, 2017. – 276 с.

54 Петровская А. С. Эмоциональные компетенции личности: развитие и диагностика. – Санкт-Петербург : Питер, 2012. – 208 с.

55 Balkan Akan B. Vlijanie emotional'nogo intellekta na samovyrazhenie i kommunikativnye navyki: issledovanie studentov mladshih kursov // Visionary Journal of Suleyman Demirel University. – 2022. – Vol. 13, № 34. – P. 454–472. – DOI: https://doi.org/10.21076/visioner.904528

56 Aslan A. E., Kalkan N., Başman M., Yaman K. G. A Study for the Prediction of the Social Anxiety Level of University Students Through Emotional Intelligence Features // Turkish Psychological Counseling and Guidance Journal. – 2020. – Vol. 10, № 57. – P. 201–228. DOI: https://orcid.org/0000-0002-0113-1745

57 Пиаже Ж. Психология интеллекта. – Санкт-Петербург : Питер, 2003. – 659 с.

58 Брунер Дж. Процесс обучения. – Москва : Прогресс, 1977. – 413 с.

59 Facione P. A. The Disposition Toward Critical Thinking: Its Character, Measurement, and Relationship to Critical Thinking Skill // Informal Logic. – 2000. – Vol. 20, № 1. – P. 61–84. – DOI: 10.22329/il.v20i1.2254.

60 Molbassynova Zh. M., Toxanbayeva N. K. Means of Measuring the Level of Emotional Intelligence of Adolescents Through the Psychological Features of Critical Thinking // Educational Leadership. – 2025. – Vol. 43, № 2. – P. 44–48. – DOI: https://doi.org/10.32523/3080-1893-2025-150-1-34-48

61 Bensley D. A. Critical Thinking, Intelligence, and Unsubstantiated Beliefs: An Integrative Review // Journal of Intelligence. – 2023. – Vol. 11, № 11. – Art. 207. – DOI: 10.3390/jintelligence11110207.

62 Glaser E. M. An Experiment in the Development of Critical Thinking. – New York : Teachers College, Columbia University, 1941.

63 Johnson D. W. Reaching Out: Interpersonal Effectiveness and Self-Actualization. – Boston : Allyn & Bacon, 2002.

64 Braus J. A., Wood D. Environmental Education in the Schools: Creating a Program That Works. – Washington, DC : Peace Corps, 1993.

65 Сорина Г. В. Критическое мышление: история и современный статус // Вестник Московского университета. – 2012. – № 8. – С. 90–95.

66 Философский словарь / под ред. И. Т. Фролова. – 7-е изд., перераб. и доп. – Москва : Политиздат, 2001. – С. 213–214.

67 Этика : словарь / под ред. А. А. Гусейнова, И. С. Кона. – Москва : Политиздат, 1989. – С. 447.

68 Даль В. И. Толковый словарь живого великорусского языка : в 4 т. – Москва : Русский язык, 1989. – Т. 2. – С. 230–231.

69 Halpern D. F., Dunn D. S. Thought and Knowledge: An Introduction to Critical Thinking. – 6th ed. – New York : Routledge, 2023. – 219 p.

70 Klooster D. What Is Critical Thinking? // Metodički ogledi. – 2002. – Vol. 9, № 2. – P. 23–26.

71 Butler H. A. Predicting Everyday Critical Thinking: A Review of Critical Thinking Assessments // Journal of Intelligence. – 2024. – Vol. 12, № 2. – Art. 16. – DOI: https://doi.org/10.3390/jintelligence12020016

72 Ноэль-Цигульская Т. Ф. О критическом мышлении [Электронный ресурс]. – Москва, 2000. – С. 34–38.

73 Halpern D. F., Dunn D. S. Critical Thinking: Creating job-proof skills for the future of work // Journal of Intelligence. – 2023. – Vol. 11, № 10. – Art. 194.

74 Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание. Личность. – Москва : Смысл ; Academia, 2004. – 345 с.

75 Liang W., Fung D. Mapping the Taxonomy of Critical Thinking Ability in EFL // Thinking Skills and Creativity. – 2021. – Vol. 41. – Art. 100880. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.tsc.2021.100880

76 Zhao Y., Liu Y. Relationships among components of critical thinking disposition in primary school students: An investigation based on Hungarian context // Psychology in the Schools. – 2025. – Vol. 62, № 7. – P. 2029–2046. – DOI: https://doi.org/10.1002/pits.23445

77 Анисимов О. С. Мышление и деятельность: методологический аспект. – Москва, 2001. – С. 78–82.

78 Оспанова Н. Т. Педагогические условия формирования критического мышления старшеклассников : автореф. дис. … канд. пед. наук : 13.00.01. – Алматы, 2007.

79 Молбасынова Ж. М., Тоқсанбаева Н. Қ. Оқушылардың эмоционалды интеллектісін дамыту әрекетінде сыни ойлаудың психологиялық механизмінің байланысы // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы. – 2023. – Т. 86, № 3. – Б. 46–61. – DOI: https://doi.org/10.26577/JPsS.2023.v86.i3.0580

80 Леонтьев А. Н. Проблемы развития психики / под ред. Д. А. Леонтьева. – 5-е изд., испр. и доп. – Москва : Смысл, 2020. – С. 210–215.

81 Гальперин П. Я. Психология мышления и учение о поэтапном формировании умственных действий // Психология как объективная наука. – Москва : Институт практической психологии, 1998. – С. 272–317.

82 Guiral J. A. Systemic neuropsychology: Toward a contemporary theory of topological functional systems // Frontiers in Psychiatry. – 2026. – Vol. 17. – Art. 1745418. – DOI: https://doi.org/10.3389/fpsyt.2026.1745418

83 Buelow M. T., Moore S., Kowalsky J. M., Okdie B. M. Cognitive chicken or the emotional egg? How reconceptualizing decision-making by integrating cognition and emotion can improve task psychometrics and clinical utility // Frontiers in

Psychology. – 2023. – Vol. 14. – Art. 1254179. – DOI: https://doi.org/10.3389/fpsyg.2023.1254179

84 Rolls E. T. Emotion, motivation, decision-making, the orbitofrontal cortex, anterior cingulate cortex, and the amygdala // Brain Structure and Function. – 2023. – Vol. 228. – P. 1201–1257. – DOI: 10.1007/s00429-023-02644-9.

85 Garaigordobil M. Intrapersonal Emotional Intelligence during Adolescence: Sex Differences, Connection with Other Variables, and Predictors // European Journal of Investigation in Health, Psychology and Education. – 2020. – Vol. 10, № 3. – P. 899–914. – DOI: https://doi.org/10.3390/ejihpe10030064?utm_source=chatgpt.com

86 Özal Z., Ambrosini F., Biolcati R. [et al.]. Exploring emotional intelligence in children using the Trait Emotional Intelligence Questionnaire: A systematic review // BMC Psychology. – 2024. – Vol. 12. – Art. 604. – DOI: https://doi.org/10.1186/s40359-024-02094-w

87 Социальный и эмоциональный интеллект: от процессов к измерениям / под ред. Д. В. Люсина, Д. В. Ушакова. – Москва : Институт психологии РАН, 2009. – 350 с. – ISBN 978-5-9270-0153-8.

88 Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ. – Москва : Манн, Иванов и Фербер, 2013. – 560 с.

89 Витт Н. В. Эмоциональная регуляция речевого поведения // Вопросы психологии. – 1981. – № 4. – С. 60–69.

90 Изард К. Психология эмоций. – Санкт-Петербург : Питер, 2021. – 464 с. – ISBN 978-5-4461-9457-5. – URL: https://www.ibooks.ru/bookshelf/378785/reading (дата обращения: 27.01.2026).

91 Ундуск Е. Н., Григорьева А. А., Степанов Ю. Н. Эмоциональный интеллект учащихся с разной локализацией ответственности // Психология человека в образовании. – 2022. – Т. 4, № 4. – С. 408–420. – DOI: https://doi.org/10.33910/2686-9527-2022-4-4-408-420

92 Mayer J. D., Caruso D. R., Salovey P. [et al.]. Measuring emotional intelligence with the MSCEIT 2: Theory, rationale, and initial findings // Frontiers in Psychology. – 2025. – Vol. 16. – Art. 1539785. – DOI: https://doi.org/10.3389/fpsyg.2025.1539785

93 Андреева И. Н. О становлении понятия «эмоциональный интеллект» // Вопросы психологии. – 2008. – № 5. – С. 83–95.

94 Худолей Н. А., Горькая Ж. В. Взаимосвязь элементов эмоционального интеллекта с коммуникативными навыками // Universum: Психология и образование. – 2017. – № 8 (38). – URL: http://7universum.com/ru/psy/archive/item/5012 (дата обращения: 12.01.2020).

95 MacCann C., Jiang Y., Brown L. E. R. [et al.]. Emotional intelligence predicts academic performance: A meta-analysis // Psychological Bulletin. – 2020. – Vol. 146, № 2. – P. 150–186. – DOI: https://doi.org/10.1037/bul0000219

96 Corcoran R. P., Cheung A. C. K., Kim E., Xie C. Effective universal school-based social and emotional learning programs for improving academic achievement: A systematic review and meta-analysis of the experimental evidence // Educational

Research Review. – 2018. – Vol. 25. – P. 56–72. – https://doi.org/10.1016/j.edurev.2018.09.001.

97 Petrides K. V., Furnham A. Trait emotional intelligence: Psychometric investigation with reference to established trait taxonomies // European Journal of Personality. – 2001. – Vol. 15, № 6. – P. 425–448. – https://doi.org/10.1002/per.416?utm_source=chatgpt.com

98 Mavroveli S., Petrides K. V., Rieffe C., Bakker F. Trait emotional intelligence, psychological well-being and peer-rated social competence in adolescence // British Journal of Developmental Psychology. – 2007. – Vol. 25, № 2. – P. 263–275.

99 Salovey P., Mayer J. D. Emotional intelligence // Imagination, Cognition and Personality. – 1990. – Vol. 9, № 3. – P. 185–211.

100 Маслоу А. Дальнейшие рубежи развития человека / пер. с англ. Г. Балл, А. Попогребский. – Москва : Смысл, 1999. – С. 95–110.

101 Mayer J. D., Salovey P., Caruso D. R., Sitarenios G. Emotional intelligence as a standard intelligence // Emotion. – 2001. – Vol. 1. – P. 232–242.

102 Гарскова Г. Г. Введение понятия «эмоциональный интеллект» в психологическую теорию // Ананьевские чтения : тезисы научно-практической конференции. – Санкт-Петербург : Издательство Санкт-Петербургского университета, 1999. – С. 25–26.

103 Harris V. W., Anderson J., Visconti B. Social emotional ability development (SEAD): An integrated model of practical emotion-based competencies // Motivation and Emotion. – 2022. – Vol. 46. – P. 226–253. – https://doi.org/10.1007/s11031-021-09922-1.

104 Rueth J.-E., Lohaus A. Process-Oriented Measurement of Emotion Regulation: General and Specific Associations With Psychosocial Adjustment and Well-Being in (Pre-)Adolescence // Frontiers in Psychiatry. – 2022. – Vol. 13. – Article 904389. – DOI: https://doi.org/10.3389/fpsyt.2022.904389?utm_source=chatgpt.com

105 Sharma S., Tiwari V. Exploring the domain of emotional intelligence in organizations: Bibliometrics, content analyses, framework development, and research agenda // Frontiers in Psychology. – 2022. – Vol. 13. – Art. 810507. – https://doi.org/10.3389/fpsyg.2022.810507.

106 Bar-On R. The Bar-On model of emotional-social intelligence (ESI) // Psicothema. – 2006. – Vol. 18, Suppl. – P. 13–25.

107 Cherniss C. Emotional intelligence and organizational effectiveness // The Emotionally Intelligent Workplace / ed. by C. Cherniss, D. Goleman. – San Francisco : Jossey-Bass, 2001. – P. 3–12.

108 Extremera N. [et al.]. Cyberbullying victimization, self-esteem and suicidal ideation in adolescence: Does emotional intelligence play a buffering role? // Frontiers in Psychology. – 2018. – Vol. 9. – Art. 367.

109 Плужников И. В. Эмоциональный интеллект при аффективных расстройствах : автореф. дис. … канд. психол. наук : 19.00.04. – Москва, 2010. – 34 с.

110 Kornilova T. V., Savelyeva V. A. The contribution of critical thinking to emotional intelligence // Voprosy Psikhologii. – 2024. – Vol. 70, № 4. – P. 10–18.

111 Семеновских Т. В., Дуплянкин В. В. Эмоциональный интеллект и стиль саморегуляции учебной деятельности в подростковом возрасте // Вестник евразийской науки. – 2015. – Т. 7, № 5 (30). – С. 228.

112 Запорожцева Г. Е., Шолтоян Ю. О., Васильченко А. Ю. Взаимосвязь эмоционального интеллекта с академической успеваемостью школьников // Общество: социология, психология, педагогика. – 2021. – № 6 (86). – С. 67–76.

113 Razjouyan K., Hirbod Mobarake A., Sadr S. S., Samimi Ardestani S. M., Yaseri M. The relationship between emotional intelligence and the different roles in cyberbullying among high school students in Tehran // Iranian Journal of Psychiatry and Behavioral Sciences. – 2018. – Vol. 12, № 3. – Art. e11560. – https://doi.org/10.5812/ijpbs.11560.

114 Копинг-стратегии юношей в контексте эмоционального интеллекта / Н. А. Лужбина [и др.] // Человеческий капитал. – 2019. – № 8. – С. 164–173. – https://doi.org/10.25629/HC.2019.08.16.

115 Андреева И. Н. Эмоциональный интеллект и эмоциональная креативность: своеобразие и взаимодействие. – Новополоцк : Полоцкий государственный университет, 2020. – 356 с.

116 Кочетова Ю. А. Эмоциональный интеллект старших подростков : монография. – Москва : МГППУ, 2021. – 104 с.

117 Warwick J., Nettelbeck T. Emotional intelligence is…? // Personality and Individual Differences. – 2004. – Vol. 37, № 5. – P. 1091–1100. – https://doi.org/10.1016/j.paid.2003.11.017.

118 Zou R., Yuan J. Implicit and explicit emotion regulation in adolescents with dispositional optimism // Brain Science Advances. – 2022. – Vol. 8, № 2. – P. 102–116. – https://doi.org/10.26599/BSA.2021.9050022.

119 Humphrey N., Curran A., Morris E., Farrell P., Woods K. Emotional intelligence and education: A critical review // Educational Psychology. – 2007. – Vol. 27, № 2. – P. 235–254.

120 Barchard K. A. Does emotional intelligence assist in the prediction of academic success? // Educational and Psychological Measurement. – 2003. – Vol. 63, № 5. – P. 840–858. – https://doi.org/10.1177/0013164403251333.

121 Creating emotionally intelligent schools with RULER / L. Nathanson [et al.] // Emotion Review. – 2016. – Vol. 8, № 4. – P. 305–310. – https://doi.org/10.1177/1754073916650495.

122 Qualter P., Davis S. Emotional Intelligence // The Encyclopedia of Child and Adolescent Development. – Wiley, 2020. – https://doi.org/10.1002/9781119171492.wecad174.

123 Лобанов А. П. Эмоциональный интеллект: к проблеме операционализации понятия в контексте эмпирического исследования // Вестник Полоцкого государственного университета. – 2017. – № 7. – С. 69–74.

124 Brackett M. A., Mayer J. D., Warner R. M. Emotional intelligence and its relation to everyday behaviour // Personality and Individual Differences. – 2004. – Vol. 36, № 6. – P. 1387–1402. – https://doi.org/10.1016/S0191-8869(03)00236-8.

125 Eisenberg N. Emotion, regulation, and moral development // Annual Review of Psychology. – 2000. – Vol. 51, № 1. – P. 665–697. – https://doi.org/10.1146/annurev.psych.51.1.665.

126 Effects of social development intervention in childhood 15 years later / J. D. Hawkins [et al.] // Archives of Pediatrics & Adolescent Medicine. – 2008. – Vol. 162, № 12. – P. 1133–1141. – https://doi.org/10.1001/archpedi.162.12.1133.

127 Lewis M. The emergence of human emotions // Handbook of Emotions / ed. by M. Lewis, J. M. Haviland-Jones, L. F. Barrett. – 3rd ed. – New York : The Guilford Press, 2010. – P. 304–320.

128 Molbassynova Z. M., Toxanbayeva N. K. Interrelation of the psychological mechanisms of critical thinking on the development of emotional intelligence in students' activities // The Journal of Psychology & Sociology. – 2023. – Vol. 86, № 3. – https://doi.org/10.26577/JPsS.2023.v86.i3.05.

129 Ciarrochi J. V., Chan A. Y. C., Caputi P. A critical evaluation of the emotional intelligence construct // Personality and Individual Differences. – 2000. – Vol. 28, № 3. – P. 539–561. – https://doi.org/10.1016/S0191-8869(99)00131-1.

130 Mayer J. D., Roberts R. D., Barsade S. G. Human abilities: Emotional intelligence // Annual Review of Psychology. – 2008. – Vol. 59. – P. 507–536. – https://doi.org/10.1146/annurev.psych.59.103006.093646.

131 Salovey P., Grewal D. The science of emotional intelligence // Current Directions in Psychological Science. – 2005. – Vol. 14, № 6. – P. 281–285. – https://doi.org/10.1111/j.0963-7214.2005.00381.x.

132 Goleman D., Boyatzis R., McKee A. Primal Leadership: Realizing the Power of Emotional Intelligence. – Boston : Harvard Business School Press, 2002.

133 Sánchez-Álvarez N., Berrios Martos M. P., Extremera N. A meta-analysis of the relationship between emotional intelligence and academic performance in secondary education: A multi-stream comparison // Frontiers in Psychology. – 2020. – Vol. 11. – Art. 1517. – https://doi.org/10.3389/fpsyg.2020.01517.

134 Pessoa L. The entangled brain: How perception, cognition, and emotion are woven together // Psychological Review. – 2023. – Vol. 130, № 3. – P. 651–672. – https://doi.org/10.1037/rev0000403.

135 Dreisbach G. Using the theory of constructed emotion to inform the study of cognition-emotion interactions // Psychonomic Bulletin & Review. – 2023. – Vol. 30. – P. 489–497. – https://doi.org/10.3758/s13423-022-02176-z.

136 Jakupov S. M. Psychological Structure Studying Process: Informative Activity in Studying Process. – Saarbrücken : LAP LAMBERT Academic Publishing, 2012. – 388 p.

137 Tashimova F. S. Correlation between Emotional Intelligence and Tolerance in Students' Communication // Bulletin of Kazakh National University. Psychology and Sociology Series. – 2018. – Vol. 64, № 1. – P. 37–45. – https://doi.org/10.26577/JPSS-2018-1-614.

138 Tolegenova A. EEG Study of Emotional Intelligence among Adolescents // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2016. – Vol. 217. – P. 801–805. – https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2016.02.148.

139 Тоқсанбаева Н., Байбекова М., Спатай А., Молбасынова Ж. Психологическое исследование влияния эмоционального интеллекта на личностные отношения учащихся // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Психология». – 2025. – Т. 82, № 1. – С. 277–285. – https://doi.org/10.51889/2959-5967.2025.82.1.024140.

140 Мадалиева З. Б. Психологические основы управления эмоциональным состоянием учителя : дис. … канд. психол. наук. – Алматы, 2002. – 158 с.

141 Кудайбергенова С., Камзанова А., Жолдасова М., Мадалиева З., Несипбаев С., Кустубаева А. Исследование взаимосвязи депрессии и личностных особенностей // Scientific Journal of Pedagogy and Economics. – 2020. – № 5. – С. 259–269. – https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.167.

142 Выготский Л. С. Педология подростка: психологическое и социальное развитие ребенка. – Санкт-Петербург : Питер, 2022. – С. 22–38.

143 Пиаже Ж. Теория, эксперименты, дискуссии / под ред. Л. Ф. Обуховой, Г. В. Бурменской. – Москва, 2001. – 624 с.

144 Элкинд Д. Эрик Эриксон и восемь стадий человеческой жизни / пер. с англ. – Москва : Когито-Центр, 1996. – 224 с.

145 Scherer K. R., Costa M., Ricci-Bitti P., Ryser V.-A. Appraisal Bias and Emotion Dispositions Are Risk Factors for Depression and Generalized Anxiety: Empirical Evidence // Frontiers in Psychology. – 2022. – Vol. 13. – Article 857419. – DOI: 10.3389/fpsyg.2022.857419.

146 Вилюнас В. К. Эмоции и деятельность // Психология эмоций : хрестоматия / авт.-сост. В. Вилюнас. – СПб. : Питер, 2004. – С. 285–302.

147 Ильин Е. П. Эмоции и чувства. – 2-е изд. – Санкт-Петербург : Питер, 2021. – 784 с.

148 Личко А. Е. Психопатии и акцентуации характера у подростков. – Санкт-Петербург : Питер, 2025. – 301 с.

149 Якобсон П. М. Психология чувств и мотивации. – Воронеж : МОДЭК ; Москва : Институт практической психологии, 1998. – 304 с.

150 Айтуарова А. М., Беленко О. Г., Кошкимбаева Р. Х., Жолдасова М. К. Психологические особенности детей старшего подросткового возраста // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2016. – № 3. – С. 13–17. – URL: https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/637 (дата обращения: 26.04.2026).

151 Игнатович А. В., Мамбеталина А. С. Особенности современного воспитания ребенка // Педагогика: история, перспективы. – 2019. – Т. 2, № 6. – С. 7–11. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-sovremennogo-vospitaniya-rebenka (дата обращения: 26.04.2026).

152 Казетова А. Х., Хасанова И. У., Хабиева Д. Г., Токашова Г. Ж. Психологические аспекты зависимости подростков от интернет-игр // Вестник

КазНПУ им. Абая. Серия «Психология». – 2020. – № 2. – С. 147–155. – https://doi.org/10.51889/2161.2022.84.35.017.

153 Babıak O., Sytnık S., Zharovska O., Kondratıeva I., Smokova L., Varnava U. Emotional Intelligence of Schoolchildren in the Educational Process // BRAIN. Broad Research in Artificial Intelligence and Neuroscience. – 2023. – Vol. 14, № 4. – P. 14–29. – https://doi.org/10.18662/brain/14.1/404.

154 Ermakova E. S. Emotional Intelligence, Resilience and Anxiety of Schoolchildren and Students // Vestnik Psikhofiziologii. – 2021. – № 2. – P. 108–110. – URL: http://psyphysjorn.ru/2-2021.doc.

155 O'Hare L., McGuinness C. Measuring Critical Thinking, Intelligence, and Academic Performance in Psychology Undergraduates // The Irish Journal of Psychology. – 2009. – Vol. 30, № 3–4. – P. 123–131. – https://doi.org/10.1080/03033910.2009.10446304.

156 Garett K., Wulf K. The relationship of a measure of critical thinking ability to personality variables and to indicators of academic achievement // Educational and Psychological Measurement. – 1978. – Vol. 38, № 4. – P. 1181–1187. – https://doi.org/10.1177/001316447803800440.

157 D'Alessio F. A., Avolio B. E., Charles V. Studying the impact of critical thinking on the academic performance of executive MBA students // Thinking Skills and Creativity. – 2019. – Vol. 31. – P. 275–283. – https://doi.org/10.1016/j.tsc.2019.02.002.

158 Clifford J. S., Boufal M. M., Kurtz J. E. Personality traits and critical thinking skills in college students: Empirical tests of a two-factor theory // Assessment. – 2004. – Vol. 11, № 2. – P. 169–176. – https://doi.org/10.1177/1073191104263250.

159 Ku K. Y. L., Ho I. T. Dispositional factors predicting Chinese students' critical thinking performance // Personality and Individual Differences. – 2010. – Vol. 48, № 1. – P. 54–58. – https://doi.org/10.1016/j.paid.2009.08.015.

160 Schoute E. C., Alexander P. A. A critical analysis of critical thinking interventions in higher education // Review of Educational Research. – 2026. – Vol. 96, № 4. – P. 1400–1451. – https://doi.org/10.3102/00346543251352539.

161 Талов Д. П., Орлова А. В. Взаимосвязь уровня развития критического мышления подростков с их личностными характеристиками и показателями интеллекта // Психология человека в образовании. – 2021. – Т. 3, № 2. – С. 153–161. – https://doi.org/10.33910/2686-9527-2021-3-2-153-161.

162 Ибашова М. С., Баймолдина Л. А. Оқушылардағы эмоциялық стрессті тудыратын жағдайлар // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. – 2012. – № 4 (33). – Б. 72–80.

163 Кенжетаева Р. Жеткіншектердің эмоциялық-еріктік аймағының даму ерекшеліктері // Оқушы тәрбиесі. – 2012. – № 8. – Б. 31–39.

164 Акманова Г. Р., Акжалов Б. Т., Кундакова А. Б., Дакина Г. Т. Тұлғаның эмоциялық сферасын зерттеу әдістері // КазГЮИУ хабаршысы. – 2019. – № 4 (44). – Б. 92–97.

165 Мадалиева З., Садвакасова З., Касен Г., Садыкова Н., Баймолдина Л. Теория и практика распознавания негативных эмоциональных состояний в

прикладной психологии // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Психология». – 2022. – Т. 72, № 3. – https://doi.org/10.51889/1420.2022.35.12.007.

166 Байтукбаева Б. Д. Психолого-педагогические условия формирования психоэмоциональной устойчивости будущих педагогов вуза : дис. … д-ра философии (PhD). – Алматы, 2014. – 150 с.

167 Мурзалинова А. Ж., Абильдина С. К. [и др.]. Развитие эмоционального интеллекта как решающий фактор социально-профессиональной адаптации школьников ТиПО // Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика». – 2022. – № 1 (105). – С. 108–119. – https://doi.org/10.31489/2022Ped1/108-119.

168 Мадалиева З. Б. Психологические основы управления эмоциональным состоянием педагога // Педагогика и психология. – 2018. – № 3. – С. 45–52.

169 Төлегенова А. А. Психофизиологические аспекты эмоционального интеллекта // Психологический журнал Казахстана. – 2019. – № 2. – С. 33–40.

170 Ахметова Д. Б. Эмоциональный интеллект, компетентности и стратегии обучения в высшей школе // Вестник высшей школы Казахстана. – 2020. – № 4. – С. 67–75.

171 Альгожина А. Р. Эмоциональный интеллект и профессионально значимые качества преподавателей высшей школы // Вестник КазНУ. Серия психологии. – 2020. – № 2. – С. 15–22.

172 Туякова У. Ж. Формирование эмоционального интеллекта будущих социальных педагогов // Инновации в образовании. – 2021. – № 3. – С. 101–108.

173 Сулеева К. М. Эмоциональная устойчивость школьников в условиях соревновательной деятельности // Психология развития и образования. – 2019. – № 2. – С. 56–63.

174 Ризулла А. Р., Адильжанова К. С. Эмоциональный интеллект как фактор субъективного благополучия учащихся // Современные проблемы психологии. – 2022. – № 1. – С. 120–128.

175 Котлярова И. В. Парадигмальное моделирование эмоциональных состояний в психологии // Вопросы психологии. – 2017. – № 5. – С. 98–105.

176 Сарбасова Г. Ж. Развитие эмоциональной гибкости будущих психологов // Психология и образование. – 2021. – № 4. – С. 44–51.

177 Алмухамбетова Б. Ж. Эмоциональное состояние обучающихся с особыми образовательными потребностями // Инклюзивное образование. – 2020. – № 2. – С. 23–30.

178 Абдимуса Ж. Н. Психолого-педагогическая оценка эмоциональных состояний учащихся // Научный журнал образования. – 2019. – № 3. – С. 70–78.

179 Сатова А. К., Абишева Э. Д., Момбиева Г. А., Садыкова А. Б., Ингайбекова Т. А. Развитие навыков XXI века: 4 «К» – критическое мышление, креативность, коммуникация, коллаборация детей 10–11 лет : учебно-методическое пособие для консультантов службы «Qabilet» по развитию способностей 4 «К». – Нур-Султан : Корпоративный фонд «Академия Елбасы», 2022. – 82 с.

180 Fan K. Can the infusion teaching of critical thinking improve Chinese secondary students' critical thinking and academic attainment? Findings from a randomised controlled trial // Thinking Skills and Creativity. – 2024. – Vol. 53. – Art. 101597. – https://doi.org/10.1016/j.tsc.2024.101597.

181 Туздыбаева А. Т., Кыякбаева У. К., Ayse Dılek O. O. Проблема развития навыков критического мышления у дошкольников // Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. – 2025. – Т. 413, № 1. – С. 284–296. – https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.898.

182 Леонтьева А. А. Л. С. Выготский в XXI веке: влияние на психологию эмоций (на основе англоязычных диссертаций) // Культурно-историческая психология. – 2022. – Т. 18, № 2. – С. 136–144. – https://doi.org/10.17759/chp.2022180215.

183 Хачумян Т. И. Понятие «критическое мышление» и его сущность в психолого-педагогической науке // Теоретические вопросы культуры, образования и воспитания : сборник научных трудов. – Киев : Издательский центр КНЛУ, 2003. – Вып. 24, ч. 2. – С. 171–177.

184 Ломов Б. Ф. Системность в психологии : избранные психологические труды. – 3-е изд. – Москва : Московский психолого-социальный институт ; Воронеж : МОДЭК, 2011. – 423 с.

185 Барабанщиков В. А. Системная организация и развитие психики // Психологический журнал. – 2003. – Т. 24, № 1. – С. 29–46.

186 Сергиенко Е. А. Системно-субъектный подход в психологии // Институт психологии РАН : электронная библиотека. – 2023. – Гл. 8. – С. 241–272. – URL: https://www.lib.ipran.ru/keywords/5679142.

187 Павлова Н. С. Исследование субъектных и личностных характеристик в русле системно-субъектного подхода // Вестник Санкт-Петербургского университета. Психология. – 2023. – Т. 13, № 4. – С. 462–474. – https://doi.org/10.21638/spbu16.2023.402.

188 Ebrahimi O. V. Systems-based thinking in psychology and the mental health sciences // Nature Reviews Psychology. – 2023. – Vol. 2. – P. 332. – https://doi.org/10.1038/s44159-023-00193-w.

189 Рубинштейн С. Л. Избранные философско-психологические труды. Основы онтологии, логики и психологии. – Москва : Наука, 1997. – 464 с.

190 Psychological relationship of students' logic and reasoning skills in the context of critical thinking // The Journal of Psychology & Sociology. – 2024. – Vol. 91, № 4. – P. 35–46. – https://doi.org/10.26577/JPsS.2024.v91.i4.4.

191 Назарова В. В. Динамика когнитивной дифференцированности и возрастные интеллектуальные особенности школьников : автореф. дис. … канд. психол. наук. – Москва, 2001.

192 Юшкова Г. М. Когнитивное и личностное развитие учащихся 11–13 лет с разной успешностью обучения : автореф. дис. … канд. психол. наук. – Москва, 2001.

193 Gross J. J. Emotion regulation: Affective, cognitive, and social consequences // Psychophysiology. – 2002. – Vol. 39, № 3. – P. 281–291. – https://doi.org/10.1017/S0048577201393198.

194 Cattell R. B. Theory of fluid and crystallized intelligence: A critical experiment // Journal of Educational Psychology. – 1963. – Vol. 54, № 1. – P. 1–22. – https://doi.org/10.1037/h0046743.

195 Mayer J. D., Salovey P., Caruso D. R. Emotional intelligence: Theory, findings, and implications // Psychological Inquiry. – 2004. – Vol. 15, № 3. – P. 197–215. – https://doi.org/10.1207/s15327965pli1503_02

196 Корнилова Т. В. Интеллектуально-личностный потенциал человека в условиях неопределенности и риска. – Санкт-Петербург : Нестор-История, 2016. – 343 с.

197 Гоулман Д. Эмоциональный интеллект на работе / пер. с англ. А. П. Исаевой. – Москва : АСТ ; Владимир : ВКТ, 2010. – 476 с.

198 Mayer J. D., Caruso D. R., Salovey P. The ability model of emotional intelligence: Principles and updates // Emotion Review. – 2016. – Vol. 8, № 4. – P. 290–300.

199 Petrides K. V., Furnham A. Trait emotional intelligence: Psychometric investigation with reference to established trait taxonomies // European Journal of Personality. – 2001. – Vol. 15. – P. 425–448.

200 Корнилова Т. В. Черты эмоционального интеллекта (по TEIQue) как предикторы стилевой регуляции принятия решений // Психологический журнал. – 2023. – Т. 44, № 4. – С. 72–81. – https://doi.org/10.31857/S020595920027713-0.

201 Менчинская Н. А. Проблемы обучения, воспитания и психического развития ребёнка // Избранные психологические труды. – Москва : Институт практической психологии, 1998. – 120 с.

202 Загашев И. О., Заир-Бек С. И., Муштавинская И. В. Учим детей мыслить критически. – Санкт-Петербург : Альянс «Дельта», 2003. – 191 с.

203 Клустер Д. Что такое критическое мышление? // Перемена: Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо. – 2001. – № 4. – С. 36–40.

204 Шалагинова К. С., Декина Е. В. Оценка эффективности технологии развития критического мышления современных подростков // Обзор педагогических исследований. – 2023. – Т. 5, № 4. – С. 238–242.

205 Халперн Д. Психология критического мышления. – Санкт-Петербург : Питер, 2000. – 512 с.

206 Дружинин В. Н. Экспериментальная психология. – Санкт-Петербург : Питер, 2000. – 320 с.

207 Самохвалова Е. В. Взаимосвязь эмоционального интеллекта и коммуникативных умений у подростков // Международный журнал медицины и психологии. – 2024. – Т. 7, № 4. – С. 128–141. – DOI: 10.58224/2658-3313-2024-7-4-128-141.

208 Sternberg R. J. Critical Thinking: Its Nature, Measurement, and Improvement. – Washington, DC : National Institute of Education, 1986. – 37 p.

209 Dwyer C. P. The Evaluation of Argument Mapping as a Learning Tool : doctoral thesis. – Galway : National University of Ireland, 2011.

210 Macpherson R., Stanovich K. E. Cognitive ability, thinking dispositions, and instructional set as predictors of critical thinking // Learning and Individual Differences. – 2007. – Vol. 17, № 2. – P. 115–127.

211 Сергиенко Е. А., Хлевная Е. А., Киселева Т. С. Тест эмоционального интеллекта Дж. Мэйера, П. Сэловея, Д. Карузо в подростковой исследовательской версии: Русскоязычная версия (MSCEIT-YRV™) : руководство исследователя. – Москва : Институт психологии РАН, 2020. – 108 с.

212 Кочетова Ю. А., Климакова М. В. Эмоциональный интеллект и одаренность в зарубежных исследованиях // Современная зарубежная психология. – 2021. – Т. 10, № 4. – С. 55–63. – DOI: 10.17759/jmfp.2021100405.

213 Бойко В. В. Диагностика уровня эмпатических способностей // Практическая психодиагностика: методики и тесты : учебное пособие / ред. и сост. Д. Я. Райгородский. – Самара : Бахрах-М, 2001. – С. 486–490.

214 Манойлова М. А. Эмоциональный интеллект будущего педагога: акмеологическая диагностика и методы развития. – Москва : POLEOGRAFF PRESS, 2008. – 128 с.

215 Mehrabian A., Epstein N. A measure of emotional empathy // Journal of Personality. – 1972. – Vol. 40, № 4. – P. 525–543. – https://doi.org/10.1111/j.1467-6494.1972.tb00078.x.

216 Чатфилд Т. Критическое мышление: Анализируй, сомневайся, формируй свое мнение Издание на русском языке, перевод, оформление. ООО «Альпина Паблишер», 2019. – 181 с.

217 Fernández-Berrocal, P., & Ruiz, D. (2008). Emotional intelligence in education. Electronic Journal of Research in Educational Psychology, 6(15), 421–436.

218 Kincher J. How to Think Critically. – New York: Franklin Watts, 2002. – 224 p.

219 Molbassynova Z., Toxanbayeva N., Naubayeva K., Sarybekova Z., Danikeyeva A., Zhamirova U. (2026). Exploring the impact of mindfulness training on enhancing critical thinking and emotional intelligence. Revista de Psicodidáctica, 31(1), Article 500178. https://doi.org/10.1016/j.psicod.2025.500178

220 Дюсенова А., Мандыкаева А., Оздугру А., Уталиева Ж., Даужанова А. (2022). Білім алушы-қандастардың эмпатиялық қабілеттерінің психологиялық ерекшеліктері. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы, 141(4), 464–475. https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/view/262

Қосымша А

PhD диссертациялық зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу туралы

АКТ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің PhD докторанты Молбасынова Жумакул Маратовнаның «Оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсері» тақырыбындағы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Философия және саясаттану факультетінде профессор Н.Қ.Тоқсанбаеваның ғылыми жетекшілігімен орындалған диссертациялық зерттеуінің нәтижелері Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, «Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі» КММ-нің оқу-тәрбие үдерісінде апробациядан өткізілді.

Диссертациялық зерттеудің эмпирикалық кезеңі аясында 2023 жылғы қаңтар–мамыр айлары аралығында аталған мектептің 6 сыныптарында, 2024 жылы қазан-мамыр айларында 7-сыныптарда және 2025 жылы қыркүйек-желтоқсан айларында 8-сыныптарында білім алатын 72 оқушыға мектеп психологы мен сынып жетекшілерінің әдістемелік қолдауымен психодиагностикалық зерттеу жүргізілді.

Зерттеу барысында оқушылардың сыни ойлау ерекшеліктерін, эмоциялық интеллект деңгейін, эмпатиялық қабілеттерін және эмоциялық жауап беру ерекшеліктерін кешенді бағалауға бағытталған бірқатар психодиагностикалық әдістемелер қолданылды. Атап айтқанда: Н. Холлдың «Эмоциялық интеллект тесті»; В.В.Бойконың «Эмпатия деңгейін диагностикалау» сауалнамасы; Том Чатфилдтің «Сыни ойлау қабілетін бағалау» әдістемесі; М.А.Манойлованың «Эмоциялық интеллектіні диагностикалау (МЭИ)» әдістемесі; Дж. Кинчердің «Сіз қаншалықты сыни ойлай аласыз?» әдістемесі; А.С.Байрамовтың «Сыни ойлауды анықтауға арналған тест-сауалнамасы»; Д.В. Люсиннің «ЭмИн» эмоционалдық интеллект сауалнамасы; А.Меграбян мен Н.Эпштейннің «Эмоциялық жауап шкаласы» әдістемесі; Д.Майер, П.Сэловей және Д.Карузоның «Эмоциялық интеллект» (MSCEIT v. 2.0) тесті қолданылды.

Қолданылған психодиагностикалық әдістемелер оқушылардың сыни ойлау өлшемдерін, эмоциялық интеллектінің компоненттерін, эмоцияларды тану, түсіну және реттеу қабілеттерін, эмпатиялық бейімділігін, эмоциялық жауап беру ерекшеліктерін, сондай-ақ сыни ойлау мен эмоциялық интеллект көрсеткіштері арасындағы психологиялық өзара байланысты және сыни ойлаудың эмоциялық интеллектіге психологиялық әсерін анықтауға бағытталды.


Зерттеу нәтижелері Скопус базасында шыққан мақалада жарияланды: Zh. Molbassynova, N. Toxanbayeva, K. Naubayeva et al. «Exploring the impact of mindfulness training on enhancing critical thinking and emotional intelligence» // *Revista de Psicodidáctica,2026.*

Осы АКТ алынған зерттеу нәтижелерінің оқу-тәрбие үдерісіне тиімді енгізілгенін және практикалық маңызға ие екендігін растаймыз.

«Әлихан Бөкейханов атын
орта мектебі» КММ-нің д

Дайрабаева Ш.Е.

Қосымша Б


Алимбскова А.С.,Тоқсанбаева Н.Қ., Дайрабаева Ш.Е.,
Тобутов М.Т., Қашаган Н.Б., Жүндібай Н.Т., Молбасынова Ж.М.
ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУ ЖӘНЕ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ
Оқу әдістемелік құрал

Қосымша В



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

КУӘЛІК

2023 жылғы «25» сәуір № 35095

Автордың (лардың) жөні, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе): МОЛБАСЫНОВА ЖУМАКУЛ МАРАТОВНА

Авторлық құқық объектісі: әдеби туынды

Объектінің атауы: ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІСІН ДАМЫТУДА СЫНИ ОЙЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Объектіні жасаған күні: 20.04.2023

Құжат түпнұсқалығын http://www.kazpatent.kz/ сайтының "Авторлық құқық" бөлімінде тексеруге болады https://copyright.kazpatent.kz

Подлинность документа возможно проверить на сайте kazpatent.kz в разделе «Авторское право» https://copyright.kazpatent.kz

ЭЦҚ қол қойылды

Е. Оспанов

\

Қосымша Г

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЖЕРГІЛІКТІ ЭТИКАЛЫҚ КОМИТЕТ

ЖЭК
ЛЭК

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
«КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ»
ДЕПАРТАМЕНТ ПО НАУКЕ И ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
ЛОКАЛЬНЫЙ ЭТИЧЕСКИЙ КОМИТЕТ

От 18.09.2026 № 934.

На №_____от_____

Жергілікті этика комитетінің қорытындысы


1.	Докторанттың Т.А.Ә.	Молбасынова Жумакул Маратовна
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	8D03107-Психология»
3.	Докторантурада оқу мерзімі	2022-2025
4.	Диссертация тақырыбы, бекітілген күні	Оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсері, 06.12.2022
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы ақпарат - Т.А.Ә. (бар болса), лауазымдары мен жұмыс орындары, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	Психология ғылымдарының докторы, профессор Токсанбаева Нургул Коргаджановна, әл Фараби атындағы ҚазҰУ, Философия және саясаттану факультеті, Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы, ҚР. Юджел Гелишли, Гази университеті, Анкара қаласы, Түркия.
6.	Зерттеу нысандары	Оқушылар
7.	Жоспарлау, бағалау, іріктеу және зерттеу процесіндегі бұзушылықтар	Анықталмаған
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату кезіндегі бұзушылықтар	Анықталмаған
9	Зерттеу объектілерінің құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғау (тірі табиғат нысандары мен тіршілік ету ортасы болған жағдайда) қалай жүзеге асырылды?	Жеке деректемелер алынбады.
10	Диссертациялық зерттеуді дайындау кезінде жасанды интеллект технологияларын пайдалану фактілерінің болуы немесе болмауы	Диссертациялық зерттеуді дайындау кезінде жасанды интеллект технологияларын пайдалану фактілері анықталған жоқ
11	Мақұлдау нөмірі	IRB-A2139
12	Зерттеуді бекіту күні	25.06.2026

ЖЭК төрағасы _____ Усатаева Г.М.

ЖЭК хатшысы _____ Мадиев С.С.

Қосымша Д

«Ауыл мектебі жағдайында оқушылардың сыни ойлау және эмоциялы интеллектісін дамытуды ұйымдастыру- педагогикалық негіздері» эксперимент алаңы бұйрығы



«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

№ 2022 жылғы «31» тамыз
Тараз қаласы

ПРИКАЗ

№ 477 – Ө
город Тараз


Ғылыми-педагогикалық
эксперименттерді жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5 бабының 44-1) тармақшасына, «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 7 бабының 5,6,8 тармақшаларына, «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Заңының 6 бабының 4 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 қаулысымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі кешенді жоспарын», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қаңтардағы № 12б қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес ғылыми ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету жүзеге асыру мақсатында облыстық білім басқармасының Эксперименталдық Кеңестің 17.08.2022 жылғы №1 шешіміне және Байзақ. Жамбыл. Мерей. Қордай. Рысқұлов аудандық. Тараз қалалық білім бөлімдері мен облыстық [illegible] ұсыныстарын ескеріп, сұраныстарына сәйкес мамандандырылған

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2022-2023 оқу жылынан бастап нәтижеге бағытталған білім беру моделін енгізу жолдарын анықтауға арналған педагогикалық эксперименттер жұмыстарын ұйымдастыру төмендегі кестеге және 1-қосымшаға сәйкес жүргізілсін.

№	Мекеменің атауы	Эксперименттің тақырыбы	Мерзімі
1	«Жамбыл облысы білім басқармасы Байзақ ауданы білім бөлімінің [illegible]	«Білім сапасын қамтамасыз ету мектеп жұмысын цифрлық [illegible] ұйымдастыруын [illegible]	2022-2027 жж.



	мектеп-лицейі» КММ	шарттары»	
5.	«Жамбыл облысы білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімінің Ә.Бөкейханов атындағы орта мектебі» КММ	«Ауыл мектебі жағдайында оқушылардың сыни ойлау және эмоционалды интеллектісін дамытудың ұйымдастыру-педагогикалық негіздері»	2022-2027 жж.
6.	«Жамбыл облысы білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің №1 Д.Қонаев атындағы мектеп-гимназиясы» КММ	«Білім беру мазмұны жаңартылу жағдайындағы оқушыларды рухани-адамгершілік тұрғыда тәрбиелеудің ұйымдастыру-педагогикалық шарттары»	2022-2027 жж.
7.	«Жамбыл облысы білім басқармасы Тараз қаласы білім бөлімінің Төле би атындағы №8 гимназиясы» КММ	«Қала мектебі жағдайында жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастырудың ұйымдастыру-әдістемелік негіздері»	2022-2027 жж.
8.	«Жамбыл облысы білім басқармасы Тараз қаласы білім бөлімінің Б.Момышұлы атындағы №45 гимназиясы» КММ	«Бала тұлғасын дамытуда мектептің білім беру кеңістігін құрастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері »	2022-2027 жж.
9.	«Жамбыл облысы білім басқармасы Тараз қаласы білім бөлімінің Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназиясы» КММ	«Қала мектебі жағдайында оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттары»	2022-2027 жж.

10.	«Жамбыл облысы білім басқармасы Тараз қаласы білім бөлімінің №28 балабақшасы» КММ	«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық қабілеттерін дамытудың педагогикалық шарттары»	2022-2026 жж.
11.	«Жамбыл облысы білім басқармасы Тараз қаласы білім бөлімінің №33 балабақшасы» КММ	«Балабақша жағдайында тәрбиеленушілерге экологиялық тәрбие берудің педагогикалық шарттары»	2022-2026 жж.
12.	«Жамбыл облысы білім басқармасы Үш тілде білім беретін дарынды балаларға арналған мамандандырылған лицей мектебі» КММ	«Мектептің білім үдерісін психологизациялау арқылы оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық потенциалын дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері»	2022-2027 жж.

2. Экспериментке қатысатын педагог-мамандарға қосымша ақы төлеу «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы №1193 қаулысының 4 қосымшасының 3.2) тармағына сәйкес жүзеге асырылсын.

3. Мектепке дейінгі тәрбие, орта және жалпыға міндетті білім беруді ұйымдастыру бөлімі эксперименттік жұмысқа басшылық пен бақылау жасасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының орынбасары А.О.Досыбаеваға жүктелсін.

Басшы **Б.Жамангозов**